84 Каз7
Р24

НІЗБАЙ
РАХЫМЖАНОВ



# ТУЫСҚАНДАР

ТЕҢІЗБАЙ
РАХЫМЖАНОВ

# ТУЫСҚАНДАР



Повесть
және
әңгімелер

АЛМАТЫ «ЖАЛЫН» 1984

Қаз 2
**Р 24**

Пікір жазғандар:
М. Гумеров пен Ғ. Оралбаев

Шетская районная централизованная библиотечная сеть 11422

**Рахымжанов Теңізбай**
Р 24 Туысқандар: Повесть және әңгімелер.- Алматы: Жалын, 1984.-200 бет.

Қолдарыңыздағы бұл кітапқа филология ғылымының кандидаты, жазушы Теңізбай Рахымжановтың «Туысқандар» атты повесі мен бірсыпыра әңгімелері енгізілген. Автор өз повесіне коллективтендіру кезеңіндегі заман құбылысы мен адамдар тағдырын арқау ете отырып, қанға сіңген жеке меншікшілдік психологияның күйреуін көркем бейнелеген.

Ал әңгімелерге замандастарымыздың ішкі жан дүниесі, адамгершілік асыл қадыр-қасиеттері өзек болған.

Жас жазушы шығармалары айқын образымен, ширақ сюжетімен оқырмандарды еліктіреді.

Р $\frac{4702230200—226}{408(05)84}$ 116—84

Қаз 2

© «Жалын»-1984



♦

# ТУЫСҚАНДАР

I

"КӨКСЕҢГІР" деп аталатын төрелер аулына жаңа өкіл ол келісімен барлық ел-жұртты жинап, колхоздастыру туралы айтады екен деген хабар дүңк ете қалды. Бұл жаңалық сол күні ауылдың сымсыз телефоны - ақ жаулықты әйелдер арқылы тарап, құтырынған құйындай әр шаңырақты қыдырып шықты.

Қоңыр төбенің бауырында жиын болатын күні таңертең төрелердің басы-Майшора:

- Адырбек, далаға шығып кетші!- деп дауыстады.

Оның үні жердің астынан шыққандай құмығып естілсе де, аса зілді екен. Сол себепті, ертеңгісін бар малын өріске айдап салып, көңілі жайланып, таңғы шайға отырған Адырбектің шеке тамырлары тырыса қалды. Енді ғана аш өзегіне нәр барып, каймақ қатқан қызыл күрең шай сүйек-сүйегін балқытып, маңдайы жіпси бастап еді.

Ал шай құйып отырған әйелі Биқасап:

- Байғұс - ау, табан астында түсің бұзылып кетті ғой,- деп қалды.

Отағасы оған жауап қатпастан, орнынан еріне көтеріліп, тысқа шықты.

Майшора үй иесімен салқын амандасқан соң:

- Ананы көрдің бе?- деп иегімен ауылдың желке тұсындағы қоңыр төбені нұсқады. Шынында да, солай қарай үздік-создық болып, отыз қаралы адам шұбырып барады екен.

Кісінің қара-құрасы көбейсе, бұл пәни дүниеден бір пенде қайтқан екен деп ойлайтын мысық тілеу молда:

- Біреу қайтыс болған ба?- деді жұлып алғандай.

- «Тауықтың түсіне тары кіреді» дегендей, сенің көзіңе ылғи өлім елестейді - ау, молдеке.

- Егер, өлім-жітім болмаса, жұрт неге топтанып жүр?

- Неге топтанады дейсің бе? - деп Майшора Адырбекке адырая қарады. Біреудің айтқан сөзін жақтырмағанда, қалың қабақтың астынан сыздана қарай-

тын шүңірек көздері індете ішіне кіріп, үңірейіп кетіпті. Бейне бір көз ұясынан қарашығын ойып алып, оның орнына шыны салып қойғандай, бір түрлі жансыз көрінді.

Әрдайым басқаларды мысы басып, айдынды көрінетін төре тұқымының бүрісіңкі, бұғыныңқы кеспірін көріп, тіксініп қалған Адырбек:

Ал,- деді аузына берекелі сөз түспей қалып.

- Қоңыр төбеге тексіз төлеңгіттер маған ор қазу үшін жиналып жатыр.

- Қой.

- Қоятын түгі жақ. Расы сол.

- Қызылдың қаһарынан, Кәлчактың имек қылышынан аман қалғанда, сіздің ажалыңыз алаштың баласынан келеді дейсіз бе?

- Бір күн үшін достасып, бір сөз үшін итше ырылдасатын қазақ қадірді білген бе? Басыңнан бағың тайған күні, асыңды ішіп, табағыңды тебуден еш тайынбайды емес пе?!

Мұны айтқанда, Майшораның түсі бұзылып, көзі жасаурады. Қазіргі сәтте күрескенді жығып, алысқанды жеңетін арыстандай айбатты төре күйкентайдай болып кішірейіп, жүдеп-жадап, табан астында тапталып, шөгіп кеткендей.

Адырбек мырзаның алдағы көретін күнінен, жарық дүниенің қызығынан күдер үзген үмітсіз сұрқынан қатты шошынды.

- «Он сегіз мың ғаламды жаратушы жалғыз ием,- деді ол күбірлеп.- Ақ сәулесін төккен айды тұтылтып, теңіздің тулаған толқынын тоқтатып, бұлбұлдың сайратан тілін байлайтын құдіретті күшің бар емес пе еді?! О баста, жұмыр басты пендені жаратқанда, біреуге көлкөсір байлық, біреуге бармақтай бақ, енді біреуге таудай талапты сыйға тартып едің. Енді, міне, кеудесіне нан пісіп, астамсыған адамдар саған да қарсы шықты. Ғұмыры шыр бітпеген кедей байды басқа теппекші. Құл-құтан көсем болмақшы. Сонда біз, өзің енші бөліп берген сүйікті құлың екі қолымызды төбеге қойып, айдалаға қаңғып кетеміз бе?!

Егер сенің бар екенің рас болса, қара көженің буына мастанып, асып-тасқан төлеңгіттерді тәубеге келтіре гөр!»

Осыны айтқан Адырбек көзін уқалап жіберіп, айналаға қарады. Бірақ ештеңе өзгермеген. Аспанда біресе лақтырған тастай ыра төмен құлдилап, біресе кілт биікке көтерілген жалғыз бозторғай тынымсыз шырылдайды;



бала қораз жан-жағына дегдарлана қарап қойып, күресіндегі ескі көңді бұрқырата қазып жатыр; алыста көкшіл мұнарға оранған Көксеңгірдің қарлы шыңдары үнсіз мүлгіп тұр. Бәрі де күнде көріп, көзге үйреншікті болған көріністер.

Осы сәтте Майшора:

- Адеке, насыбайың бар ма?- деді.

Отағасы саптама етігінің қонышынан мүйіз шақшасын алып, мырзаға ұсынды.

Асқынған ауруды у қайтарса, ащы насыбай ашу басады. Насыбай атқан соң, Майшораның еңсесі көтерілді. Бағанадан бері бастықпаған асау тайдай сан-саққа жүгірген ойына ие бола алмай, басы қатып отырған бай енді жуан бөрененің үстінде дестеніп отыр. Бұл жаңағы күннің ашық-жарығында мойнына су кетіп, қабағы қарс жабылған; әлденеге қатты абыржыған жасқаншақ Майшора емес, әлі де билік тізгінін қолына ұстаған, ел-жұрт, қауым ортасындағы өз орнын, өз бағасын білетін қайратты адам.

- Естуімше, жаңа өкіл саған немере іні болып келетін көрінеді,- деді Майшора.- Сонсоң ішіне мұз қатқан шойын қазандай шытынаған көңіліне сызат түсіп, көктемде қозғалған сеңдей, аралары ажырап бара жатқан қалыс ағайынды қайтадан ауызбірлікке шақырғысы келген ол:

- Кейде қиыр шеттен лебізі, алыстан сәлемі жетіп жататын ағайын болады. Ондай туысқанның ашынан тоғы, барынан жоғы жақсы,- деп бір қойды.- Меніңше, Садырбек те сондай адам. Сол себепті, оған туыс деп қимаң қышымай - ақ қойсын,- деді ол.- Осы ел аштан өліп, көштен қалмаса, ол Майшораның арқасы. Адырбек, сен де менен аз жақсылық көрген жоқсың.

Отағасы әңгіменің төркіні тым тереңдеп бара жатқан соң, тынышы кетіп, тықырши бастады. Соны байқаған Майшора:

- Құдай саған түлкінің мінезін бергенше, қасқырдың жүрегін берсе етті,- деді кейіп. Сонан кейін:- Дәл бүгін қоңыр төбенің бауырында біздің тағдырымыз талқыға түседі. Өз басым, жалғыз атты, сабау қамшылы өкілден қорықпаймын,- деді. Бұл жолы оның даусы бір түрлі жарықшақтанып шықты.- Мен кер азудың кері кеткен сөзінен шошынамын. «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді, алтау ала болса, ауыздағы кетеді»,- деп аз - кем бөгелді.

- Шіркін, атам қазақтың сөзі жазылған хаттай ғой,-

деп Адырбек шыбындаған жылқыдай басын шұлғып, оның сөзін құптады.

- Сүйек сенікі болғанмен, дау менікі. Сондықтан бұралқы сөйлеп, өкілдің ойын бұра тарта беру керек. Ынтымақты бұзар сөз айтып, оны сандалтып, шаң қаптыру лəзім. Түсінікті ме?

- Түсіндім.

- Сонымен келістік қой. Бойың көрінбегенмен, ойың ортаны ойрандайтын болсын.

- Ол қолдан келе қояр ма екен.

- Əй, сен көп былжырама!

Байдың зілді үнінен селк етіп, жалт қараған Адырбек қорқып қалды. Сүзетін бұқаныкі сияқты қанталаған тарғыл көздері мұны жеп жіберетіндей шаншыла қарағанда, ол еріксіз жым болды.

Бірақ Майшораның бұл астыртын əрекетінен ештеңе шықпады. Сол күні қоңыр төбенің баурайында болған көпшілік жиыны бай мен барды кəмпескелеу туралы қаулы алды. Оның комиссия мүшелері болып: өкіл Садырбек, кедей атадан шыққан жаңа ауылнай Ырысбай, комсомол мүшесі Болат сайланды.

Ал осынау алқалы жиыннан төре байы мен оның жақтастары мойны астына түсіп, жер болып қайтты.

* * *

Осыдан екі-үш күн өткен соң, Адырбек далаға шықпақ болып, етігін киіп жатыр еді, үйге сүтке тиген мысықтай сəл қысылыңқырап кірген əйелі Биқасап:

Адеке - ау, əлгі өкіл інің белдеудегі қара көк атыңды мініп кетті,- деді зорланғандай қылғына сөйлеп.

- Не дейсің?- деді отағасы əйеліне ажырая қарап.

- Атыңды Садырбек алып кетті.

- Ойбай-ау, сен ай қарадың ба?

- Ағаңнан сұрасаңшы дедім.

- Ол не - деді?

- Атадан қалған мал жоқ, бəрі елдікі,- деді.

- Қап, мына иттің басынғаны - ай!

Осыдан бір жұма бұрын Садырбек Қызылкенттегі аудан орталығына бармақшы болған. Кетеуі кетіп, арса-арса боп арықтаған торы аты ұзақ жүріске жарамсыз болғандықтан, немере ағасының жүрдек қара көк атын сұраған. Əншейінде ағайынға аяқ артатын көлік бермек түгіл, жарты аяқ асын артық ішсе, қабағы түсіп кететін туысқаны қатты қиналды.



«Көрші ауылдағы бір ұятты адам əкесінің асына шақырып еді. Оған қалай жаяу барамын»,- деп сылтау айтты.

- Ауыл арасы жақын ғой. Менің торыма мініп барыңыз,- деді Садырбек.

Бұған дəлелді жауап таба алмай, Адырбек үндемей қалды. Бес тал сақалын қолымен тарамдап тұрып, байқаусызда өкіл түгіл, тəңірден де жасырып жүрген сырының бетін ашып алды.

- Садырбекжан,- деді ол көмескі үнмен, - сен буынсыз жерге пышақ ұрып тұрғаныңды білесің бе? Расын айтсам, қара көк ат менікі емес. Уақытша міне тұр деп берген Майшораның көлігі еді.

Осы кезде мəмлеге келе алмай, тəжікелесіп тұрып алған туысқандардың арасына Биқасап килігіп:

- Туғалы-тумысында ештеңе көрмеген малқорда сорлы - ай, ағайыныңнан байдың атын аядың ба?- деп күйеуінің бетін тойтарып тастады. Араға əйелі түскен соң, Адырбек амалсыз илікті.

Қара көк аттың байдікі екенін білген соң, Садырбектің оны сұраусыз мініп кеткені шын еді. Əрине, бұл батыл қимыл ағасына емес, Майшораға жасаған қыры.

Үй иесі булыққан ашу үстінде аяқкиімін кие алмаған соң, сыңар етігін қайтадан шешіп алып, есікке қарай бірақ лақтырды.

Күйеуінің орынсыз ашуынан əбден зəрезап болып, одан ықтаңқырап жүретін Биқасап үнсіз состиып тұрып қалды. Бірақ оған көңіл аударған Адырбек жоқ. Ол тілі жалақтаған өрт, немесе топан су қаптап келіп қалғандай, жалаң аяң, жалаң бас, алау-далау боп тысқа атып шықты. Далаға шыға келсе, төбесін қамыспен жапқан жаппаның астында қыстан қалған жоңышқаны күрт-күрт жеп тұратын күйлі аты жоқ. Оның орнында басы қазандай, бұты шидей, қарны шытыр жеген түйедей шермиген Садырбектің мəстек торысы байлаулы тұр. Əбден кетеуі кеткен бұл қой торы - дене бітімі бойжеткен қыздың құлын мүсініндей жұп-жұмыр, құйрық - жалы төгілген, тұрғысы есік пен төрдей қара көк жануардың арыған, азып - тозған көлеңкесі сияқты.

Қаңқиған қу сүйегі терісіне ілініп тұрған көкжамбас торыны көргенде, Адырбек ашу - ызадан жарылып кете жаздады. Ол үй іргесінде сүйеулі тұрған құрықшаны ала салып, жазықсыз жануарды бас - көзіне қарамай, топылдатып ұра бастады.

Қасқа тісі ақсиып кеткен үй иесінің жыртқыш кейпінен,

аяусыз сілтенген таяғынан сескеніп, үріккен ат көкке шапшыған уақытта, жаздыгүні мал көлеңкелеу үшін асығыс салынған жаппа опырыла сынып, ортасына түсердей сықыр-сықыр етеді.

Ол тағы бір сәтте: «Мә, саған, мықыр есек!»-деп, құрықшамен ұрғанда, торы ат құлындағы даусы құраққа шығып, кісінеп жіберді де, кейін қарай шегініп кетті. Шошынған жануардың бөксесі жаппаның түбі шіри бастаған қадасына барып соғылды. Сол кезде күркеше жер қозғалғандай сықыр-сықыр етіп, бір жағына қисая берді. Бірақ оған қарамаған Адырбек ақпанның сықырлаған сары аязында жараған қара бурадай аузынан ақ көбігі бұрқырап, торыны барынша қарғап-сілеп, тағы да құрықшаны сілтей бергенде:

- Ағатай - ау, үнсіз, тілсіз мақлұқ болғанымен, оның да шыбындай жаны бар емес пе? - деп әлдекім қолына жабыса кетті. Жазықсыз малды жәбірлеушінің кәрі еменнің бұтағындай буылтық - буылтық қолдарынан тас қып ұстаған балғын саусақтар тырп еткізетін емес. Қарулы қолдағы құрықша әуеде құр асылып тұрып қалды.

Ол жалт қарады. Бұл өгей баласы - Болат екен. Балаң жігіттің көк торғын тұма басында не бүкіреймей, не мықыраймай, ақ теректей тіп - тік боп өскен сұңғақ бойы Адырбекпен теңесіп қалыпты. Қаны қашқан ақшыл жүзі оңған шүберектей құп - қу. Көз жанарына іркілген жалғыз тамшы жас дір - дір етеді. Жайшылықта жарық дүниеге таңдана, қуана қарайтын сол көздер бұған зор өшпенділікпен, жібімес қаталдықпен жиреніш ұшқынын шаша қарайды.

Адырбек Болатқа бажырая қарады.

Ернінен ана сүтінің табы әлі кетпеген бала деп ойлап жүретін Болат па, мынау? Шын сол ма?

Шолақ молда көзін уқалап жіберіп, қайта қарады. Өзін түйсігі алдаса да, көзі алдамаған екен. Көздері көмірдің шоғындай отты, мұрты енді - енді тебіндей бастаған балаң жігіт Адырбектің көңілінен де, көзінен де тыс, білінбей өскен жұмбақ бозбала. Дәл қазір шолақ молда тал шыбықтай солқылдап өскен бозбаланың жастығына қызыққан да, сүйсінген де жоқ. Тек жақтырмағандай, оны ала көзімен ата қарап, қолындағы құрықшаны күресінге лақтырып жіберді.

Осы мезгілде аулаға Адырбектің ожар мінезін қызықтаған бала - шаға,келін - кепшік,қолы бос шал - шауқандар жиналып қалып еді. Әншейінде, бес-алты кісінің басы қосылған жерде, көсіле сөйлеп, шариғат айтқанда,



баланың әкеге мейірімді, келіннің ата - енеге инабатты болуын уағыздайтын молданың қылығына таңдана ма, әлде көйлек - дамбалшаң жүрген мына сықпытынан ұяла ма, әйелдер жағы: «Бетім - ай, молда қайнағаның жалаңаш жүргені қалай?» - деп бетін шымшылайды.

Ал бурыл сақал қариялар: «Жазықсыз малды сонша жазалай ма екен?!» - деп үй иесін жазғырады.

Күйеуі үшін жиналған жұрттан ұялған Биқасап:

- Тым болмаса келіндерден именсең етті? Үйге кіріп, киіміңді кисеңші,- деп күңк ете қалды.

Үйде де Адырбек сабасына түсе алмады. Тұлан тұтқан ашудың ыстық табы енді ішіне түскендей. Бар денесін қыз - қыз қайнатып, іші - бауырын тотияйындай күйдірген оттың қызуын баспақшы болып, бір аяқ мұздай су ішті. Өйткенмен іштегі жалын сөнбеді. Мүмкін, удың зәрін у қайтарар деп, ащы насыбай атты. Ақыры, ештеңе ем болмаған соң, торға қамалған тағыдай үй ішінде ерсілі - қарсылы жүріп алды. Ұлық інісі атын тартып алғанда, мұңын кімге шағады? Бұл арыз-ажынасын айтатын аспанда алла бар, жерде жұмыр басты адам бар. Бірақ алыстағы алла тағалаға Адырбектің арызы жете ме? Әрине, жетпейді. Бұны бір тыңдаса, кеңес өкіметі сенген өкіл - Садырбектің тыңдауы керек еді. Бірақ ол заңғардың туысы бір болғанымен, туырлығы бөлек боп тұр.

Көліксіз адам шідерлі ат сияқты. Алысқа ұзап шыға алмайды.

Осыны ойлағанда, Адырбектің көзіне етсіз ешкі басын шұлғып тастап, қарсы соққан желмен төгілген құйрықжалы тудай желбіреп, алды аяңдап, арты желіп отыратын қара көк аты елестеп өтті. Сол, сол - ақ екен, ол үйден қалайша атып шыққанын өзі де аңдамай қалды. Дедектей басып, Ырысбай ауылнайдың кеңсесіне қарай құстай ұшып келеді. Ілгері басқан сайын, ұзын шапанының етегі далақ-далақ етіп, асығыс киген тымағының құлақтары бұлғаңдайды.

Кеңсе шым үйлері ешқандай тәртіпсіз, көшесіз бірбірімен тіркестіре, үйме - жүйме етіп салынған үлкен қыстаудың шетінде еді. Кеңсе деген дабырадай аты болмаса, бұның да еңсесі аласа, төбесі шатырсыз, былайғы тоқал тамдардан айырмасы шамалы. Тек төбесінде алыс белден көтеріліп келе жатқан күн нұрымен шағылысып, торғын жібектей қан қызыл түспен құбыла түсіп, Қызыл ту желбірейді.

Садырбек үстел басында қағаз жазып отыр екен. Бар көңілі ала қағазға ауғандықтан ба, әлде немере ағасын

кісі екен деп елемегендектен бе, ол тұқшиып кеткен басын көтерген жоқ.

Сырттан дәл қазір жаудан жылқы айырып келгендей түтігіп кірген Адырбектің ашуына өкілдің қаннен - қаперсіз, жайбарақат мына түрі май құйғандай әсер етті. Ашулы, ызалы арызшы түлкі тымағын жұлып алып, үстелге атып ұрды. Жалбыр тымақ биікте ұшып бара жатқанда қас мерген атып түсірген жаралы құстай жалп етіп алдына түскенде, Садырбек қағаздан басын көтеріп, салқын ажармен ағасына түйіле қарады.

Ал демігіп, ентігіп келген Адырбек:

- Осы ауылдағы өкіл кім?- деді даусы тарғылданып.

- Мен.

- Кәмөнөс кім?

- Мен.

- Сенің Айбектен туғаның рас па?

- Рас.

- Менің Байбектен туғаным рас па?

- Ол да ып-рас.

Адырбек қаны бір жақындығын делелдейтін бұ сұрақтарды күйініште үнмен қойса, інісі сабаққа ұғымтал шәкірттей оған тақ - тақ етіп, қысқа ғана жауап береді. Інісінің ешқандай туысқандық ажардың белгісі білінбеген немқұрайлы жүзі тіпті жынын келтірді.

Ол Садырбекке атып жіберердей оқты көзін қадап:

- Сен, иттің баласы, ұлық болғанда, менің төбемде тайтаңдау үшін болып па едің?! Тым болмаса, қатыгездігіңді жақыныңа емес, қасыңа істемейсің бе?.. Осыншама қырыңа алатындай, не жаздым?- деп кінәлай сөйледі. Сонсоң:

- Мықты болсаң, төре тұқымына тиіспейсің бе? Әрине, оларға шамаң келмейді. Ауылдың құйрығы қайқы төбеті қораны айналып үргеннен басқа, не бітіруші еді,- деп ентігіп барып тоқтады.

Осылайша көкейіндегі барды ақтарып, іші босағандай болған Адырбек, улы, зәрлі тілінің әсерін білгісі кеп, інісіне қабақ астынан сығалай қарады. Бірақ оның ажарынан ешқандай өзгеріс байқай алмады. Қабағы түйіліп, үнсіз сазарып отыр.

«Алла, - деді Адырбек ішінен, - мынау ел - жұрттан жырақ жүріп, алыс-жақынды айырмастай халге жетіп пенденің бәрін жат көріп кеткен ғой. Ешкімді іш тартпайды. Бұл әпербақан белсендінің бауыры қан мен еттен емес, тастан жаратылған шығар».

Осы кезде Садырбек:



- Ағасы, өйтіп тіліңді безеп, адамның арына тиме! - деді.

Сол - ақ екен:

- Малды былай қойып, арға тиіскен сен бе, әлде мен бе?! - деп ол қайта лаулап қоя берді.- Есіңде ме? Құдайберген шалдың жетісінде, жеті рулы елдің көзінше маған: «Құранда жазылғанның бәрі ешкім сенбейтін ертегі»,- деп, Сүлейменнің жүзігіндей, Дәуіттің қоржынындай қасиетке ие құдай сөзі құранға тіл тигіздің. Дінді дәрменсіз кәрінің, әліпті таяқ деп білмейтін қараңғы жұрттың басын шыр көбелек айналдыратын меңдуана дедің. Мені көпті құдай атымен алдап - арбап жүрген саудагер дедің. О, паруардигәр! О заманда бұ заман, құран сөзі саудаға түсіп пе еді?? Мұхаммед пайғамбар жер жүзіне таратқан ісләм дінін: «Бір алладан басқа алла жоқ» деп ойлайтын пенденің бәрі өз еркімен қабылдаған жоқ па еді?! Молданың жазығы өлген малым арам болғанымен, қотаным адал деп, қара құстай өлексені жей беретін надан қазаққа мал бауыздауды үйреткені ме? Баласын сүндетке отырғызып, басын сәждаға тигізгені де айып па? Енді көптің көзінше абиырымды айрандай төккенің аз болғандай, тапа тал түсте астымдағы атымды аударып алып отырсың. Бүгін атымды алсаң, ертең қойнымдағы қатыныма қол саларсың. Бұл не? Мазағың ба, қорлығың ба?

Садырбектің күнқақты қоңырқай жүзі жазықсыз жаза сезінен бір қызарып, бір сұрланды. Жайшылықта жұмсақ мейіріммен қарайтын томпақтау қой көзінің ағы әп - сәтте қызарып шыға келді. Оның жүзіндегі өзгерісті көрген Адырбек: «Ә - ә, бәлем, солай ма? Шын сөздің уыты шымбайыңа бата ма?» - деп іштей масайрады.

- Бұл заманда, тура айтсаң, туғаныңа жақпайсың,- деді Садырбек қатқыл үнмен.- Дегенмен өзіңе айтатын сынымды шындықтай қабылда, - деп аз - кем бөгеліп алды. - Еңбексіз елді ему үшін, ойдағы Ойбас, қырдағы Жаппас жұртын адақтап шықтың. Ауруды ұшықтап қой; өлгенге құран шығарып тай алдың. Бірақ арам ас тамағымнан өтпес деп ойламадың. Сөйте тұра көпті арамнан бездіріп, иманды мұсылман еттім дейсің? Оған ақылсыз бала болмаса, кім сенеді? Осы жасымның ішінде, хари мен хазіреттен көп қамын ойлаған көсем, не ел мұңын жырлаған ақын, не жүрегінің түгі бар батыр шыққанын көрген емеспін. Олардың құдай деп сарнағаны да, құран сезімен қараңғы жұртты алдағаны да, тек өз құлқынының қамы.

Атымды алдың деп байбалам саласың, ағеке! Осы орайда, сенің қылшығың қисайды ма? Алсам, Майшораның атын алдым. Оған сенің нең шығын болды? Бар мен байдың жақыны болсаң, оныңды айтып қой. Туысқан атты тұлыпқа мөңіреп жүрген ақымақ мен болмаймын. Осы бастан ара - жігімізді ажыратып алайық.

Мына сөзден кейін Адырбек әлдекім қақ бастан қамшымен тартып жібергендей есеңгіреп, үнсіз сілейіп тұрып қалды.

Орны толмас қанатты пырақтың күйігі ме, болмаса мірдің оғындай дөп тиген өкіл сөзінің әсері ме, ішінде бір нәрсе балқып-қайнап жатқандай, тұла бойын күйдіріп-жандырып барады. Бірақ іші қыз - қыз қайнағанымен, өкілге жасайтын қайраны аз. Оның қолында билік бар. Және кеңес өкіметінің оң көзі іспетті адам. Мінезі де ауыр. Анау - мынау қоқан - лоққыға көне бермейді. Сондықтан ол ашуын ақылға жеңдіріп, енді Садырбекке қалыс ағайын емес, ет жақын туыс екенін бетке ұстай сөйледі.

- Ау, інішек, орай бере ме десем, қаңтардың боранындай борай бересің? «Жаман қасындағысын қарақтайды» дегендей, ағаңды қажай бергенде саған не түседі. - Осыны айтқанда Адырбектің даусы қалтырады. - Бір кісі таққа отырса, он кісі атқа мінбеуші ме еді. Мен керісінше, көлігімнен айрылып, қанатым қырқылды. Сенің мені жеткізген ұшпағың осы ма?

Садырбек:

- Алақандай ауылдың адамдарын тегіне, руына қарай бөлсем, аяқтағы суға ағып өлгенім болмай ма? Сондықтан қандасым деп қарындасыма, аталасым деп ағама тартпаймын. Садырбектің ақылында шалалық болғанымен, көпшіл көңілінде алалық жоқ. Шын жанашыр туысқан болсаң, айтшы? Майшора малын қайда тықты? - деді.

Бұл сұрақтан жаман сескеніп, шошынған Адырбек:

- Іш мерез төре сырын аша ма? Білмеймін. Соны білейін деп ойлаған емеспін, - деп азарда - безер болды. Жасырғаны ма, жоқ шын білмей ме, ол жағы Садырбекке көмескі.

Бірақ үндемеді. Соған қарағанда, ағасының сөзіне сенбеген сияқты.

## II

Екінді кеш пен ақшам арасында, ауыл желкесіндегі көк жотаның үстінде, суыр аңдыған суық төбенің қоңыр ала бүркіті құсап, қопайып, жападан - жалғыз Майшора



отырды. Биелерін ағытып, өрістен қайтқан сиырларын сауып, ұсақ тұяқтарын қоралап, маң төбеттері әупілдеп үріп жатқан кешкі қыстаудың алуан түрлі, желікті, тіршілік үні құлағына келген сайын, байдың көзіне жайлау көріністері елестейді.

Майшора биылғы көктемде жайлауға көше алмады. «Қыстаудан тырп етпесін», - деп жіпсіз байлаған ауылнай Ырысбай.

Жылда, осындай көкек айында, Майшора аулы тайлытаяғымен дүрк көтеріліп, қотарыла көшіп, Көксеңгірдің күнгей жағындағы кең өріс, салқын сабат - Мұқыр сайында отырар еді. Қалың шымды, қыртысты сай табаны - аласа бетеге, жасыл бидайық, шашырай шыққан шашақты жас сасырға тұнып тұрады. Биік таудан төмен құлдилап аққан толқыны ойнамалы жіңішке өзен, кең өзекті бойлап өскен шілікті, боз талды жасыл тоғай, үкілі қамыс арасында қаңқылдаған қаз - үйректің даусы - бәрі бәрі көз қуантып, көңіл көтереді.

Мал аяғы таптамаған көгорай шалғынға ақ шаңқан киіз үйлер тігіледі. Үйдің шаңырағы көтерілген соң, жылқышылар бие байлауға кіріседі. Алты ай қыс бойы басына жүген, құрық тимеген мама биелер, ерте туған семіз құлындар әбден асаусып, жаяуға қайыру бермегеннен кейін, атқа тақымы мықты жігіттер айғайын күшейтіп, жылқыны иіріп тұрады. Сол кезде жіңішке ақ құрық ұстаған жылпос биеші қалың жылқының арасында баспалап жүріп, үркек құлынға құрық тастайды. Қыс басында туған арамза құлын шіңгірлей кісінеп, көзі ақшиып аспанға атылады. Бірақ қарулы жігіт құрық бауды шірене тартқанда, мойны астына келе құлайды. Жас құлынның ыңғайсыздау құлағанын көріп, табанына шөгір кіргендей қабағын тыржитқан мырза: "Байқа, мертігіп қалмасын", - дейді.

Биелер байланған соң, байдың шашбауын көтеруші көп қыдырма:

- Ағеке, көш қонысты болсын!

- Жаңа мекеніңіз жайлы болсын!

- Сауын көбейсін! - деп қошемет сөздерін айтады.

Бұл кезде сағым көтерген басқа бір ауылдың көші оңтүстікке қайтқан тырналардай қаз - қатар тізіліп, алыстап кетіп бара жатады...

«Айһай, дүние, ол да бір қызық дәурен екен ғой! - дейді іштей қан жылап, егіліп отырған мырза. - Сол дәурен сөзге тұрақсыз, жүрісі сұйық сайқал әйелдей күндердің күнінде сырт айналатынын кім білген?! Әлде дүние

жалған әуел бастан - ақ опасыз ба еді? «Өмір - дастан, өтер бастан», - деп қу домбырасын сабалаған зар жақ ақындар бекер айтпаған - ау, сірә. Ғұмыр бойы не ішер асқа, не мінер атқа жарымағанымен, көңілі жүйрік, тілге шешен сол сорлылар бірдеңені біліп айтқан - ау! Бірде бетін, бірде сыртын көрсеткен өткінші өмір, опасыз жалған - ай сол. Аңға ауызданбаған жас тазыны құйрығын бұлаңдатып алдаған қу түлкідей емексітіп келіп, ақырында Майшораны да жалтыр мұзға отырғызып кеттің бе?!

Ол көңілсіз ойлардан ауырлап кеткен басын көтеріп, ауыл жаққа қарады. Кешкі ауыл сол қаз - қалпында. Иттері үріп, жерошағынан түтіндері будақтай шығып жатыр.

Майшораның көзі Ырысбай ауылнайдың кеңсесінің үстіне шаншылған қызыл жалауға түсті. Жібек жалау кешкі самалмен желбірей түсіп, батар күннің сәулесімен шағылысып, жалт - жұлт етіп, айналасына қызғылт сәуле шашатындай. Төре байы: «Құрғырдың өрттей қызыл түсі қандай жаман еді», - деп ойлады. Оның өткір көзі қызыл жалаудай тайқып кетіп, кеңсенің ағаш қақпасына түсті. Есік тарс жабық. Майшора екінді кеш кезінде кеңсеге кірген ауыл белсенділерін көріп еді. Олар содан қайтып шыққан жоқ.

«Аузымен орақ орған жалаң аяқ немелер, есікті жауып алып сөйлескенде, не айтады екен? - деп ойлады ол. - Құдай біледі, осы ауылдың бас көтеретін ер - азаматын көгендегі қозыдай тізіп, ат аяғы қиянға жер аударамыз деп даурығатын шығар».

Шынында да, бүгін онда Майшора ойлағандай, белсенділердің мәжілісі жүріп жатыр еді. Мәжілістің төр - ағасы - Садырбек:

Колхоз болуға көптің келісімін алдық, - деді ол. - Міне, содан бері он шақты күн өтті. Мал - мүлкін ортаға салайын деп ойлаған бірде - бір бай жоқ. Тым - тырыс. Сонда қалай? «Сен тимесең, мен тимен бадырақ көз» деп, біз солардың келуін күтіп отыра береміз бе? Әлде қозғау саламыз ба? - деп ана екеуіне сұраулы жүзбен қарады.

Осы сәтте ойға да, сөзге шапшаң Болат:

- Қозғау салатын несі бар, отырған жоқ па Майшора бай ырғалып - жырғалып, - деді қызына сөйлеп. - Дүниесін қаттап, малын санап алып, әуелі соны жер аудару керек. Осы үлгі басқаларға да сабақ болады.

- Әй, бала - ай, басың әлі піспеген - ау, - деп Садырбек сылқ - сылқ күлді. - Саған салса дүние жүзілік революция бір - ақ күнде орнай қалуы керек. Байлардың малмүлкін конфискелеу шынтуайттай келгенде, қаулымен



шешілетін мәселе емес. Оны аяғына дейін жеткізу үшін болаттай беріктік, темірдей төзімділік қажет. Ал сен болсаң, канпескені он шақты күнде орындай салғың келеді.

Бірақ тұмсығы тасқа тиіп, өмірден тауы шағылмаған бозбала жігіт:

- Бұл өңірде Майшорадан ырысы асқан кім бар? Нағыз шынжыр балақ, шұбар төс төре сол емес пе? - деп қарсы дау айтты.

- Егер білгің келсе, Майшораның қазіргі дәулеті орта шаруадан әрі аспайды, жолдас комсомол!

Мұны естігенде таңданғанынан отты көздері бала қораздың көздеріндей дөңгеленіп кеткен Болат:

- Ойбай - ау, мынау сұмдық қой, - деп ыршып түсті.

- Естімеген елде көп. Сондықтан біз оның бүкпесін жазып, бүккенін ашуымыз керек.

Осы кезде сөзге ауылнай Ырысбай араласты.

- Өнбейтін дауды, өспейтін елдің баласы ғана қуады, шырақтарым. Міне, күлімдеп көктем келді. Артынша - ақ, жадырап жаз шығады. Жер болса кеуіп барады. Сол себепті балтай - шалтайды қойып, көктемгі егісті бітіріп алайық, - деді ол.

Алғашқы айтыстан беті қайтып қалған Болат: «Не дер екен?» дегендей, жалтақтап өкілге қарады.

Ал Садырбек ауылнайға үйрек алатын көк қаршығадай шүйіле қарап:

- Ыреке, «Үш күндік тірлігін ойламаған әйелден түңіл, бес жылдық өмірін ойламаған еркектен без» депті атам қазақ. Халық айтса, қалт айтпайды. Ендеше, колхоз тек бүгіннің ғана ісі емес. Ол - болашақтың жарқын арманы. Әзірше асықпайық, - деді.

- Құдықтан қауға тартып, қара жердің қыртысын айырған мына қол жұмысты аңсайды, - деді Ырысбай көне етіктің ескі ұлтанындай сірі алақанын жайып. - Уақыт болса, өтіп барады. Босқа қарап отырамыз ба?

- Дұрыс айтасыз, - деп оның сөзін іліп ала жөнелді Садырбек. - Бірақ сол егіс жұмысына Көксеңгір аулы дайын ба? - деп ол тағы қадалды.

- Әрине, дайын емес, - деп ауылнай үшін Болат жауап берді.

Өз ойын ауыл белсенділерінің біріне мақұлдатып алған соң, өкіл:

- Жер жырту үшін ат - көлік керек пе? - деді бас бармағын бүгіп.

- Керек, - деді Ырысбай.

- Соқа - сайман қажет пе?

- Онсыз көлік тұяғын қыбырлатпайды.
- Ал тұқым ше?
Болат әлденеден қысылғандай, жөлкесін қасыды.
- Ендеше, бауырларым, жалаң айғай, құрғақ үгітпен егіс жұмысы бітпейді.
- Сонда, көктемгі егісті тоқтатамыз ба? Қыста қалың жатаққа жейтін нан керек емес пе? - деп Ырысбай қарсы дау айтты.
- Биыл аздап егін егеміз. Бірақ ең алдымен төре мырзасының інісіне су құямыз, - деді Садырбек сенімді үнмен.
- Екі кеменің құйрығын ұстаймыз деп, суға кетіп қалмаймыз ба?
- Оны уақыт көрсетеді.
Ал үнсіздіктен кейін Садырбек:
- Басқа сұрақ бола ма? - деді.
- Жоқ.
- Ал, жүріңдер, Майшора төремен сөйлесейік.
Осыдан кейін олар сыртқа шықты.

Белсенділер өзі отырған жотаға қарай бет алғанын көрген Майшора: «Адырбектің астынан қара көк атты аударып алған күні - ақ тек маған келетіндеріңді сезгемін. Бірақ бұл жолы аспан айналып жерге түспесе, менен тышқақ лақ та ала алмайсыңдар! Майшораның малын бергені - жанын бергені. Ал жан беру оңай емес», - деген ойға тас түйін бекініп, үнсіз отыра берді.

Белсенділер сыпайы сәлем беріп, малдас құра отырған соң, мырза қара тастай сазарған қара сұр жүзін сәл жылытып, сөз бастады.

- Садырбек шырағым, елге келгеніңді естіп, қуанып жатырмын, - деді ол. - «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы шал сәлем береді» дегендей, үлкен басымды кішірейтіп, амандасып шығайын деп едім, күнделікті күйбең тіршілік қол босатпады. Байлық түбі - бақыл, қазына түбі - ақыл. Омбы сияқты алыс шаһарда оқып, адам болып, атамекеніңе оралыпсың, қадамың құтты болсын! - деді.

- Рақмет, - деді Садырбек көмескі үнмен.

Ауылнай Ырысбай: «Жайшылықта жыландай ысқырып, біреуді кекетіп - мұқатып, осқырынып отыратын тәкаппар өзінен мықтыға кездескенде, алдыға түсіп алып, қалай-қалай жортақтайды», - деп ойлап, іштей күліп қойды.

Ал Болат болса, бүкіл төре аулының ақсақал, қарасақалдарын бір шыбықпен айдап, айтқанына көндіріп, айдауына жүргізген қатыгез де, ызбарлы адамның кенеттен сыпайы бола қалғанына таңданып отыр.

Майшора екі иығынан дем алып екпіндей келген өкілді айдынымен ықтырмаса да, қызыл тілімен алдамақ болған ниетпен:

- Баяғыда көпті көрген көне көздер: «Жақсыдан жаман туады, бір аяқ асқа алғысыз, жаманнан жақсы туады, адам айтса нанғысыз» деген екен, - деп сөзін онан әрі жалғастырды, - Сол жаманнан туған жақсы сен болдың, шырағым. Анаң Қатыш мейірімді адам еді. Байғұстың көзі ерте жұмылғанымен, артында сендей баласы қалған марқұмның аруағы риза шығар.

Ешкім тіс жарып, ләм демеді. Оның қошемет сөзі белсенділерге шыбын шаққан құрлы әсер етпегендей.

Танауы қусырылып, бір қызарып, бір сұрланған Садырбек: «Ей, Майшора! Көзі тірісінде сыйласпаған, сыйламаған адамыңның өлі аруағында не шаруаң бар? Шынтуайттап келгенде, ғұмыр бойы отыңмен кіріп, күліңмен шыққан сол Қатышты босағаңда шірітіп өлтірген сен емес пе едің?» - деп ойлады. Сол - ақ екен, итшілеумен өткен ана тірлігінің бір сәті есіне түсті.

Наурыз айының аяқ кезі. Майшораның көрдей қараңғы тас қорасының түкпіріне орналасқан аядай тар бөлме. Төбеден ойылып жасалған қуықтай жалғыз терезеден түскен күн сәулесі жер иісі шыққан сызды, ылғалды бөлме ішін ала көлеңке жарық қылып тұр. Ортада тас кесектерден қалап, сырты қара балшықпен сыланған жалғыз пеш бар. Сол пештің жанында былтырғы қара күзден бері құрт ауруына шалдыққан шешесі - Қатыш жатады. Түн баласында тық-тық жөтеліп, ары-бері дөңбекшіп, ұйқтамай шығады. Соқталдай жігіт болып қалған баласы алдына тосқан жез легенге қан түкіріп отырып:

- Я арқа сүйейтін айбынды төркіні, я қол ұшын беретін қайын - жұрты жоқ, жесір әйелдің көрген күні құрысын да... Жалғыз баламды жеткіземін деп, жаз төре мырзасының биелерін сауып, қыс қойының күзетінде болып, қыршын жастығым өткен жоқ па?! -деп демігіп барып тоқтайды. Сонсоң, екі - үш адамның басы қосылса, әзер айналатын тар бөлмеде ауру өкпесіне ауа жетпегендіктен, көкпек жеген түйе сияқты алқына дем алып, ұзақ отырады. Аздап ес жинағаннан кейін: - Сонда да сорлы Қатышқа шыр бітпеді. Іш мерез төре ішкен ас, өңінен түскен бір қабат киімнен басқа ештеңе бермеді. Ақырында, алтынға бергісіз денсаулығымнан айырылдым. Баспананың түрі болса мынау - егісін ашсаң, ит жылы-



11472-2 Шетская районная централизованная библиотечная сеть

нан бері ойылмаған малдың қйы мен жас төлдің зәрінің иісі кеудеңді қабады.

- Апа, дәл қазір жоқтығыңды ойламай - ақ қой. Тәңірден саулығыңды ғана тіле, - дейді анасына деген аяушылың сезімнен жүрегі сыздаған Садырбек, - Алтын басың аман болса, жоқ дүниенің орны толатын шығар. Жас өсіп, жарлы байымай ма?

- Мені меңдеткен кәрілік емес, қарашаның қара дауылы мен суық жаңбырында, ақпан мен қаңтардың азынаған қарлы боранында жалғыз қабат лыпамен төрелерге жасаған қызметім түбіме жетті. Сонда табанымнан өткен ызғар, кеудемнен шаншылған суық жел сүйексүйегімнен өтіп, алып соқты емес пе? Енді, міне, біреуге масыл боп, төсекте ыңырсып жатырмын, - деп шешесі кемсеңдеп, ақ жаулығының ұшымен көз жасын сүртті.

- Апа - ау, аурумын деп көңіліңді жасытып, көп жабыға берме! Өткен күнге өкінгенмен, ол қайтып келмейді. Онан да денсаулығыңның түзелуін ойла!

- Құлыным - ау, тататын дәм - тұзы таусылмай, кімнің өлгісі келеді дейсің; әлі өмір сүргім келеді. Мырза: «Ел жайлауға көшкен соң, ішіне сүр қазы салып ашытылған құлық биенің уыз қымызын ішсең, дертіңнен құлантаза айығып кетесің», - дейді ғой. Әмісе айтқаны келіп, ауруымнан айығайын. Бірақ сен жолыңнан қалма! Айналайын, кеңес ақысыз - пұлсыз оқытам деп тұрғанда, оқып қал!

Шынында да, ел жайлауға көшіп аузы аққа тиген соң, Қатыш жүріп - тұруға жарады. Сөйтіп, ауру ананың аз уақытқа бас көтеріп, бой жазғанына малданып, Садырбек оқуға аттанды. Бірақ қара жаңбырлы күзге қарай, құрт ауруы қайта қозып, меңдетіп кетті де, шешесі қайтыс болды.

Қорлықпен өлген шеше тағдыры есіне түсіп, байдың көлгір мінезіне жыны келгенімен, ашуын ақылға жеңдірген жігіт:

- Майеке, - деді зілді үнмен, - қанша жоқтағанмен, өлген адам қайтып тірілмейді. Енді басқалардан азап көріп жүрген тірілердің қамын ойлайық та, - деп келген шаруасының ұшығын шығарды.

Қатыштың мезгілсіз қазасын ойлап, соған қабырғасы қайысып күйінгендей көзі жасаурап, төмен қарап отырған Майшора:

- Тірі адам өз қарекетін істей береді де...- деді.

Осы сәтте Ырысбай:

- Мен өлгендерден емес, тірілерден қорқамын, - деді сөзге төтесінен килігіп, - Өйткені өлгендер енді қайтып келмейді. Ал тірілер жер басып жүргенде, бір-біріне ешқашан да теңдік бермейді.



- Жарқыным, айтарыңды жұмбақтамай, ашып айтшы. Тегі, әкесі өлгенді де естіртеді ғой, - деді Майшора қабағын шытып.

- Жақсы, анықтап айтайық, - деді Садырбек Ырысбайдың ойын одан әрі жалғастырып. - Күні кеше, НЭП - тің уақытысында, төре тұқымы арнасынан асқан ағынды судай асып - тастың. Алдыңа үйірімен жылқы салып,үйіңді жиһазға толтырдың. Жердің шұрайлысын иемденіп, астың дәмдісін іштің. Асқаның соншалық, шу асаудай алдыңа шыққанды теуіп, керденде п, қараға қызыңды да бермедің, - деп бір қойды. - Әйткенмен, әй дейтін ажа, қой дейтін қожа табылмады.

Енді бүгін заман да, заң да өзгерді. Кеңес өкіметі уақытша қабылдаған шешімін өзгертті. Жақында ғана еңбегі еш, тұзы сор болып келе жатқан ел - жұрт жиналып, колхоз болайық деп бәтуаласты. Сол колхозға қосатын үлесің бола ма, жоқ па, соны білгіміз келеді, - деп сөз аяғын зілмен бітірді.

Майшораның жүзі томсарып, үндемей қалды. Ыза мен кекесінге толы көздері батар күннің қызғылт сәулесімен шағылысып, қызғылт ұшқынмен шұбарта түсіп, аяқ асты астан - кестен болған ой түкпірінде жақсылық емес, қызыл шұбар жылан жатқанын аңғартқандай.

«Не деп жауап беру керек? - деп ойлады ол. - Өкіл - дің екпіні қатты. Төске өрлеп, басқа шауып тұр. Қадалған жерінен қан алмай тынбайтын бітімі жоқ безбүйрек сияқты ғой. Сөз аужайы соны аңғартады. Сонда айтқанына көніп, айдауына жүре беруім керек пе? Жо - жоқ, оңай оспаққа қолқ ете қалатын ашық ауыз адам - Майшора емес. Ендеше, барынша тіресіп бағу керек».

- Көп қорқытады, терең батырады, - деді Майшора даусы жарықшақтанып. - Оны білмей отырғаным жоқ. Бар ел қолдасып көтерген шаңыраққа бір емес, он уық шанышқым келеді. Бірақ басымнан бақ тайып, шарадағы асым ортайып, жасыған кезімде кездескеніңді қарашы, өкіл шырақ. Әттең, дүние, кеңге құлаш ұрайын десем, кер шолақ байталдың шолтаңдаған құйрығындәй қолым қысқа, - деп мырза өкіне сөйледі.

Садырбек: «Кедейленіп, қолым қысқарды деп өтірік жылап отырған төреге не айтасыңдар?» - дегендей, қасындағыларға қарады. Оның айтайын дегенін көзқарасынан ұққан Ырысбай:

- Рас, сендегі қазіргі мал мен дүниенің мөлшері онша көп емес. Сонда деймін-ау, осыдан екі-үш жыл бұрынғы бақ пен дәулет қайда? Бу болып көкке ұшқан ба? Әлде көк алалы жылқының бәрі терең сор, қалың оппаға түсіп, қырылып қалған ба? Әзірге ондай жаманат хабарды естімеп едік,- деп Майшораны сынай қарады.

- Дұрыс айтасың, ауылнай. Бұл өңірде бұрын - соңды менен асқан бай болған емес. Бірақ байлық дегенің қолдың кірі екен, - деп жан қалтасынан күміс шақшасын алып, насыбай атты. - Есіңде болар, былтырғы қыс жайсыз болды. Он күнге созылған қалың боранда әбілет басқыр жылқышылар түнде ұйқтап қалып, ыққан екі қос жылқы Көксу өзенінің биік жарынан құлап, шыбындай қырылды. Жарты қос жылқыны қыс бойы Қаракесектің ұры - қарылары ұрлап - жырлап тауысты, - деп жерге шырт түкірді.

Бай осындай көп шығынға ұшырағанымен, түрінен қиналыс белгісін байқамаған Болат:

- Қалғанын қасқыр жеп тауысқан болар, - деді кекесінді үнмен.

- Өлім бардың малын шашады, жоқтың артын ашады, - деді Майшора. - Марқұм Күнтай жеңгелеріңнің басына күмбез соғып, қаралы асын бергенге көп қаражат жұмсалды. Одан кейін Дүрияны алғанда да біраз шығындалдым, - деді жүзі еш шімірікпей.

- Өтірік айтасыз, - деді Болат тағы да.

Бай қабағын түйіп, оған жақтырмай қарады да:

- «Шеше отырып, қыз сөйлегеннен без, әке отырып ұл сөйлегеннен без» деген. Бала, саған тірелген сөз жоқ. Мен үлкендермен сөйлесіп отырмын, - деді.

Садырбек Дүрияның аты шыққанда, жүрегі шымырлап, жүзі отқа ұстаған темірдей күреңітті. Бұл аяулы есім ол үшін айтылмаған сырдай, шырқалмаған әндей көңіліне мұң ұялататын арманды есім еді. Жиырмадан асқан бозбала шағында көзінің нұры, жүрегінің ақ гүлі - Дүрия болатын. Сол сұлу мұның аспанында құйрықты жұлдыздай аз уақыт жанып тұрды да, түн түнегін қақ жарып, ағып түсті. Әйткенмен жігіттің нәзік жанында сол мезгілсіз аққан жұлдыздың ақ сәулесінен түскен жазылмас жара қалды. Қазір ескі жан жарасының аузы ашылып, шым етіп белгі бергендей. Садырбектің көңілінде алай-түлей дауыл тұрып, түсі бұзылды.

Күн мен жарыққа қауызын ашып, жібек желмен желкілдеген ақ гүлін арам қолымен үзіп алып, табанымен таптаған сезімсіз, мал кеуделі - Майшора. Енді бүгін: «Дүрияны алғанда да біраз шығындалдым», - дейді беті шылп етпей.

- Құдай - ау, бұл не ғылған арсыз, екі жүзді адам! Әбден езіп - жаншып, ит - сілікпесін шығарып, титықтатып барып, анасын өлтірсе, ол құдайдың ақ ажалынан өлгендей «аруағы риза шығар» дейді. Өзін сүймеген қаршадай қызды жетім балапандай шырылдатып отырып, тізеге салып, зорлап қатын етсе де, обалына қалдым - ау деп ойламайды. Ие, жолсыздыққа тізгін берген сахараның тағы заңдары әлі өзгермеген. Кешегі тоқпақ жалды торының бірі - Майшора да өткенді көксеуін қоймаған. Бұл көкжал қасқырдың балғадай азу тісін қағып алатын уақыт жеткен жоқ па?

Осындай ашулы, ызалы оймен домбыраның тартулы ішегіндей ширыққан Садырбек:

- Әй, Майшора мырза, бізді сылдыр сөзбен шығарып салайын деп отырсың ғой. Бірақ қызыл сөз көптің арыған көңіліне азық, жел гулеген жыртығына жамау бола алмайды. Есіңде болсын, өтіріктің құйрығы - бір - ақ тұтам. Жырыңды аңшыны адастыру үшін, көбік қарда айқыш - ұйқыш із тастаған кәрі шуландай көп бұлтақтамай, жөніңе көш! - деді.

- Қисық мінез қырсыққа ұрындырады, - деп ауылнай өкілді қостады.

- Жөні осы, - деп Болат ақыл қосты.

- Әй, Айбек баласы, - деді Майшора түсін суытып, - бағанадан бері сенімен өкімет сенген өкіл ғой деп, кішірейе сөйлесіп отырсам, суға бойлауық жылқыдай бой беретін түрің байқалмайды. «Жаман сыйлағанды, сиыр сипағанды білмейді» деген. Тас кене құсап жабысатындай, сонша не жаздым саған! Айтшы! - деп қарсы дүрсе қоя берді.

- Әкем мен ес білмейтін ерте кезде өліпті. Ал анам - Қатышты босағаңда шірітіп өлтірген сенсің! - деді Садырбек даусын көтеріп.

- Ссңда аузынан ақ май ағып отырып, құрт ауруынан өлген шешеңнің құнын енді дауламақпысың? Жөн делік. Мүмкін, қотаныма мал, қалтама ақша салып берген де сен шығарсың.

- Мен емес, бірақ иісі төре тұқымын ата - баба, тұқым - зәузатымен асырап, сақтаған мына Ырысбайлар. Сол себепті ендігі өмірдің қожасы болуға тиісті.

- Ә, солай ма? Баяғыда Жаншора ағам: «Баланың көп оқығаны елге келмейді, аз оқығаны жұртқа тыныштық

бермейді»,- деуші еді. Сол сен болдың ғой. Қане, айтшы? Ырысбай, қотаныма қанша мал қосып еді?

- Оны анық білмеймін.

- Ендеше, көп оттамай жөніңе жүр, - Айбек баласы!

- Жоқ, жүрмеймін. Және сенің барыңды ортаға салмай, тыныштық таппаймын.

- Әй, сен өзің, айналаға көзіңді ашып қара! Кеңес өкіметінің кәмпеске туралы қаулысын мен де оқығамын. Қажет болса, қалаға баратын ат - көлік те табылады. Осы есіңде болсын.

- Ондай дөң айбатпен қорқытпай - ақ қой. Қысқасы, колхозға қосатын үлесің бар ма, соны айтшы?

- Жоқ.

- Малыңды ортаға салмайсың ғой?

- Жоқ нәрсені жерден қазамын ба?

- Сенен қайыр болмайды ма?

- Болмайды.

- Жақсы. Мен де үш қайтара сұрадым, сен де үш мәрте «жоқ» деп жауап бердің. Бірақ түптің түбінде жаманшылыққа арандап жүрме!

- Сен де одан күдеріңді үзбе, балақай!

Осыдан кейін айтылатын сөз сарқылып, ауыл белсенділері орындарынан тұрды. Бұл кезде әбден қас қарайып, түн болған еді. Төменде түнгі ауылдың жерошағында жанған сансыз оттар жылт-жылт етеді. Майшора сол оттарға телміре қараған күйі үнсіз түнеріп, жападан - жалғыз отырып қалды.

## III

Осы кездесуден кейін екі күн өткен соң, кешқұрым Майшораның үйінде қарбалас тіршілік басталып кетті. Бұл әбігерге басшы болған - отағасы. Ол өз - өзінен құты қашып, берекесі кетіп, артына қылжуыр байлаған қос аяқ тышқандай жаны дызығып жүр. Бүгін әлдеқайда шапқыншы жіберді. Аңшының өткір пышағындай лыпып тұрған қызметші жігітке: «Қаңбақ шалды шақырып кел»,- деп үйге кіріп еді, ізінше қайта шығып: «-Мұсаға да хабар бер», - деді.

Қыстаудан алысырақ тігілген киіз үйден бие бауындай ұзай берген жігіт:

- Қай Мұсаны шақырайын? - деп ат басын ірікті. Өйткені бұл ауылда Айда Мұса, Майда Мұса дейтін екі кісі бар еді. Қызметші соны анықтап алғысы келген.



- Ой, жарымес! Неге мелшиіп тұрсың? - деп ақырып жіберді Майшора - Үйінде болса, екеуін де шақыр!

Отағасының зәрлі даусынан үрейі ұшып кеткен бала жігіт шоқыта жөнеліп еді, мырза:

- Адырбекке де хабар бер! - деп тағы дауыстады.

Киіз үйдің аласа есігінен ең алдымен ұзын бойы екі бүктеліп Айда Мұса кірді. Қу бастан қуырым ет алатын белгілі сараңның көл бақадай бақырайған көзінде үрей бар. Үй иесіне жалтақ - жалтақ қарап, аяқкиімін шешкен болып, босаға жақта көп бөгелді. Сонсоң түнеріп, түксиіп отырған Майшораға иіле сәлем беріп, имене басып төрге озды.

Бұдан кейін Майда Мұса мен Адырбек келді. Сынаптай сусып, қолға ұстатпайтын қу, мінезі де, беті де құмдауыт жердің тасындай жып - жылтыр Майда Мұса жымия күліп, жұмсақ бөстекке отырды. Ал, ай - күннің аманында, тападай тал түсте аяқ артып жүрген қара көк атынан айырылған Адырбектің қабағында кірбің бар.

Майшора сырт көзге періштедей ақ, таза көрінетін монтаны жүзді - Майда Мұсаның зымиян күлкісін: «Осы неменесіне жетіседі», - деп іштей жақтырмаса, Адырбектің томсарған жүзін көріп: «Бұның ашынғаны жақсы», - деп ойлады.

Жұрттың соңын ала Қаңбақ шал кірді. Кейінгі кезде пайда болған әдеті бойынша, ол шақырылған жерге әрдайым кешігіп келеді. Әрине, бастан асып жатқан шаруадан немесе шулаған көп бала - шағадан шыға алмағандықтан емес, ауылдағы жасы үлкен, жолы үлкен ақсақал ретінде «Мені басқалар күтіп отыруға тиісті», - деп ойлайды. Және осы жаман әдеті өзіне деген сый-құрметті арттырып, бедел әкелетіндей көрінеді.

Шал ілгері басқан сайын былқ - былқ еткен түкті кілемнің үстінен жұмсақ мәсісі тайғанақтай - тайғанақтай төрге шықты да, кілт тұрып қалды. Шаруаға қырсыз болғандықтан, дәулеті шайқалып, қорасынан мыңғырған мал, өзінен бұрынғы бедел кеткен Қаңбақ - дәрменсіз, күйкі көп кедей шалдардың бірі болғанымен, төрелердің атадан балаға жалғасып келе жатқан дәстүрін қатты ұстанушы еді. Сол қалыптасқан салт бойынша төрдегі орын сыйлы ақсақалдікі болатын. Бүгін ол орынға байқамай Айда Мұса отырып қалған екен. Сол себепті ол құйрығымен жылжып, орын босатқанша, Қаңбақ шал қаққан қазықтай қалшиып тосып тұрды.

Ә дегенде отағасы шешіліп сөз бастамаған соң, шақырылғандар дәл біреудің жаназасына келгендей үн-түнсіз

отыра берді. Тек соңғы уақытта кемпірі өліп дастарқанға қатқан құртты да санап салатын сараң келіннің қолына қарап қалған тамақсау Қаңбақ есік жаққа жалтақтап қарай береді. Ақыры, шыдамы таусылған ол:

- Осы үй бүгін бізге ас бермей, аштан қатыра ма? - деп күңк ете қалды.

Соны естіген үй иесі:

- Дүрия, шайыңды қамда! - деп сыртқа дауыстады.

Соның артынша - ақ, үйге әдемі киінген қара торы келіншек кірді. Манаты сыптырғыдай қызметші жігіт үлкендердің алдына ақ дастарқан жайды, жас әйел оның үстіне томырылған сары май қойып, қант араласқан ақ бауырсақ төкті. Көп ұзамай ызыңдай әндетіп, болыскей ақ самауырын келді. Басы Қаңбақ шал болып, төрде отырғандар шай ішуге кірісті.

Майшора: «Атау кереңді ішкір, өңшең ашпа жалап, ар жағына ел қонбай, ақыл тыңдаушы ма еді?» - деп ойлап, шақырылғандардың шайланып алуын күтті.

Төрдегілер жаңа ғана жаудан жылқы қайырып келгендей, май жағылған ақ бауырсақты аузына бұралай тығып, шайды сораптап ішіп жатыр. Шықшыттары тынымсыз бұлтылдап, нан шайнаудан ауыздары босар емес.

Бұрынғы, салдарлы ірі мінезден айрылып, ішкен бір аяқ астың құлы боп, ұсақтанып бара жатқан мына төрелерге отағасының қарны ашып қалды. Туысы текті, мінезі кірпияз баяғы аймаңдай төрелер жоқ. Олардың біразы ақтар қашып, қызылдар қуған аласапыран заманда Шыңжаң өлкесіне қоныс аударды, енді бір бөлігі конфискенің қара тізіміне ілініп, қуғын-сүргінге ұшырап, торғайдай тоз - тоз боп кетті. Сол себепті қазір Майшора жалғыз қалғандай. Үзеңгі бар да үзеңгілес жоқ, қатарлас бар да сырлас жоқ. Ал мына төресымақтар шындап келгенде олардың қара тырнағына татымайды. Әйткенмен жоққа жүйрік жеткен бе? Қазір Майшораның күні осыларға түсіп тұр. Өйткені ұлы конфискенің дүмпуі бұларды мырзамен қайта табыстырып, ауызбірлігін күшейтіп, шеңберін қатайтты. Бұл отырғандар төре тұқымының шыр бітпеген кедейлері еді. НЭП - тің заманы өткен соң, бір - ақ күнде жонданып жоталанып шыға келді. Себебі Майшора жаны қысылғанда, малының көп бөлігін осыларға таратып берді. Бірақ құдай алдында сұраусыз деп, біржолата берген жоқ. «Сиырдың сүтін, аттың майын, ұсақ-тұяқтың өсімін әзірше пайдалан. Дегенмен дүбірлі заманның дүрбелеңі басылған соң, сол малымның шып - шырғасын шығармай, өзіме қайтып бересің», - деп айтып берді.



Осы сәтте босаған кесесін беріп жатқан майда Мұса:

- Келін шырақ, шайың тәтті екен. Қызылынан баса құй, - деді.

- Дұрыс айтасың, Мұса інім. Мұндай бабы келіскен қызыл күрең шайды марқұм Күнтай бәйбішенің ғана қолынан ішіп едім, - деп тамақсау Қаңбақ шал оның сөзін құптады.

Шай құйып отырған Дүрияның қарлығаштың қанатындай қара қастары сынып барып, қайта жазылды. Әйткенмен қошемет сөзге емексігендей жүзін жылытып, түсін берген жоқ. Бұрынғы әдетімен еңсесін тік ұстап, қайқайып отырған күйі шайын құя берді.

Майшора үш-төрт жыл отасқанымен, осы әйелдің өзіне бас игісі келмеген қайсар мінезіне таң қалады. Рас, бір жолы одан әйел баласына тән әлсіздікті байқады. Ол екеуінің ақ некесі қиылып, алғаш рет тар төсекте бас түйіскен түні болған оқиға еді. Үйлену тойында болған көп жағымпаз шуылдақтардың: «Қолға қонған құсың қайырлы болсын!» деген сөзіне еркештеніп, күні бойы жеген ет, ішкен дөнен қымыздан қасаң тартқан денесі қыз - қыз қайнап, ол жас келіншегінің отауына жиырма бестегі жігіттей көңілі алып - ұшып кіріп келгенде, Дүрия абжыланның аузына түскелі тұрған торғайдай қалтырап қоя берді.

Сол сәтте бойжеткеннің шарасы үлкейіп бара жатқан көзіне тұна қалған үрейлі қорқыныш, қорғансыз дәрменсіздік, жалынып - жалбарыну, талансыз тағдырына налыпкүйзелу деген сұмдық еді. Бірақ оған қарайтын Майшора ма? Қызыл көрген кәрі бүркіттей бүріп түсті. Сол азапты түннен кейін Дүрия мүлдем өзгерді. Ашылып сөйлемейді. Көңілінің желігі басылмаған жас келіншек құсап күлмейді, тұмсығы тасқа тиіп, мең - зең болған бекіре балықтай дүниенің бәріне сүлесоқ қарап, көбінесе үнсіз жүреді. Қою кірпікті көз алдын көлеңкелей түскен мұң бар, қызулы базары тарқап, басынан бағы қайтқан кісідей өзін әлденеден ірку, жасқану бар. Мүмкін, суқаны сүймеген қойнындағы кәрі күйеуіне суыған, біржолата қалған көңілдің белгісі шығар.

Дегенмен жас әйелдің бұл тұйық мінезі көпке созылмады. Кенет ол ет жүрегін езіп - жаншып ескірген жібектей жүнжітіп, еңсесін басқан жасқаншақтық; дәрменсіздік атаулының бәрін бойынан сілкіп тастап, кеудесін тік ұстап жүретін болды. Әйел мінезіндегі бұл өзгерісті жақсылыққа жорыған Майшора: «Төре байының әйелі тәкаппар болуы керек қой», - деп ойлап, алғашқыда қуанып қалып

еді. Бірақ қара жарқылы мол Дүрия жанарынан өзіне деген жиркеніш ұшқынын көріп, сол қуаныш сезімі су сепкендей басылып қалды. Сонсоң араға қартаң жеңгелерін салды.

Ақ жаулығы дағарадай бәйбішелер жаңадан түскен жас әйелді ортаға алып, жыландай ысқырынып: «Бұл ауыл - жатақтардың қыстауы емес, ертеден құт дарыған - төрелер аулы. Сен болсаң, құл - құтанның арасынан шыққан көргені аз, кедейдің шөп желке қызысың. Сондықтан кеудеңді көтермей, көзіңді төмен салып жүр. Үлкенге үлкендей, кішіге кішідей иба жаса. Әйтпесе байдан шыққан тастанды қатын атануың оп - оңай», - деп, жерден алып, жерге салған. Бірақ жас келіншек бәйбішелердің ортасынан отқа түскендей өңі қызарып шыққанмен, қатал мінезін өзгертпеді.

Бір мезгілде төрелердің алдында сыпайылық сақтаған Адырбек кесесін төңкеріп, дастарқаннан ысырылып отырды.

Бағанадан бері әр түрлі ойға кетіп, іштей ширығып отырған Майшора Адырбекке қадала қарап сөз бастады. Біреуден жазықсыз қорлық көріп, зәбір - жапа шеккендей, жүзіне ызғар жиып, бетінің түгі бозғылдана сыртына теуіп, қызына сөйледі. Отағасы күйінішті дауыспен сарнай жөнелгенде, төрдегілер кеселерін дастарқанның үстіне қойып, оның аузына қарады. Тек Қаңбақ шал ғана терлептепшіп шай ішіп, тіссіз, опырық аузы малжаңдап, дастарқаннан бас көтерер емес.

Бірақ Майшора кетеуі кеткен шалға онша көңіл бөлмеді. Ежелгі әдеті бойынша сөзіне мақал мен мәтел кірістіріп, алыстан орағытып, тұспалдай сөйледі. Мына шұбар ала топ оның сөзін алғашқыда ден қойып тыңдағанмен, түпкі төркінін онша түсінбегеннен кейін, әркім өз ойымен өзі болып кетті.

Жасынан сән мен салтанатты, әйелдің кербезі мен сұлуын жақсы көретін Майда Мұса басына ақ жаулық салып, қасы - көзі қиылып отырған Дүрияға қабақ астынан ұрлана қарап: «Тексіз жерден шыққанмен, қара торының әдемісі екен. Осындай уылжыған жас сұлуды қолына түсірген Майшора иттің аузының салымдысын қарашы. Бұл да байлықтың арқасы ғой», - деп ойлады.

Мал десе, дүние десе көзі тұнып кететін Адырбек керегеге ілінген аспалы шамның жарығымен түктері жылтырап, ою - өрнектері алақанмен сипаған құндыз терісіндей құбылып, құлпырып, көздің жауын алған іргедегі кілемдерге қарап: «Сірә, ат аяғы қияндағы шаһарлардан



арнайы алдырған қымбат дүниелер болды. ғой. Бұқарадан, әлде Құлжадан әкелді ме екен?» - деп іштей қатты қызықты.

Ал Айда Мұса қаз жұмыртқасындай сопақ басын бауырына алып, қызғылт сары мұрты салбырап, төмен қарап отыр. Бұл қалпында үй иесін құлақ қақпай тыңдап, ойланып отырған адамнан гөрі, тас басында қалғып кеткен кәрі шөңгеге көп ұқсайды.

Өз сөзін төренің ендігі бетке ұстар азаматтары салқын қандылықпен салғырт тыңдап отырғанын Майшора да аңғарды. Кезінде аты шыққан ата - бабасының қасиетті аруағын бетке ұстап, нашар атаның балаларын мысымен басып, біреуден алған болмаса, «Жақсы ас далада қалғанша, жаман қарын жарылмай ма», - деп ішіп - жеген болмаса, бұл пенделердің құлағына аталы сөз кірмейтін сыңылды. Сөйтсе де, бұлармен санаспасқа, келеге шақырмасқа тағы амалы жоқ. Балықтың жаны суда болса байдың ғұмыр бойы тістей қатып, тірнектеп жинаған бар байлығы осылардың қолында. Ендеше, бұлар Майшораның қос өкпесі қысылып, жаны мұрнының ұшына келген қазіргі шақта өте керек. Өйткені осылардың ауызбірлігі - мырзаның тірлігі. Сондықтан уақытша болса да, бұлармен түс шайысып, ат құйрығын кесісуге болмайды.

Осының бәрін ойша сараптаған Майшора енді даусын көтеріп:

- Әй, Қаңбақ ақсақал! Әй, Мұсалар! -деп отырғандарды көзбен бір шолып етті. - Абиырдың ашылып, мол дәулеттің судай шашылатын күні бүгін туды. Баяғыдай айбарлы, бұғалық салдырмайтын асау болсаң, тұяқ серпіп, құрықты ала қашатын шаққа жеттің. Мықты екенің рас болса, жас өкілмен табан тіре де, ұстасып көр. Бас имеймін, жеңемін деп ұстас! - деп төренің ақсақал, қарасақалдарына қарады.

- Жаттан тартқан жазадан, жақыннан көрген қорлық жаман екен, - деп Адырбек оның сөзін қоштады.

Майшора:

- Аруағынан айналайын хан Абылайдан бастап, кешегі Шыңғыс төреге дейінгі аралықта, ешкім шәй деп бетімізге келмеп еді. Енді көлденең жүрген көк атты басынады, - деді.

Осы кезде көзін төмен салып отырған Айда Мұса жерден басын көтеріп:

- Төрені басынғандай ол кім? - деді ештеңені түсінбеген топас жүзбен.

- Кім болушы еді?! Кеңес сенген өкіл Садырбек, - деді шолақ молда жұлып алғандай.

Үй иесі сөзден тосылып қалды. Бұл қысылғанда сойылымды соғатын ағайын ғой деп, басын қосып, атасы басқадан көрген зәбір - жапасын айтып отырса, Айда Мұ - са: «Төрені басынғандай ол кім?» деп аңқаусиды. Өзінің көңілі бүтін, мал басы аман болған соң, қалыс туысқан түгіл, екі туып бір қалғаның болса да, біреудің қайғысы біреуге батпайды екен ғой. Егер баяғы Николай заманы болса, отағасы аюдай ақырып, бұл жылым құртты ата-баба, тұқым зәузатынан төмен қарай құлдилата боқтап, ақымақтығын бетіне қара таңбадай басып, үйден қуып шығар еді. Бірақ қазір сабыр сақтау керек. Оның үстіне ойына алған қатерлі ісін жалғыз орындай алмайды. Жә - не күндердің күнінде балапан басына, тұрымтай тұсына дерліктей қысылшаң уақыт туа қалса, тұтылатын Майшораның қара басы. Сол себепті қан төгілетін бұл қараңғы іске басқаларды араластырғаны жөн. Жалпы иықтасып көтерген жүк, ұйымдасып істеген қылмыс жеңіл болады.

Осы орайда Майшора өз басының қамын емес, көптің жағдайын ойлағандай күйіне сөйледі.

- Қабаған ит те қабаққа қарайды. Егер жолбарыстай жүрегің, арыстандай айбатың болмаса, есікте жүрген құлақ кесті құл да басынады. Ал біз іргелі елміз. Ол жалғыз. Сондықтан құтырғаннан құтылған...- деп өз ойын ашып айтты

Адырбек:

- Мынауыңыз шектен шыққан қатал үкім ғой, - деп үй иесіне үрке қарады.

- Құтырған қасқыр қауіпті болады, - деп Майда Мұса отағасын сақтандырды.

Бағанадан бері үйдегілер сөзін үнсіз тыңдап отырған Дүрия суып қалған самаурынды алып, тысқа шыға жөнелді. Екі беті оттай жанып, мойылдай қара көздерінен ыстық жас құйылып - құйылып кетті. «Мына құзғындар Садырбектің көзін құрту үшін жиналып отыр екен ғой», - деп ойлады ол.

Осы мезет үй сыртынан ат дүбірі естілді. Көп ұзамай томай құлақ, дәу қара кісі есіктен тәйтік сөйлеп кірді.

- Бәсе, Майшораның күні менсіз қараң болды деп баяғыда айтқанмын. Басқаға тізесін батырар кезде, сілтенетін жалаң қылыш - Жүсіп болмаса, төренің ісі алға баса ма?! Әйтпесе ол басқадан көр азабын тартып, шұбырған көштен қалып қоймай ма?!



Осы өңірге жаман аты жайылған жолкесердің ұзын тіліне ерік бергісі келмеген Майшора:

- Жүке, төрге шық, - деді.

- Жоқ, шықпаймын, - деді ол қиястанып. - Төр - төренікі, босаға - төлеңгіттікі. - Сонсоң шапанының сыртынан байланған қайыс белбеуін босатып, босағаға жалп етіп отыра кетті. Қолына ұстай келген мылтығын алдына көлденеңінен тастады.

Жүсіптің Майшораға өкпелейтін жөні бар еді. Ол көп уақыт мырзаның қолында болған. Талай рет түнгі жортуылға шығып, көршілес жатқан рулардың бейбіт жайылған жылқысын тиіп алып, қолы суық байдың мал басын көбейткен.

Бертін келе кеңес өкіметінің қатал заңынан қорыққан бай белгілі бау кеспеден тезірек құтылғысы келді. Оған ауылдан кетерде, енші берем деп уәде етті. Бірақ жоқтан өзгені сылтау етіп, сөзбұйдаға салып, сол уәдесін орындамаған. Ұры содан бері жыл сайын Майшораға соғып, еншісін даулап кетуші еді. Ол былтыр да келген. Сонда да әңгі Жүсіп өстіп үйге сөйлей кіріп, шөгетін нардай еңсеріліп барып босағаға отырған. Кескен томардай кеспелтек денесі мықшиып, кірпік қақпай, үй иесіне суық жылан көздерімен қадала қарап қалған.

Өткен бір жылда ұрының әдеп пен әдетке сыя бермейтін сол тұрпайылау мінезі еш өзгермепті. Содан бері уақыт алға жылжымай бір орында тұрып қалған сияқты. Тек оның қысы-жазы үстінен тастамайтын қалың шапаны мен түлкі тымағының тысы күнге оңып, ағара бастапты.

Осы кезде Майда Мұса:

- Мына қаруың шиті мылтыққа ұқсамайды ғой. Қайдан алдың? - деді.

- Оның рас, - деді әңгүдік. - Осыдан біраз жыл бұ - рын, ақтар қашып, қызылдар қуып жатқан уақытта біздің үйге көзі тұздай екі солдат қонды. Өздері еңгезердей. Былайша әлім келетін емес. Сонсоң түнде, олар ұйықтап қалғанда, пештің төбесін жауып, өзім шошалаға барып жаттым. Иіс тиіп, әлгілер сеспей қатты. Содан кейін қаруларын жинап алып, әлгілерді Көкше теңізге батырып жібердім. Балықтарға да жем керек емес пе?! Хе-хе-хе! - деп ол жан-жағына мақтанып қарап қойды.

- Мұнымен талай аңды жайратқан шығарсың? - деді Айда Мұса.

- Бұл карумен салыстырғанда, білте мылтық темір көсеу, - деді ұры әңгірлей сөйлеп. - Қоймасына бес оқ сыяды. Қайта-қайта оқтап, әуре болмайсың. Тек шүріп-

песін бассаң болды, оғы таусылғанша атыла береді, - деп Жүсіп шоқпардың басындай үлкен қолдарымен ағылшын үлгісімен жасалған винтовканың ағаш құндағын сипады. Бірде ертеңгісін тысқа шықсам, үйдің нақ желкесіндегі биік жартаста екі тау теке сексиіп тұр екен... Қанды аузың бері қара деп, шүріппені басып қалдым. Сендерге өтірік, маған шын, тау текелер домалаған күйі үй іргесіне топ ете қалды.

- Япырмай - а! Құралайды көзге атқан керемет мерген екенсің ғой.

- Гәп мылтықта. Жарықтық көздеген жеріңе көк жотелдей дөп тиеді. Оғының үлкендігі бармақтай. Жалғыз оқпен жолбарысты да жайратып салуға болады.

- Осы мылтығыңмен адам ауладың ба, Жүке?

- Жүсіпте жасырын сыр болмайды. Өткен жылы қаңтардың боранды түнінде қолым қышып, көрші ауылдан бір семіз атты іле жөнелдім. Мал иесі көріп қалып, соңыма түсті. Астындағы ақ боз ат аяғының желі бар жануар екен, әне-міне дегенше, омыраулап келіп қалды. Тақымдағы қаруды суырып ап, бір - ақ бастым. Ол кескен теректей ат үстінен опырыла құлады. Сөйтіп, қуғыннан құтылып кеттім.

Адырбек әңгі Жүсіптің ел арасына тараған жаман лақабын естігені болмаса, дәл қазіргідей әңгімесін естімеген еді. Даусы өзгермей, қалың беті бүлк етпей, айтып отырған қорқынышты әңгімелерін естігенде, жүрегі мұздап, төбе құйқасы шымырлады. Қиял - ғажайып ертегідей шым - шытырық уақиғаға толы сол уәжіне қанша сенгісі келмегенімен, ананың кескін-кеспірі қанды қол бау кеспе екенін айтып тұрғандай. Бір ғажабы, Жүсіпте мойын деген жоқ. Қазандай үлкен басы қара шойыннан құйылғандай жалпақ кеудеге жалғасып кеткен. Жауға жан беріп, жан алысқан ұрыс кезінде, қарсы жақтың ауыр гүрзісі қату тиіп, ортасы жапырайып қалған мұрынның екі тесігі зорманныңініндей үңірейеді. Қан тамырлары тарғылдана білінген қылилау көздері құтырынған иттің көзіндей адамға қанталап қарайды.

Бау кеспенің осы сыртқы пішімін көріп, қатты шошынған Адырбек: «Астапыралла, мына кәпірдің түсі неткен суық еді, - деп ойлады.- Ол үшін адам өлтіру қой бауыздаудан оңай шығар».

Осы сәтте үй иесі:

- Жүсіптен басқаларың шыға тұрыңдар! Онымен оңаша сөзім бар, - деді.



Аналар қабағынан қар жауған Майшорадан құтылғанына қуанысып, үйді тез босатты.

Мұсалар ұрыны қолпаштағандай жетектеуші сұрақтар қойғанда, соған мейманасы тасыған әңгі Жүсіп мағұрлана сөйлеп мақтанғанда, үндемеген Майшора:

- Менің сені неге шақыртқанымды білесің бе? - деді.

- Адам өлтіру керек пе? - деп қарақшы оған жалт қарады. Көздері әп - сәтте қан көрген жыртқыштай қызарып шыға келді. - Егер қатын болса, оқ шығындамай - ақ, қылғындыра салам. Ал еркекті...

- Ие, ер адам, - деді Майшора оның сөзін бөліп.

- Еңбегіме не төлейсің? Нарқын айт.

- Түйе болса - боталысы, бие болса - тайлысы сенікі.

- Қара көк атыңды бересің бе?

- Кеш қалдың. Оны өкіл тартып алды. Соны ал.

- Сонда өкілді...

Көңілдегі сөзін көзбен айтқан отағасы оған кірпік қақпай қарап қалды.

Жүсіп қазандай басын омырауына ап, аз ойланды. Әлден уақытта ол:

- Мұның аз, ағасы. Аттың үстіне еншімді қосып бересің, - деді.

Ұрының көкейіндегі ойын білгісі келген бай:

- Еншіге не аласың? - деді.

- Одан бері алты - жеті жыл етті, - деді Жүсіп. - Мал өсімтал келеді. Сондықтан өсімін қоса есептегенде, сенде екі үйір жылқы, елу шақты қой, жеті-сегіз сиыр алашағым бар.

Майшора сайда саны, құмда ізі жоқ қаңғыған бау кеспенің есек дәмесіне ызалана мырс етіп күліп жіберді. Содан кейін түсін тез суытып:

- Жүсіп, сен Сарыбай деген даукес нағашыңа тартқан екенсің. Ертеректе Сарыбайдан Үсенбек дейтін момын кісі қарызға тоқты алыпты. Бір жыл өткен соң, Үсенбек тоқтыңды ал десе, сенің нағашың: «Сен маған тоқтылы қой беруге тиіссің», - деп дауласады.

Ақыры, даугерлер менің ағам Жаншора биге келіп жүгініседі. Жаншора дауды тергеп, тексеріп келіп: «Малыңды неге алмайсың?» дегенде, Сарыбай: «Бұдан менің аласым - тоқтылы қой, тоқымдай киіз, тоқты қарын май, тоқсан сықпа құрт. Өйткені жыл асқан тоқты тұсақ болады, бір рет қоздайды, екі рет қырқылады, тоқсан күн сауылады», - дейді.

Сонда азулы би Үсенбекке қарап:

- Мынаның айтқанын бер. Әйтпесе келесі жылы қоралы қой даулап жүрер, - депті. - Қазір ойласам, сен сол нағашыңа тартқан нағыз қызылкөз даукес екенсің, - деді кекесінді үнмен.

Әйткенмен айылын жимаған ұры:

- Кеңестің құрығы ұзын. Өкімет адамына қол көтеріп, түрмеде шіритін жайым жоқ, - деп қайта шалқайды.

- Жүсіп, жолың болсын. Тек қаруыңды тастап кет.

- Ол ненің ақысы?

- Артынан аларсың. Әзірге темір көсеуің қажет болып тұр.

- Пәлеңнен аулақ, мырза. Берденкені менен алдым деп тірі пендеге тісіңнен шығара көрме!

- Ол жағынан қам жеме. Майшора өлетін жерін біледі.

Бау кеспе ұры кеткен соң, үй ішін тағы да өлі тыныштық басты. Ат басы шығар жолы жоқ меңіреу тас қабырғаға тіркелгендей. Босағада ойып алған адам көзіндей ұңғысы үңірейген қару жатыр.

Майшораның қабағы түсіп, сұрғылт жүзі жауатын бұлттай қарайып бара жатты. Мұртының әр талына дейін тікірейе көтеріліп, жыбыр-жыбыр етеді. Осы ашулы қалпында есік жаққа тесіле қарап, ойланғандай ұзақ отырды.

«Басқа шауып, төске өрлеген - қызыл көз өкілден қалай құтылу керек? - деді ол іштей. - Әлгі қарақшыдан қайыр болмады. Ал жаңағы далаға шығып кеткендер Алтай бабасынан тараған аталас туысқандары. Ішіндегі бөтені - Адырбек. Сөйтсе де, мүшелі бөлістен қомақты үлес беріп, жат та болса жақын тартқан адамы. Өйткені дүниеге тоймайтын аш көздігі, жуанның көңілін тапқыш жұғымды мінезі, аңшының тазы итіндей қатты берілгендігі ұнаған. Дегенмен оны сынға салып, сынап көрген жөн. Бірақ үркітпей, қиялап білдіру керек».

Ұры кеткеннен кейін ішке шақыртылған Мұсалар үйден тез шықты. Олар төмен қараған күйі Адырбекті көрмегенсіп ете шықты да, үн - түнсіз аттарына мініп, түн қараңғылығына сіңіп кетті. Майшора қураған курайдай қауқары жоқ Қаңбақ шалды шақырған жоқ.

Адырбек бағанадан бері арам ойының қатпар - қатпар қалтарысы көп, құбылмалы түлкі бұлаң мінезінің бұлтағы мен бұралаңы көп байдың ішкі есебін біле алмай, сыртта тықыршып тұрған. Енді ішке кірудің кезегі өзіне келгенде алыстан лақтырылған бұғалық сарт етіп, мойнына түскендей, тынысы тарылып, маңдайынан мұздай тер шықты. Түбіне сырық бойламайтын қара суға батып бара жатып, табанын тірейтін тірек, әлдекімнен қол ұшын беретін көмек күткен адамдай жан-жағына апалақтап қарапеді, жалғыз қалған екен. Қасынан Қаңбақ та кетіп қалыпты. Сондықтан үйге кірген соң, абдырап - сасқан Адырбек:

- Адам қанын мойынға жүктеу, екі дүниедегі қылмыстың ең ауыры, - деді қылғына сөйлеп.

Майшора оған қабағын түкситіп, ажырая қарап:

- Жауды аяған - жаралы болады, - деді.

- Ит те болса, туысқан. Оған қайтіп қол көтерерсің?

- Сен не оттап, отырсың! - деп ақырып жіберді Майшора. - Бауырым деп бауырың езілетін болса, сонымен бол! Әйтпесе тақымыңды атқа, аузыңды аққа тигізген менің қасымнан табыл! Тек былқылдаған солқылдақтығыңды көрсетпе, жарқыным! Екінің бірі, егіздің сыңары.

Адырбек бұдан кейін ләм деп қарсы сөз айтпады. Алғашқыда себепсіз таяқ жеген бұралқы күшіктей баж етіп, әлсіз қарсылық көрсеткенімен, Майшораның аямасқа, аянбасқа бекінген ызғарлы жүзін көріп, қатты шошынып, ықтап кеткендей.

Сөйтіп, Майшора осы жолы да айласын асырды. Ол өкілге қара шоқпар етіп сілтегісі келген ұры Жүсіптің бұлданатынын, Мұсалардың «пәлеңнен аулақ» деп келіспейтінін алдын ала білген еді.

Ол Адырбектің үрейлі жүзін көріп: «Бұл заманда баю деген оңай емес. Мал арыстанның аузында, түрікпеннің төрінде». Сол себепті кейде жұмыр басты қатерге тігуге тура келеді», - деді іштей. Сонсоң әлдекімге зығырданы қайнап, кіжінгендей түсі өзгеріп: «Көптің алдында көсіле сөйлеп, көсем болғысы келетін немесің ғой. Бірақ қай заманда қара табан құл қалың елге бас болып еді?! Анадан жетесіз боп тумаса, қайсыбір төре есікте жүрген жалшының алдында бас иіп, сөзін құлақ қақпай тыңдаған еді?! Жо - жоқ, оның бола қоймас, бәлшебайым! Бұл тек саған ғана емес, бай мен барға көзін алартқан белсенділердің бәріне үлкен сабақ! Ақыры, ажалың алыстан емес, жақын ағайыныңнан келетін болды - ау! Ха-ха-ха!» - деп өзіне - өзі қатты риза болып, сылқ - сылқ күліп алды.

Ертеңінде, түс мезгілінде үкідей ұшып келген бір сары бала Садырбекке:

- Дүрия тәтем берді, - деп тілдей қағазды ұстатып кетті.

Садырбек: «Дүрияның менде несі бар? Ол болса, ақ некесі қиылып, ақ батамен қосылған - төре байының қосағы. Мен болсам, салт басты, сабау қамшылы бойдақпын. Енді екеуіміздің ортамызда адам өтпестей терең жар жатқан жоқ па? - деп ойлады.

Дегенмен, Дүрия беріп жіберген тілімдей қағаз қызулы шоқтай қолын күйдіріп барады. Оқымаса, алақанын ойып түсетіндей. Үшбу хатта әйел: «Бүгін кешке үш қайыңның түбіне кел. Айтатын айрықша сөзім бар»,- депті. «Үш қайыңың түбіне кел деген сөзді оқығанда, Садырбектің жүрегі аттай тулап қоя берді. Дүрия қоңыр кеште талай сырласқан үш қайыңды ұмытпаған екен-ау! Яғни, сары аурудай ұзаққа созылған осы жылдардың ішінде Садырбекті де есіне шығармаған. Ал «айтатын айрықша сөзім бар» дегені несі? Өкіл жігітті әйелдің алғашқы сөзі қуандырса, соңғы сөзі сескендірді. Және оның осы тілегі айтылмаған армандай, алғашқы ұяң махаббатының жақсы нысанасындай үш қайыңның түбіне баруға итермеледі.

Кеш түскен соң, Садырбек тауға қарай аяңдады. Көкек айының жылы кеші. Алты ай қыста аң қар, көк мұздан көрпе жамылып, үнсіз томсарып жатқан жер дүниенің арқасы кеңіп, көктем лебімен қуана дем алып, қара жер бусанып жатыр. Қарсы алдынан, Кексеңгір жақтан үзіліп-үзіліп самал жел еседі. Қамысты, құрақты өзен жағасынан көлбақаның құрылдаған даусы келеді. Дәл төбесінен екі сұқсыр үйрек қанаттарын сусылдата қағып, ұшып өтті. Қара көк аспанда күлімкөз жұлдыздар біртіндеп туа бастады.

Садырбектің есіне Дүриямен кездескен соңғы бір кеш түсті. Онда да дәл осындай кектем болатын. Омбы шаһарына оқуға баруға біржолата бекінген Садырбек кездесуге кешігіп келді. Жігітті күте - күте, екі көзі төрт болып, әбден зарыққан Дүрия:

- Тіптен кешіктің ғой, - деді қабағын шытып.

- Асығатын не бар? - деді Садырбек жайбарақат үнмен.

Бойжеткен оған жалт қарады. Танауы қусырылып,



ителгінің иегіндей әдемі иегі дір - дір етіп, көзіне жас толып кетіпті.

Ол:

- Мұнда келуге асықпағаныңды көріп тұрмын, - деді қатқыл үнмен. - Енді жұрттың сен туралы айтып жүрген сөзін білуге бола ма?

Дүрия сүйгенінің оқуға кететінін естіген екен. Бірақ оны көзінен таса қылғысы келмейді. Соны ойлағанда, жігіттің кеудесінде ондаған, жүздеген күміс қоңыраулар үн салып, сыңғырлап қоя берді. Қатарласа сыңғырлаған сол қоңыраулардың таза да сұлу үнінің әдемі ырғағын бұзғысы келмеген Садырбек үндемеді. Тек әлденеге кінәлі болған баладай ыржалаңдап күле береді.

Бойжеткен жігіттің бұл көңіл күйін түсінбеді. Қанын ішіне тартып, көзі суық ұшқынмен жарқылдап, шиедей қызыл ерні көгеріп шыға келді.

- Сен хари боламын деп ойлайсың ба? - деді ол ышқына сөйлеп. - Ескіше хат танитын сауатың бар. Сол жетпей ме, саған? Онан да ел қатарлы айраныңды ұрттап, қойыңды құрттап ауылда жүре бермейсің бе?

- Дүрия, менің арманымды түсінсеңші, - деді Са - дырбек тілге келіп.

- Ештеңені түсінгім келмейді, - деді ашулы қыз. - Сен желігіп, шаһарға кеткенде, мен қайтпекпін? Күйеуге өтпеген кәрі қыздай әке - шешемнің оң жағында отыра беремін бе?

Әңгіменің ауаны ымыраға келуден алыстап бара жатқан соң, Садырбек шалықтаған сәбидей ыржалақтап күлуін қойды. Енді жаңағы бір кездескен сәтте кеудесін - де күмбірлеп қоя берген күміс қоңыраулардың үні бәсеңдеп қалған. Тілі күрмеліп, дыбысы айқын естілмей, былдырлай түсіп, бірте - бірте өшіп барады.

- Егер мені сүйетінің рас болса, күтесің! - деді Садырбек қатуланып.

- Сені кімім деп күтемін?

- Болашақтағы жарым деп күт.

- Құр тұлыпқа мөңіреген ақымақты тапқан екенсің. Күте алмаймын.

Садырбек таңданғанынан бойжеткенге бажырая қарады.

- Дүние екіге жарылып, бай мен кедей тіресіп жатқан заманда, мен дүмше күйімде қала алмаймын. Сондықтан оқып, қараңғы елге жарық әкелуім керек, деді ол.

- Сонда мен қайда қалам? Оң жақ босағада отыр-

ған қыз - желідегі жетім бота сияқты емес пе? Көлденең жүрген көк атты жетектеп жүре береді, - деді ашу буған адуын қыз қалш - қалш етіп.

Дүрияның ашулы жүзі де әдемі екен. Қаны қашқан бидай өңіне жарасымды ұзақтық қанатындай қап-қара қастары шытынап, әдемі қыр мұрны құсырылып, екі көзі су түбінде жатқан ақық тастай жарқылдайды.

Өзі қимай тұрған бойжеткеннің осы ашулы кескінін көргенде, Садырбектің ет жүрегі елжіреп, оны бір түрлі аяп кетті. Осы сәтте жігіттің толқып, босаңсығанын пайдаланған бір көңілшек ой: «Қарашы, сен дегенде тек шығарда жаны бөлек. Сол себепті бар жан - тәнімен күйіп - жанып қиналады, сені де қинайды. Осылайша өзіңді құлай сүйіп, ессіз, есепсіз берілген сұлуды қалайша жалғыз тастап кетесің», - деді.

Сөйтіп, екі оттың ортасында қалған жігіт:

- Жаным - ай, енді қайттім? - деп күрсініп қалды.

- Әке - шешемнің ақ батасын ал, - деді Дүрия.

- Үлкендердің алдынан өтегіндей, менде қайбір байлық бар.

- Әйтпесе қол ұстасып қашып кетейік.

- Жоқ, асықпайық. Мен оқудан оралайын.

- Ендеше, сау бол, сал жігіт!

Онсыз да әлденеге үріккен еліктің лағындай елеңдеп тұрған ашулы қыз ытырыла жөнелді. Бірақ бие бауындай жерге ұзап барып, артына қарады. Өң мен түстің аралығындай халде есеңгіреп, қалшиып тұрып қалған жігіт: «Дүрия, тоқта!» - деп айғайлай жаздап, іркіліп қалды. Оны тежеген алғашқы ақылдың жаңа сөзі: « - Сенің бақытың осы әйелмен өлшенбейді», - деді ол. - Шынтуайттап келгенде, ол бір аяғы жерде, бір аяғы көрде тұрған дімкәс анаңнан артық па? Оны да жалғыз тастап барасың, - деп бір қойды. - Жалпы, ер жігіт ұсақ - ұлаң нәрсеге алаңдамай, өз бақытын бітпес майдан алаңы - күрестен іздеуі керек. Әрине, күрес жолы биігі мен ылдиы, бұралаңы көп қиын жол. Дегенмен сол жолда талай рет сүрініп, аузы - мұрның қан жалап, қайтадан тұрып, басыңды тауға да, тасқа да соғып жүріп, ақыры мақсатыңа жетесің. Сонда түн түнегі түріліп, алдыңнан жарық әлем ашылады.

«Ал қазір мына бойжеткенге үйленсең, от басы, ошақ қасына жіпсіз байланып, жанбай жатып сөнесің, өспей жатып өшесің».

Садырбек бойжеткен қыз көк белден асып, әбден көрінбей кеткенше көзімен ұзатып салды.



Өткен жолы Майшораның үйіне төренің ақсақал, қарасақалдары жинала бастағанда, Дүрияның ойында ештеңе жоқ еді.

Бұл ауылдың үлкендері дәмді, қою шай ішкісі келгенде, басы Қаңбақ шал болып, топтанып бұл үйге келе беруші еді. Жас келіншек төрелердің мезгілсіз уақытта бас қосуына онша мән бермеді.

Қоңыр төбенің бауырында болған жиынға барып қайтқан соң, желсіз күнгі судың бетіндей тып - тыныш, тұнық әйел сезімі кенеттен қара дауыл тұрғандай толқып кеткені рас. Екі мүшел жас үлкен Майшораға тұрмысқа шығып,тағдырдың жетегінде мұрнын тескен тайлақтай кете барғаннан кейін, Садырбекті бірте - бірте ұмытармын деп ойлаушы еді Дүрия. Бірақ ұмыта алмаған екен. Шынында да, ол жиынға төлеңгіттердің арызарманын тыңдау үшін емес, Садырбекті көру үшін барды. Бұрында жас әйелдің көңілінде бір әдемі елес жүруші еді. Садырбектің ауылға қайтып оралғанын естігеннен бері, сол сұлу көрініс ой - санасында қайта жаңғырығып, көз алдында көлеңдеп тұрып алады.

Ол кезде Дүрия он алты жастағы бойжеткен қыз болатын. Бір күні таңертең суық бұлақтан су алуға барды. Қысы-жазы қатпайтын бұлақтың дәл қайнар көзіне шелегімен еңкейе бергенде, жалтырап жатқан су бетінен әдемі суретті көріп, қалт тұрып қалды. Онда ақ боз ат аққудай ұзын мойнын иіп, су ішіп тұр екен. Оның жанында тұлпардың төгілген жалынан еркелете сипап, түбіт мұрты енді тебіндей бастаған бозбала жігіт күлімсіреп тұр. Кенет, ақ боз ат алдыңғы аяғымен жерді тартып қалды да, су бетінде оймақтай толқындар ойнап шыға келіп, жаңағы бір әдемі көрініс әп - сәтте жоғалып кетті. Соған өкінген қыз артына жалт қарады.

- Қарындас, қорқып қалдыңыз ба?

Қапелімде не деп жауап берерін білмей, Дүрияның екі беті ду етіп қызарып, бұлақтан еңкейіп су ала берді. Ол су алып жатып, көз қиығымен бозбалаға ұрлана қарады.

Дүрия ойында бой түзеп, қылтың - сылтың мінезі көбейгеннен бері бұйра шашты, аңсағай бойлы, бүркіт қабақ, алмас қылыштай өткір де отты жігіт жүруші еді. Ал мына жігіт қыз қиялындағы сол жас қыранға мүлдем ұқсамайды. Бірақ ол сұлу болмағанымен, сүйкімді екен. Бойы орташа ғана. Жұқалтаң келген ақ сары жүзіне ортасы дөңестеу келген үлкен мұрны, қою боп өскен қоңыр мұрты ерекше сән беріп тұр. Әсіресе ақ, қарасы айқын

қара көздері сәби балаға тән кінәратсыз, кіршіксіз таза сезіммен дүниеге таңдана қарайды екен. Осындай көзі бар адам өзі алданса алданар, бірақ ешкімді алдамайтын сияқты.

Дүрия екі шелегін суға толтырып ап, ырғала басып, кете бергенде, ол:

- Мен де шөлдеп кеттім. Су ішуге бола ма? - деп ұяң үнмен өтініш жасады.

Ішіңіз, - деді құрбысына бір жақсылық жасағанына қуанған қыз.

Жас жігіт еңкейіп ағаш шелектің ернеуінен су іше бергенде, суық бұлақтың боз талды, құрақты жылғасын бойлай қонған қоңыр ауылдың сыртынан біреу:

- Әй, Садырбек, қайда жоғалып кеттің? Тезірек атты әкел! - деп дауыстады.

Оқыстан шыққан адам даусынан шошып қалған жігіт суға шашалып қалды. Дүрия құлаққа сұлу әндей жағымды естілетін мөлдір үнімен сыңғырлап күліп жіберді,

Қыз күлкісінен қысылған жігіт:

- Қап, сөйлесуге уақыт тар болып қалды - ау, - деп, өкініш білдірді.

Осы кезде әлгі жердің астынан шыққандай жексұрын дауыс:

- Садырбек, болсаңшы, ойбай! - деп тағы дауыстады.

Атын жетектеп, бұлақ басынан ұзай берген бозбала:

- Айтпақшы, ныспыңыз кім болды? - деді артына қайырылып.

- Дүрия.

Өз есімін айтқанда, бойжеткеннің иөзі төменшіктеп, жүзінде ыстық қан ойнады. Таныстықтың басы осы. Бірақ қыздың сезімтал, жүйрік көңілі Садырбектің жылы көзқарасынан көп сыр аңғарып қайтты.

Қоңыр төбенің баурайында болған жиында Дүрия сол аузынан ақ уызы төгілген, иман жүзді Садырбекті мүлдем танымай қалды. Әр сөзі асау қандай басқа шабады. Соқтықпалы - соқпақты өткен өмір жігітті ширатып, есейтіп ғана қоймай, ажарына да өз ізін салған екен. Кең маңдайына екі - үш терең әжім түсіп, екі ұрты ішіне қарай сұғылыңқырап, самай шашын ақ шала бастапты. Әсіресе көздері қатты өзгерген. Бейне бір дәу бәйтеректің басында отырған қыран бүркіттей жан - жағына от шашып қарайды. Бірақ жалпылдап жанған жаяу шамның жасық отыı емес, сексеуілдің шоғындай қызулы да уытты от. Сол себепті бұлақ басында алғаш кездестірген балаң



жігіт әйел ойындағы Садырбекке ұқсаса, ауылға өкіл боп оралған сақа жігіт бір кездегі Дүрияның арман - қиялындағы алғыр сұңқарға ұқсайды екен. Жас әйел сол жиыннан Садырбекке деген бұрынғы өкпесін қоңыр төбенің баурайында қалдырып, қызығуын өзімен бірге ала қайтты.

Кешқұрым төре аулының бетке ұстар үлкендері бас қосып, олар шөлден қаталап келгендей сораптап шай іше бастағанда, Дүрия көңілінде сол қызығудан басқа бөтен ой болмаған. Тек Майшора: «Құтырғаннан құтылған!» де - генде, ол күйеуіне жалт қарады. Отағасы қабағынан қар жауып, бетінің бар түгі бозғылдана біліну, қара сұр жүзіне ызғарлы ашу жиып алған екен. Сондықтан қатердің қара бұлты Садырбектің басына төнгенін біліп, әлдекім төбесінен бір шелек суық су құйып жібергендей бүкіл денесі қалтырап қоя берді. Көзінен екі тамшы жас ытқып кетті.

Суыған ақ самаурынды сыртқа алып шыққан соң, жылап жүріп: «Құдай - ай, өзің жар бола гөр! Құйрықсыз, қанатсыз, жалғыз еді», - деп іштей білетін дұғасын оқып, әулие - әмбиелеріне сиына бастады.

Бұдан кейін болған оқиғалардың бірі Дүрияның, есінде бар, енді бірі есінде жоқ. Ол өң мен түс аралығындай, барлық пен жоқтық арасындай белгісіз халде жүрді.

Ол түннің бір уағына дейін ұйқтай алмады. Құс төсек жамбасына тас болып батқандай аунақши береді. Әйел көңілінен Садырбектің елге қайтып оралған қуанышы арыла қоймаған, анда - санда күлімсіреп қояды: әйел жүрегіне Майшораның қатал үкімі болат қанжардай қадалған, қиылған қастары шытынап, әлсін - әлсін уһілей береді. Бір кезде жанына балап, жақсы көрген адамның өмірі қыл үстінде тұрғанда, Дүрия соны біле тұрып, оның тағдырынан бейтарап қала ала ма? Шіріп, иістенген өлексенің маңын айналсоқтаған құзғындар жиналып, Садырбектің көзін жоймақшы екенін қалай айтады? Ол үшін ең қиыны осы болды. Ақыры жас келіншек Садырбекпен кездесуге бел байлады. Межелі үш қайыңның түбіне келіп, оны тағатсыздана күтті.

Ал Садырбек сол қайыңдарға жақындағанда, қызыл ай Көксеңгір тауының ұшар басынан арқан бойы көтеріліп, айнала жарық бола бастады. Ол арман қуып, туған жерден жарықта жүргенде ақ қайыңдардың аппақ діні жуандап, бойы тарала өсіп, аспанға биіктеп кеткен екен. Көктем күніне қуана бүршік жарып, жамырай өскен балапан жапырақтары ай сәулесімен шағылысып, күміс

теңгедей жарқ - жұрқ етеді. Жасыл жапырақтардың арасынан бір әйелдің ақ жаулығы ағараңдайды. Дүрия... Әйел есімін ойына алуы мұң екен, Садырбектің жүрегі өрепкіп, алқымына тығылды. Дегенмен толқығанын он - ша білдіргісі келмеген ол:

- Амансың ба, Дүрия? - деді.
- Ауылға келуіңмен, Садыр!
- Рақмет.

Садырбек кенеттен тіл-аузы байланып қалғандай, бұдан басқа ештеңе айта алмады. Дурия да ілгері қарай бір - екі аттап барып, кілт тұрып қалды. Енді қайың жапырақтарының арасынан түскен ай жарығы оның жүзін айқын көрсетті. Дүрия тұрмысқа шыққан соң, толысып, бар денесі балғын тартып, бұрынғыдан гөрі ажарлана түскендей. Бұрында, бұлаңдап бойжеткен шағында сәмбі талдай солқылдаған денесі талдырмаш та нәзік болатын. Ал қазір үстіне киген ақ көйлегі, қынама бел қызыл кемзалы жас келіншектің аш белін қиылдырып тұр. Ие, қазіргі Дүрия он екісінде толған айдай толысқан сұлу. Бірақ сәулелі қоңыр көздерін кіреукелеген мұң бар. Жас кездегі орындалмаған арман ба, кейінгі уақыттағы орны толмас өкініш пе, әлде жас жанын жегідей жеген ой ма, әйтеуір, бір нәрсе Дүрия жанарына өз табын салған.

- Сенімен көріспегелі қанша уақыт болды? - деді Дүрия.
- Бес жыл.
- Бес жылда бір жастағы бала алтыға келеді.
- Ие, алтыға келеді.
- Бес рет күлімсіреп көктем шығып, бес рет қар жауады.
- Табиғат өз заңын өзгертпейді ғой.
- Неткен ұзақ өмір.
- Мен осы жылдардың қалай өткенін білмей қалдым.

Осыдан кейін, екеуі тағы да үнсіз қалды. Өткен өмір, саусақ арасынан аққан судай сусыған ай, жылдар баяғы іңкәр сезімді суытып, араға аяз салып, олар бір-бірін жатырқап қалғандай.

Әр минуты айға татитын бұл ыңғайсыздау үнсіздікті бірінші боп Дүрия бұзды. Ол:

- Садыр, - деді де, - одан арғы сөзін айта алмай, бөгеліп қалды.

Жігіт әйелге таңдана қарады. Ай астында ағарып көрінген Дүрия жүзінде қан - сөл жоқ. Беті басындағы ақ жаулықтай аппақ болып, әдемі, иегі, иығы, қолы безгек



буған адамдай дір - дір етеді. Оның бұзылған түсінен шошынған Садырбек:

- Дүрия, сен науқастанғаннан саумысың? - деді.
- Мен аурудан аманмын.
- Енді не болды? Өңің сынық ғой.
- Ол... олар, - деді де, Дүрия өксіп - өксіп жылап жіберді. Көз жасы омырауына қат - қат тамып тұрып: - Олар бәрі жиналып саған қастандық жасамақшы, - деп айтты да, қолымен екі бетін басқан күйі жүгіре жөнелді. Сөйтіп, көңілінің қамырығы көп қаралы сұлу алғашқы махаббатының алтын бесігіндей болған үш қайыңның түбінен жылап кетті.

Ал Садырбек: «Екі тумақ жоқ болса, екі рет өлмек те жоқ. Әйтеуір, өзекті жанға бір өлім. Көрерміз!» - деп әлдекімге кіжінгендей жұдырығын тарс түйіп, тістенген күйі тұрып, қалды.

## V

Осы күндері Адырбек өз отының басынан өзі бірдеңе ұрлайын деп жүрген адамдай аласа шым үйіне ығысыңқырап кіріп, ығысыңқырап шығып жүр. Көзінде үрей көңілінде алаң бар. «Иттің баласының іш мерезін - ай, - дейді ол төре байын кінәлай сөйлеп. Аталас туысқандарын қанатының астына алып, мені оққа байлап бергенін қарашы! Түпкі ойына найза бойламайтын арам екен ғой. Бұрында оны неғып байқамағанмын.

Боғын боталы түйеге балаған доңыз - ай, сол! Қамшының келте сабындай қысқа өмірімде не бағыма, не сорыма бола кездескен боларсың. Осыдан қара басып, жаманшылыққа арандап қалсам, төгілген көз жасым өмір бойы арың мен жаныңды қинап өтер - ау!

Бірақ Майшораға деген қара қазандай өкпесін, арызажынасын айтып болып, іші босап, көңілін демеген сәтте көз алдына байдың осы қызметінің ақысына бермекші болған бір үйір жылқысы елестеді.

Әне, басын қарлы шыңдарын алатын тау өзеніне қарай бір қос жылқы құлап келе жатыр. Былтырғы жайлы қыстан күйлі шыққан жұнттай тай - жабағылардың, азбан айғырлардың, семіз биелердің төңкерілген тегенедей сауырлары күн көзіне шағылысып, жылт-жылт етеді. Тау басынан құлаған селдей жосылған жылқылардың арасында қақтығып, қалың шымға дүрс - дүрс тиген сансыз тұяқтардың дүбірінен басы айналып, енесінен адасып қалған жас құлындар шіңгірлеп кісінейді. Дәл қазір танауын шаң қапқан жануарлардың жиі - жиі пысқырғаны, үйірсек қаба-

жал айғырлардың арқырап кісінегені, жылқыны желдіртіп айдаған жас жылқышының құрығын шошаңдатып: «һай!» деп дауыстағаны Адырбектің құлағына аса жағымды естіледі. Бұйырса бұл қостан отағасы өзіне тиесілі жылқыны бөліп алмақшы.

Түні бойы салқын сабат тау ішінде жайылып, шұрайлы өрістің жұғымды көгіне ыңқылдай тойып, шөліркеген жылқылардың алды тыпырлап ағатын тау өзеніне де жетті. Шөптің шүйгінін, судың тұнығын ұнататын мама биелер, адуын айғырлар ұсақ тай - құлындарды киіп-жара өзенді өрлеп барып, су ішіп жатыр.

- Адеке, - дейді Майшора бұған күлімсірей қарап. - Әне жылқылар келді.

Сауырды қақпақтай, түгі жып - жылтыр өңшең ажарлы, күйлі жылқыларды көріп, абдырай - сасып қалған Адырбек:

- Пай - пай, жылқы деп, міне, осыларды айт! - дейді жарамсақтана күліп.

- Барымен мәзір. Ұнатқан малыңды өзің таңдап аларсың.

- Байеке - ау, сіздің жылқының жаманы бар ма? - Әйтеуір, бұйырғаны болады да...

- Дегенмен, болашақта өкінбейтін болып, қалаған үйіріңді ал.

Осы кезде екі сақа айғыр тебісіп қалып, қалың жылқы ортасына жәй түскендей дүр ете қалды.

- һай! - деп мал қорда бай қолындағы құрықшасын шошаңдатып, солай қарай тұра ұмтылды. - Ана құла айғырдың қасақысын қарашы. Аңдаусызда тұяғы қату тиіп, жас құлындарды жазым етер ме екен. һай!

Майшора кеткен соң, өзен жағасында жалғыз қалған Адырбек әрі қысылғанынан, әрі қуанғанынан терлеп қоя береді. Бұрында, желісінде жылқы жоқтығы қорлық болса, енді соны көп жылқының ішінен таңдап алу одан да өткен азап екен. Ішкі жан толқуынан жасаураған жасыл көздері ұрының көзіндей олай - бұлай жүйткіп, қалың жылқының бірде - бір үйіріне тұрақтай алмай - ақ қояды.

- Пай - пай, жануарларым - ай! Жібек қыздың қызылды - жасылды көшіндей бірінен - бірі өтеді ғой, тегі.

Адырбек өстіп басы әңкі - тәңкі боп тұрғанда, жылқылардың алды өзеннен шыға бастайды. Таудың мұздай суына қанған саяқтар жағаға шығып, дүр - дүр сілкінгенде, үстінен су тамшыларын емес, ақ маржан шашып тұрғандай болды.

Енді Адырбек асыға бастайды. Дәл қазір байдан алатын малын таңдап алмаса, ғұмыр бойы тақымы атқа тимей өтетіндей, емпеңдей басып жылқыға жақындайды.



Сонымен қатар, үйірлі жылқыдан дәмесі зор Адырбектің көкейінде күдік те бар. Егер бұған тағдыры теріс қарап, қапылыста қолға түссе ше? Онда кеңес өкіметі мұның бойын көздеп өлшеп, үстіне сұр шекпен кигізіп, қол - аяғына кісен салып, ит жеккенге айдайды. Ойындағы осы күдігі мен қорқынышын Майшораға айтып көріп еді, ол: «Кеудедегі шыбын жан бар малдың садағасы», - деп бой бермей қойды. Дегенмен көңілін үрей билеген Адырбек ет жеп, ыстық сорпа ішпей - ақ сүмектеп терлеп, әлденеден қуыстанып, абдырап - сасып жүр.

Бүгін сәске түстен кейін, үміт пен күдік кезек арбасқан ала көңілін жұмыспен алдандырғысы келіп, ескі етігінің жұлығын жамауға отырғанымен ісі өндірмей - ақ қойды. Қайта-қайта таспасы үзіле беріп, зықысы кетті. Былтырдан бері шошаланың төбесінде ілулі тұрып, әбден кеуіп кеткен таспаны жібітейін деп ойлап еді, арбаның қара майын таба алмады. Содан кейін, дәл бала сияқты әйелін жұмсайтын әдетімен:

- Биқасап! - деп дауыстады.

Бірақ әйелі жуық арада келе қоймады. Соған ыза болған үй иесі:

- Атың өшкір, Биқасап, қайдасың? - деп айқай салды.

Бұл жолы отағасының даусы қаттырақ шықты білем, ішіне айран құйылған қара күбіден басқа, бос ыдыстардың барлығы «Биқасап қайдасың!» деп жаңғырығып қоя берді.

- Біреу буындырып жатқандай жан даусың шықты ғой. Соншама не боп қалды? - деп кейи сөйлеп, сырттан Биқасап кірді.

- Қара май қайда?

- Мен қайдан білейін.

- Оны кім біледі?

- Қажетті нәрсеңе өзің ие болмайсың ба?

- Салғыласпай, тапсаңшы, ойбай, сол майы түскірді!

- Қазір, қазір... отағасы.

Біраздан кейін Биқасап арбаның қара майының орнына кір жуатын қара сабын әкеп берді. Мұны көргенде көпке дейін жоғалып кеткен әйелінің жайбасарлығына ызаланып, қойдың үрлеген қарнындай тырсылдап, жарылардай боп отырған Адырбек талағынан, тарс айрылды. «Ит ашуын тырнадан алады» дегендей, оның аузына ақ ит кіріп, қара ит шықты.

- Өй, кеще! Жасың қырықтан асқанша, қара майды сабыннан айыра алмадың ба? - деді ол қалшылдап. - Ана маңдайындағы көз бе әлде жара ма?

Күйеуінің ықты - жарға қарамайтын дүлей ашуынан тәсі қайтқан әйел:

- Үйде қара май жоқ екен, - деді.

- Жоқ болса, көршілерден сұрамайсың ба?

Биқасап шарқ ұрып, үй - үйді аралап жүріп, ақыры, Адырбектің таспа жібітуге іздеген қара майын тауып әкеп берді.

Адырбек ағаштың күзгі жапырағындай әбден сауды-рап кепкен таспаны жібітіп, іске кірісе бергені сол еді, жалпақ алақанына бізді кірш еткізіп сұғып алды. Біз кір-ген жерден бұрқ етіп қан шығып, көп ұзамай бүкіл қолын жауып кетті. Қанды көріп, үрейі ұшқан отағасы:

- Биқасап, өлдім, өлдім... - деді даусы қыр - қыр етіп.

Жаңа ғана от басының берекесін алып, шеке тамыры тырысып, зіркілдеп отырған күйеуінің қызыл ала қан бас-қан қолын көріп, асып - сасқан Биқасап жез легенге жар-масты.

Әйелінің олақтығына одан сайын жыны келген үй иесі:

- Қанды тоқтататын бірдеңе тап, ойбай! - деп же-кірді.

Биқасап қапелімде ештеңе таба алмай, сасқанынан төрде жатқан текеметті тіліп жіберді. Әлі өңі түспеген жаңа төсеніштің бүлінгенін көріп, іші удай ашыған Адыр-бек:

- Мен дүниені үйге тасып әлек, бұл қатын далаға шашып әлек, - деді екі езуі көбіктеніп. - Біз қайдан бай боламыз?!

Күйеуінің жан аяғыштығына, әйел сияқты ұсақ мінезіне ыза болған Биқасап:

- Біз кіргеннен өлген адамның моласын көргем жоқ, - деді ашулы үнмен. - Көп мазамды алма. Киіз бүлінсе, өзім басамын. Оған сенің нең кетті!

Адырбек біраз бажылдап, әйелінің бетін қайтаруға бір оқталды да, «Қатер үстінде қан шығарма» деген ескі сөз есіне түсіп:

- Биқасап - ау, су әкелсеңші, - деді бәсең үнмен.

- Е, зіркілдей бермей, өстіп жөніңе көшсеңші.

Қолын суық сумен жуып, шүберекпен таңып алған соң, Адырбек шабдар атына мініп, өрістегі малдарды қараймын деп сылтауратып, әлдеқайда аттанып кетті. Өйткені таңертен, Майшорадан хабар келген еді.

Адырбек өкілдің жолын тосуға көк өзектегі балта



сабындай иек артпа - қара жартасты таңдады. Жартас биік. Аттылы, түйелі кісі болмаса, қара жаяу төменде тұрып қарағанда, бас киімі жерге түсетіндей. «Ұры қақ-пасы» деп аталатын бұл жартастың қылышпен кескендей тіп - тік ернеуінен қырық - елу қадамдай жерде жыландай ирелеңдеген жалғыз аяқ жол өтеді. Жалғыз болмаса, салт аттылы екі адам қатарласып жүре алмайды. Соқпақ жолдың қапталында селдіреп ақ қайың мен терек өскен. Ал «Ұры қақпасына» қараған тұсында биік ағаштар жоқ оның орнын итмұрын, тал қарақат, үшқат тәрізді бұтақ-ты қалың шұбар алмастырады. Сондықтан ат мінген адам анық көрінеді. Бірақ қазақтың иегіне ұйыса өскен сақалдай бұл қалың шұбар да көпке созылмайды. Елу-алпыс қадам жерден кейін тағы да селдіреген тоғай басталады.

Ал қара жартастың Көксеңгір тауына қараған солтүс-тік жағы жазаң. Қара қыртысты, қалың шымды жазықта ойма таздың басындай ойдым - ойдым боп кіші - гірім тоғайлар өскен. Одан әрі шоқтықты айғырдың жалындай көлденең созылып жатқан белдер ағашсыз, бұтақсыз жалаңаш. Күдіс белдердің жасыл беттері бір кезде, Көксеңгірдің биік шыңдарынан құлаған сел тасқынының іздерін айқын сақтаған. Жойылмас, өшпес терең әжім-дер аламыштаған қарияның жүзіндей айғыз - айғыз. Сол теңіз толқынындай жасыл белдер, тастақты төбелер, ең-селі таудың бөрікбас ну қарағайына барып жалғасады. Құлаққа ұрған танадай тыныштықта, әуемен тілдескен биік бастары мызғымай, қалғып тұрған қарағайлар көк-шіл түспен мұнартады.

Сол себепті қара жартас орналасқан «Ұры қақпасы» қашқан адам құтылып, қуғыншы тез көз жазып қалатын ықпыл - жықпылы мол, өте оңтайлы жер. Мал қорда Адырбек жалғыз жортқан көкжал бөрідей тау мен тасты кезіп жүріп, жер шалғанда «Ұры қақпасын» бекер таң-дамаған.

Ол атын ағаштардың арасына бекітіп тастап, тасты жарып өскен қызыл тікенектің тасасына орналасты. Сон-соң Майшора Жүсіптен алған берденкенің затворын ашып оғын тексерді. Жез қалбыры жылтыраған оқтарды көргенде, бүгін таңертең Биқасаппен ұрысқанда ұмыт болған үрей Адырбектің көңілін қайта биледі. Әйткен-мен бойын тез жинап ала қойды. Ол өзінің қара жартас-та жападан - жалғыз жол тосып жатқанына бір түрлі сен-беді. Мұнда да залым Майшора діни аңыздарда айтылатын сайтан сияқты көзге көрінбей келіп оның көк

желкесінен қадала қарап: «Осыдан айтқанымды орындамай көр!» - деп кіжініп, әрбір қимыл - қозғалысын бақылап тұрғандай:

Оның өрт сөндіргендей түтігіп, қабарған жүзі адам танымастай боп өзгерген. Соңғы бір - екі жұманың мұғдарында ұстараның жүзі тимеген сақал - мұрты қалың қау болып өсіп кеткен. Дегенмен қанталаған тарғыл көздерінде бұрынғыдай ұшқындаған суық ызғар жоқ. Әлденеден қаймығу, жасқану бар ма, қалай? Бұл сенімсіз көзқараста күні өткен сайын пейілі тарылып, дүниенің өгей баласындай мұны шетке қағып, бірте - бірте суық тартып бара жатқан өмірге үрке қараған қорқыныш бар. Жүрегін мұздатып, жүйке тамырларын жұқартқан үрей бар. Аса өзгеріп кеткен қожасының сол жүзін көзіне елестеткісі келмеген Адырбек ойын басқа нәрсемен алаңдату үшін, аспанға қарады.

Тасбақадай әрең жылжыған уақыт өтіп болар емес. Өкілдің ауылға қайтуын зарыға күткен сайын Адырбектің көңілінде үміттен гөрі, күдік көбейіп бара жатыр. «Сол қарасирақтың қасықтай қанын төгіп, тәңір мен тірі пенделерге айкәпір атанбасам қайтер еді?» - деп ойлады ол. - Арнайы жіберген өкілін өлтіріп, бұл кеңес өкіметін мұқата ала ма? Қазір боз ала кеңістік - аспан астындағы адамдар құмырсқадан да көп. Бұдан былай көбеймесе, тіпті азаймайды. Бірінің басын шапсаң, екіншісі жеті басты жалмауыздай қайтадан бой көтереді.

Кісі қанын судай шашып, алмас қылышымен жұмыр бастарды доптай домалатқан, осынау жалпақ дүниенің шетіне жетіп, бүкіл әлемді билеп - төстесем деп армандаған хан Шыңғыс та қамыстай көп елді қырып, тауыса алмаған. Ендеше, бұған не жорық? Әлі де кеш емес, Ойлан! Ойлан, молдеке!

«Садырбек можантопай көптің бірі емес, - деді екінші бір әзәзіл ой, - Өз беті, өз жолы бар өкіл. Халық дегенің қой сияқты. Мүйізі қарағайдай көк серке қайда бастаса, солай қарай жүреді. Ал Садырбек көпті дұрыс жолға салып, болашағына жөн - жоба сілтейтін нағыз көшбасшы. Егер қапысын тауып, қой бастаған серкенің мүйізін қағып алса, басшысыз қалған тобыр жан - жаққа бытырап бет - бетімен кетпей ме? Бұдан кейін «Аузы күйген үріп ішеді» дегендей, кеңес өкіметіне ақыл - ес кіріп, оның екі етегі далақ - далақ етіп, ат үстінен түспейтін ағаш белсенділері төрелер аулына аяғын аңдап баспай ма?»

Екінді кешке қарай аспанда ұшпа бұлттар пайда бо - лып, айнала күңгірт тарта бастады. Түс кезінде көз жетпестей биік көрінген көгілдір аспан енді аласарып кет - кендей. Сағым көтеріп, мұнарланған Көксеңгірдің мұзарт шыңдары бірте - бірте буалдыр тартып, бұлдырап барып, көзден ғайып болды.



Ертеңгісін Бикасаппен ұрсысып, ашу үстінде үйінен ыстық шай ішпей кеткен Адырбектің шеке тамырлары тырысып, басы ауырды. Аңдаусызда біз сұғып алған алақаны да солқ - солқ етіп ауырып, оның үстіне жамбасына сыз өтіп, тіпті берекесі кетті.

Дәл осы кезде жақын арадан сауысқан шықылықшықылық ете қалды. Алақанат сауысқан: «Ойбай, біреулер келе жатыр! Сақ болыңдар!» - деп безектеп, бір орында байыздап отыра алмай, қанаттарын далпылдата қағып, ағаштан - ағашқа қонады.

Адырбек қарсы алдынан қастасқан жауын көріп, балғадай азу тістерін сақылдатып, оқтай атылуға дайындалған тағыдай жанарына қан толып, мылтықтың құндағын қыса түсті.

Бұл кезде кеш түсіп қалып еді. Батар күннің өткір сәулесі сұрғылт бұлттарды жарып өтіп, батыс жақтан қызғылт шапақ білінді. Бір сәтке айнала шашыраған қан түсіндей қызғылтым тартты. Үнсіз сазарған қара тас беті, желсіз тымық кеште бейжай күйде мүлгіп тұрған тырбық бұтақ, сидам ақ теректің жапырақтары да өрт шалғандай қызарып барады.

Кенет көк өзектің түбінен байғыз шақырды. Кәпірдің үні баласы өліп, қайғы көрген кәрі әйелдің даусындай аса зарлы екен. Адырбектің тұла бойы тоңазып, төбе құйқасы шымырлады. Жаңағы бір сауысқан бұтақтан бұтаққа қонып, безектеп, жан алатындай тынымсыз шықылықтайды.

Көп ұзамай ағаштардың арасынан жүргіншілердің қарасы көрінді. Адырбек інісін жазбай таныды. Танауына кершеу түскір қара көк арғымақ ешкі басын шұлғып тастап, аяғын шекіп басып, ауыздығымен алысып, ұршықтай ойнақшып келеді. Тұрғысы өзге аттардан биік, қаз мойын тұлпарды көргенде, Адырбектің інісіне деген ескі ашуы қайта қозып ернін қыршып алардай тістеніп, берденкенің ағаш құндағын сығымдай ұстады. Көзінен бір суық ұшқын жылан тіліндей жылт - жылт ете қалғандай болды. Дәл қазір қарсы алдында немере інісі түгіл, туған әкесі тұрса да, аямасқа бекініп, жүзі көкшіл тар - тып, қатуланып алған.

Енді жүргіншілер жақын келіп қалды. Жалпы саны бес - алтау. Арасында тай, құнан, тіпті өгіз мінген жұпыны

киімді адамдар бар. Бәрі де жалғыз аяқ соқпақ жолмен оңтүстікке қайтқан қаздай тізіліп келеді. Өздері өте көңілді. Бірін - бірі қағытып, әзілдесіп, күлісіп алады. Бірақ әзіл - қалжыңы жарасқан көрікті топтың алдында келе жатқан Садырбек аса секемшіл. Алақтап жан - жағына қарай береді.

«Мынаған жолыңды қаскәй дұшпаның тосады деп біреу айтып қойған ба? - деді өзіне - өзі Адырбек. - Тым сақ келеді ғой, - деп таңданды ол. - Егер оған жансыз алдын ала ескертсе, құрығаның, молдеке». Осыны ойлағанда, оның жүрегі аяз қарығандай мұздап, қолы қалтырады. Дәл осы мезетте атын жіті бастырған өкіл қара жартасты қиыстап өте берді. Бүкіл денесі безгегі ұстаған адамдай қалшылдап қоя берген. Адырбек көздеместен темір шүріппені басып қалды. Гүрс еткен мылтық даусынан тау мен тас жаңғырығып, кең өзек іші «уһ!» деп күрсініп қалғандай болды. Артынша - ақ:

- Қап, мүлт кеттім - ау! - деп өкінді Адырбек.

Көп түтін сейіле бергенде, үрейі ұшқан өкіл атын қамшылап жіберіп, тырағайлап қаша жөнелетін шығар деп ойлап еді, бірақ олай болмады. Ол көкпарға түсетін аруақты додашыдай қамшысын білемдей ұстап, ат ойнатып:

- Әй, қарақшы! - деп айғай салды, - Бұл жалғыз маған емес, колхозға арнап атқан оғың ғой. Тек есіңде болсын! Қарумен көпті қорқыта алмайсың!

Оның астындағы қара көк арғымақтың от шашқан көздері ұясынан атылып шығардай шатынап, темір ауыздық жырған езуінен ақ көбік бұрқырап, қос аяқтап, аспанға шапшиды. Ат осы омыраулаған қалпымен қара жартасқа атқып шығып, оны таптап кететіндей.

Ол Садырбектен дәл осындай жүректілік күтпегендіктен, қатты таңданып, жерге бұға түсті.

Бұл кезде басқа жүргіншілер де ат басын іркіп, жол тосушының ендігі қимыл - қозғалысын қалт жібермей, бағып қалған.

Қайтадан қару кезенудің реті жоқ екендігіне көзі жеткен қарақшы бұта - бұтаны тасаланып, жасырулы атына қарай жылыстады.

## VI

«Маған оқ атқан кім? - деп ойлады Садырбек. - Біреудің жолына кесе - көлденең тұрғандай не істеппін? Жазығым көптің қамын ойлағаным ба?» Сонсоң көнелеу хром етігі сықыр - сықыр етіп, абажадай ауылнай кеңсесінің, ішінде ерсілі - қарсылы жүріп кетті. «Сонда мылтық кезенген кім болды? Астымдағы атымды аударып алдың деп өшіккен Адырбек пе? Жо - жоқ, ол болуы мүмкін емес. Адырбек - зәті қорқақ адам. Оның үстіне туысқан деген аты бар. Сол себепті ол өкпеге қиса да өлімге қимауға тиісті.

Сонда кім? Майшора болғаны ма? Әлде Дүрия сақтандырған соның қандықол қарақшылары ма? Мүмкін. Бұл қастандықты не төренің белді жуандарынан, не солардың айтағына ерген итаршыларынан келгені анық. Жалпы, төренің басы - Майшораны тезірек жер аударғаны жөн болар».

Осы кезде даладан: «Ойбай, бау - рем!» деген біреудің даусы естілді. Киіз туырлықты қазақ ет жақын туысы өлсе, қаралы ауылдың шетіне іліге бергенде: «Бауырымдап!» ат қояды. Сол себепті осы ауылда бір адам қайтыс болған екен деп ойлаған өкіл демін ішіне тартып, сыртқа құлақ түрді. Осы сәтте әлгі дауыс қойып келе жатқан кісі: «Ойбай, бауырым, Садырбек!» деп сұңқ ете қалды. Көп ұзамай, ішке Адырбек кірді. Ол келген бетте:

- Ой, бауырым - ай! Айбектен қалған жалғыз тұяғымай, тірі екенсің ғой! - деп Садырбекті бас салып, өкіріп жылап жіберді.

Бір ай бұрын, екпіні алты қанат үйді жығардай томырық ашумен түтігіп, әңгіртаяқ ойнатып, мұның бетін қайта көрместей болып кеткен немере ағасының мына мінезіне таңданған жігіт:

- Адеке, жөніңді айтшы! Жылап көріскендей не болды? - деді. Сол - ақ екен, ол:

- Естіген құлақта жазық жоқ, бауырым! Маған біреу сені қарақшылар өлтіріпті, - деді. Суық хабарды естісімен, екі өкпемді қолыма алып, жеттім емес пе? - деп қайтадан сұңқылдай жөнелді.

«Қанша дегенмен қаны бір туысқан ғой! Қайтсін - ай! Жаманат хабарды естігенде, шыдай алмай келген - ау!» - деп түйген Садырбектің көңілі босап, көзі жасаурады. Бұл сәтте Адырбек те жылаудан тыйылып еді. Садырбек жанарына іркілген жасты шала - пұла сүртіп, туысқанына қарады. Өзімен о дүниеге барып, қайта тіріліп келгендей көрісіп, қиналғанын білдіріп, өгіздей өкіріп жылаған Адырбектің көзі құп - құрғақ екен. Соны көрген өкілдің іші мұздап: «Түу, бәтшағар! Қандай екі жүзді сің!» - деп ойлап, теріс қарап кетті.

Ол сырт айналғанда: «Бұдан кейін мен өзіне қару ке-

зенді дегенге Садырбек илана ма? - деп ойлады Адыр - бек. - Әрине, сенбейді.

Сонымен өзіне - өзі қатты риза болған Адырбектің есіне осында келген негізгі шаруа түсті. Өйткені оны кеше Майшора шақыртып алып:

-Ініңнің ғұмыр жасы ұзақ болады екен, - деген соған ренжігендей қабағын шытып. - Бір қатерден аман қалды. Дегенмен төрелердің оңай жау емес екеніне көзі жеткен болар. Ойлансын. Осы ауылдан ұнатқан қызын алып беріп, аяқтандырамыз. Үйлену рәсіміне байланысты қаражаттың бәрін өзім көтеремін. Тек аман, сауында осы жерден қарасын батырсын! Мұны мен айтты демей, өз ақылың ретінде жеткіз, - деп қолға салған.

Енді ол қиялап, төре байының сол тілегін жеткізуге кірісті.

- Садыржан, өңің сынық қой. Бір жерің ауырмай ма?

- Әзірге ауру - сырқаудан аманмын. Тек түнде ұйқым шалалау болып жүр.

Жігіттің жауабын жүйрік көңілімен әр саққа жүгіртіп, өзінше топшылау жасаған Адырбек:

- Қазір алмас қылыштай қылшылдаған нағыз дер шағың ғой, - деді өзеурей сөйлеп. - Мен сенің жасыңда қызды ауылды торуылдап, түнімен ұйқтамаушы едім. Төсекте сары майдай толықсып, бойжеткен жатқанда, кеудесінде жаны бар жігіт ұйқтай ма? Қайран, жастың дәурен - ай! Шіркін, бір рет қайта айналып келсең, дүниені майдай шайқар едім - ау!

Ол мұны айтқанда, бет - аузы жыбыр - жыбыр етіп, жарықшақтана шыққан даусы да өзгеріп, өткен жастық шағын аңсап, толқыған тәрізді болды. Садырбек мырс етіп күліп жіберді.

- Бала, күлме! Сен жалаң бұт шауып жүргенде, мен Біржан сал сияқты талай арулардың төрінде шынтақтап жатқанмын. Қазір соның бәрі көрген түстей. Ойһой, шіркін өтіп бара жатқан заман - ай, десеңші!

- Сонда серіліктен тапқан олжаңыз - жесір әйел Биқасап па?

- Ойбай-ау, мен есік көрген қатынға жетіскенімнен үйленді дейсің бе? Алдын ала қалыңмалын төлеп, қыз айттыруға қолы құрғыр қысқа болды емес пе?

- Япыр - ай, ә! Қалыңмал дейтін пәлесі тағы бар ма еді? Сонда мен сияқты кедей жігіттер өмір бойы бойдақ болып өте ме?

- Жо - жоқ, сенің жөнің басқа. Адырбектей елге



қадірлі ағаң бар. Тек мына қызды ұнаттым деп айтшы. Қазір алып берейін.

- Қыздың қалыңмалын төлеуге халіңіз келе ме?

Әрдайым өзіне терезесі тең кісідей «сен» дейтін інісінің кенеттен «сіз» деп сызылуын - жасы үлкендігімді сыйлағаны деп ойлаған Адырбек енді еркінси сөйледі.

- Менің шамам келмесе, арқа сүйейтін төре ағаларың бар емес пе? Ау, ау, Садырбекжан - ау! Ағасы бардың, жағасы бар. Олардың сені аяқтандырып, адам етуге әлі шамасы келеді. Тек ағаға лайықты іні бола біл.

Бұдан кейін немере ағасының көмейіндегі көмескі ойды толық білгісі келген Садырбек:

- Қазір ағаға лайықты іні болмай жүрмін бе? - деп қарсы сұрақ қойды.

- Болғанда қандай. Бірақ үлкенді сыйламайтын менмендеумісің, қалай? Дегенмен ол үлкен мін емес. Жас адамның көкірегі зор келетін әдеті. Жеке отау тігіп, ел қатарына қосылған соң, ол мінезің өзгеріп, жіптіктей боп шыға келесің.

- Ағеке, қанға сіңген мінез өзгере ме?

- Өзгереді, неге өзгермесін. Үйленгеннен кейін қарайтын мал - жаның, бала - шағаң болады. Күйбең тіршілігің көбейеді. Егер ауылдың ауыр тұрмысын қиынсынсаң, Қызылкентке көш.

Бағанадан бері бұған жаны ашығансып, абызсына сөйлеп отырған Адырбек ағасының ой төркінін таныған өкіл: «Түптің түбінде көптеп - көмектеп жүріп, маған әйел әперіп, алдап - сулап, қалаға шығарып салмақ екенсіңдер ғой. Әй, ағасы - ай! Е дегенді емеуріннен танитын жасқа мен де келдім. Ініңе, көпке жаның ашыса, жуандардың шылауында болмас едің ғой. Мынау сенің ойың емес, аналардың арманы ғой», - деп түйді. Содан кейін:

- Мен саған әйел әпер дедім бе? - деп дөрекілеу үнмен қарсы сұрақ қойды.

Абыржып қалған Адырбек:

- Жоқ, - деді.

- Ендеше, жайыңа жүрсең қайтеді...

Інісінің соңғы сөзін көңіліне кіді алған Адырбек ішіне су қатқан шынылдай шырт ете қалды.

- Иттің басын алтын табаққа салсаң, шоршып түседі деп... О, несі-ай! Маған салсаң, өмір бойы қу тізеңді құшақтап өт! Ағалық ақылыма алғыс айтқанның орнына «жайыңа жүр» дейді ғой. Өй, үлкенді сыйлап көрмеген, көргенсіз неме, - деп тас - талқан боп ашуланып, арқасы құнысқан күйі есіктен шығып кетті.

Ие, туыс деген, аға деген Адырбек те мұнымен қырбай болып, аралары суысып, күн өткен сайын бірте - бірте алыстап барады. Жылдар бойы пенденің жанымен, қанымен біте қайнасып, қалыптасқан жеке меншік сезімді өзгерту Садырбекке оңайға түсе қоймас.

Ол оңып кеткен ескери гимнастеркасының төс қалтасынан шылым алып тұтатып, темекінің түтінін құмарлана сорды. Арзан шылымның ащы да қою түтіні өкпесін қауып, күрк - күрк жөтелді. Барлық ішек - қарны, өкпебауыры қотарылып келіп, аузына тығылғандай, ұзын бойы екі бүктетіліп, көзінен жас аққанша ұзақ жөтелді. Бұрында, темекі тартқанда, қою шай ішкендей денесінің қырыс - тырысы жазылып, ойы да сергіп қалушы еді. Бұл жолы олай болмады. Ағасына деген ренішін темекінің ащы түтіні де сейілте алмады.

Рас, алғашқы күні - ақ, кеудесіне кеңес өкіметіне деген араздықтың тоңы қатқан төрелер өкілді құшақ жайып, қарсы алған жоқ. Томаға-тұйық ел іргесіне жаудың жансызы кіріп кеткендей үрке қарады. Бірақ өкіл соның бәрін аңғармаған, елемеген сыңай байқатты.

Садырбек ауыл шетіне іліккенде, оған жасыл көгалда он шақты қозы, лақ баққан бурыл сақалды шал кездесті. Садырбек үлкен кісіге селем бермей, желе жортып өте шығуға ыңғайсызданып, атынан түсті. Бірақ әлгі қария бұл жақындай бергенде: «Әй, кебенек келгір, шек былай!» - деп, сырт айнала берді. Ата сақалы аузы - на біткен шалдың оғаштау қылығына таң - тамаша болған Садырбек атына қайта мінді. Сонда Қызылкенттен бері жол бастап келе жатқан атқосшы жігіт күрең айғырын тебініп қалып, мұнымен жанамаласа беріп:

- Аға, төре аулының адамдары еңкейсең, шалқая беретін; кішірейсең, қыңырая беретін әдеті. Әсіресе алыстан келген өкіл десе, жыны қатты құрыстанады. Амандық болса, әлі бұлардың талай қызығын көресіз, - деп қыңыр шалдың қиқар мінезін жуып - шайған болды.

Садырбек көп ойлардан сәл серпілу үшін, терезеден сыртқа көз салды. Көкек айының күн райы сынаптай толқып, аумалы - төкпелі боп тұр. Бір күні шуақты болса, бір күні суық. Ашық күн мен бұлтты күні кезек алмасып тұр.

Бүгін де аспан әлемін қап - қара жауын бұлттары құрсаулап алыпты. Кейде електен өткізгендей, ұп - ұсақ жаңбыр себезгілеп, кейде ерте күздегідей ақша қар қыламықтап қояды. Өткен жаздағы жасыл желегінен жұрдай боп айрылған сидам ағаштар, белуарына дейін сыз тартып тұрған тоқал тамдар, қыста желініп, бөксе жағы



шөмиіп қалған маялар да күңгірт аспан астында жауыншашыннан ықтағандай, аса сиықсыз әрі жүдеу көрінеді.

Кейде батпақты көшемен екі шелек су көтеріп, аяғын ырғала басып жас әйелдер өтеді. Енді бірде жыландай ирелеңдеп, арық бойымен сарқырай аққан қоймалжың суға қайық салып ойнаған ұсақ балалар шуылдайды. Кей кезде бір жерде түстеніп, қыстан қалған сүр ет жеп, артынан қою шай ішіп, тершіген жүздерінен буы бұрқырап, аттылы қыдырмалар өтеді.

Бір уақытта сырттан асығыс басқан аяқ тықыры естілді. Көп ұзамай есіктен бозбала жігіт Болаттың әлденеге өрекпіп, толқыған қызғылт жүзі көрінді де, қайта жоғалды.

- Болат, қалқам, кірсеңші, - деді Садырбек, Дегенмен өзі де күн жаумай мойнынан су кетіп, ұнжырғасы түсіп, жүдеп - жадап отырған күйін білдіргісі келмей, еңсесін көтеріп, қисайып кеткен белбеуін жөндеді. Сонан соң есік жаққа қарап:

- Болат! Ау, Болат, ұялмай - ақ кіре бер! - деді дауыстап. Бірақ бала жігіт омыраулап, кеңсеге кіруге әдеп сақтады ма, әлде қыз баладай ұяң, сыпайы мінезі жібермей ме, бұл жолы да кірген жоқ.

Садырбек Болатты алғаш рет немере ағасының үйінен көрді.

Өйткені ол өкіл боп алғаш рет төрелер аулына келгенде ағайын ғой деп ат басын Адырбектің үйіне тіреп еді. Бірақ көптен бері бірін - бірі көрмей, сыр мінез болмай, аралары суысып кеткен ересек адамдар шұрқырасып көріскен жоқ. «Туысым», - деп Садырбектің емешегі үзіліп, жүрегі елжіремеді; «Ағамның артында қалған жалғыз тұяқ еді», - деп Адырбек те аңқылдай қойған жоқ. Олар күнде көрісіп, білісіп жүргендей, салқын ғана қол беріп амандасты.

Осыдан кейін Садырбек туысқанының үйінде бір айдай пәтерде тұрды. Жылқы баласы кісінесіп табысса, адам баласы сөйлесіп барып, сыр алысады, Әсіресе от басы, ошақ қасында пенденің өткен өмірі, мінез - құлқы да бар қырынан көрінеді екен. Ол Адырбек қырықтың қырқасынан асқанша, сыбай - салтаң жүріп қалып, жесір әйел - Биқасапқа үйленгенін білді. Ал Болат болса, жеңгесінің бұрынғы күйеуінен қалған бала екен. Бірақ Садырбек жасы да, өмірге деген көзқарасы да, ошақтың үш бұтындай үш түрлі адамның бір үйде тұрып жатқанына таң - тамаша қалды.

Жеңгесі Биқасап қазақ әйеліне тән ибалықты, үлкен-

мен кішімен сыйласуды жақсы білетін, орнымен сөйлейтін, мінезі орнықты, көрегенді әйел боп шықты. Көп сөйлемейді. Егер тілінің тиегін еркін ағытып, шешіле сөйлеп кетсе, ең алдымен өлген күйеуін есіне алады; бұрынырақ қайтыс болған үйелмелі - сүйелмелі екі баласы туралы айтады. Соған қарағанда, бұл сарықарын әйелдің өз ғұмырында көретін бақыты да, қуанышы да артта қалған сияқты. Ал жасы жер ортасы - Көктөбеге келгенде, қосылған екінші күйеуі жайында я жақсы деп, я жаман деп тіс жарып ештеңе айтпайды. Онымен сыйластығы сыпайы көршідей ғана.

Ал оның есесіне Адырбектің көңілінде үйірінен адасып қалған саяқтай көп алаң бар сықылды. Соқа басын ғана күйттеп жүріп, ақыры үй болғанда жасы келген жесір әйелге үйленгеніне іштей өкіне ме, әлде баласыздығын уайымдай ма, әйтеуір, қабағынан кірбің арылмайды. Сәл ренжісе, ашу шақырып, күйіп - пісіп, таусыла сөйлейді.

Бір сәтке мал шаруасынан қолы тие қалса, басына ақ сәлдесін киіп, үстіне бұқар үлгісімен тігілген шағи шапанын жамылып, беттері жырым - жырым болған ескі құран кітабына үңіледі. Кейде о дүниені ойша аралағандай, екі көзін тарс жұмып, ат басын бауырына алып, бір мүләйім сопылық кейіпке енеді.

Осы үйде Биқасаптың ешқашан да бітпейтін күйбең тіршілігін, отағасының сары уайымдай сарылған жалғыздық күйін де бұзатын Болат қана. Ол кейде тып - тыныш отырған жерден далаға атып шығып, ойынпаз сұр дүрегеймен жарыса жөнеледі.

Кейде сырттан екі беті балбұл жанып, бүркіт қабағының астынан қоңыр көздері ұшқындап, үйге асыға - аптыға кіреді де:

- Апа, - дейді құпия бір сөз айтатындай шешесіне төне түсіп, сізге қыдырма шал Әбілқасенді салып берейін бе? дейді күлімсіреп. Сонан соң шешесінің келісуін күтпей - ақ, жерге жалп етіп отыра кетіп, алдына қолымен күн сала қарап:

- Бүгін шық бермес Шығайбайдан тас сараң - Бөден үйінің мұржасы мезгілсіз бұрқ етті. Соған қарағанда, әлгі сараң шаһардан оралған болу керек, - деп мұрт сипағанның ишарасын жасайды. - Әбеке, ішіңді бос сақтай бер. Құдай қаласа, бүгін етке сылқия бір тоятын болдың, - дейді өзіне - өзі риза дауыспен.

Шұлық тоқып отырған Биқасап ернін сылп еткізіп, қатты таңданып:



- Әркімнің қазан - ошағын аңдыған қыдырма қайнағаны айнытпай салуын қарашы. Тіпті, даусы да, мұрт сипағаны да дәл содан айнымайды, - деп басын шайқап қояды.

Сонсоң Болат қара қазанның тезірек қайнауын күтіп, күн шуақтап, қабырғаға арқасын сүйеп, қалғып кеткен қыдырма шал құсап, көзін жұмады. Әйткенмен біржолата ұйқтап кетпейді. Анда - санда арық қабырғасын тыртыр қасынып, көзін ашып - жұмып қойып:

- Еркегі сараңның қатыны да сараң. Отынды үнемдемей - ақ, молырақ жақса, несі кетеді? - деп күңкілдеп қояды. - Қиды аямай жақпаса, сүр еті түскір жуық маңда пісе қоя ма? - дейді.

Бала жігіттің әрбір қимыл - қозғалысын, даусының өзгеруін, бет - құбылысын да қалт жібермей, қадала қарап отырған Садырбек: «Болатта артистке тән қабілет бар», - деп ойлайды.

Ал бозбала жігіт барынша қыдырма шалға ұқсағысы келіп:

- Ойбай, белім! Сегіз көзім, - деп белін ұстап, киреленңдеп орнынан тұрады. - Қашанда, пенденің басты дұшпаны - ұйқы. Қой, аяңдайын. Әйтпесе еттен құр қалармын, - деп есіктен шығып кетеді.

Артынша - ақ, бүкшиген беліне ақ таяқты кесе-көлденең салып, үйге кіріп, төрге үңіле қарап:

- Бекежан, ат - көлігің аман ба’ Қоржының тоқ па? Өзің бұл жолы кешіктің ғой. Көптен көрмеген соң, кіргенім ғой, - дейді жарамсақтана сөйлеп. - Тегі, қартайдым білем. Осында кеудем сыр - сыр етіп, ескі көнімді сүйретіп әзер жеттім. Буын - буыным сырқырап, көзі түскір көруден қалып барады. Тұманданып, бұлдырай береді. Әзірге мұрным ғана сау. Қазір сүр еттің иісін сезіп тұр. Табақты алдарыңа алып жатқан жоқсыңдар ма?

- Ау, ақсақал, - дейді Садырбек үй иесіне ұқсап кеткенін байқамай қалып. - Төрге шығыңыз. Мақтап жүреді екенсіз, асқа келіңіз!

- Әй, қарағым - ай, менде ет шайнайтын тіс қалды ма? Дегенмен дәмнен үлкен нәрсе жоқ. Шымшып ауыз тиейін деп қыдырма шалдың ролін ойнаған Болат төрге озды. Отыра беріп, кәрілік меңдеген қариядай бет - аузын тыржитып:

- Ойбай, белім! - деп баж ете қалады.

- Шал, қартаяйын дегенсің бе?

- Жасың сексенге жетіп селкілдегенде, сені де көрермін.

- Айтқаның келсін.

- Көзім бұлдырайды, белім көтертпейді, тісім түсіп қызыл иек боп қалдым, - деп «ақыр заманды» өз басына үйіп - төге келген қыдырманың табақтағы етті ойсыратып жібергенін байқаған үй иесі:

- Ақсақал, тәбетіңіз тәуір екен, - дейді.

- Е, өл де маған. Қуатым қайтып, тұғырдан тайғаныммен ішкі сарайым сау, - деп шақ ете қалады «қыдырма» Болат.

- Етке қызыл иегім өтпегеннен кейін, шайнамай-ақ қылғыта беремін...

Осы кезде Биқасап:

- Осының бәрін көзімен көріп, құлағымен естігендей сөйлеуін, - дейді таңданған үнмен.

Сонда Болат қызарақтап:

- Алақандай ауылда адам түгіл, жыланның жусағаны да құлақ пен көзден қағас қалмайды, - дейді.

Бірде Болат Садырбекке:

- Аға, мен осы әртіс болсам қайтеді? - деді.

Армансыз адам қанатсыз құс сияқты, - деді аға - сы. Бірақ арман бос қиял болып қалмас үшін, шаһарда оқып, көп еңбектену керек, - деді.

Жүзі томсарып, сәл ойланған балаң жігіт:

- Апамды қалай жалғыз тастап кетемін? - деді мұңайып. Садырбек Болаттың болашақта үлкен артист болатынына еш күмән келтірмеді. Кейін осы ауылдың тұрғындарымен таныса келе, қыдырма шалды көргенде, бозбаланың оның жүріс - тұрысын, даусын, тіпті бет - құбылысына дейін айнытпай келтіргеніне анық көзі жетіп, таң - тамаша қалды.

Садырбек немере ағасының үйінде тұрған аз уақытта Болатты туған інісіндей іш тартып, онымен тез жақындасып кетті. Өз басы бозбала жігітке қай қылығымен ұнағанын білмейді. Ал Садырбек Болаттың ренжуді, қызғануды, мұңаюды білмейтін ақ жарқын көпшіл мінезін еріксіз жақсы көріп кетті. Сол себепті оны конфискелеу комиссиясының мүшесі етіп енгізді.

Үйде немесе түзде: «Ағатай!» - деп еркінсіп келіп, сыпайы сәлем бергені болмаса, кеңсеге кеп бас сұға бермейтін Болат бүгін мұнда неге келді екен? Жалпы, Болат тегін жүрмесе керек.

Ақыры, Болат қысыла - қысыла ішке кірді. Көзі төменшіктеп, қара торы өңі бір қызарып, бір бозарады. Жүзінің сәт сайын өзгеруіне қарағанда, айтатын айрықша сөзі бар сияқты.



- Ал, Бөке, сөйле! - деді Садырбек ойнақы үнмен.

- Кеше Дүрия тәтеме жолықтым, - деп ол тоқтап қалды.

Садырбек таңданғаннан оң жақ қасын керіп, бозбалаға қарады.

- Тәтем, сіз Майшораның тыққан малын ауыл арасынан іздеп, әуре болмасын, - деді.

Майшораның аты шыққанда, елең ете қалған Садыр - бек:

- Ие, - деп жігіт сөзіне құлақ тосты.

Ал Болат:

- Майшора малын жасырған адамдар бұл ауылда жоқ. Көбісі Көксеңгірдің ұры сай, қойнау - қолаттарына салынған заимкелерде тұрса керек, - деді.

- Дегенмен тәтең төре сыбайластарының атын айтқан жоқ па?

- Айтты. Бірақ көбісін ұмытып қалдым. Тек Майда Мұса, Айда Мұса, аңшы Оспан дегендер есімде қалыпты.

Садырбек ойланып қалды. Өйткені Майда Мұса, Айда Мұса дегендер оңай оспаққа көнетін пенделер емес. Бірі даусын көтермей, бір сарынды дауыспен ыңылдап сөйлеп отырып, мақтамен бауыздайтын нағыз қу болеа, екіншісі - тату - тәтті көршілердің, ағайынды екі адамның арасына от жағып, үнемі атыстырып - шабыстырып жүретін «айдап салдың» өзі. Ал аңшы Оспан дегенді Садырбек мүлдем білмейді екен. Сонда да ол қатты қуанып, Болатқа күлімсірей қарап:

- Жарайсың, Бөкем! Өзіңнің азамат болғаныңды бүгін сездім ғой, - деп оған ризашылығын білдірді.

## VII

«Әй, әй, Садырбек! Ақымақсың-ау, Садырбек! Сен белсенді болды екен деп Адырбек белсенді бола ала ма? Сен қызыл әскердің ескі жейдесін кисең, оны Адырбек кие ала ма? Ол саған шақ болғанымен, молда ағаңа тар болуы мүмкін. Ау, ау, Садырбек, бес саусақ қалайша бірдей болмаса, әр адамның бойы да, ойы да әр қилы емес пе? Мәселен, бір адам бекене, екінші біреу сырықтай ұзын, үшінші біреу орта бойлы. Сондай - ақ әр пенденің бойы қандай әр түрлі болса, ойы да бір - біріне ұқсамайды. Кейбір даңғаза ақымақтар бір тойып ішкен асқа мәз болса, біреулер тірлік - тіршілігін ширек ғасыр бұрын, жер түбінен ойлайды. Ал бес жылдың ғұмырын ойламай, Адырбектің басын ат теуіп пе?

Садырбек болса, барлық адам бірдей болсын дейді. Құдіреті күшті құдай бірдей етіп жаратпаған пендені, сен, қалайша теңестіресің? Бауырым, бұл әрекетің бос әурешілік! Заңғар-ау, қай заманда, қай уақытта бар адам бірдей болып еді? Құдіреті күшті алла тағалам әр пендені жаратқанда, оның әрқайсысына шақтап ой мен ақыл, бақ пен байлық, рақат пен азап, ғұмыр да берген. Сондықтан оның ықтиярынсыз адамның басынан бір тал шаш жерге түспейді. Жалпы, біреудің жарымжан, біреудің дені сау, енді біреулердің не бай, не қара қасқа кедей болуы тәңірдің ісі. Сол себепті алланың ісіне шәк келтіруге болмайды. Құдай қабілет пен бақ дарытпаса, қол бастаған батыр, тілінен бал тамған ақын, ел басқарған көсем қайдан шыққан? Аспаннан аяғы салбырап түскен бе? Мүмкін, сен: «Бір биеден ала да, құла да туа« ды», - деп дау айтарсың, жолдас өкіл! Ол уәжіңе келісетін Адырбек пе? Әрине, көнбеймін. Ал сен болсаң, жұрттың бәрін қойдай қораға қамап, бір ит аяқтан сары су іштіргің келеді. Осындай бірдейшілік бола ма? Оған көнетін ақымағың мен емес, Сенің ортақшыл колхозың, бір төбе болғанда. Адырбек, өз алдына жеке төбе!

Қарағым, Садырбек, қанша оқысаң да, өмірдің ащы, тұщы дәмін таңдайыңмен татсаң да, әлі басы піспеген баласың - ау! Қайтейін, қайтейін?! Қарғайын десем, жалғызымсың, қарғамайын десем жалмауызымсың!»

Ол қоңыр төбенің баурайында Садырбекпен осылайша сөз таластырып, біраз іштегі шерін тарқатып, денесі жеңілейіп қалды. Сонсоң Адырбек көктемгі көк балаусаға кенедей қадалып жатқан малының қарамына қарап, көңілі тойды. Мүйізі шаңырақтай үш сиыры, төрт өгізшөсі, қойы, ешкісі аралас отыз шақты ұсақ тұяғы дағдылы жайылыста жүрген малдай бет - бетімен шашырап жайылмай, басы тиген жерден алысқа ұзамайды.

Ол қорадан малын айдап шыққанда, алыс көкжиектен қылтиып келе жатқан күн әжептәуір көтеріліп, енді арқасын қыздыра бастады. Әлде айдалада екі езуі көбіктеніп, көп сөйлегендіктен бе, әлде үстіне киген жеңіл шапанынан күн қызуы өте бастаған ба, тамағы құрғап, шөліркеген екен. Мана бозторғай шырылдай бастаған құлқын сәріде, үйден шығарда, әйелі шалап құйып берген жан торсығы есіне түсті. Жынын шақыра алмаған бақсыдай зіркілдеп, Садырбекті жерден алып, жерге салып, ұрыса бастағанда, күннің көзінде қалып қойған жан торсығындағы шалап жылып кетіпті. Сонда да қарын дәмі шыққан шалаптан қомағайлана жұтып, аздап жан



шақырды. Сонсоң саптама етіктің қонышынан арқар мүйізінен жасалған сары шақшасын суырды. Ащы насыбай демде деңесінің құрыс - тырысын жазып, екі көзі шырадай жанды. Адырбек жерге шырт - шырт түкірді. Сонсоң, өзіне де, өмірге де риза кеңілімен марқа жандана бастаған көктемгі далаға көз салды.

Жаңбырлы күзде, боранды қыста, көп сырқаттанып барып, төсектен тұрған қарияның жүзіндей сұп - сұр боп, бір түрлі еңсені басқандай, аласа көрінетін аспан әлемі шайдай ашылып, көгілдір күмбезі биіктеп кеткендей. Сол мөп - мөлдір аспанда ақшыл тамағы бүлк - бүлк етіп, құйқылжыта үн төгіп, бозторғай сайрайды. Кейде лақтырған тастай төмен құлдилайды да, іле - шала аспанға қайта көтеріліп көк пенен жердің арасында ілініп тұрған күміс қоңыраудай ашық та үнді даусын мың құйқылжытады. Кей сәтте қалың қамыс арасына, көгорай шалғынды көл жағасында ұя салып, жұбайлы тіршілікке кірісе бастаған қаз, үйректердің қанаттары мөлдір ауада сыпсың қағып, бірде екі - екіден, бірде тобымен төбеден ұшып өтеді.

Көксеңгір жақтан біресе леп - леп етіп, біресе үзіліпүзіліп соққан қоңыр самалмен қоса, былтырғы құрайдың, шөп - шаламның шірік иісі, биылғы көктемде шашақ салған жас сасыр мен көк жусанның жасық иісі келеді.

Адырбек жеңіл шапанның өңірін ашып тастап, қоңыр самалға көкшулан жүн басқан кеудесін тосты. Сол, солақ екен, жас баланың қолындай жұп - жұмсақ ондаған, жүздеген алақандар мұның күн шалмаған ақ денесін сылап - сипағандай, тұла бойы шымырлап қоя берді. Ащы насыбайдың ашқылтым суын тісінің арасынан сыздықтата сорған бақташының аласы мол жанары мауыққан мысықтың көзіндей кілбиіп, шыбын тайғанап жығылардай жылтыр иегіне өскен бір тұтам сирек сақалын қолымен тарамдай түсіп, қиялға берілді. Көңіл көк дөнендей жүйрік болса, қиялы тым биікте.

Құдай бұйыртса, тіл мен көзден аман болса, биыл Адекеңнің үш сиыры қатар бұзаулайын деп тұр. Көктемде туған бұзау жаз ортасында қарақұлақтанып, қоңыр күзде кепей торпақ болады. Ол кезде қазір екі бүйірі ішке қарай сұғылып, қысқы жабағы жүні бұрқырап жүрген өгізшелері де ірі қараның қатарына қосылады. Ал Адырбекке бір қора сиырдың керегі не? Қанша дегенмен, сиыр малы алты ай қыста өрісті тебіндеп жеп, өз тұяғы өзін асырап шығатын жылқы емес. Сиыр деге-

нің - жас баладай немесе алжыған қарт әжедей масыл мал. Оған қыста жылы қора, күні - түні жеп тұратын көк шөп қажет. Былайғы жұрт жарқыраған жазда жас қозының етін жеп, қымыз ішіп, шалқып жүргенде, қол шалғымен бел жазбай шөп шабатын Адырбек емес. Сондықтан ол төрт өгізшенің екеуін атқа айырбастайды. Жас сәбидің жарық дүниеге келіп, қаусаған қарттың дүниеден қайтуы - өмір заңы. Сол себепті ел іші өлім - жітімсіз болмайды. Ал жаназаға, құран шығаруға Адырбек молда шақыртылады. Әрине, оған уақытысында бару үшін, аяқ артатын көлік керек.

Адырбек тістей қатып, ішпей - жемей мал жинайтын баяғының сасық байы емес. Ол малды жаны үшін жинайды. Сондықтан қалған екі өгізшені құлындаған құлық биеге айырбастайды. Шіркін, жіліктің майындай жұғымды құлықтың қымызына ештеңе жетпейді ғой. Қымыз емес, бал дерсің! Кәрі биенің қымызы онымен салыстырғанда, ашып кеткен іркіт сияқты.

Колхоздың ұзын құрығынан, ит - құстан аман болса, құлынды биесі көбейіп, бес - алты жылда бір үйірлі жылқы болады. Ол кезде қазіргі отыз шақты ұсақ тұяғының саны екі жүзге жетеді.

Сонсоң Адырбек Қызылкент шаһарының қақ ортасынан татар саудагерлерінің үлгісімен төбесі шатырлы, асты - үсті тақтайланған алты бөлмелі үй салдырып, төрінде шалқайып жатпай ма?»

Осы кезде отағасының аспандап, биіктеп кеткен тәтті ойын қозы өрісіндей жерде, сары адырдан құлап келе жатқан көп жылқының тұяқ дүбірі бұзып жіберді. Сол жаққа қарады. Қайсыбірі сары ала, қайсыбірі мақпал қара жылқылардың түсіне қарап, олардың Майшоранықі екенін жазбай таныды. Өткен боранды, аязды қыстан қылшығы қисаймай шыққан жылқылардың ажарына қарап: «Пай - пай, жылқы жарықтық, баққанға бітедіау!» - деп іштей қатты сүйсінді.

Жиі-жиі насыбай атқандықтан ба, әлде сәскеге қарай күн ыси бастады ма, Адырбектің ерні кеберсіп, шөл қысты. Амалсыз, жылымшы татыған шалаптан ішті. Бірақ сусыны қанған жоқ. Қайта күн көзінде қалып, ақырып ашыған ащы айран кенезесін кептіріп түкірігі таңдайына желімдей жабысып, тілі аузына сыймай кетті.

Адырбек жерошақтан шыққан түтіні аспанға келбеңдей көтеріліп, желі басында жас құлындары шұрқырай кісінесіп, малшысы шетке шыққан саяқтарды қайың құрықпен сауырлап - сауырлап, үйіріне қуып тығып, абырсабыр боп жатқан бай ауылға қарады. Солай қарауы мұң екен, құрғап қалған таңдайына жуандығы жеңді білектей сүр қазы қосылып, бабымен ашыған салқын қымыздың тіл үйірер дәмі келді. Бұдан әрі Адырбектің шыдамы таусылды. Төрт аяқты қазынасын тағы бір көзімен шолып шықты. Тіл, көзі тасқа, малдары еш жаққа шашау жайылмапты. Сонда ғана көңілі орнына түскен Адырбектің жантайып жатқан жерінен тұрып, етегін қағып қымызды ауылға қарай бет алды.

Бес қанатты қоңырқай үйдің алдында Дүриямен кездесіп қалды. Кейбір кезде көтеріңкі қаз омырауын аса бір кербездікпен кере түсіп, үстіне киген өрттей қыпқызыл атлас көйлегінің етегі көлең - көлең етіп, бірде миығы, бірде көзінің қиығы күлген айнам көз қара торы әйелдің жүзі жүбау көрінді. Дегенмен іші түтін, сырты бүтін қам көңіл сұлу сыр білдіргісі келмей.

- Қош келіпсіз, молда қайнаға! Үйге кіріңіз, - деді сәл езу тартып.

Дүрияның бейіл - ықыласына риза болған Адырбек:

- Отағасы қайда? Соңғы уақытта күрік болған тауықтай үйден шықпайтын болған ба? - деді самбырлай сөйлеп. - Уайымдама, Дүрия бәйбіше. Орнында жоқ жоғалып, орнында бар оңалып, заман да түзелер!

- Е-е, Майекеңнің жәйін көз көрген сіз түсінесіз.

- Сонан кейін, келін шырақ, мына сен білесің!

Жаңа ғана қаны қашқан қара торы өңін, тұнжыраған ойлы көзін ой мен мұң көлеңкелеген әйелдің жүзі бұлт астынан сығалаған күндей аз уақытқа жадырады. Сонсоң ол:

- Қартайсаңыз да қалжыңыңыз қалмайды - ау, қайнаға! Төмендеп жүрген көңілімді төбеге көтеріп тастадыңыз - ау! Оған көп рақмет! - деді өзімсіне сөйлеп.

- Үлкен үй оңаша ма?

- Байдың үйі бос қалды ғой. Қалқайып Махаң ғана отыр.

Адырбек отағасыға дауыстап сәлем беріп, жоғары шықты. Бірақ ол бай үйінен бұрынғы мол жиһаз бен сәнсалтанаттың бірін де көре алмай, қатты дал болды. Алты қанат үйдің сыртқы киізі қандай қоңырқай болса, ішіне жиналған дүние - жиһазы да қоңыр - төбел екен. Мұнда түнеукүнгі майда түгін алақанымен сипап қалсаң, үстіне қонған шаң - тозаңнан тазарған алтындай айшықты, әдемі өсімдік ернектері жарқырап, жайнап шыға келетін парсы кілемдері жоқ. Олардың орнына, бір кезде шебер қолмен оймышталған мүйіз өрнектерінің жиек жіптері

тозып, бояуы көшіп, көп ұсталған тұс киіздер ілініпті.

Жер еденге төселетін қалы кілемдер де жоқ. Енді онда қара күйе жеп, әр жері шұрық - шұрық боп тесілген, түр - түсі белгісіз көнетоз сұр текеметтер төселіпті.

Төрде бейне бір күміс жалатылғандай жылтырап, көздің жауын алып, сәңкиіп тұратын ақ кереует те жоқ. Оның орнына сырты арзан қолдау тысталған көрпе, жастықтар жиналыпты. Төсектің аяқ жағында басына ескілеу құндыз бөрік киген, иығына сұр шекпенін желбегей жамылған Майшора отыр. Отағасы шешіліп сөйлеспеді. Ернін жыбырлатып қана амандасып, үнсіз отыра берді.

Адырбектің жылтыраған жіпсік көздерінен қожасының көңіл күйі де қағас қалған жоқ. Соңғы кезде жүдеп-жадап кеткен Майшораның шөлмектей боп ағарған жүзінде кейіс, шытыныңқы қабағында кірбің бар сияқты. Қалың бір ойға шомғандай тереңдеп, тұңғиықтап кеткен көз жанары көмескі тартқан. Кейде қараптан - қарап отырып, жаман түс көріп, шошып оянғандай селк етіп, жан - жағына апалақтай қарайды. Ондай сәтте күн өткен сайын жақындап келе жатқан қарлы, жаңбырлы қара дауылдың суық лебін сезіп, жүрегі мұздаған мырзаның жүзінен үрей белгісі байқалады.

Адырбек үй ішіндегі өзгерістерге, отағасының томсарған жүзіне қарап, оның басына төнген қауіп - қатердің бұлты бұрынғыдан гөрі қалыңдай түскенін аңғарды. Ие, Майшора өмірінің жадыраған шуақты жазы етіп, жаңбырлы, бұлтты күзі басталғандай, Далада гүл - бәйшешекті көктемнің сәске түсі болғанда, мына үйге қара суық, қарашаның күңгірт кеші түсіп келе жатқандай.

Ішіндегі іске татырлық дүние - мүлкін сыпырып алған соң, бір түрлі қоңылтақсып, бұрынғыдан әлдеқайда кеңейген қоңыр үй жым - жырт. Тек құлаққа ұрған танадай осы тыныштықты, тыста, ас үйде, екі жігіт қолдасып, күрпілдете піскен қара күбінің дыбысы бұзып тұр, Күбі пісіле бастағанда, жапсырма есік сыңырлай ашылып, үйге жүдеу өңді қартаң әйелдер, екі жағының боздағы шыққан балалар, кәрілік пен кедейлік қоса меңдеткен шал, кемпірлер кіре бастады.

Қымызға келген адамдарға кет деме деп, мырза әдейі ескертіп қойған ба, әлде күйеуіне жастығының, сұлулығының арқасында сөзін өткізе білетін ажарлы әйелдің өзі қолы ашық, қонақжай адам ба, есік сыртынан оның:

- Қысылмай, үйге кіріңіздер! Қымыз қазір дайын болады, - деген ашық даусы жиі шығады.



Қымызға жиналған жұрттың артын ала, діндар төре - Қаңбақ шал келді. Кәрілік жеңіп, қол - аяғы қалтыраған Қаңбақ шал үстіне барын киіпті. Қыстығын, жаздығын араластыра қабат-қабат етіп киіп алған неше түрлі жағалы киімнің арасынан тасбақаның мойнындай жіңішке мойны қылқияды. Ол сығылыса отырған көпті киіпжарып төрге озды да, Адырбекке ерекше ілтипат көрсетіп, қалған өмірін құдайға құлшылық етуге арнаған діндар адамның әдетімен:

- Ассалаумағалейкум, пірәдар! - деп оң қолын кеудесіне қойып, иіліп амандасты.

Көп ұзамай қымыз келді. Дүрия жұрттың аяқ жағына отырып, ағаш ожаумен ашқылтым иісі бұрқыраған сары уыз қымызды сапыра бастады. Танауды қытықтап, адамның тәбетін ашатын қою қымыз іркіт сияқты көпіршімей, тегене түбінде шымыр - шымыр етеді.

Қымызды сапырып болған соң, оңқай асықтай үйірілген әйел даусын көпшілікке естірте сөйлеп:

- Мынау би ағаңа! Ал мынау тентек қайнағаға! - деп атап - атап, ақ құйылға н сырлы тостағандарды тарата бастады.

Шөліркеп келген Қаңбақ шал бетінде аздаған құрымы бар қою қымызды дем алмастан басына төңкеріп сап:

- Келін шырақ, сусының сусын - ақ екен. Алла разы болсын тағы құйып жіберші, - деп тостағанын қайта ұсынды.

Денесі қара ағаштай қатқан қағілез Қаңбақ екінші аяқты босатқанда, Адырбек:

- Кәрінің көні кеуіп қалған ба? - деп күңк ете қалды.

Келесі тостағанды орталағанда, бәкене шалдың құстың тұмсығындай имек мұрнының ұшы тершіп, майы таусылуға айналған білте шамның жарығындай елеусіреген шүңірек көздерінде сәулелі ұшқын пайда болды. Ол ұясынан айналаға бойлап - бойлап қараған құстың ересек балапанындай жіңішке мойнын қылқың - қылқың еткізіп, даусын көтере сөйлеп:

- Молдеке, шариғат айтыңыз, - деді Адырбекке.

Бұл кезде Адырбектің де шөлі қанып, тобылғымен ысталған күбіде бабымен ашыған қымыздың буы тұла бойына шым - шымдап тарап, сүйек - сүйегі балқи бастаған. Сондықтан маңдайы жіпсіп, терісі кеңейіп, көңілді отырған Адырбек:

- Не туралы айтайын? - деді.

Артынша - ақ, ол үй иесінің көңіл күйін білгісі кеп, Майшораға қабақ астынан сығалай қарады.

Отағасы міз бақпай, тас мүсіндей үнсіз отыр. Шарасы үлкейіп, шатынаған көздерінен жүрегінде тоң болып қатқан уайым, қайғының суық ызғары білінеді.

Молда үй иесінен еріксіз көзін тайдырып әкетті.

- О дүниедегі өмірді айт, - деді Қаңбақ шал.

Қаңбақтың тар көмейінен булығып шыққан жіңішке ешкі даусынан селк етіп, тереңдеп кеткен ой дүниесінен шошып оянғандай болған Майшора:

- Ақыр заман туралы айтыңыз, - деп күңк ете қалды.

Тілегінің сыңайына қарағанда, тілерсегі дірілдеп, қолдары қалтыраған Қаңбақ шал о дүниеге барғанда, дәл қазіргідей өмір кешкісі келетін сияқты. Ал қара басына қайғының қара бұлты үйіріліп келе жатқан Майшораның да жай - күйін түсінуге болады. Соны аңғарған Адырбек ақыр заман туралы айтпады.

«Ат қартайса жасқаншақ, ер қартайса мақтаншақ». Сол себепті ол діни - аңыз әңгімелерді көп білетінін білдіргісі кеп:

- О дүниеде, ғарасат күні, - деді салмақты үнмен, кенеттен қара жер қақ айырылып, өліктердің бәрі кебіндерін сүйретіп, көрден тұрады. Үні аса зор періште. - Исрафилдің арыстандай ақырған даусы күркірей шығып, жер сілкініп, тау мен тас жүндей түтіледі. Ал Жәбірейіл періште барлық жұртты бір шыбықпен айдап, әр пенденің күнәсі мен сауабын өлшейтін таразы: қойылған қияметтің қыл көпіріне айдайды. Пайғамбарлардың бәрі тіріліп келіп, аққу қанатын жамылып, қолдарына ақ туларын ұстап тұрады. Егер қияметтің қыл көпіріне орнатылған таразының сауап жағы басса, адам жанатқа барады: күнә жағы басым түссе, тозақтың лапылдаған отында күйеді. Сондықтан бұл пәни дүниеде күнәһар болған әр пенде...

Осы мезгілде байдың үйіне Садырбек кіріп, молданың ғарасат күні туралы әңгімесі үзіліп қалды. Енді жұрттың назары өкілге ауды. Жаңа ғана ыждаһатты мүриттей аңыз айтқан Адырбектің аузына еміне, иесіне қарап қал - ған Қаңбақ шал орнынан ұшып тұрып:

- Төрлет, төрге шық, інім, - деп қалбалақтап қалды.

Садырбек жұртты көп жалындырмай, жоғары шықты. Ол төрге отырғанда, біраз адамдар ығысыңқырап орын босатты. Тек Майшора ғана отырған орнынан міз бақпай, самайын ақ шала бастаған бурыл басын бауырына алып, бұрынғыдан гөрі тұнжырай түсті. Жүзі томсарып отырған күйі көз қиығымен әйелін бақылады.



Дүрия қонақ жігіт келісімен, жаңадан қымыз алдырып, құлаштап сапыра бастады. Онсыз да түні бойы салқын сабада тұрып, бабымен ашыған қымыздың ашқылтым иісі алты қанат үйдің ішін кернеп кетті. Ыдысындағы алғаш құйылған салқын сусынды тауысып, қайтадан ұсынуға жүрексініп отырған көрші - қолаңдар ағаш тегенеге ұрлана қарап, тамсанып қояды.

Дүрия бабы келіскен қымызды сапыра отырып, қызметші әйелге:

- Кешегіден қалған ет пен бауырсақты әкел, - деп тың жарлық берді. Көп ұзамай, дастарқанға тоңазыған жас бағыланның еті мен ақ бауырсақ келді.

Дүрия қозының майлы жамбасы мен асық жілігі толайымен жүрген ет табақты қонақтың алдына қарай ысырып:

- Тамақ ала отырыңыз, - деп жылы ілтипат білдірді.

Ащы қымыз таңертеңнен бері нәр сызбаған аш өзегін өртеп, асқа тәбеті шапқанымен, отағасы дастарқанда ет емес, бір табақ қан тұрғандай, оған қолын созбады. Шақырылмай келген мейманның асты - үстіне түсіп, елпек қағып, үйдегі тағамның дәмдісін алдырып жатқан әйеліне қырыстанып отыр. Дүрия мұнымен отасқан осы жылдары бұған жылы шырай көрсетіп, дәл осылай хан сияқты күткен емес. Жалпы Майшора төре тұқымының ана сүтімен қанына сіңген әдеті бойынша өзін басқалардан биік ұстағанымен, Дүрияға деген ықыласы өзгеше болды. Ол әйел болып босағадан аттасымен, үлде мен бүлдеге орап қойды. Тіпті үйдің ұсақ - түйек шаруасына да араластырмады. Соның қас - қабағын бағып, төреге лайықты үлкен басын кішірейтумен болды. Сөйтсе де Дүрияның бұған дегенде мұз боп қатқан көңіл тоңы жібімеді, қайта бұл еңкейген сайын, жас әйел мұның артық ықыласынан запы болғандай, шалқая түсті.

Алғашқы кезде Майшора кедей қызының тарпаң мінезі бір шаңырақтың астында тұра келе өзгеретін шығар деп үміттенді. Бірақ Дүрияның бұған дегенде салқын қарым - қатынасы, өзгермеді.Түнде тар төсекте бірге жатқанда, үзіліп - талған, өзек жарған не бір асыл сөздерін айтса, салғырт тыңдайды, бетінен, шашынан, арқасынан сипап, еркелетсе үнсіз көнеді. Соған қарағанда, әйелдің тәні мұнікі болғанымен, жаны мен жүрегі басқанікі тәрізді.

Ал ертеңгісін тұрғанда, күйеуімен бір төсектен өрмегендей, қабағынан қар жауып, көзін төмен салып жүреді.

Дегенмен отағасы жас әйелдің ішіне жаулық жиып, құдай қосқан қосағым ғой деп, оң қабақ, жылы ажар бермеуіне өзін кінәлі санады. Байғұс келіншектің кедей әке - шешесін менсінбей, қазақ дәстүрімен сый - сыяпат жасамағанына іштей опық жеп, қатты өкінді. Сондықтан Дүрияның шешесінің алдынан өтіп, ат шапан айыбын төлеп, қайын - жұртымен татуласуды ойлады.

Бірде осы игі ниетін жас әйеліне айтып еді, ол қуанудың орнына көзіне жас толып:

- Мырза, кеш қалдың. Қызымды құтты орнына қондырдым деп ойламай, әкем пени дүниеден өтті ғой. Енді соңың қайғысынан қатып - семген шешемді жылы орнынан қозғамай - ақ қояйық, - деп өксіп - өксіп жылап жіберді. - Бір кезде төренің зорлығын көрген анам қазір жалғыз қызының қорлығын көріп, өмірі өксімей - ақ қойсын. Осыны айтты да, кенет жылауын қойып, орнынан тұрып кетті.

Сол тәкаппар сұлудың қатты мінезі Садырбек ауылға келгелі бері мүлдем өзгерді. Бұрын мысық сияқты еппен басқан аяқ тықыры, сөйлеген сөзі, күлген күлкісі де естілмей, тек жанды көлеңке сияқты үнсіз жүретін болса, енді самбырлаған даусы, сыңғырлаған күлкісі жиі шығатын боп жүр. Үнемі шытынап тұратын қабағы жадырап, дымқылданған көзінде бір жұмсақ нұр пайда болды. Бойжеткен шағында Дүрия Садырбекпен көңілдес болыпты - мыс деген қауесетті Майшора естігенімен: «Тәйірі, қымызды кім ішпейді, қызға кім сөз айтпайды», - деп, онша мән бермеген, әйтсе де көңілінде бір дық қалды.

Енді, міне, Дүрия отағасының сол күдігін күшейте түсіп, бұрында әуейі болған жігітін жанын салып сыйлап жатыр. Оның бүгінгі сәні мен салтанаты да айрықша. Үстіне қызыл торғын көйлегін киіп, басына ақ шашақты көгілдір орамалын салып, қасы - көзі қиылып, жаңа түскен жас келіншектей уылжып отыр. Анда - санда жұрттың көзін ала беріп, жанарына керемет жылылық жиып, қонақ жігітке алғаш ғашық болған он бес жасар қыздай жаутаңдап, қарап қояды.

Бір рет қымыз толтырған сырлы тостағанды беріп жатып, Садырбекке көз тоқтатып, жаны үздіге ұзағырақ қарап қалды. Сол сәтте әйел көзінен жарқ ете қалған найзағай отындай құтырынған құмарлық сәулесін көріп,



Майшораның тұла бойы түршігіп қоя берді. Сөйтсе де, қонақ жігіттің көзінше түсін бермеуге тырысты.

Ал Садырбек мұнда келгеннен бері, ерлі - зайыптылардың өзара қарым - қатынасына зер салып қарап отыр еді. Ол Дүрияның сақал - шашы бурыл тартқан жасамыс күйеуін сүймейтінін байқады. Ерлі - байлы бұлар қара шаңырақтың астында бірге тұрып, төсектен бірге өріп жүргенімен, көкейкесті арманы, ойлаған ойы жарық дүниенің екі бұрышындай шалғай - шалыс жатқанын аңғарды. Әсіресе келіншектің өзіне деген ыстық ықыласына риза болып: «Байғұс Дүрия, етінен ет кесіп алса да қан шықпайтын мына безбүйректен жан жылуын таппаған ғой. Сол себепті қиядағы балапанына қарақұс төнгенде, жерде қанаты майырылып жатып, жаны шырқырап, жоғары ұмсынған ана құстай маған қол созып отыр емес пе? Бұдан артық не істесін?» деп түйді.

Бір рет Дүрия мойылдай қара көзін төңкеріп, үзіле қарағанда, жігіттің жүрек түкпірінде сөніп қалған сүйіспеншілік сезімі қайта тұтанып, айдынға қонған аққудай керіліп отырған әдемі әйелге көз тоқтатып ұзағырақ қарап қалды. Соны байқаған үй иесі қабағын шытып, оқыс жөткірінді. Сонда ғана Дүриядан көзін тез аударып әкетті. Осыдан кейін мұнда көп байыздап отыра алмады. Дәмді қою қымызды қанып ішіп, ықыласпен сыйлағаны үшін әйелге деген алғысын көзімен айтып, үйден тез шығып кетті.

Мұның артынан іле - шала Дүрия шықты. Мейманды атына қолтықтап мінгізді. Садырбек күн көзіне шағылысып, жарқ - жұрқ еткен күміс ерге жайғасып отырған соң:

- Жақсы хабарың үшін көп рақмет, Дүрияш! Жағың түскенше жаманшылық көрме, - деді.

Біраз жылдардан кейін, сүйген жігітінің аузынан жан толқытарлық мұндай жылы сөзді естігенде жас келіншектің екі беті оттай жанып, аялы көз жанары жарқырап коя берді. Содан тыныш көңілі тұнық суға тас түскендей толқыған әйел өкілдің артынан мейірлене қарап, сыртта ұзақ тұрып қалды.

## VII

Садырбек келгенде, Айда Мұсаның үй іші жаңа тұрып жатыр екен. Төбесі ұшқатпен жабылып, ойқы - шойқы қабырғалары қара балшықпен сыланған, еңсесі аласа, ауасы тар қыстаудың іші ала көлеңке. Үйдің жалғыз

терезесіне қойдың қарны тұтылған. Топсасы майланбаған шиқылдауық ағаш есіктен біреу - міреу кіріп - шыққан сайын қаудырлап кепкен қарын: «Уф!» - деп ауыр күрсініп қалатындай. Бір кезде қыстау төбесін жапқанда, ұшқаттың иір - иір бұтақтары кесілмеген екен. Енді түтінге ысталып, әбден қарайып кеткен бұтақтардың арасына өрмекшілер торын құрып, от пен түтіннің ысы қара тудың шашағындай төмен салбырап тұр.

Бұл үйдің ересек адамдары ертерек тұрып, күнделікті күйбең шаруасына кірісіп кеткенімен, жер төсек әлі жиналмапты. Кірлеп, май сіңгендей жылтырап, жаңа кезіндегі түр - түсі белгісіз болып кеткен көрпе, жастықтар көшіп - қонған үйдің жүгіндей шашылып жатыр. Тек іргеге жақын салынған төсектен, қырық жамау құрақ көрпенің астынан қуқыл өңді, қазан бас үш - төрт баланың көздері жылтырайды. Мұрындарын анда - санда тартып қойып, көрпе астынан түтіндеп, бықсып жатқан жалпақ пешке үміттене қарап қояды.

Жоғары қарай қайырылып тасталған төсектің бір шетінде малдасын құрып, мысық мұртын анда - санда бір сипап қойып, үй иесі - Мұса отыр. Алдында үлкендігі шараяқтай келі бар. Оның қасында саудырап кепкен темекінің төрт - бес жапырағы жатыр. Бірақ отағасының насыбайға қосатын күлі дайын емес. Өйткені Мұсаның найзадай ұзын, арық сары әйелі от жаға алмай әурелену-де. Беті бір уыс, шүңірек көздері тұздай, мұрны үп - үшкір кескінсіз қатын көмейінен суық леп ескен пешті темір көсеумен көсеп - көсеп жібереді де, аузына ауа толтырып ап, су тезекті үрлейді. Бірақ бықсып жанған су тезектің қою түтіні кейін қарай лықсып шығып, кеңірсіген иісі қолқасын қауып, көздері жасаураған арық әйел күрк-күрк жетеледі. Жетелі сәл басыла бергенде:

- Қараң қалғыр, мына моланың пешіне не болған? Бүгін қайнаған қара суымызды уақтылы ішпейтін болдық қой, - дейді кейи сөйлеп.

Әлден уақытта шыдамы таусылған Мұса:

- Әй, қатын, темекінің күлі қашан дайын болады? - деді.

Сол - ақ екен, су тезекті жаға алмай, ашудан түтігіп отырған әйел талағынан тарс айрылды:

- Мұрныңа жегі құрт түскір, қу Мұса! Оразаңды ашпай жатып, насыбай атпасаң, көңілің көншімей ме?! Еркексіп маған сөйлегенше, ала жаздай көмейіне күл толып қалған пешті тазартып қоймадың ба? - деді шапылдап.



Өзімсініп, еркінсіп айтқан сөзі әйелінің ашуына май тамызғандай әсер еткен соң, Мұсаның аузына құм құйылды.

Осы кезде жасы төрт - бестерге келсе де, әлі жүрмеген, қол - аяғы шидей, қауға бас, мешел бала құйрығымен жылжып келіп, пеш алдына отырған шешесінің етегіне жабысып:

- Апа, нан бер! Қарным ашты, - деп қыңқылдай бастады,

Онсыз да мазасыз күйеуіне, жуық арада жанбай қойған пешке жыны келіп отырған әйел:

- Шешек келгір, мазамды алмай, әрі отыршы! - деп баланы қағып жіберіп еді, ол шалқасынан түсті.

Жастайынан дімкәс болып, құлындай ойнап жүрген дені сау құрдастарын көрген сайын көңілі жасып, сіркесі су көтермей жүретін бала шырқырап жылады. Бірақ шешесі мешел балаға онша көңіл аударған жоқ. Ал Мұсажан қалтасынан мүйіз шақшасын алып, түбінде қатып қалған насыбайдың қалдығын аршаның шырпысымен қырнап, одан түскен ащыны ерніне салып, жерге шырт түкіріп, Садырбекке қарады да:

- Қарағым, баласыз үй мазар, балалы үй базар. Сондықтан біздің айқай - шуымыз басылмайды. Таңертең жылап - сықтап тұрып, кешкісін улап - шулап төсекке қисаямыз. Келген шаруаңды айта бер! - деді.

Садырбек ықылым замандардан бері зорлық, озбырлық көрген кедейлерге теңдік әперген кеңес өкіметінің мақсатын, колхоздастырудың пайдасын, ежелден көшерін жел, қонарын сай білген көшпенді жұрттың да отырықшылыққа айналып, балалары мектепте сауат ашып, тұрмысы жаңарған, мәдениеті гүлденген ел болу керектігін айтты. Содан кейін «Көксеңгір» аулында кейбір адамдардың төре байларының азғырған сөзіне еріп, олардың артық малын жасырып, ортақтастыруға кедергі жасап отырғанын да жасырмады.

Алғашқыда өкімет сенген өкілдің колхоз жайлы әңгімесін бар ынта - шынтымен беріліп, ұйып тыңдаған Мұса, жасырған малды ортақтастыру керектігін естігенде, қабағы түсіп кетті. Ол түсін суытып, Садырбекке жақтырмағандай ала көзімен ата қарап:

Аз айтсам азырқанба, көп сөйлесем көк мылжың деме, шырақ, - деді сызданып. Тегі, мен үй иесі болғаныммен, мал иесі - ана қатын, - деп ағаны ініге, әкені атаға айдап салып, бір - бірімен атыстырып - шабыстырып қоятын ескі әдетіне көше қойды.

Жазық жерде ізіне түскен аңшының тазы итін бұлаңдаған құйрығымен біразға дейін алдап келіп, кенеттен бұталы, шилеуітті қалың шұбарға қойып кетіп, біржолата адастырып кеткен қу түлкідей айда Мұса осылайша жалт бұрылды. Сөйтіп, мал, жан иесі ретінде көп ойланып-толғап жатпай - ақ, түйіні мен түйткілі көп мәселені әйеліне қарай аудара салды.

- Іші - бауыры инеліктей қатқан арық әйелдің көзі жанбай жатқан отта болғанымен, құлағы еркектердің сөзінде екен.

- Осы үйде айдынынан адам сескенетін еркек сияқты еркек болмаған соң, бізді ит те, құс та басынады, ой-бай, - деп ол пештің көмейін тақырлатып қаттырақ көсеп - көсеп жібергенде, абажадай үлкен пештің жіңішке көмейі жоғары қарай тартпағандықтан, кейін лықсыған көк ала түтін үй ішін басып кетті. Оған қарап жатқан көкайыл әйел жоқ.

- Менде Майшораның алты аласы, бес бересі жоқ. Мендегі мүйіз тұяқ сол иттің он жыл отыменен кіріп, күліменен шыққанда тапқан өз еңбегім, - деді ол шаңқылдай сөйлеп.

Аласа қыстау үйді мол боп басқан қою түтіннін, ішінен екі езуі көпіріп, шабаланып, сөйлеген көк долы әйелдің бет - жүзі көрінбейді. Тек көзді удай ашытып, қолқаны қапқан көк түтіннің арасынан оқта - текте сары қатынның ербеңдеген арық қолдары көрініп қалады. Бірақ болат төске құлаштап балға соғып жатқандай темір үнді ашық та айқын даусы анық естіледі.

Ол Мұсаның етегінен ұстағаннан бергі бүкіл емірі жүректі қыжылдатқан ащы запырандай жоқшылықта, жалпы етек, жалтаң көз қорлықта етіп келе жатқанын айта келіп:

- Құдай-ай, итшілеген осы қу тіршілікте ерніміз аққа тиіп, қарнымыз асқа тоймай өтетін болды-ау! Қотанға қамаған азғана дөңгелек тұяқты біресе қасқыр жейді, біресе колхоз көз тігеді. Тайқы маңдайды бес елі сордан арылтатын күнің бола ма, жоқ па, шұнақ құдай?! - деп зарлап қоя берді.

Бұл тек бастамасы екен. «Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің» дегендей, көк бет әйелдің өкілге дайындаған сый - сыяпаты әрі артта көрінеді.

Қыстаудың жалғыз белмесі түтіннен ашыла бергенде, долы әйел: «Тұрыңдар, өңшең өңез көз боқташақ!» - деп төсекте жатқан балалардың үстінен көрпені жұлып алып, қыңқылдап қарсылық білдіргенін шапалақпен май



құйрықтан тартып - тартып жіберді. Шешесінен себепсіз таяқ жеген аш балалар бақырып жылап, ұлардай шулап орындарынан тұрды. Айда Мұса болса, әйеліне алғыс көзімен қарап: «Жарайсың, қатын!» дегендей мұрт астынан мырс - мырс күліп қойды.

Ал жын буған бақсыдай қалш - қалш етіп, еліріп алған әйел кенеттен салтақ - салтақ кір көйлегінің омырауын ағытып жіберіп, әлдеқашан сүті қайтып, шандыр болып қалған екі емшегін салақтатып, Садырбектің алдына жетіп келді.

- Мынадан енді сүт түгіл, сары су да шықпайды, Бар малды сен алғанда, мен шиеттей қызыл қарын боқмұрындарға немді беремін, а? - деді оны түтіп жіберердей тепсініп. -

Садырбектің екі көзі атыздай болып, есі шығып кетті. Ол орнынан ұшып тұрып, тысқа қалай атып шыққанын өзі де байқамай қалды.

Содан майда Мұсаның қыстауының шошайған мұржасы көрінгенде, аздап есін жинады. Оң жақ милығына қисайып кеткен әскери қалпағын түзеп, жалпақ қайыс белбеуін тартып байлап, жеңіл солдат ердің үстінде түзеліңкіреп отырды.

Садырбек дауыстап сәлем беріп, кіріп келгенде майда Мұса:

- Ұлық бала, жоғары шық! - деп көптен жолын тосып, сағына күтіп жүрген бауыры келгендей қалбалақтап қалды.

Сонсоң төрге жұмсақ көрпе төсеп, хал - жағдайын, денсаулығын қазбалай сұрап, қонақ күтетін қызметші жігіттей асты - үстіне түсті. Сыпайы отағасының тілі аса майда. Көлеңке басы ұзарған қоңыр кеште қоңырлатып тартқан домбыра үніндей құлаққа аса жағымды естіледі.

Майда Мұсаның қыстауы әрі жылы, әрі таза екен. Үйдің қабырғалары ақ балшықпен әктеліпті. Есіктен төрге дейін қара ала текемет, оюлы сырмақ төселген. Дәл төрге текшеленіп жиналған биік жүктің үстінде бүйірі тоқ құс жастықтар дүңкиеді. Ал қабырғаға ортасы мүйіз, есімдік өрнектерімен оюланып, жиектері қызғылт түсті жібек жіппен кестеленген тұс киіздер ілінген. Жалпы бұл үйдің дүние - мүліктерінде басқа жұрттан асып бара жатқан байлық аңғарылмағанымен, барды ұқсата білетін ұқыпты әйел қолының ізі байқалады.

Біраздан кейін, үйге толық денелі, бидай өңді, қара шашын маңдайынан қақ жарып, жылтырата тараған әйел кірді. Баяу қозғалатын әйелдің әжімсіз ақ жүзінде, сал-

мақты жүріс - тұрысында паңдық бар.Үйге кіріп - шыққанда ешкімнен қысылмай, толық сұлу кеудесін керіп, басын шалқайтып ұстайды. Соған қарағанда, бұл да төренің қызы болса керек. Адамға, әсіресе, қайрат - күші өз бойындағы жас жігітке тіл қатқанда, қара көздерін ойнақшытып, қасын керіп сөйлейді. Шар тартып қалған бәйбішенің бұл әдеті өзі жасамыс болғанымен, көңілі жас екенін аңғартады.

Бөксесі, мықыны бұлтиған, қаз омырау, кербез әйелдің үстіндегі киімі де сәнді екен. Басына шашақты жібек орамал салып, кіршіксіз ақ көйлектің сыртынан қара кемзал киген, аяғында қызыл сауырлы жұмсақ мәсі бар. Ақ білегіне қос - қостан күміс білезік салған.

Жалпы әжімсіз нұрлы жүзіне, сәнді киінуіне, өзін - өзі паңдана ұстауына қарағаңда, бұл әйел төрелердің туысы текті жерінен шыққан сияқты. Асып бара жатқан сұлу болмағанымен, сүйкімді, әрі керілген кер маралдай кербез.

Көп ұзамай, Мұсаның әйелі дастарқан жайып, түннен қалған етті ысытып әкелді. Қонаққа арнап қазан көтерілмегені болмаса, ет мол екен. Табақта жылқының сап - сары жарты қазысы, жал - жаясы, қыртысы мол қартасы жә - не жаңадан сойылған қойдың майлы жамбасы тұтасымен жүр.

Майда Мұса жылқы етінің шимандысы мен дәмдісін жапырақтап турап, табақты мейманның алдына қарай ысырып қойып:

- Шырағым, ас ала отыр, - деді.

Бірақ Садырбек бабымен піскен майлы еттен жөнді жемеді.

Бір - екі рет қарбыта асады да, табақтан кейін ысырылып отырды. Мейманның бұл қылығын етке тамағы түйіліп қалды деп ойлаған Мұса әйеліне:

- Шәй әкел! - деді.

Сонда Садырбек:

- Ақсақал, мен ас емес, жоқ іздеп жүрмін, - деді. Кербез әйел қасын керіп, өкіл жігітке үрке қарады. Шақырусыз келген жас мейманына шын ықылас білдіріп, құйқылжып отырған жанарына әлдекім күл шашып жібергендей, көз оты сөніп сала берді.

Ал Мұса:

- Ет қарын тойдырса, қаю шай көңіл ашады. Шай ішкен соң, сөйлесейік, - деді. Қанша салмақты сөйлеуге тырысқанымен, оның да даусы жарықшақтанып шықты.



Дегенмен Садырбек шайдың қайнауын күтіп отыра алмады. Бәйбіше шығып кеткен соң, суыт жүрген шаруасын айтты.

Әңгіменің төркінін аңғарған майда Мұса кенеттен түсі өзгеріп, кірпідей жиырылды. Осының алдында ғана мейманмен достың ажармен сөйлесіп, жұмсақ көрпенің үстінде паңсынып отырған адамның еңсесі түсіп, бір түрлі жасып қалды. Өкілге беретін ұтымды жауабының түйіні сұр шекпеннің түймелерінде тұрғандай, оны біресе ағытып, біресе қайтадан түймелейді.

Ақырында ол тамағын кенеп алып, сөз бастады:

- Қалқам, өз басым колхоз дегенді көрген емеспін, - деді жұмсақ үнмен. - Су аударған дөңбектей, жел айдаған қаңбақтай әр қырдан бір шаң беріп, әр сайға бір қонған көшпенді қазаққа колхоз қол бола қояр ма екен? - Оған анық көзім жетпеді. Көзім жетпеген соң, жүрегім дауаламайды. Сол себепті, әзірге кесіп - пішіп ештеңе айта алмаймын, - деді қылғына сөйлеп.

Садырбек түйткілі, түйіншегі көп Мұса сөзінің ұшығына жете алмады. Тілі тәтті, мінезі майысқақ, жүрісі маймақ болғанымен, оның өкілдің айтқанына көндігетін түрі байқалмайды. Сәмбі талдың бұтағындай иілгенімен біржолата шорт сынып түспейді. Сол баяғы көңді бір шоқып, жан - жағына екі қарайтын ала қанат сауысқандай сақ. Соны байқаған Садырбек айтарын сағыздай созып көп мәйменқелемей:

- Ағасы, Майшораның тыққан малын қашан ортаға қайтарасыз? - деді сенімді үнмен.

Майда Мұса қабағын қатты түйіп, Садырбекке зілдене қарады. Бірақ өкіл мызғыған жоқ. Аласы аз өткір көздерімен арбасып тұрып алды. Одан жанарын тайдырып әкеткен майда Мұса:

- Майшораның әкесі Әлібекте ежелден келе жатқан көп қарызым бар еді. Кейін баласы бұтарлап соны өтеді, - деді екінші бір жаққа бұлт ете түсіп.

Бұл сөзді естігенде, Садырбектің бар қаны басына шапшып шығып, үй иесіне ақырып жіберуге шақ қалды.

«Ау, Садырбек, - деді ол іштей қатуланып, - туған жеріңе келгенде мынау сияқты «сен тимесең, мен тимен бадырақ көз» дейтін табанының бұдыры, сөзінің түйіні жоқ жылпостардың сөз бұйдасын есту үшін келіп пе едің? Айылын тартып атқа мінгендегі мақсатың ғұмыр бойы жазықсыз жапа шегіп, езілгендердің есесін қайтару емес пе еді? Бұл не? Қара басының жасықтығы ма, әлде жасқаншақтығы ма? Садырбек Мұсалардың малын

берсе қолынан, бермесе жолынан неге алмайды?!» - деді өзін - өзі қайрап алып.

- Ақсақал, көп сіз - бізден бір шыж - быж артық! Сиыр құйымшақтатпай айтыңызшы, сонда көптің малын қашан ортаға тапсырасыз? - деп қадалды.

Осы кезде үйге бәйбіше кіріп:

- Шай дайын болды, - деді.

- Қайнаған сары суыңның қажеті жоқ, - деді отағасы әйеліне ежірейе қарап, - онсыз да ішпей - жемей тойып отырмыз. - Мына құбылысына қарағанда, Мұсаның тілі тәтті болғанымен, діні қатты сияқты. Бағанадан бері Садырбекке көрсеткен ыстық ықылас, сый - сыяпаты оның жеке басына емес, атақ - мансабына жасалғандай.

Бұдан кейін үй иесі алыстан орағытып түрлі - түрлі сылтаулар айтып, тартыншақтағанымен, Садырбек оның қадамын жаздырып, қия бастырмай қойды.

Бұрында осы ауылға келген өкілдер, сөзі сылдыр, беті жылтыр әкімдер етке сылқия тойып, қызыл күрең шай ішіп, қызара бөртіп алған соң, небір қиын мәселені қазақшылық жолмен шешуші еді. Ал мына өкіл оларға мүлдем ұқсамайды. Әділет жолынан, алған бетінен қайтпайтын қайсар ма, қалай?!

Соны байқаған отағасы енді кішірейе сөйледі:

- Бүйректен сирақ шығаратын қыңыр адам мен емес. Кеңес өкіметінің келелі ісіне қарсы келмеймін. Оның үстіне, адуынды, азулы інім қолқа салған соң, шарам бар ма? - деді. - Басында даусын көтермей, мұрнының астынан міңгірлеп, майдалап отырып қарсылық көрсеткенімен, енді ықтап кеткендей.

Әйткенмен Садырбек сөздің басын біржолата ашып алғысы келіп:

- Малды Майшораның өзіне тапсырыңыз! - деп тағы тәптіштеді.

- Неге?

- Жағдай соны талап етеді.

- Айтқаның болсын, інішек.

Аңшы Оспанның қыстауы бұл жерден онша алыс болмай шықты. Мал, жан иесі - ақсақал қыстаудың желкесіндегі қоңыр төбенің басында ақ таяғын сермеп қойып, өңшең жайбасар, әрі кер жалқау, ер жеткен ұлдарына кейи сөйлеп тұр екен.

- Майжамбас! Әй, Майжамбас! Айналшық жегендей, қатыныңның қасынан шықпайсың! Сәске түске дейін қорадан қой шықпады. Сиырларға су берілген жоқ. Балаңның алды он үшке келіп, ата сақалың аузыңа біткенше, малмен де, жанмен де ісің жоқ. Ертең мен өлгеннен кейін, қайтіп күн көресің, - дейді самбырлап.



Бірақ Оспан от басы, ошақ қасында қанша ызбарлы, қазымыр болғанымен, ашуынан тез қайтатын адам болуы керек. Садырбекті көргенде, жаңа ғана шарасынан асып-төгіліп, бұрқ - сарқ қайнаған ашуын ақылға жеңдіріп:

- Не шаруамен жүрген баласың? - деп жөн сұрады. Садырбек келген жұмысын айтты.

- Майшораның арамнан жинаған малын бағамын деп, көр азабына түстім, - деді күйінген шал. - Тіпті қазір айдап алсаң да, қыңқ демеймін, қарағым. Кәрі құлжаның келте соқпағындай аз жасымда біреу үшін балаға айкәпір, келгенге жексұрын көрінетін жәйім жоқ. Өлмелі шалға, о дүниеге барғанда екі құлаш бөзден басқа не керек? - Мұны айтқанда, кейісті шалдың қызыл жиек көздері жасаурап, шоқша сақалды иегі дірілдеп, дәрменсіз жас баладай кемсеңдеді. - Көп болса, жетесіз ұлдың жері кеңір. Бірақ ырысы көбеймес. Дайын асқа тік қасық жатып ішерлердің әуселесін сонда көрермін, - деп тоқтады ол.

Сөйтіп, шадыр шал майда Мұса сияқты құрт малтасын көп езбей, ашу үстінде өз шешімін айтып салды. Садырбек Оспанның қайратты, шапшаң, ер мінезіне риза боп аттанды.

Ертеңінде Оспан өз қолындағы байдың малын ауыл шетіне айдап әкелгенде, қожасының ыңғайымен жүріп, момын кірмелерге қалыс ағайын, жалғыз - жәутіктерге, қора қорыған төбет иттей арпылдап үйренген, биеші шал:

- Әй, Оспан, малыңды әрі әкет! Ауылдың үстін шаңдатасың. Саған құдайдың иен жатқан кең даласы жетпеді ме? - деп, алыстан әмірлі да уыспен айғай салды.

- Алжыған кәрі қақпас! - деді аңшы. - Майшораға сәлем айт! Ғұмыры шыр бітпеген Оспанның бойына арам ас жұқпайды. Сондықтан, мырзаның малын жасырам деп, ит жеккенге айдалатын жайым жоқ. Енді өзі ие болсын, - деп астындағы буаз торы биесін тебініп қап, кейін қарай шоқыта жөнелді.

Тыстағы шаң - шұң дауысты естіп, үйден Майшора шықты. Күшін пайдаланып, сүтін сауып іш деп берген малдарды аңшы Оспанның айдап екелгенін көзімен көрді. Бірақ қалыс ағайынның бұл қылығына онша ренжіген жоқ. Сол себепті ол:

- Әбден тойынған соң, көзінің еті өсейін деген екен қу кедейдің! Қарны ашса, бұралқы иттей қыңсылап келіп,

әлі - ақ аяғыма оралар. Сонда ақ таяқпен қақ маңдайдан бір салармын, - деді кіжіне сөйлеп. Содан кейін:

- Әй, анау жаудың малы емес, менің малым. Қайтқан малда қайыр бар. Бері қарай қайтарі - деп биеші шалға бұйрық етті.

Дегенмен бұл жолы Майшора қателескен екен. Көз ұшында торы биесімен тепеңдеген аңшының қарасы үзілмей жатып, қарсы жақтағы қара адырдан селдей құлаған бір шоғыр малдың қою шаңы көрінді. Қойы маңырап, сиыры меңіреп, тай, құнаны шұрқырай кісінеп, ауыл үсті азан - қазан болды.

Сөйтіп, жақын төбе, адырлардың көлеңкесі ұзарып, ызалы бұлақ басынан, сай - саладан қоңыр самал ескен екінді кеште, Майшора аулы шұбартқан қалың малға толды. Сонда ғана мән - жайды түсінген Майшора:

- Көріңде өкіргір, кәмөнестер - ай! НЭП - пен емексітіп, ақырында алдап соққан екен ғой, - деп еңіреп жылап жіберді.

## IX

Бұл күндері төрелердің аулында әбігер көп. Бір жерде екі - үш адамның басы қосыла қалса:

- Майшораға бір тықыр таянған сияқты.

- Мал - мүлкін кәмпескелеп, Сібірге айдалатын көрінеді.

- Түбіне жеткен жаңа өкіл.

- Қайратты, қажырлы, іскер жас екен.

- Өкіметті алдап, көпті абжыландай арбаған зымиян мырзаны қақпанға түсірді, - деп гу - гу етеді.

Бұл сөздер оқтау жұтқандай кекжиіп, басқаларды - ит екен, кісі екен деп ойламайтын төре атаулының бүйіріне шаншудай қадалады. Осы лақап Адырбектің де құлағына түрпідей тиді. Майшора аман - сау тұрғанда, төрт құбыласы түгел сияқты сезінуші еді. Енді ықтасыны мол іргесі жалаңаштанып, арқа сүйейтін ағасынан айрылғандай бір түрлі жасып қалды.

Ал мырза бүгін қоңыр үйінде тиісерге қара таба алмай, тұлан тұтып, түнеріп - түксиіп отыр. Дәл қазір басындағы ақ отаудың кереге уықтары пышырлай сынып, шаңырағы ортасына түсіп, бұлтсыз ашық күннің қара мұнар басқандай. Күні кеше үстіне түлкі ішік, басына сусар бө - рік киіп, аяғын шекіп басып, тайпалған жорғаның желісімен баяу теңселіп, төлеңгіттердің төбесінде, төрелердің алақанында жүрген Майшора бір - ақ күнде мүсәпір болғандай. Енді күздің көзге түрткісіз қара түніндей қойны суық жалғыздық, қорғансыз жетімдік, құрым үйлі кедейлік күй ұрлана басып, табалдырығына жақындап қалғандай.

Бұл жағдай байдың жесір жеңгесіне де оңай тимеді. Үрген бүйендей бұлтиған, етжеңді қартаң әйелдің мұң көлеңкесі түспеген көздері көп жылағандықтан бұлаудай боп ісіп кеткен. Қотанында мал, басында бақ тұрғанда, қасқыр көргенде басы бірігетін ауыл - үйдің итіндей байды қаумалап, кеңес өкіметінен барын жасырып келген иісі төрелер оның басына іс түскенде жалт беріп, құйрығын сырт салды. Сол себепті бір жағынан мал күйігі, екінші жағынан көзден бір - бір ұшқан бақ күйігі ішін тотияйындай күйдірген әйел:

- Шұнақ құдай - ай! Не жаздым саған! - деп дауыс салып, қызыл шырайлы бетін тырнағымен алып тастады.

Содан бері жайшылықта өз үйінің төсегі жиналмай, қазаны асылмай қалса да, үсті - басын күтіп ұстап, сәнсалтанатын бұзбайтын жесір әйелдің бүйрек бетіне тырнақ ізінен түскен жара жазылған жоқ.

Содан бері оның көңілінен мұң - қайғы арылып, көзінен ащы жасы кепкен жоқ. Оңаша жерде, қызметші қатындарға қатты ашуланғанда, ақ ит кіріп, қара ит шығатын бейпіл аузынан Садырбекке арналған қарғыс сөзінің бәрі айтылды. Егер қарғыстан адам өлетін болса, Садырбек табан астында тіл тартпай кетер еді.

Басын ақ орамалмен байлап алған әйел екі жағына кезек теңселіп отырып:

- Екі дүниеде не қатынның, не баланың қызығын көрмей өт, Садырбек! Жүрген жерің есік, қалтаңның түбі тесік болсын! Өлгенде, көріңнің бет тақтайы күйіп, күңіренген даусың қара жердің астынан шықсын, - деп қарғап - сілейді.

Жылаудан тыйылып, ес жинап, аздап өзіне - өзі келген сәтте:

- Елім, жұртым, қош бол! Бізсіз көрген күнің не болады? - дейді дауыстап.

Осы күндері Майшораның қолынан қара қобыз түспеді. Көзінен тарам - тарам боп аққан жас бетін жуып отырып, қаралы күй күңірентеді.

Алғашқыда қоңырлап басталған күй шырығып, шымырлап келіп:

Балаң өлді, балаң өлді, Жошы хан,
Сенесің ғой, сенесің ғой осыған!

деп, өксіп - өксіп бебеулеп кетті. Күй сарыны ет жүректі елжіретіп, қам көңілді сан алуан толқынысқа салып, өзекті жанның алпыс екі тамырын иіткендей.

«Балаң өлді, балаң өлді, Жошы хан» деген жалғыз ауыз сөз соны қылішек арқылы жеткізіп, гөй - гөйлеген күй жұмыр басты пендеге бұл дүниеде мәңгілік ештеңе жоқ екенін, оның аз күндік қонақ екенін есіне сап, еріксіз егілтіп жылатқандай.

Егіліп жылағанда етегі көз жасына толған қаралы жанның қайғысын шыбын шаққан құрлы көрмейтін, оң жақ босағада арыстай азаматы жатқанда көзінен жас алмайтын тас бауыр адам да бұл күйге қайрат қыла алмас. Бір уақыт қамшының келте сабындай мына жалғанның өткіншілігін, көктемгі бәйшешектей гүл - гүл жайнаған жастық дәуреннің қысқалығын ойлап, көзіне жас іркіліп: «Ханның да, қараның да басынан өтетін опасыз дүние - ай. Аспандағы күндей, түгесілмейтін ауадай, сарқылмайтын дариядай неге мәңгілік болмадың екен. Сасыған иісі қос өкпеңді қабатын өлексемен қоректенген құзғынға мың жас сыйлағанда, жаратқан иемнің адамға көңілі тарылғаны несі? Бай - бай пенде байғұс - ай! Өміріңмен қоштасқың келмей, қанша тырмысып, тырысқаныңмен, бір күні сен де өлесің. Оған көнбеске амалың жоқ, қарсы тұруға тауаның жоқ», - дейді. Неткен зарлы күй, неткен ащы шындық. Тиген жерін күшаладай күйдіріп, естіген жанның өзегін от боп өртегендей.

Ал Майшораға «Ақсақ құлан - Жошы хан» күйі өзгеше бір сыр ашып, жүрегіне қан боп қатқан қай - қайдағы шер - шеменді қозғап, күңіреніп, күрсініп келіп:

Ұмыт болып ата дәстүр, жөн - жора,
Күнің өтті, күнің өтті, Майшора!

дегендей.

Аяуы жоқ, қам көңілді елеп есіркеуі жоқ, неткен қатал күй. «Күнің өтті, күнің өтті, Майшора!» - деп суының тұнығы, өмірінің қызығы, тұңғыш баласынан айырылған әйелдей тұншыға сыңсып, жылан арбаған бозторғайдай безек қағып бебеулейді. Күнің өтті дейді, ә?! Дәл қазір сағы сынып, тістей қатып, тірнектеп жинаған дүние - мүкәмалының бәрінен жұрдай болған бейшараны адам аямағанымен күй аяса несі кетеді? Әй, қайдам?..

Жайнамаздың үстінде күні - түні жалынып - жалбарынғанымен, тәңірі қарғап, тағдыры сырт айналып, қиын кезде серіксіз сергелдеңге түскен төренің мырзасын күй аяй қояр ма екен? Пенде елемаген соң, күй есіркегеннен не шығады?



Бір мезгілде қаралы күй: «О, Майшора, Майшора! Жайлауыңды жау алды, қыстауыңды өрт алды, жүрегіңді дерт алды. Шыда, шыда, қайтесің?! Заманың дұрыс болмаса, қасың боп жұртың қорласа, шараң бар ма шыдамай?» - деп көңіл жұбатуға ауысты.

Басын бауырына алып, жұмулы жанары жасқа толып кеткен Майшора безілдеп, бебеулеген күйдің осы тұсында көзін ашып: «Сен де болған іске болаттай берік бол, көз жасыңды тый деп, алдап - алдарқатқың келеді, - деп қыл ішекті қара қобызға қарады. - Мен басынан сипап, қолына майлы жілік ұстатқанға мәз болатын бала емеспін ғой. Өйтіп алдама, кәрі серігім! Есіктен кіруге иеніп, босағадан сығалайтын көп кірмеге көл өмір, арғы атасынан бері басына бақ қонған Майшораға шөл болыпты. Ендеше, осындай екіжүзді, мұндай сұм дүниенің астыүстіне келіп, неге топан су баспайды?! Өзін ұрыдай тонап, мол дәулетін желге шашып, енді езілме, егілме дейтін қобыздың шанағы қақ айырылып, жылы сөзбен көңіл алдаусыратқандардың тілі неге кесілмейді? - Осыны ойлап қара қобызды босағаға атып ұрды. Шанағы күл - талқан боп қираған қобыздың қыл ішегі: Күнің өт - ті...» - деп ызыңдап барып, нәзік үні кілт үзілді.

Майшора тірелген тығырықтан шығатын ақыл - айла таба алмай отырғанда, сәске түс кезінде ауданнан қасына екі милиционер ерткен Садырбек келді. Қызыл жағаның бірі - тікірейген мысық мұртты, арық қара сұр жігіт те, екіншісі жуан қарны салбыраған, жасы қырықтардан асқан жігіт ағасы.

Әсіресе, қара сұр милиционердің екпіні қатты.

- Аттар дайын ба? Көп ырғалып - жырғалмай, жүруіміз керек, - деп зіркілдеді.

Ал жасы үлкен милиционердің бадырақ көздері жыпылықтап, дөңгелек зерен жүзіне шып - шып шыққан терін көлдей бет орамалымен қайта - қайта сүртініп, серігінің аузына қарайды.

Біраздан кейін, бай үйінің маңына жиналған кісілердің қарасы көбейе түсті. Жұрт ойдан, қырдан бөгесінді бұзып кеткен тасқын судай ағылып келіп жатыр. Жүз қаралы кісі жиналып қалғанда, жас милиционер қоңыр үйдің есігін ашқан бетте:

- Қане, буржуй, далаға шық! Қазір саған үкім оқылады, - деді ақырып.

Ағыл - тегіл қара терге түсіп, көздері апалақтаған, абдырап - сасқан Майшора құр сүлдері сүйретіліп тысқа

шықты. Мырзаны көрген соң, үй маңына жиналған жұрт сілтідей тына қалды.

Үкімді Ырысбай оқыды. Оның ұялы қоңыр көзінде уытты жалынды бір ұшқын бар. Айқын да анық даусы томағасы сыпырылған қырандай саңқ - саңқ етеді.

- Көп уақыттан бері, - деді ол, - Майшора Әлібек ұлы өкіметтің ірі байларды конфискелеу туралы қаулысына қарамастан, басы артық малым жақын - жұрағатына, көңілдес жақындарына тығып келді. Бірақ оның бұл қылмысы көп ұзамай әшкереленді. Сондықтан Майшораның ісі егжей - тегжейлі тексерілу үшін, сотқа беріледі. Ендігі оның тағдырын заң орындары шешеді.

Осы кезде жыртық тымақ, жұпыны киімді жатақтар:

- Өте әділ үкім!

- Мың асқанға бір тосқан!

- Кеңес өкіметінің құрығы ұзын! Одан ешкім қашып құтылмайды! - деп шу - шу ете қалды.

Кеу - кеулесе даурыққан айқай - шу үдеп бара жатқан соң, жас милиционер:

- Жолдастар! Тыныштальңыздар! Тәртіп сақтау керек! - деді даусын көтеріп.

Жиналған дүйім жұрттың дабыры басыла бергенде, Ырысбай тағы да тамағын кенеп:

- Ал Майшора Әлібек ұлының конфискеленген малы Көксеңгір аулында құрылатын болашақ колхоз меншігіне беріліп, артығы өкіметке өткізілсін, - деді. Ол соңғы сөзін айтқанда; туғалы басына жеке үй тігіп, босағасына мал байлап шыр бітпеген кедей - кепшіктер:

- Көп жаса, кеңес өкіметі!

- Азаматсың, Ырысбай!

- Жарайсың, Садырбек! - деді айқайлап.

Сол көп айғайшының арасында есеңгіреп қалғандай басы мең - зең болып Адырбек тұр еді. Ауылнай Майшораға үкімін айтқанда, бүкіл денесі аяз қарығандай қалтырап, жүрегі су ете қалды.

Қыстыгүні биік төбенің басына соғылған аққаладан төмен қарай домалаған баладай басы шыр көбелек айналып, көзі бұлдырап, буын - буыннан әл кетті. Мал бағып, күн қақты болған жүзіне біресе қызыл, біресе көкшіл қан ойнап шығып, түсі әлем - тапырық боп өзгерді. Кенет қос өкпесі қысылып, тынысы тарылғандай, барар жер, басар тауы қалмағандай алақтап жан - жағына қарады. Айналасы иін тірескен қалың адам екен. Бәрінің де жүзі алабұрта қызарып, көздері жарқылы мол отпен ұшқындап, шеке тамырлары жарылып кетердей адырайып: «Жасасын кеңес!» - дейді дауыстап.



Сақал - шашы аппақ құдай болып, белі бүкірейіп, әбден кетуі кеткен бір шал елден ерекше: «Жаса!» - деп өңешін соза айғайлады. «Мына қаусаған көктөбеттің дәмесін қарай гөр», - деп ойлады Адырбек. - Бұл да кәрілігіне қарамастан әлі орнамаған колхоздың қызығын көрмекші. - Тфу, алжыған кәрі қақбас!

Бір сәтте сығылысқан қалың жұрт алға қарай лықсып кетті. Егер сүрініп кетіп, аяқ астында қалса, Адырбекті таптап кететіндей. Көп адамның арасында қос өкпесі қысылып, тынысы ауырлап, борша - борша боп терлеген ол шегіншектеген күйі қалың топтан сытылып шықты. Сонда ғана «Уф!» - деп ауыр демін алып, алақанының қырымен маңдай терін сыпырып тастады.

- Анадан тас бауыр боп туған ит - ай! - деп күбірледі ол. - Көрде сүйегі баяғыда қурап қалған әкеңнің көз құны қалғандай, мырзада нең бар еді?! Малым шырылдатып тартып алғаның да жетпей ме? Басқалар сияқты жер аударсаң аздық ете ме? Жоқ, тағы ісін сотқа беріп, байғұстың шарадай басын шақшадай етпекші. Білмей жүріппін ғой. Кәпір екен Садырбек, - деп басын шайқады. - Ескінің көзі, ел ұлтаны - Майшораны «итжеккенге» айдатқан соң, бұл қызыл көз орта шаруаға да ауыз салмасына кім кепіл? Туысың ұлық болғанымен, түсі жаттан да суық. Тападай тал түсте атыңды тартып мінсе, күні ертең қотандағы малыңды айдап алудан тайынбайды ол. Сондықтан, Адеке, есіңнің барында, еліңді тап. Бірақ елін тапқанда, қайда барады?..

Осы кезде Садырбекті көрген Майшора жалт қарап, аттың қылындай соя - соя қайратты мұрты тікірейіп, қан жауып кеткен көзін жалт - жұлт еткізіп:

- Соңыма шам алып түсіп, түбіме жеттің бе? Байқа, бала! Дүние жалған кезек. Бір рет мүлт кетсем, келесіде қолым қалтырамас, - деді зәрлі үнмен.

- Осы сөзіңіз рас болса, мүлдем кетесіз! - деді Садырбек.

- Қарсылықты доғар! - деді жас милиционердің жүзі сұрланып.

- Жүретін уақыт болды! - деп, жуан милиционер де өзінің өкімет адамы екенін білдіріп қалғысы келгендей.

Көп ұзамай қазақы ырдуан арбаға арық түйе жегілді. Арбиған ағаштары сықыр - сықыр етіп, майланбаған дөңгелегі шиқылдап, арба орнынан қозғала бергенде, Дүрия мен саған ермеймін дегендей теріс айналып кетті.

Әйелінің мына қылығынан кейін бауыры суып, жұрттың бәрін жауындай жат көріп, дүниеден мүлдем түңілген бай ернін қыршып алардай тістене сазарып, үндемеді.

Ішін удай ашытып, жүрегін кемірген шарасыздықтан ба, әлде әйеліне деген қара қазандай өкпеден бе, жарқылы мол көздері суық ызғар шашып, айналаға қабақ астынан сүзіле қарайды. Үнсіз келіп, жұқа шаптан алып түсетін көкжал қасқырдың көзіндей аса суық көзқарас.

Арбалылар төрелер аулынан қозы көш жер ұзап шықты. Мезгіл көктемнің ортасы болғандықтан, гүл - жапырақ әбден жетілген екен. Жасыл сасыр, ал қара көк бетеге, көк жусан жерден бауырын көтеріп, қоңыр са - мал үп етсе, су бетіндей жыбыр - жыбыр етіп, майыса тербеледі. Сары түсті, жасыл түсті, қоңыр түсті көп көбелек шуақты күнге қуана қауызын ашқан сарғалдақтар мен қызғалдақтарға бір қонып, бір ұшады. Көктемнің жайнаған гүл - жапырағынан шырын жинаған аралар гу - гу етеді.

Жақындап қалған арбаның салдырынан үріккен қара торғайлар тобымен пыр етіп ұшып, бие бауындай жерге қайта қонды. Бірақ мамыр айында жасарып, жаңарған жасыл дүние, оның сан түрлі дыбыстарға толы көп үні Майшораның қан қатқан жүрегін елжірете алған жоқ. Ол жол бойы күйініп, күрсінумен болды. Қарғайтыны - Ырысбай, Садырбек болғанда, кінәлайтыны жер ауған ағасы Жаншора.

«Айналайын, ағам - ай! - дейді ол іштей зар еңіреп, - мені аяғы сынған ошақтай етіп, көшкен жұртыңа неге тастап кеттің екен?! Әзірет Сұлтанның басына түнеп, құрбандық шалып, мойныңа бұршақ салып жүріп құдайдан тілеп алған жалғызың болмағанмен, бауырың едім ғой.

Жұрттың көңілі бүтін, ел іргесі берік отырған сол заманда: «Ойбай, қызылдар келіп қалды!» - деп астыңнан су шыққандай көше жөнелдің. Қылтамақ дейтін бейдауа дертке ұшырап, күн өткен сайын сөніп бара жатқан шешеме де қайырылып қарамадың? Мүмкін, ешқандай емдом қонбайтын дертке шалдыққан анаңды о дүниелік деп ойлаған шығарсың. Оған ешқандай дауым жоқ. Ал мен бейшарада қандай жазық бар еді, ағажан?! Жазығым тоғыз ай, тоғыз күн көтеріп, керегеге керілген ала арқанда бебеулей теңселіп, қинала толғатып, мені жарық дүниеге әкелген жан анамның: «Ақ тәнім туған жердің топырағында қалсын!» - деген жалғыз ауыз тілегін жер - ге тастай алмағаным ба? Шеше алдындағы бала қарызы - ит арқасы қияндағы Мекеге оны үш рет жаяу арқалап барып қайтса да, өтелмейді. Мен байғұс сен талақ еткен атамекенде, шаңы шыққан сары жұртта барлық пен жоқтық арасында жатқан анамның қасында қалдым. Сен Шығыс Түркістанға тайлы - таяғымен тік көтеріліп, дүрк кешкен соң, алты ай өткеннен кейін шешем дүние салды. Содан бастап, жал - құйрықсыз жалғызілікті өмірім басталады. Не асқар таудай арқа сүйейтін әке жоқ, не басыңа күн туып, қажып - талғанда ақыл айтатын аға жоқ. Содан бастап, ай - күнің өтті, ағашым! Сенен бір хабар айтатын шығар деп көлденең жүрген көк аттының жолын тостым. Бірақ бейсауыт жүргінші өзің туралы я жақсылық, я жаманшылық хабар айтпады. Мен сонда да күдер үзбедім. Аға, мен сені мұз көшкінінің суық тынысындай суылдап, зәулім бәйтеректі түп - тамырымен қопарып, бұйығы ауыл тірлігін әбігерге салатын долы Алабас-Қарабастың желінен сұрадым. Ешкімге аласы жоқ күннен, жер - дүниеге ақ сәулесін аямай төккен айдан, қара көк аспанда жемге үймелеген балапандай жыпырлаған жұлдыздардан да сұрадым. Бірақ олар да сыр шашпады.

Зулап күндер, жылжып жылдар өтті. Бірте - бірте се - нен күдер үздім. Күдер үзген соң, өз ақылыммен өмір сүрдім. Қалған малдың бір басын екеу қылдым, құлжаның асығындай алтынды ақшаға айналдырдым. Сөйтіп, уық, керегесі босап, шаңырағы шайқалған үйдің күйі қайта түзеліп, алағызған көңіл орнына түсті.

Бірақ о баста талансыз, бақсыз боп туған iнiңнiң маңдайы тайқы екен. Кеңес өкіметінің ірі байларды конфискелеп, оларды тап ретінде жою туралы жаңа қаулысының сыбысы шықты. «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» дегендей, мен де қолымнан келген айлы - шырағымды істеп бақтым. Әйтеуір, жеті атаның бірінен қосылатын иісі төре баласына артық малымды бөліп беріп, қымбат бұйымдар мен асыл тастарды ескі апанға көмдім. Дегенмен нағыз ет жақын, жанашыр туысқаның болмаған соң, жағдайың қиын екен. Жасы кішіге аға, жаман - жәутінке пана болмақ түгіл, өз көлеңкесінен сескенетін қоян жүрек, қорқақтар ағаш белсенді - Садырбектің жасаған қоқанлоқысынан шошып, мен тыққан малды қотаныма айдап әкеп тастады.

Ендігі халім тіпті мүшкіл. Екі қызыл жағаның көк мылтығының астында Қызылкентке айдалып барамын. Артым соқпақ, алдым - бұлдыр».

Осы сәтте Майшора отырған арбаға жегілген атан түйе «Уф!» деп аузындағы жынын шашып қалды. Сөйтіп,

байдың көзінен қанды жас ағып отырып, алыстағы ағасына айтқан мұңы еріксіз үзіліп кетті. Сең соққан балықтай есеңгіреген мырза бір мезгіл есін жинап, алды - артына қабағының астынан сығалай қарады.

Қаншырдай қатқан аш белі аспанға шығып кетеуі кет - кен кәрі түйедей айбақ - сайбақ қазақы ырдуан арбаның дөңгелегі мойны бекімеген жас баланың басындай бұлғаң-бұлғаң етеді. Қар, жаңбыр суымен жарылып, ыстық күнге қаңсып, қураған ағаштары сықырлайды. Арбаға жегілген сары атан сауырына, жұқа шабына қонған көк бас шыбындарды шолақ құйрығымен жасқап қойып, анда-санда бақырып қояды. Ауылдан шығарда, ат арбамен қатарласа жүріп келе жатқан қара сұр милиционер енді алдыға түсіпті. Ал зерен жүзді, қызыл сары семіз айдауыл арбаның артында келеді. Тебесі тозып, жүні түтеленіп шыға бастаған ескі тымағы миығына түсіп кеткен көшір шал: «Шу, жануар!» - деп делбені қағып қояды.

Бұлар бие өрісіндей жер ұзаған соң, төрелер аулының аспанға көлбеңдей көтерілген жерошағының түтіні де көрінбей кетті. Майшораның қанталаған көзі жасаурап, желіде ботасы қалған інгендей артына жаутаңдап қарай береді. Жарық дүниеге шыр етіп келгенде, жұмсақ топырағына жамбасы тиген туған жерден алыстаған сайын, тұнығын шайқап ішкен жұмақ дүниеден де бірте - бірте жырақтап бара жатқандай.

«Бұлтағы мен бұралаңы көп құбылмалы дүние - ай, сол! Аңқау баладай алдаусыратып келіп, ақырында, Майшораны адастырып кеттің бе?» - деп тұтқындағы мырза ауыр күрсінді.

Тегінде, жұмыр басты пенде дүние жалғанның қызығына тойған ба? Оған Майшора да қатты құнығыпты. Бірақ алаңсыз шағы, аспанда жарқырай көрініп, құлдилап аққан құйрықты жұлдыздай қас қағым сәтте көзінен тезғайып болды ма, қалай? Енді тек жүрегін ащы запырандай қыжылдатып, ішін удай ашытқан орны толмас өкініштің табы ғана қалған. Алдыда мұны қандай тағдыр күтіп тұр? Әйтеуір, салқын үй, салулы төсек күтпейтіні айдан анық. Болашақ өмірі буалдыр да бұлыңғыр. Көптен малын, асыл бұйымын жасырған іш мерезді өкімет кешіре ме? Өкімет кешіргенмен, жон арқасынан мылтықтың көк ұңғысын қадап, өзі қастандық жасаған Садырбек кеше ме? Әй, қайдам? Қай заманда қазақ басқада кеткен өшін кешіріп еді?!

Жайшылықта өп - өтірік аңқаусып, аңқылдап сөйлеп, ақ көңіл боп көрінуге тырысқанымен, олар бір - бірімен итесуге келгенде, ешкімнен де кем түспейді. Соны ойлағанда, мұның пешенесіне жазылған ендігі өмірдің мән-мағынасы азайып, көз тартқан қызылды - жасылды бояуы оңып, жат көрінгендей бірте - бірте суық тарта бастады.

Майшораның ендігі тағдыры пендеге пенде болып, «итжеккенге» айдалу ма?

Көрінгеннің қас - қабағына қарап, жетім баладай бетіне жалтақтап, солардың айтқанына көніп, айдауына жүрген итшілік өмірден Майшора қандай опа таппақшы?!

Бұл кезде жыландай иреңдеген даланың көмескі жолы жал - жал ұсақ бұйраттардың арасына кірді. Алдыдан көктемге қарай тасыған Көксу өзенінің гүрілдеген даусы естіледі. Майшора жан - жағына ұрлана көз жібереді. Арттағы алпамса денелі милиционер басы былқ - сылқ етіп, ер үстінде қалғып келе жатыр. Ал жас айдауыл қыбырлай жылжыған арбадан арқан бойы ұзап кетіпті.

Арбалылар арқырап ағып жатқан тау өзенінің үстіне салынған тас көпірге жетті. Енді, міне, көпірдің қызыл шақа тасына арбаның дөңгелегі тоқ - тоқ тиіп, дәл ортасына жетіп қалды. Майшора төменге көз жіберді. Қараңғы да күңгірт терең шатқалда арынды, екпінді тау өзені ақ бас айдаһардай мың бүктетіліп, үйдей - үйдей қойтастарға соғылып, күміс көбігін бұрқырата шашып, гүрілдеп ағып жатыр. Түпсіз терең шатқалға қараған байдың көзі бұлдырап, басы айналды. Қанша дегенмен, өмір тәтті екен. Ал шырқыраған шыбын жан дәл алқымға келгенде, гауһар тастан да қымбат па, қалай? Майшора қашуға бет алған ниетінен айнып, аз - кем ойланып қалды. Бірақ енді сәл бөгелсе, ат арба көпірден өтіп кетеді. Неге бекінсе де, дәл қазір шешуі керек. Ол көшір шалдың көзін ала беріп, арбадан бір - ақ секірді. Әйткенмен, оны байқап қалған шал: «Ойбай, қашып кетті!» - деп айғай салды. Ал арба тоқтап, алғашқыда не болғанын білмей, аң - таң болған айдауылдар ат басын іркіп, терең шатқалға үңіле көз жіберісті. Бірақ қашқынды көре алмады. Шатқал түбінде арқыраған асау өзен жыландай ирелеңдеп ағып жатыр.

## X

Майшора айдауылдардан қашып құтылған соң, қос өкпесі күйгенше жүгіре отырып, талай белдерден асып түсіп, бір мезетте жерге етпетінен жата кетіп:

- Бітті... Бәрі бітті... Қыл аяғы қылымсыған қырмы-

зымда қызыл түлкі болып шықты, - деп өкіре жылап жіберді. Сонан кейін: Шұнақ құдай - ау, саған қай қылығым жақпады?! Енді қалайша өмір сүремін, - деп қара жерді тырналай берді.

Тек саусақтарының кебесінен шып - шып қан шығып, дуылдап аши бастағанда, есін жиғандай болды. Көзінен ағыл - тегіл боп аққан жасымен қоса, көкірегін қыжылдатқан ащы зар - запыран, орны толмас өкініш, маңдайы тай - қы тағдырына деген өкпе - нала сыртқа шығып, денесі жеңілденгендей сезінді. Сөйтсе де етжүрегін зіл қара тастай басқан ауыр салмақ бар. Іші көшкен елдің жұртында қалған бұралқы күшіктей ұлып тұр. Бейне бір тотияиынның суын тамызғандай кеудесі удай ашып, көз алды тұманданып, бұлдырай береді. Бүгінгі көрген қорлығы, бүгінгі шеккен азабы - жан - дүниесін ұйқы - тұйқы етіп, еңсесін езіп кетті. Мұнымен салыстырғанда, бұрында аталас төрелердің әйел сияқты ұсақ мінезіне ренжігені, ішкен - жегеніне мәз ағайын - туысқанға өкпелегені, бақталас адамдарға ұпайы кетіп, түні бойы дөңбекшіп ұйқтамағаны ештеңе емес екен. Онда ең бастысы - басы аман, малы түгел болатын. Дәл қазір ол - қашқын. Құла түздің тағы аңындай әр дыбыстан секем алып, адамзат баласының бәріне келіншек боп, тау мен тасты тасаланып, бұқпалап өмір сүрмекші. Дүниеде бұдан өткен қорлық, бұдан асқан ауыр жаза бола ма? Япыр - ау, сонда заманында болып - толған Майшора басқа ұрса бұғып артқа ұрса көне бере ме? «Сенде жазық жоқ, менде азық жоқ», - деп бата жасап, құбылаға қаратып бауыздаған тоқты екеш тоқты да, енерінде тұяғын серіппеуші ме еді. Сонда бұның қой құрлы қауқары болмағаны ма? Жо - жоқ, «Құдай басқа салды, мен кендім», - деп тағдырға қылша мойны талша болғанша бас иетін Майшора емес. Ол қарулы қол жинайды. Ел ішінен тілектестер табады. Сөйтіп өлсе де, өз жастығын ала жатады. Не жаралы жас аюдай қастасқан дұшпанның беті - басын жаралап, қарғыс атқан бұл елден біржолата кетеді. Осындай қайырылмас қатал ойға бекінген Майшора бетін құбылаға қаратып, күректей алақанын жайып:

Уа, Абылай! Аруағыңнан айналайын, хан бабам! Осы ақ пен қызыл арасында, көзімнен аққан қанды жасымды жұта отырып, ант етемін! Қалған өмір, қысқа дәуренде, шашыраған өз ұрпағың Майшораның қолы жағаласқанның жағасында, алысқанның алқымында кетер. Жүгім ауыр, жолым бұралаң. Сондықтан текті төреге нұқсан келтірмеген айбарлы аруағың қысылған уақытта



жебеп, сүрінген сәтте демеп отырсын! - деп бабасына сиынды.

Алыс көкжиекте күн батып барады. Ұясына еңкейген күн кең дала, ұсақ бұйрат, аласа төбелердің үстіне қып-қызыл шапағын түсірді. Кеудесі ашу - ызаға толып, біреулердің кек алуды ойлаған пенденің қан құйлы ойындай жан - жаққа қанды сәуле шашырады.

Содан ол түннің бір мезгілінде, қотанға түсетін ұрыдай жан - жағына алақ - жұлақ қарап, аяғын тықырсыз еппен басып келіп, Адырбектің терезесін қақты.

Түсте ғана қызыл жағалы екі милиционер айдап әкетіп, түпсіз құрдым судың түбіне кетті деп ойлаған байдың аман - сау оралғанында таңданған Адырбек жарамсақтана күліп:

- Мырза, ақталып, аман қайттыңыз ба? - деді.

- Қырық жыл қырғын болса да, ажалсыз адам өлмейді. Есебін тауып, қашып құтылдым, - деді Майшора сыбырлай сөйлеп.

Адырбек байдың қас - қабағын бағып үйренген ескі әдетіне бағып:

- Аруақтар жар болған екен де...- деп көзіне жас алды.

Ал Майшора тағы да айналасына барлай қарап алып:

- Адеке, саған айтатын ақылым бар, - деді.

- Ол не ақыл?

- Тілімді алсаң, сен бұл ауылдан көш.

Қашқын байдың жаңа тілегіне айран - асыр болған Адырбек:

- Майеке - ау, ел - жұрттан жырылып, мен қайда барамын? - деп қарсы сұрақ қойды.

Әп - сәтте қабағы түсіп кеткен Майшора түсін суытып:

- Садырбекке қару кезенгеніңді ұмыттың ба? - деді.

Мұны естігенде, Адырбектің жүзі оңған шүберектей қуарып сала берді.

- Есіңде болсын. Кеңес өкіметінің алдындағы сенің қылмысың менен де ауыр.

- Оны білемін.

- Е, қайда барамын дегенше, өстіп жөніңе көшпейсің бе?!

Бұл жолы да арамдығы түпсіз төре байы екі түрлі жағдайды ескерген. Бір жағынан түн қатып, түс қашып, ат үстінде жүргенде, бел шешіп, дем алатын тұрағы - Адырбектің үйі болса, екінші жағынан оның бұл ауылдан бөліне көшуі - басқалардың арасына іректі салады деп

ойлаған. Сол қан құйлы ойының жүзеге асатынына масаттанған мырза Адырбектің көңілін көтергісі келіп:

- Қорықпа, жалғыз үй болмайсың. Екі - үш айда сенің қасыңа бір тайпа ел көшіп барады, - деді.

Содан бері түнгі ұйқысы үш - төрт рет бұзылып, ойы онға, санға бөлініп жүрген Адырбек бүгін кешкі апақ-сапақта:

- Қатын, жүгіңді жина! Көшеміз, - деді аяқ астынан.

- Қайда көшеміз? Бәтір - ау, астыңнан су шықты ма? - деді молдекеңнің тосын шешіміне таң - тамаша қалған Бибасап.

- Бұлт ала, жер шола. Колхозсыз ел табамыз.

- Қазір ондай жер бар ма?

- Бар.

- Ол қайда екен?

- Жағасы нулы, толқыны шулы көкше теңіздің жағасы.

- Оның жағасында ешкім тұрмайды ғой.

- Тұрмаса, бір тұрамыз.

Дүрк көтеріліп, елден ауа көшкенде баратын жер ұйығы - осыдан отыз шақырым жердегі көкше теңіз деп шешілген соң, Адырбек тыным таппады, әйеліне де тыныштық бермеді.

- Қатын, қазан - табағыңды аяқ қапқа салдың ба? - деп тысқа шығып кетіп еді, көп ұзамай үйге қайта кіріп:

- Кілемдерді бөлек түй! - деп жаңадан жарлық берді.

Бибасап болса, онша асыға қоймады. Жайшылықта тап - тұйнақтай етіп жиналатын көрпе - жастығының, текемет, сырмағының астында қалып, ойында жүргенімен, көзіне көп іліне бермейтін әр нәрсені қолына алып, ұзақ тұрып қалады. Дәл қазір ағаш төсектің астынан шыққан тобылғы сапты, сегіз өрмелі, дырау қамшы көзіне оттай басылды. Баяғыда қыздай қосылған күйеуінің қамшысы еді. «Тентек шоқпар жинайды» дегендей, жылқышы Сағи қамшы жинады. Таңертең жылқының түнгі күзетінен келіп, бір міндеттен құтылып, арқа, басы кеңіп, шай ішіп отырғанда: «Атсыз адам - қанатсыз адам, ал қамшысыз адам - қара жаяу адам», - деп жиі айтып отыратын - ды.

Ақыры, жылқышы Сағидың түбіне қара қамшы жетті. Бір барымта кезінде, қарсы жақтың қолы қатты, балуан жігіті бетпе - бет келген Сағиды қақ маңдайдан басында асықтай қорғасыны бар жуан қамшымен тартып өткенде ол ат үстінен кескен теректей опырылып құлап, тіл тартпай кетіпті.



Бибасап бұрында құйрық - бауыр жесіп, құда болып, мал алып, атастырып қойған жеріне бармай, әкесінің үйінен түнде қашып шығып, жылқышы Сағиға тиген еді. Енді ойласа, Сағи марқұм екеуінің бір - біріне қолы жете алмай шырқыраған жүректері махаббаттың жалынды отына күйіп, «аһ» ұрған, асық болған іңкәр күндері көп те, жұп болып ғұмыр кешкен өмірі, көрген қызығы өте аз екен. Енді, міне, Бибасап байғұстың аспанында жанған жарық жұлдызы, жаңа туған айы, бетіне жел боп тимеген аяулы жары - Сағидан қалған жалғыз белгі - осы қызыл сапты қамшы. Күні бүгінге дейін Сағимен бірге кешкен қысқа ғұмырын есіне алып, сол ыстық шағын сезімтал әйелге тән жүйрік көңіл, ақындық қиялмен қайта тірілтіп, құдай қосқан қосағымен ойша тілдесіп, өмір сүріп келе жатқан Бибасап бұл қамшыны көшкен жұртына тастап кетпек емес. Бибасап Сағидың көзіндей қызыл қамшыны аударып - төңкеріп ұзақ қарап тұрды да, шаңын сүртіп, жұқа шүберекке орап, буылып - түйіле бастаған жүктердің арасына тықты.

Ал көйлек - көншек салынған жүк аяқтың ішін ақтарғанда, тар құрсағын кеңейтіп, тас емшегін идірген тұла бойы тұңғыш баласының ит көйлегін тауып алды. Алғашқы нәресте бойына біткенде, ашаң жүзді, талдырмаш денелі, жас келіншек қарға аунаған түлкідей құлпырып шыға келді. Бетінің ағы ақ, қызылы қызыл боп, барлық құлын мүшесі айқындалып, толысып, езуінен көңілді күлкі табы кетпейді. Бұрында, әсіресе, үлкен кісілердің көзінше, ақ сары мұңды жүзіне жұртқа көрсетпей, үнемі төмен қарап жүретін бойжеткен қыз тұрмысқа шыққан соң, тез ашылды. Енді жарқылдап сөйлеп, сыңғырлап күледі. Күлген кезде дымқылданған қоңыр көздерінде бір шұғылалы ұшқын пайда болды. Соны байқаған жастау жеңгелері:

- Сұлу бикеш, қайнымның құшағы ыстық па, қалай? - дейді сөзіне ең кемі екі - үш түрлі астар беріп.

Бибасап болса, қалыңмалға сатылып, қасқа тісі босай бастаған қу сүйек шалға қатын үстіне келген жас тоқалды табалағандай:

- Айтары жоқ, жеңеше! Оттай ыстық, - дейді қуақы үнмен.

Ал сөзден ұтылып, мойны астына түскен әйел:

- Әй, қу қаншық, сені сөзбен ешкім жеңбес, - деп қара саннан бұрап тұрып, шымшып алады.

Екіқабат болған алғашқы айларында жас келіншек жаздың айлы түндерін асыға күтуші еді...

Қара құрым үйдің жартылай ашық түндігінен қара көк аспанда жыпыр - жыпыр еткен күлімкөз жұлдыздар көрінеді. Жапсырма есіктің саңылауынан, ирек - ирек тау шоқыларынан арқан бойы көтерілген айдың сүттей сәулесі төгіліп, киіз үйдің ішін ала көлеңке жарық қып тұрады. Үй іргесінде шілделіктер шырылдайды. Ауыл қонып отырған жалпақ сайдың табанындағы дөңгелек сазда бақалар құрылдайды. Терең сайдың екі қабағын қуалай өскен қайыңды, теректі, ұшқатты тоғайдан үзіліп - үзіліп соққан қоңыр самалмен қоса, уыз қымыздың ашқылтым иісінен көк жусанның иісі үзілмей толқып кеп тұрады. Сол көк жусанның мұрын қытықтаған жұпар иісіне елтіп, басы айналған Биқасап жертөсекте әрі - бері аунақшып, көпке дейін кірпігі ілінбей, ояу жатады. Жаздың айлы, майтоңғысыз жылы түнінде өзі ұйқтамаған соң, Сағиға да маза бермейді. Бір жақ езуінде сілекейі жылтырап, аузы жартылай ашылып, тәтті ұйқының құшағында жатқан күйеуінің қоңқиған қошқар тұмсығының ұшынан қайта-қайта қысып, құлағының түк қаптаған тесігіне ши жүгіртіп, қоярда - қоймастан оятып алады.

Сонда ұйқылы - ояу Сағи:

- Жайшылық па? - дейді міңгірлеп.

- Маубасым-ау, қарасаңшы... Біздің тентек қозғалып жатыр.

- Қойшы - ей, әлі ерте емес пе?

- Ерте емес. Қимылдайтын мезгілі болды ғой.

Сол кезде «мен бармын, тірімін» дегендей, бес айдан асып қалған нәресте жас келіншектің оң жақ бүйірін бүлк - бүлк еткізеді.

Әйелінің айтқанына онша сенбеген жылқышы қара шоқпардың басындай үлкен қолын әйелінің біліне бастаған ішіне салады. Сол сәтте добалдай қолдың салмағын сезген нәресте бүлк - бүлк ете қалады. Ол қозғалған кезде, Сағидың жарылып кеткен күсті қолына баланың өкшесі ме, бәлки шынтағы ма, әйтеуір, әлі толық өсіп - жетіліп қалыптаспаған шеміршек денесінің бір мүшесі білінгендей болды.

Сонда қара шаруаға мығым, сөзге шорқақ Сағи:

- Өй, жаман неме, бұғалақ салғандай бұлқынып, қайда асығасың? - дейді.

- Қара да тұр, өскенде біздің бала тентек болады, - дейді жас келіншек күйеуіне еркелей сөйлеп.

- Онда маған тартқаны да.

- Қой аузынан шөп алмайтын сендей мондыбасқа иттің күшгі ұқсасын.



- Әй, қатын, сен не дедің? Қане, қайталап айтшы!..

- Ойбай, жаздық - жаңылдық, көкесі.

Ақыры, ай - күні жетіп, Биқасап қыз бала тапты. Ерте қимылдағанына қарап, ұл шығар деп ойлап жүргенмен, жас жұбайлардың қуанышында шек болмады. Жас бала бірде жылап, бірде ұйқтап, бірде гуілдеп, өсіп келе жатты.

Бір күні отау үйге қаңғалақтап, майда Мұса келді. Онда бұлардың кішкентай сәбиі жерге құйрық басып отырып, былдырлап сөйлеп әке - шешесін көргенде дегбірі кетіп, ұмтылатын дәрежеге жетіп қалған.

Соны көрген майда Мұса жар қабағының астынан шалшық судай жылтырап көрінетін қысық көздерімен топ - толық жүзі аппақ манардай балаға қадала қарап отырып:

- Осы сияқты алтын асықтай бала тапқан қатынының балағынан сүйіп өтсе болмай ма? - деп, басын қайта - қайта шайқап, таңдайын қақты.

Ертеңінде кішкентайлары мұрттай ұшып, ауырып қалды. Ауылдағы құшынаш кемпір: «Балаға көз тиген», - деп күн батар мезгілде бетіне салқын су бүркіп, кепкен өкпемен қағып, ем - дом жасаған болды. Бірақ сәбидің жағдайы сағат сайын төмендей берді. Сөйтіп, бүкіл денесі екі күн, екі түн күйіп - жанып жатып, аяқ асты - нан батпандап келген ауру меңдетіп әкетті де, үшінші күні тұла бойы тұңғышының демі үзілді. Сол қайтыс болған сәбиінен қалған жалғыз белгі осы көйлек еді. Бір жапырақ ит көйлекті қолына алған сайын, ақ ірімшіктің иісі шығып тұратын жас нәрестенің үлпілдеген ақ тамағынан құштарлана иіскегендей Биқасаптың ет жүрегі елжіреп, көзі мөлтілдеген жасқа толып кетеді.

- Қалақтай болған құлыным - ай, - деді ол ит көйлекті кеудесіне қысып тұрып. - Мұздай қара жерде ақ тәнің қалтырап тоңды - ау. Осыны айтқанда, Биқасаптың көңілі босап, буын - буынынан әл кетіп, көзіне жас іркілді. Бірақ артынша - ақ ертеде қайтыс болған, ең болмаса есі кіріп, етегін жимаған, денесі жылбысқы шикі өкпені ұмыта алмағанын күпірлік көріп;

- Тәуба, тәуба! Тәңірім, тұңғышыма сыйламаған ғұмырыңды жер басып жүрген Болатыма бер! А, құдай, егер бар екенің рас болса, әкесі Сағиға қимаған қызығыңды жалғыз жарығыма қи! - деді еріндері дірілдеп.

Биқасап осылайша Болаттың қамын ойлап, құдайына құлдық ұра сиынып тұрғанда, бұзау бас көн етігі көрп-

көрп етіп, Адырбек кірді. Ол жер тезек болып шашылған ұсақ - түйек мүліктердің ортасында реңі бұзылып, көзі жасаурап, состиып тұрған Биқасапты көрді. Ойқы - шойқы қабырғадан алынбаған көнетоз кілемдерге, жер еденде жиналмай жатқан ою - өрнекті сырмақ, текеметтерге көзі түсті. Көзі түсуі мұң екен, әншейінде де аузынан алласы мен аттаны қатар шығатын молдекең:

- «Таз таранғанша той тарқайды» деп, сен қатын жиналғанша, жаздың қысқа таңы ататын болды, - деді көзі ежірейіп. - Ау, ау, ақымақ қатын - ау, дүниені осыншама шашып төгіп, Қызылкенттің жайма базарында отырмысың. Олақ қатын салақ деген осы - ау! Жібі түзу, жинақы әйел болғанда, жүк баяғыда жиналатын еді, - деп Биқасапқа дүрсе қоя берді.

Қит етсе, көзі ақшаңдап шыға келетін Адырбектің тік бақай мінезінен, сасық күзендей шақылдаған даусынан әбден зәрезап болып, оның ыңғайымен жүруге тырысатын Биқасап:

- Отағасы - ау, соншама от алып қамысқа түскендей, бізді кім қуып келеді. Ертең де атар таң, шығар күн бар емес пе? - деді жайма - шуақ бейбіт үнмен. - Тым болмаса, арық тоқтының мұрнын қанатып, көрші - қолаңмен қоштасып көшпейміз бе?

Адырбек ақсақал, қарасақал жиналған ортада, біреудің жаназасында тәһлил оқығанда, көзін жұмып, басын бауырына алып, бұқар мақамымен даусын әндете созып, сырт көзге мінезі орнықты, момақан көрінуге тырысқанымен, от басы, ошақ қасында арқасына жүк батқан бақырауық түйедей аса беймаза еді. Кейде көп нәрсенің байыбына тереңдеп бармай, алды - артын өлшеп - пішпей, алқымына тірелген ашуға булығып, қиқылдап - шиқылдап, тез күйіп - пісетін - ді. Қазір де әйелінің ақылы оның ашуына май құйғандай тіпті өршітіп жіберді.

- Ертеңгі күнді айтасың ба? - деді ол қалш - қалш етіп.

- Менің айым сөніп, күнім батқалы қашан? Сен шашы ұзын, ақылы қысқа неме, соны білесің бе? Түйсініп, сезінесің? - деп Биқасапты жерлей жөнелді. - Ендігі күннің жарығы да, жылуы да маған емес, ана белсенді Садырбекке арналады. Сондықтан Байбек баласының шықылдаған сағаты санаулы. Тек кешегі төренің сұлтаны - Майшора сияқты қашқын болмады демесең, Адырбектің күйі кетті ғой.

Әлгі тас бауыр, шоқынды неме аман болса, молда деп айып тағып, жер аударудан тайынбайды. Сондықтан өзім



кетемін. Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді, - деп алқына сөйлеп, әзер тоқтады.

Бірақ әйел күйеуінің бұл сөзін пәруейіне ілген жоқ. Шапшаң қарсы сөйледі:

- Ел - жұрттан бүгін ұрланып көшіп, күні ертең бетіне қалай қараймыз? - деді.

- Мені жақыным сырт тепкенде, жат жарылқаушы ма еді, - деді Адырбек. - Бүгінгі ауылдастан ауладағы ит артық.

Тым болмаса, ас берген адамын танып, алдынан үріп шықпайды. Дайын асқа тік қасық қайдан да табылады. Оларды шақырып, көшіп жатқанымызды бар жұртқа қоңыраулататын жәйім жоқ, - деп шорт кесіп тастады.

Мынадан кейін Биқасаптың жыны ұстады. Шапылдап сөйлеп, күйеуіне деген шабуылды үдете түсті.

- Адырбек, осы сөзді басыңа бөрік киген еркекпін деп айтып тұрсың ба? - деді зілді үнмен.

Биқасап ойының байыбына онша тереңдемеген молда:

- Е, мені еркек емей, әйел деп пе едің? - деді ереуілдеп.

- Әй қайдам?! Бөркің қара қазандай болғанда, ақылың асықтай ма деп қорқамын, - деді Биқасап. Сен елден кетіп барасың ба? Әлде Садырбектен қашып барасың ба?

Інісінің аты шыққан соң, күйініп кеткен отағасы:

- Ойбай - ау, қазір ел деп ауыз толтырып айтатын, ел қалды ма? Бұл ел қашаннан қорыққанының сөзін сөйлейді. Сондықтан Садырбек билеген жұрттан кетіп барам, деді.

- Ал мен жерден кеткеніммен, елден кетпеймін.

- Ау, ау, қатын, сенің есің дұрыс пә? - деп Адырбек екі қолын жайып, әйеліне ұмтыла бергенде, жолда төңкерулі жатқан қазанға сүрініп кетіп, етбетінен түсті. Ойбай, ойбай, өлдім, - деді ол жерде құлап жатып, баж-баж етіп. - Қатын - ау, миым аузыма түсіп өлсін демесең, шамды жақ!

Биқасап тықырсыз аяғының ұшынан басып барып, ондық шамды жақты. Сонсоң тас мүсіндей қимыл - қозғалыссыз, үнсіз состиып тұрып қалды.

- Сорлы - ау, мелшиіп, не ғып тұрсың? Жиналмаймысың?! - деді шыдамсыз Адырбек етегін сілкіп, орнынан тұрып жатып.

- Мен ешқайда көшпеймін.

Ашулы отағасының көзі тағы ақшаң ете қалды. Сол

сәтте жарқ еткен суық ұшқын шам сәулесімен шағылысып, қызғылт түспен тұтанып барып, қайта сөнді.

- Осы с-с-се-нің ақыл - есің дұрыс па? - деді ол тілі икемге келмегендей тұтыға сөйлеп.

- Дұп - дұрыс.

- Жоқ, дұрыс емес. О баста құдай ұрғашыны жарымес қып жаратқан болу керек.

- Миы толық сен көше бер. Өзім осында қалам.

- Қатты қиын бопты. Жалғыз көшем. Қатын табылса да, мал табылмас.

Ашулы Адырбек есікті тарс жауып, далаға шығып кетті.

Күйеуінің тоң мойын өгіздей бір алған бетінен қайтпайтын мінезін білетін Биқасап оның ықтиярына амалсыз көніп, үн - түнсіз жинала бастады.

Үй иесі ішкі есебі бойынша, ай тумай тұрып, іңір қараңғылығында көшіп кетерміз деп ойлаған еді. Бірақ асыққан адамның ісі алға басқан ба? Біресе жүк буатын ала арқанды таба алмай, біресе аяққапқа қазан, ожау, кәкпір сияқты ұсақ ыдыстарды сыйғыза алмай, біресе ерлі - байлы екеуі сөзге келісіп қап, керілдесіп жүргенде, ай арқан бойы көтеріліп, дүниенің бәрі сүттей жарық болды.

Оның үстіне, буылып - түйілген жүктерді қара інгенге артып жатқанда, ыңғайсыздау бір жағдай болды. Қара торсық, абдырап - сасқан Биқасаптың қолынан түсіп кетіп, қақ жарылып, ішіндегі айран - шалабы босқа рәсуа болды. Мұны көргенде, қызыл іңірден бері әйеліне зығырданы қайнап, тиісерге себеп таба алмай, тұлан тұтып жүрген Адырбек арқасына жүн батқан арық түйеден арман бақырды.

- Буыны бекімеген баладай ыбылжыған сорлы - ай - деді талағынан тарс айырылып, -Қаңырығым түтеп шөлдеп жүргенде Аузымды ақтан қақтыңба? Көш бойы таңдайымды кептіретін болдың - ау?

Осы кезде молданың ұрысқақ қатындай шарылдаған ащы даусын естіген төре аулының сақ төбеттері кәукілдеп үре бастады. Сонда ғана елден ұрланып көшіп жатқанын жұрт біліп қала ма деп, қауіп ойлаған оның ерiксіз үні өшті.

Біраздан кейін Адырбек буылып - түйілген жүктерді артпақшы болып, қабағы түксиген қара інгенді бұйда - сынан тартқылап, шегере алмай әуреленіп жатыр еді:

- Апа, бұларыңыз не? - деген Болаттың даусын естіп, жүрегі су ете қалды.



- Көшейік деп жатырмыз, - деді Биқасап.

- Апатай - ау, көшкенде, өстіп көптен ұрланып көше ме екен?

- Ондай кінәңді ана әкеңе айтпайсың ба?

Сасып қалған Адырбектің қолынан түйенің бұйдасы сусып кетті. Өзі аяқ артып жүрген Майшораның қара көк атын астынан аударып алғаннан бері, отағасы белсенділерден қашқалақтап жүруші еді. Сол себепті: «Мына комсомолдың жиналысы бүгін тез бітіп қалған ба? Қап, Садырбекке жеткізсе, жағдай қиындады - ау», - деп ішінен қауіп ойлады.

Сонсоң Байқасапқа ол жеп жіберердей тесіле қара - ды. Істеген ісі алға баспаса, немесе ойлаған ойы жүзеге аспаса, әйелінің мойнына аударып, сәтсіздігін содан көріп үйренген Адырбек оны көзімен оқтай атып тұр. Қара торсықтың жарылғанына кінәлі болған әйел, мынадан кейін маңдайына тағы бір соққы тигендей үнсіз сілейіп тұрып қалды.

- Әй, қатын, белсенді балаңа шай қоймайсың ба? Мен де шөлдеп тұрмын, - деді Адырбек мысқылдап. Бұл сөзді көш - қоныстың әуресімен әбігер болып жатқанда, қонақжайлығы ұстағандықтан емес, әйтеуір, әйеліне бір сөйлеу үшін айтты.

- Апа, әуре болмай - ақ қойыңыз! - деді Болат шешесіне қарап.

Адырбектің ойы: «Пәледен Машайық қашыпты» дегендей, ешкімге сездірмей, ауыл белсенділерінің құла-~ ғына өзі жасаған ісі жетпей тұрып, барлық мал - жанымен қарасын батыру еді. Бірақ олар басы - Садырбек боп өкшелеп, ізінен қалатын емес. Атқамінер ақсақал, қарасақалдар сияқты алыспен алысқанымен қоймай, әлсін - әлсін айналып келіп, жанкүйер жақыны - мұны да жентектейді. Аяушылығы жоқ, есіркеп елеушілігі жоқ, бұл неткен қаскөйлік! Олардың осы мінезіне әбден ызаланған Адырбек:

«Қара басыма боқмұрын баладан келген пәле болса, көріп алдым. Ойдағы орыс, қырдағы қазақтан көрмеген қорлықты белсенділерден - ақ көрдім ғой. Бүйтіп бөденедей бұғып жүрген өмір құрысын!» деп ойлады.

Сонан кейін, «Сезікті бұрын секірер» дегендей, бетіне бар ашуын жинап алып, сөзді бірінші бастады.

- Әй, кәмсамол, - деді ол зәрленіп, - осы сен Садырбектің жансызы болғанды қоясың ба, жоқ па?! Әбден күйдірдіңдер ғой.

Бірақ Болат өгей әкесінің жаласынан ықпады. Ол Адырбекті мысқылдағандай, мұртынан күліп:

- Сіз күйсеңіз көпке жат пиғылыңыздан күйесіз, - деді.

- Сонда маған тап жауы деп жала жаппақсың ба?

- Жау емессіз. Бірақ ниетіңіз бұзық,

- Оны қайдан білдің? Ішіме кіріп - шығып па едің?

- Өріссіз өнегеңіз соған меңзейді.

- Ол неғылған өнеге?

- Бір қарын майды жалғыз құмалақ шірітеді. Көптен жырылып, жұрттың көңіліне алалық салмаңыз!

- Алалық салсам, не істейсің? Майшора сияқты айдатасың ба?

- Айдатпаймыз, ардың таразысына саламыз!

Адырбек үндемей қалды. Болаттың соңғы сөзі өзін көптің талқысына салып, ел арасынан аластатып, жер аудартам деген сияқты естілді. Колхоз ұйымдастыруға кедергі келтірген Майшораның жақтасы ретінде жер аударылу - барлық байлықтан жұрдай болып, ескі жұртта ұлып қалған иттей болумен бара - бар. Әрине, ондай қорлыққа Адырбек көне алмайды. Және ішпей - жемей, малдыны ақсүйек еткен «Жалпақ Қоян» жұтынын салқынына ұрынбай, қараптан - қарап бардан айырылатын ашық ауыз да бұл емес. Осыны ойлауы мұң екен, Садырбек інісіне деген өкпе - кінәсі, соның айтағына ерген бала жігітке деген ызасы, ішін удай ашытқан байлықтың күйігі - бәрі-бәрі жиналып келіп, Адырбекті адуын ашуға бастағандай болды.

Ол:

- Болат, әкең - Сағиды өлтірген мен бе? - деді ақырып.

- Жоқ.

- Әлде шешең Биқасап менен қорлық көріп жүр ме?

- Мүлдем олай емес.

- Ендеше, Адырбекте қай әкеңнің құны қалып еді? Аулақ жүр!

- Тағы да айтамын. Көшпеңіз! Босқа ұры - қарыға жем боласыз, - деді Болат та қасарысып.

Жастығына, өмірлік тәжірибесінің аздығына қарамастан ақыл айта бастаған бозбалаға жыны келген ол:

- Жалғызыңнан жайрағыр, сен табан астында қата қалып, құдай қара сорпаңды ішкізсе екен, - деді қалшқалш етіп.

- Ойбай, әкесі - ай, бұл сөзіңді қайтып ал - деп Биқасап бозторғайдай шырылдап араға түсті. - О, тәңірім, бейпіл ауыз пенденің тілегін қабыл ете көрме?

Үй иесі әйелінің сөзіне көңіл аударған жоқ. Манадан бері сағыз шайнағандай аузы малжаң - малжаң етіп, күйіс қайырып тұрған қара інгеннің қасына жетіп барып, бұйдасынан тартып қалып; «бық» еткізіп, жерге шөгерді. Сонан кейін Биқасапқа:

- Әй, қатын! Көп оттамай, тез жинал! - деді дауыстап.

Болат басын шайқап, терең күрсініп ап, шешесіне көмектесе бастады.

## XI

Садырбек кешкі шайдан кейін, қоржын үйдің төргі бөлмесіне кіріп, аласа деңгелек үстелдің басына отырды. Сонсоң белуарына дейін ыс басып, шынысы шытынаған ондық шамды тұтатты. Кеш түсіп, түн болса үстел басында отыратын әдет Садырбекке Қызылкент қалашығында, мұғалім боп жүргенде пайда болған еді. Ол кезде дәл осындай мезгілде оқушы балалардың жазу дәптерін тексеріп, немесе жаңа сабаққа дайындалып, түннің бір уағына дейін отырып қалатын - ды.

Садырбектің сол әдеті «Көксеңгір» аулында да жалғасып келеді.

Үстел үстіндегі білте шам кейде түтіндеп, кейде жалпылдап, енді бірде көзін қысып ойнағандай әлсіз, күңгірт сәулемен қыпылық - қыпылық етіп жанады. Садырбек оған онша көңіл аудармайды. Тек ертеңгі атқаратын ісін рет - ретімен жазып, алдындағы ақ қағазға шұқшия түседі. Құлаққа ұрған танадай кешкі тыныштықта даладан жалқау төбеттердің маңқ - маңқ етіп үрген даусы естіледі. Ауыл иттерінің үні өше бергенде, бір үйдің топсасы майланбаған есігі «баж» етіп ашылып, артынша тына қалды.

Садырбек алдындағы қағазды сәл ысырып, қаламын сия сауыттың қасына қойып, оң қолын жағына сүйеген күйі үнсіз ойланып қалады. Бүгінгі бітірген жұмысын, ертеңнен қара кешке дейін атпен тепеңдеп жүргенде, аз уақыт тыныс алатын түстік уақытысында кімдермен сөйлескенін есіне алды. Әрине, бір тәулік уақытта аяғынан қаз тұра бастаған шаруашылық жайлы сөз болумен қатар, жұлын - жүйкесін жұқартып, іш пыстыратын кейбір көңілсіз әңгімелер де болып тұрады,

Әсіресе Садырбектің қабағы түйіліп, жаны қиналып

тыңдайтыны үй иесі - жесір әйелмен екеуара болатын әңгіме. Алғашқыда екі бетінің қаны тамған, қозғалғанда майға шайлап қалған үйректей екі жағына кезек ауытқып жүретін осы әйелдің баяу қимылынан, етжеңді мол денесінен сахарадай кеңдікті, анаға тән мейірбандықты көргендей, бір түрлі іші жылып жүрді. Бірақ бұдан мүшел жас үлкен жесір әйел Садырбектің бұл қарым - қатынасын өзінше жорып, салт басты, сабау қамшылы жігітке деген көзқарасын өзгерте бастады. Асының дәмдісін аузына тосып, көрпесінің жұмсағын астына төсеп, жақсы көретін бауырына қызмет істеген әпкедей барынша күтті. Ал Садырбек пәтерші ретінде үй иесіне ішіп - жеген ас - суы мен жамбас ақысын дер кезінде төлейді. Бірақ жүрекке әмір жүрмейтінін білетін жігіт сезімге бой ұрған емес. Оның үстіне, жүрегінің түкпірінде алтындай сақтаған асылы Дүрия бар.

Соңғы кезде, пәтер иесі Садырбектің болашақтағы мақсат - мүддесін білгісі келе ме, басқа жаққа кетіп қала ма деп іштей қауіптене ме, алыстан орағытып, тұспалдап әр нәрсені сұрайтын боп жүр. Соның бәріне Садырбек қинала жауап береді. Төсек қасында аурудың асқа тәбетін, түнгі ұйқысын, көңіл күйін сұраған бақсыдай жесір әйел жәйлап отырып, көп нәрселерді білгісі келеді.

Ол таңертеңгі шай үстінде:

- Артық малдарды өкіметке өткіздің бе? - дейді өзімсініп.

- Өткіздім, - дейді Садырбек.

- Енді Қызылкентке қайтасың ба?

- Жоқ.

- Неге?

- Аудан басшылары осында колхоз ұйымдастыруды маған тапсырды.

- Ым. Ым...

Осындай жақсы хабарды естігенде, жесір әйелдің қатыңқы қабағы ашылып, сынық жүзі бұлт астынан шыға келген күндей жадырап, Садырбекке шайдың қызылын баса құяды. Ал Садырбек екі - үш кесе ыстық шаймен өзек жалғап, тезірек атқа қонуға асығып отырады. Асығып отырып: «Басқа бір пәтер тауып алуым керек шығар», - деп ойлайды. Мансабын пайдаланып; жеке басына баспана тұрғызып алу қаперіне кіріп - шықпайды.

Ал кешқұрым жесір әйел Садырбекті аса жылы шараймен қарсы алады. Ауыл - үйдің жаңалығын айтып, сыңғырлай күліп, дастарқанды жаяды. Қимылы да, сөзі де тым ширақ. Шын жасы қырықтың қырқасынан асып, сары



қарын әйел болып қалғанына қарамастан, бойжеткен қыздай қылымсып, еркелей күліп, наздана сөйлейді. Соған қарағанда, бұл әйелдің қөңілі жас сияқты.

Әсіресе қоңыр көздерінің аясы үлкейіп, қарашығының түбінде бір түйір жамбы жатқандай жарқ - жұрқ етіп, шұғылалы сәуле төгеді. Мұндай сәттерде Садырбек: «Жастау кезінде үй қожасы сүйкімді болған - ау!» - деп ойлайды. Бірақ сол сүйкімділік осы әйелдің қай жерінде?

Түптеп ойласа, бұл әйелдің тал бойында біткен жалғыз сұлулығы - көзінде екен. Анықтап, барлап қараса, оның көзі жай көз емес. Әйелдің көңіл күйіне қарай, әрдайым құбылып, әлденеше рет өзгеріп тұрады. Иесі сәл ренжіп, қабағын шытынса, бұл көздердің шұғылалы сәулесі майы біткен шамдай өлеусірей сөніп, бейне бір отсыз, жансыз шыныдай айналаға немқұрайды қарайды. Кейде қоңыр кеште, жіңішке даусымен баяу әндеткен мұңды шақтарында, сызды, бұлтты күздегі судың бетіндей тұңғиықтап кетеді.

Ал көңілді сәттерде бұл көздер сәл дымқылданып, бірде үркек еліктің лағындай елеңдей жаутаңдап, бірде нұры мол, жарқылы мол сәулемен жарқырап - жайнап қарар еді.

Кейінгі уақытта Садырбектің өзіне немқұрайды екенін сезді ме, бәлки, емексіген үмітті көңілі суыды ма, жесір әйелдің пәтершіге деген көзқарасы мүлдем өзгерді. Енді нұрлы сәулесі көмескі тартып, оты өшкен көздері бұған қатты аязда сынып кеткен шөлмектей ызғармен шытынап қарайды.

Садырбек жеке тұрмыс - тіршілігінде көңілсіз ойлардан сергу үшін, үстел басынан тұрып, терезенің алдына келді. Білте шамның әйнекке түскен сәулесінен бұлдыраған кескінін көрді. Терезе әйнегінен екі жағы ішіне қарай сұғылып, шашы үрпе - түрпе боп, көздері сүзек ауруынан жаңа тұрғандай шүңірейіп, қаны қашқан түрін көрді.

Садырбек әйнектегі өзінің сұрықсыз сықпытын көргісі келмей, үстел басына қайтадан келіп, ақ домбырасын қолына алды. Арып - ашыған тәніне, жабыққан көңіліне жұбанышты енді осы аспаптан іздегендей. Бірақ домбыраның үні жөпелдемеде тарғыл дыбыстардан арылып кете қоймады. Құлақ күйі келсе, көктемнің ақ таңында жез көмейі бүлк - бүлк етіп, небір сұлу саздарды қырық құйқылжытатын бұлбұл құстай - шешен домбыра не күңіреніп - күрсінбейді, не тебіренбейді. Қайта әр күйдің басын бір шалып, тыңқ - тыңқ етеді. Домбырашының се-

зімтал саусақтарына әбден мезі етіп, құлағын сарсылтқан ескі күй әуендері орала береді. Я, реніші жоқ, я болмаса қуанышы жоқ, жалғыз басты жасамыс әйелдің өтіп жатқан сұрғылт күндеріндей өңшең бірыңғай сарындар. Дегенмен Садырбек сыры басқаша, үні өзгеше жаңа бір әуен іздеп көп әуреленді. Бірақ қаншама әуре-сарсаңға түскенімен, ол күйін таба алмады. Сондықтан домбыраның құлағын қатайыңқырап бұрап еді, қос ішектің біреуі тырс етіп, үзіліп кетті.

Күйші оған жаңа ішек тақты. Сонсоң әр пернені кезек-кезек басып, әр ішектің ыңылын бір тыңдап көріп, жаңа әуенді қайта іздеді. Тыңқылдаған кос ішек құлаққа жағымсыз естілетін тарғыл дыбыстардан жуық маңда арыла қоймады.

Ақыры, біраз уақыт әуреленгеннен кейін, оның сүйріктей саусақтары домбыраның сағалық пернелерінен бұғалық пернелеріне қарай еркін жорғалап барғанда, өз арнасын тапқан күй құйқылжи жөнелді. Ә дегенде атойлап ашу шақырмай, домбыра үні қоңырлап, баяу шықты. Бұл күй я күңіренбейді, я тепсінбейді, қайта сай-сүйекті сырқыратып, қайдағы - жайдағы мұң мен арманды қозғап, тебіренеді.

Әуелі қара шанақтың көмейінен майда үнмен төгілген күй жүйрік аттай бауырын жазып, құлашын кеңге сермеп, бірте - бірте ширығып, күңірене үдеп келеді.

Біресе жел уілдеп, біресе үкілі қамыстың басы теңселе шайқалып, енді бірде тыныш күнгі теңіздің момақан толқындары жағалауды шылп - шылп ұрып жатқандай. Қайсыбір сәтте дүбірлетіп, қалың жылқы шауып өткендей болады. Осы жаңа күй, жаңа сарын оның құлағына майдай жағып барады. Көңіліндегі үй иесіне, немере ағасына деген кейіс - реніші, көптен бері көмейінде тығылып жүрген ой - құсасы да ұмыт болып, ет жүрегі елжіреп, жұлын - жүйкесінің бәрі босап сала берді.

Сонымен қатар, Садырбекке өз жүрегі айтпаған асыл сырды күй тілі айтып жатыр.

«Қарлы шыңдардай биік, айдын - шалқар көлдей толқынды әнің болса, даусың қарлыққанша шырқа!» дейді мына күй. Шарықтатып салған даусың алыстарға жетсін!

Жүрегіңде түйіліп қалған жан сырың болса, ашшы басқаға! Нұр болып, жыр болып төгілген сол сырың қам көңіл адамды жұбатып, қатыгез жанға мейірім сыйлап, бастар ма екен армандай асқақ жарқын болашаққа!

Кеудеңді салқын самалға ашып тастап, сергісеңші



ауыр ойдан! Сонда мүмкін осы дел - сал күйден арылып, өрге, биіктерге ұмтыларсың».

Аққудай сыңқылдаған сырбаз күй сазы «дөридайдай, дөридайдай» деп талмаусырап барып біткенде, ол шырт ұйқыдан шошып оянғандай, селт етіп, өзіне - өзі келді. Санасы тұманды ойлардан шайдай ашылып, көкірегі күмбірленген күйге толып, етсіз арық саусақтарында көзге білінер - білінбес діріл пайда болыпты. Бұл оның өлең жазардағы әдеті еді. Нәзік дірілге, толқынды үнге толы күй сарынымен қоса, жігіт көңілінде жаңа жыр ырғағы туып келе жатқандай. Ол өлеңді ақын болып атын шығару үшін емес, өзі үшін жазатын - ды. Өйткені өлең жазғанда, күнделікті өміріндегі реніш - мұңның бәрін ұмытып кетіп, бойы да, ойы да көтерілгендей өркештеніп, кеңейіп сала беретін - ді.

Ол домбырасын қабырғаға сүйей салып, жер үстелге қайта отырды. Көздері жасаурап, ерні жыбыр - жыбыр етіп, ақ қағаз бетіне алғашқы жыр жолдарын түсіре бастады.

Колхозым көтергенде көк күмбезін,
Мендегі шалқып кетті отты сезім.

Бір мезгілде ауызғы бөлме жақтан тырпылдай басдан кебіс дыбысы естілді. Артынша - ақ, есікті жұлқи ашып, үй иесі кірді. Ашулы әйел екі иығынан дем алып, бейне бір ауа жетпегендей үлкен кеудесі бір көтеріліп, бір басылады.

- Жолдас комиссар, - деді ол алқына сөйлеп, - үйде жер май аз. Сондықтан түнде ұзақ отырмасаң екен.

Бұрында ол пәтершіге «Садыржан» деуші еді, кейінгі уақытта кекеткені ме, әлде шыны ма, комиссар дейтін болыпты.

- Жарайды, көп отырмаспын.

Тегінде анда - санда келетін ақындық шабыты басына жүген, құрық тимеген шу асаудай үркек те секемшіл. Ол шаңқылдаған әйел даусы түгіл, қолына шыбық ұстаған жас баладан да қорқады. Осыдан кейін, өлеңнің: «Колхозым көтергенде көк күмбезін, мендегі шалқып кетті отты сезім» - деген екі жолынан басқасы пышырап сала берді,

Садырбек өлеңді былай ысырып қойып, енді күнделікті шаруасына ауысты. «Көксеңгір» аулында жаңадан құрылатын колхозға керекті құрал - жабдықтарды қағаз бетіне түсіріп, сықсима шамның түбінде ұзақ отырып қалды.

- Жолдас комиссар, мен саған не айттым!?-

Осыдан кейін, кенеттен құйын соғып өткендей, үстел үстіндегі қағаздар жым - жылас жоқ болды. Жел лебімен білте шамның от тілі қисайып барып, қайта түзелді. Шошып қалған Садырбек орнынан ұшып тұрып, еңсесін тіктей ұстап, қатал молданың алдында тұрған шәкірт баладай қалшиып қатты да қалды.

Тар бөлменің жер еденінде ақ қағаздар ыбырсып жатыр. Оның ішінде қолы қалт еткенде, шабыты келгенде жазған өлеңдері де бар. Өлеңді қойшы! Ұйқысыз, күлкісіз күндерін өткізіп, жалынды жастықтың қызығын көп үшін құрбан етіп, білте шамның күңгірт жарығында түніменен көз майын тауысып отырып, ауданға жазған қатынас қағаздары бар. Ол қағаздарда жер жыртатын темір соқа, құрылысы енді басталатын мектепке қажетті қызыл кірпіштер, керекті мамандардың тізімі де жазылған еді. Енді олар бұрынғы қасиетінен жұрдай болып, мерекеден кейін тар көшелерде қобырап жататын қажетсіз көп қағазға айналғандай.

Садырбек көргенсіз, шайпау мінезді мына әйелдің бетін қайтаратын сөздер айтып, ұрысқысы келгенімен, тамағына кептелген ашуын ақылға жеңдірді. Сонсоң қалшылдаған денесін әзер билеп, еңкейіп іс қағаздарын жинастырды да, тысқа шығып кетті.

Үй қожасы оны жиренішті көзімен ұзатып салды. Жанарына іркілген екі тамшы жас екі түйір мұздай жұмарлана тұрып қапты.

Далада жаздың желсіз, айлы түні мөлдіреп тұр екен. Аспанмен тілдескен Көксеңгірдің қарлы шыңдары ай сәулесімен шағылысып, самаладай жарқырап көрінеді. Шыңдардан сәл төмен, көкқатпар биік шоқылардың бауыздай алқымында, үйірім - үйірім ақ көбіктей боп ақша бұлттар шөгіп жатыр. Өзен жағасынан, таудың қойнауқолатынан көтерілген түн буы алкүрең бетеге, күміс ақ шашақты ақселеу сіресе өскен кең жазықты ғажайып түс мекеніндей буалдыр етіп көрсетеді. Сол себепті жақындағы адыр, төбелер, алыстағы ирек - ирек ақ шоқылар бозғылт тұман ішінде баяу қалқыған ақ аралдар сияқты болып көрінеді.

Айдын ақ сәулесімен ағараңдап, түн буына оранған даланың бір шетінен ән келеді. Алғашқыда тал жібектей бұралып, баяулап басталған ән бірте - бірте ширығып, аспанға шарықтай көтеріліп, үдеп барады. Мына ән осының алдына қарлығаштың ұясындай тар бөлмеден ашуға



булығып шыққан Садырбекке еркелей үн қатып, оны мейірімді болуға шақырғандай.

Сұлу ырғақты ән әсерімен жаздың қара көк аспаны бұрынғыдан гөрі биіктеп, көп жұлдыздарды ақ күміс сәулемен шаңыта түсіп, көк торғын жібек түсіндей құбылады.

Жаз түні керемет. Ән одан да әдемі.

Біресе баяулап, біресе шарықтап, біресе толқындаған ән әлі үзілген жоқ. Қайта бойға шымырлай жайылып, адамды ерік күшінен айырып, шаршап жүрсең сергітемін, қамығып жүрсең бақытты етемін дейді.

Садырбек екі қолын артына салып, ән шыққан жаққа қарай аяңдады. Ол бір тастақ төбенің үстіне шыққанда, алыстан жіп - жіңішке боп сызылып шыққан ән өктей түсті. Жібек талдай мың бұратылып, әлденеше құбылған ән нәзік толқынды ырғағымен жігітті өзіне шақырғандай. Ән иесі, соның мазасыз жүрегі кең даланы шарқ ұрып, жанына балаған жақынын іздейді.

Угай, угай, угай - ай,
Ән салшы - ай,
Бір бала - ай,-

деп еліктіріп, сонадайдан қол бұлғайды.

Шын сүйгенін аңсаған асыл жар өзі айта алмаған арманын, сарғайған сағынышын, мұңая жабығып, зарыққанын әнмен білдіреді. Неткен нәзік сыр, неткен айтқыш тіл десеңші!

Көксеңгірдің қарлы шыңдары, өркеш - өркеш жоталары, ағынды өзен, ызалы сай, көк шалғыннан көтерілген түн буына оранып, ақшыл түспен буалдырланып көрінеді. Ол да ән әуеніне құлақ түріп, рақаттана балқып, ақ сәулелі ай астында үнсіз қалғып кеткендей.

Жас жігіт асығып - аптығып, жеделдете алға басқан сайын ән айқындала түсті. Ол үш қайың жақтан шығып тұр. Және даусын дірілдетіп, нақышына келтіріп салған әйел әні. Нәзік сезім, толқынды ырғағымен жан дүниесін баурап, ыстық дем, жылы лебізбен өзіне шақырып, ақыл - есін алғандай болған ән Дүрияның әні болып шыққанына ішінен шүкіршілік еткен Садырбек: «Бұлтқа батқан айдай адастырып кетіп, әніңмен қайта тапқаның қандай жақсы еді, жаным», - деп ойлады.

Әне, жасыл желекті ақ қайыңдардың арасынан ұзын қолаң шашын алдына бос тастап, баяу әндеткен ақ көйлекті әйел көрінді. Сол, сол соның өзі... Бұл әйелдің асық қылған өз жары екеніне айқын көзі жеткенде, жігіттің жүрегі ала тайдай тулап қоя берді.

- Дүрия!

Айдың сұлу сәулесінен пайда болғандай, жазғы түннің аппақ буының арасынан шыға келген жігіт: «Дүрия!» дегенде, арудың үні өшіп қалды.

- Дүрияш! Алыстан әнің шақырған соң, мен іздеп келдім.

Келіншектің жас толған көзі, дірілдеген қас - қабағы, бір көтеріліп, бір басылған қаз омырауы: «Келетініңді біліп едім» дегендей.

Ол екеуі осылайша оңаша кездеспегелі төрт жыл емес, төрт ғасыр өткендей. Жо - жоқ, бұлар ешқашан да кездеспеген. Дәл бүгін бірін - бірі алғаш рет көріп тұр.

Сол сәтте Дүрия:

- Садыржан, әнімді естіген екенсің ғой. Жүректегі сағынышым, аһ ұрған арманым құс боп ұшып, саған жетті ме? - деп алға қарай ұмсына берді.

Садырбек ынтықтырған асыл жардың аузынан мұндай іңкер сөздерді естігенде, оның қыпша белінен қапсыра құшақтап, күн тимеген ақ тамағынан, қызып қан ойнаған шиедей ернінен құмарлана сүйді. Аспаннан бір ақ жұлдыз ағып түсті. Алыстан үйірінен адасып қалған құтпан айғыр кісенеді, Ауыл шетінде әлденеге мазасызданған саққұлақ төбет шабалана үрді. Бірақ олар ештеңені естіген жоқ. Айнала аппақ нұрға малынған боз ала кеңістік.

## XII

- Мына құдайдың күні қайтеді - ей! Түні де жаңбыр, күні де жаңбыр. Тіпті көз аштырмайды. Құрғақ отын болса, бітіп барады, - деп Биқасап сөйлей кіріп, етегіндегі ақ тезекті пештің алдына сыр еткізіп төге салды. Сонсоң тіссіз, қызылиек кемпірдің аузындай опырайылған, күйелеш - күйелеш пештің алдына отырып жатып: «Уһ!» - деп ауыр дем алды. Бетінен, самайынан сорғалаған жаңбырдың суын жаулығының ұшымен сүртіп жатып: - Киік кісідей ел - жұрттан қашып, құдайдың қаһарына ұшырадық па? Аспанның бұлттан ашылатын түрі байқалмайды, - деп тағы күңкілдеді.

- Үстімізден су, табанымыздан сыз өтіп, көксау болатын шығармыз, - деді. Әйелдің бұл сөзі енді Адырбекке айтылғандай.

Бұрында, ауылда тұрғанда, таңның атысы, күннің батысы күйбең - күйбең етіп, барлық жұмысты үн - түнсіз атқаратын Биқасаптың осында келгелі тілі шықты. Ол Адырбектің теңіз жағасында жалғыз шошайып отырға -



нына тіптен риза емес. Сол кейіс - ренішін ықты - жарға қарамай, қияс айтып салады. Табиғатынан жуас, көмпіс мінезді әйел енді бас білмейтін шу асаудай ер - тоқымын бауырына алып, жиі - жиі тулайтын боп жүр. Әзірге жалғызілікті тірлік шымбайына батып, қатты ашынып, тіліне әбден ерік берген әйелге Адырбек қарсы сөйлемей құтылады.

Биылғы жаңбырлы жаз Адырбекке оңай соғып тұрған жоқ. Көкше теңіздің жайпақ жағасы аттылы кісінің бойы көрінбейтін ну қамысқа, үй іргесіне тірелетін құм төбелердің қойнау - қолаттары көк жусанға, еркек шөпке тұнып тұрғанымен, сілбілеген жаңбырда малдар қарыс аттам ұзап шыға алмайды. Оты сөнген көздері бозарып, екі бүйірі ішіне қарай қабысқан қой, ешкілер қораны ықтап тұр. Ал сиырлардың жағдайы одан да мүшкіл. Үй иесі дерет алуға шыға қалса, үстінен жаңбыр суы сүмектеп аққан аш сиырлар мөңіреп қоя береді. Ондай сиыр сүт бере ме? Гүл - жапырақ тегіс шешек атып ақ оты, қара оты мол жаздың күнінде бұлақтай ағып тұратын сауын сиырлары суалып барады. Соған қарағанда, үй иесі биыл томырылған сары май мен бал татыған ақ айраннан аузы қағылатын түрі бар. Соны ойласа, Адырбектің іші ашиды.Әйткенмен аспанына қайта - қайта бұлт үйіріліп, ызғарлы қарашаның күніндей бетін суыққа берген ауа райына жасайтын ешқандай қайраны жоқ. - «Жарықтық аспанның түбі түсіп кеткен бе?» - деп әлсін - әлсін күңкілдеп қояды. Және «жығылған үстіне жұдырық» дегендей, сызды, дымқылды жаңбырлы күндер отағасына сңай тиіп жүрген жоқ. Қорғасындай сұрғылт аспанға қара бұлт жайыла бастағанда, екі алақаны мен табаны шоқ басқандай ысып қоя береді. Түн баласында, жылы төсекте сүйек - сүйегі сырқырап, қызыл жіліншігі қақ айырылардай солқылдап, сырық үстіне қонақтаған қораздай ұйқысы қашып, көрер таңды көзімен атырады. Таңертең сақалшашы үрпе - үрпе болып, бет әжімі тереңдеп, түсі қашып, көздері кіртиіп тұрады. Содан қалғып - мүлгіп отырып, ыстық шай ішкен болады. Төсек жиналып, үй сыпырылған соң, ала көлеңке бұрышта малдасын құрып отырып, әбден тозығы жетіп, мұқабасының шеті жырымдала бастаған ескі құран кітабын қолына алады. Сонсоң молдекең ақ сәлдесін жөндеп қойып өзбек үлгісімен тігілген ала шапанының етегімен тізесін қымтай түсіп, дінге құлай берілген сопылық пішінге енеді. Кейде қалың ернін жыбыр - жыбыр еткізіп, кейде даусын әндете созып, еске сақтауға қиын болса да, құран сүрелерін жаттайды. Енді

бірде тез ұмытылатын түсініксіз араб сөздерін есіне түсіргісі келгендей көзін жұмып, үнсіз қалды. Бірақ ештеңе есіне түспейді. Сырттан үй іргесін сабалаған ақ жаңбырдың дыбысы, қызыл су көлкіген кең ауладан жататын құрғақ жер таппай, жалынышты үнмен қыңсылаған қара ауыз төбеттің үні келеді. Көк айдынның үсті боран соғып тұрғандай, ақ түтек болып, үйдей - үйдей толқындары жағалауға жарыса ұмтылған көкше теңіздің шуылы да естіледі.

Бүгін де молдекең сарғыш тартқан құран бетіне сүзіле қарап отыр еді, шаңқылдаған Биқасаптың даусы зейінін бұза берді. Түнгі ұйқысы шала болып, оның үстіне ұғымға қиын аяттың сүреңсіз сөздерін есіне сақтай алмай, басы мәңгіріп отырған Адырбек тілінде тежеу болмаған әйеліне жыны келді.

Осы кезде Биқасап:

- Мына құдайдың күнінің түбі түсіп кеткен бе, - деп тағы да күңкілдеді.

Бұл жолы қазымыр әйелдің манадан бергі құлағын сарсытқан каңқу сөзіне шыдамаған Адырбек:

- Әй, қатын, тәңірге тіл тигізбе! - деді зекіре сөйлеп. - Құдай күл шашып ойнайтын сенің құрдасың емес. Қаһарына ұшырап жүрерсің. Байқа! - деді.

- Байқамасам, не етуші едім?! - деп күйініп отырған әйел шап ете қалды.- Шаңырақ түйеге мінгізіп, төркініме апарып тастай ма?

- Сен, көкбет қатын, құдайға да, басқаға да тіл тигізіп, беттен алма! Бұйте берсең еркектің құзырына жолығарсың.

- Омай - ау, қыздай қосылған Сағидан айрылып та өлгенім жоқ.

- Онда жас болатынсың. Енді қартайғанда кімге керексің?

- Саған керек болмағаныммен, төркінім бар емес пе?

- Ол қайдағы төркін?

- Төркінім - іргесі бүтін отырған ел.

- Жұртта қалған жұрындарды да ел дейді - ау!

- Е, жұмақта туған сен, Жиделібайсында отырсың ғой.

- Еркектің шаруасына қатын неменеге араласады?

- Мен араласамын! Ендігі ісім сенімен болады.

- Сонда ақ тауды айырып, қара тауды қайырып тастарсың.

- Оны өзім білемін.



Салғыласып қоймаған әйелінің тосын мінезіне таңданған Адырбек оны танымағандай ажырая қарады.

Тұрмыс құрған алғашқы айларында ибалы, ұяң жас келіншектей «сіз» деп сызылып, күйеуінің қас қабағына қарап тұратын Биқасапқа не болған? От жағып, тамақ істегенін сәдет қыла ма? Ерге шығып, күйеуіне еті үйреніп, бауыр басып алған соң қатынның қабағын иттей арпылдап шыға келетіні несі екен? Денің сап - сау болып, жиырма бестегі жас жігіттей қылшылдап тұрғанда, өстіп тарпаң мінез танытады. Жаманды айтпай, жақсы жоқ, егер төсек тартып қалып, асырап - сақтаса қайтер еді?» - деп іштей кейіген Адырбек құран кітабына қайта үңілді.

Адырбек айтысты бұдан әрі үдетпеген соң, Биқасап еріксіз басылып қалды. Жалпы, оның ашулануы да, қайтуы да тез болатын.

Ол енді көптен от жағылмағандықтан іші мұздап, суық леп соққан пештің аузын ашып, ол жағуға кірісті. Пештің көмейіне күл тұрып қалған ба, әлде қорадан әкелген тезегі дымқыл болды ма, ол маздап, жана қоймады. Екі ұртына ауаны толтырып алып, жүзі қып - қызыл болып, күшене үрлегенде, бықсыған қою түтін кейін тебеді. Отты жуық маңда жаға алмай, діңкесі құрыған Биқасап:

- Әй, Болат! Болат! - деп дауыстап, баласын шақырды.

Бірақ төргі бөлмеден ешқандай дыбыс болмады, Тағы дыбыс бергенде, баласы үндемеген соң, ол: «Әлгі тападай тал түсте ұйықтап жатыр ма?» - деп кейи сөйлеп, екі-үш рет ұмтылып барып, орнынан тұрды. Пеш аузында ыңғайсыз отырғандықтан, оң аяғы ұйып қалған екен. Ол жамбасынан оқ тигендей бір аяғын сүйрете басып, төргі бөлмеге кірді.

Болат өсіп қалған қайратты шашын біресе жатқызып, біресе қайыра тарап, айнаның алдында тұр. Соңғы кезде ол Садырбекке еліктеп, шаш қойып жүрген. Соны байқаған өгей әкесі: «Осы үйге шашы жалбыраған албасты ғана жетіспей тұр еді. Басыңды ұстарамен тақырлап алып берейін!» - дегенде, бозбала жігіт көнбей қойып еді.

Болат тойға баратындай, өңі түспеген бар киімін үстіне іліп алыпты: аяғында сықырлаған хром етік, үстінде қыры сынбаған қара бешпент. Тік жаға ақ көйлегі бидай өңін ашса, қынама бел бешпенті сымға тартқандай сұлу денесін айқындай түскен. Кейде қоңыр көздері күлімсіреген күйі айна алдында қырынан тұрып, жаңа киімдерін тамашалайды. Сұңғақ денелі бозбала тек алдынан

ғана емес, қырынан қарағанда да әдемі екен. Ортасы дөңестеу қошқар мұрны, әжім түспеген бет жүзі, қою қара қасында да ешқандай мін жоқ.

Биқасап өсіп қалған ұлының тосын қылығының үстінен шығып қалғанына әрі қысылып, әрі қуанып тұр. Баласының қара жолдағы қақ суын жалаң аяқ жалдап, жалаң бұт шауып жүргені күні кеше сияқты еді. Басы қалақтай, қарны қабақтай, бұты шидей, көзі бадырайған әлжуаз бала болатын. Бірақ айналадағының бәрін білгісі келетін әуесқой еді. Шешесімен бірге су алуға бара жатқанда, өсімдік пен ағаштың, көбелек пен құстардың атын сұрап, әбден мазасын алатын - ды. Өмір, шіркін, қалайша тез өткен?! Биқасап қара жердің қойнында жатқан ері мен тұңғыш баласын егіле жоқтап, бірде мұңайып, бірде қуанып жүргенде Болаты жігіт болыпты.

«Құдай - ай, бергеніңе шүкіршілік. Менің құлыным, Көксеңгірдің ақ терегіндей таралып өсіпті ғой. Тфә, тфә! Тіл мен көзім тасқа! Тек көз алдымда аман жүр, қоңыр қозым» - деді іштей Биқасап. Сонсоң, қаттырақ жөткірініп қалды. Жаңа киіміне, жастығына, оңашалығына қуанып, айна алдында тұрған бозбала жігіт артына жалт қарады.

- Туу, апай - ай, зәремді ұшырдың ғой.

Шешесіне кейіп сөйлегенімен, ұрлығы ашылып қалғандай, артынша екі беті ду етіп қызарып, жүзі төменшіктей берді.

- Мына үй моладай суып кетті. От жағып едім, пеш түтін тартпайды. Мұржасы бітеліп қалған ба? Төбеге шығып, қарап келші, қалқам!

- Жарайды, апа!

Елгезек Болат көзді ашып - жұмғанша ағаш үйдің төбесіне шықты. Тырнаның мойнындай сорайған мұржаның тесігін жартылай жауып қалған ешкінің қатқан терісін алған соң, аспанға көз салды. Жаңбыр сәл толастапты. Аспан әлеміне қаптап жайылған қара бұлттың көбесі сөгіліп, жөңкіле көшіп жатыр. Бұлт арасынан кейде мөлдіреген жазғы аспанның көкшіл бір пұшпағы, кейде күннің сарғыш сәулесі жарқ етіп, көрініп қалады. Бірақ терістіктен бір шоғыр бұлт түтіндей шығып, тұтаса жайылып, бірте - бірте қоюланып келе жатыр.

Ал көкше теңіздің үстінде шөгіп жатқан бұлт па, әлде жауып жатқан жаңбыр ма, әйтеуір, суық түспен түксиіп, түтіккен мұнар бар. Күннің ашық - жарығында шырадай тынып, күн сәулесімен шағылысып, айнадай жалтырап жататын шалқар судың бетінен үйдей - үйдей толқындар



ереуілдей көтеріліп ақ басты айдаһардай бір жиырылып, бір жазылып, гүрілдеп келіп жағалауға соғылады. Айдын үстінде ұшып жүрген топ - топ шағалаларда да мазасыздану бар. Тынымсыз аунақшып жатқан алып толқындарға сүңгіп кетердей төмендеп келіп, қайқаң етіп, биікке көтеріле беріп: «Ойбай, ойбай! Сақтаныңдар! Дауыл келе жатыр!» дегендей шаңқ - шаңқ етеді.

Әлгі бұлт тұтасып, күннің қызыл шапағы сөніп, қара көлеңке қоюланып, айнала іңір қараңғылығындай түнере түсті. Енді жағалауға ентелей келіп, қайта серпілген дәу толқындар аса қорқынышты боп көрінеді. Онда, аңдаусызда түсіп қалған торынан босана алмай жүздеген, мыңдаған алып жайындар аласұра аунақшып жатқандай.

Түсі әлем - тапырық толқындардан сескенген Болат жанарын жағалаудан тайдырып әкетіп, Көксеңгір жаққа көз жіберді. Жайшылықта қар басқан ақ шаңқан шыңдары алыстан атойлайтын Көксеңгір көрінбейді. Оны да қара мұнар көзден тасалаған. Кенет, сол жақтан, айғырдың жалындай дүңкиіп жатқан бір доңғалдан жалғыз қараның төбесі қылт ете қалды. Болат оны бошалап жүрген сиыр, не шығандай жайылған түйе шығар деп ойлап, көзін уқалап жіберіп, тесіле қарады. Әлгі қарайған бейсауат жайылған мал емес, салт атты кісі болып шықты. Қалың нөсер жаумай тұрғанда, ықтасын пана тауып алайын деп ойлай ма, әлде тығыз шаруасы болғандықтан ба асығыс аяңдап келе ме, әлгі адам тез арада жақын келіп қалды. Бозбала оны анық таныды. Садырбек екен. Сол - ақ екен, үйдің төбесінде, суық желдің өтінде тоңази бастаған денесі әп - сәтте ысып қоя берді. Жүрегі аттай тулап, кеуде сүйегін нұқып - нұқып қалғандай болды. Өткен жолы өгей әкесінің елден жасырынып көшкелі жатқанын Садырбек ағасына айтпағаны есіне түсіп, дәл қазір кірерге тесік таппады. Ол төбеден қалайша зымырап жерге түскенін өзі де аңғармай қалды.

Үйге асыға - аптыға кірген бозбала:

- Ойбай, Биағам келе жатыр, - деді қалтыраған үнмен.

Болат бұл жолы жаңылысқан жоқ еді. Шынында да, жалғыз салт аттылы - Садырбек болатын. Колхозға кіруден бас тартқан ат төбеліндей аз кері азулар: «Айдарбек Майшораның қымбат дүниесі мен алтынын қайда тыққанын біледі екен. Оны ағайынды екі жігіт қылдай етіп, бөлісіп алыпты. Сол қылмысының ізін жасыру үшін,

Садырбек немере ағасын елден әдейі қашырып отыр», - деп жұртқа қауесет тартты.

Ал Садырбектің қабырғасына батқаны ауыл - үйдің өсегі емес. Адырбектің дүйім жұрттан бөліне көшкен жат үлгісі болатын. Осы өнеге жұқпалы арудай көпке жайыла ма деп қорқады. Бірақ молда ағасының көңіл тоңы жібіді ме? Бұған деген қара қазандай өкпесі тарқады ма? Бұрынғы тар пиғылын кеңге салып, райынан қайтты ма? Ол жағы белгісіз. Әйткенмен ол: «Үмітсіздік сайтанның ісі», - деп, өзін - өзі қайрап, атқа мінді. Осы жолы не Адырбекті көндіріп ауылға көшіріп әкеледі, не ат құйрығын біржолата кесісіп, одан күдерін үзеді. Екінің бірі Садырбекте басқадай келісім болмайды.

Асығыс кірген Болат: «Ойбай, Биағам келе жатыр» - дегенде, Адырбек селк етіп, өз жүзінен осы жауынды-шашынды күндері сары уайымдай сарылып, құран бетіне сүзіле қараған момақан, сопылық кейпін жұлып тастап, қатты ширықты. Адырбектің бұл құбылысы: жабайы қабанның соқпағына түсіп алып, тынбай жортып, ақыры жеген соң, күншуақтап жатқан тоқ тағының сылдыр еткен оқыс дыбыстан шошынып, сол жаққа атылуға оқталған ызалы, долы кейпіне өте ұқсас еді.

Алдынан абалап шығып, үріп қоймаған сабалақ төбетті қақ маңдайдан қамшымен бір тартып, қан қақсатып, үйшігіне қуып тыққан Садырбек кіріп келгенде, молда аман сәлемге келмей:

- Отырсам опақ, тұрсам сопақ көріп, мүйіздеп-мүйіздеп елден қуып едің. Қыл аяғы менен құдайдың иен жатқан жапан даласын да қызғандың ба? - деп қып-қызыл боп қанталаған көздері жиреніш ұшқынын шашып, Садырбектің өңменіне оқтай қадалды.

Бірақ немере ағасының кәрлі, зәрлі дөң айбатынан Садырбек қаймыққан жоқ. Қайта ашу шақырған Адырбекке сабырлы түрде жауап берді.

- Молдеке, - деді ол, - сен айтқандай қан құйлы жалақор мен емес. Айбек баласы әрдайым қорлық көріп, жапа шеккендерді қорғаушы болған.

- Әй, зәндеме, - деп ақырып жіберді отағасы. - Қызыл сөзбен қара жүзіңді перделегің келе ме? Онынан ештеңе шықпайды. Айран сұрай келіп, шелегіңді жасырасың ба? Жауындатып неге келдің? Айт шапшаң!

- Елінен айырылған ер азады, тобын көбейткен бөрі озады. Сен бөрі құрлы жоқсың ба? Саяқ жүрсең, таяқ жейсің! У ішсең де, бал татсаң да, көппен бірге бол? Ауылға көш!



- Ашпажалап қара тобырды ел дейді - ау! Қайдағы ел? Олар менің малымды қасқырдай торып жүрген сұғанақ қол ұры емес пе?

- Молдеке, қолыңа құран ұстап тұрып, айтшы! Ұста әкеңнен мұралыққа қанша мың мал қалып еді?

- Өй, қанжауғыр! Ел ұлтаны - Майшораның қаңғыртып жіберіп, енді ағаңа ауыз салдың ба?! Есіңде болсын! Аспанда күн сөнбей тұрғанда, адамның дүние - мүлікке деген көңілі суымайды. Яғни, жеке меншік ешқашан да жойылмайды.

- Көкесі, тіпті солай - ақ болсын? Бірақ сенің меншігіңдегі мал босағасынан өлік шығып, зар жылаған жесір мен жетімді алдап алынған мал емес пе? Осыны өтірік деп көрші, кәне!?

Бұл Адырбектің осал жері еді. Оның маңдай терін бес сыпырып жүріп, еңбек етпегені рас. Әзірге көп үстінен күн көріп келеді. Сол себепті кейбір аузы жеңіл пенделер бұл отырған жерде, оңай жолмен келген байлық туралы айтса оны жақтырмай, тыржыңдап, жаман көзімен ата қараушы еді. Дәл қазір сұңғыла Садырбек соны тап басып, айтып тұр.

Сондықтан тұмсығы тасқа тиіп, тауы шағылған отағасы бағанадан бері қызыл кеңірдек боп айтысқан туысқандардың арасына түсе алмай, не далаға шығып кете алмай, абыржып отырған әйеліне қарап:

- Биқасап - ау, ақыр заман жақындап қалды ма? - деді даусы қалтырап, - атадан үлгі, келіннен иба, баладан ар кетіп еді. Енді діннен салмақ кетті, - деді. - Сонда кейінгілер нені қасиет тұтады. Дінді ме, әлде дұрыс жолдан тайдырып, адамды аздыратын жынды ма?

Биқасап болса, «мен қайдан білейін» деген иығын қиқаң еткізді.

- Келер ұрпақ, - деді Садырбек үй иесінің сөзіне төтесінен килігіп, - құдайға да, құранға да сенбейді. Олар тек адамшылық пен арға ғана жүгінеді.

- Сенің ағайыннан безгенің адамшылық па? - деп шап ете қалды Адырбек. - Әлде турашыл заман, туғанды танима дей ме?

- Ит ұяласынан қорықпайды, - деді Садырбек. - Төбемнен аспаныңды тастап жіберсең де, шындықты айтамын. Ойы мен көздеген мақсаты әр басқа болса, екі туып бір қалғанымен, ересек адамдар туысқан бола алмайды. Алысты жақын ететін, жақынды жаудан әрман жат ететін де өмірге деген көзқарас.

- Туысың бір болғанымен, туырлығың бөлек екен

ғой. Қара басқанда, соны кеш түсіндім ғой. Аспанда алла, жерде мен жалғыз. Мына жатыры басқа ит бөлектігін істеді ғой. Бір кіндіктен тараған қайран бауырларымай! Қайдасыңдар! Ай - күндерің өтті ғой!

- Е, бәсе, бүгін жоқтап отырған бауырларың қайда?

- Алтауы қара жердің астында. Төртеуі тірі жүр.

- Егер, жүрегі елжіреген бауырмал болсаң, сол туысқандарыңды неге іздеп таппайсың?

- Астапыралла! Бұл не? Табалағаның ба?

- Табалағаным емес, есіңе салғаным. Бірақ ағайыннан кетіссең де, елден безбе?! Дүйім жұрт қисайған шаңырағын қайта түзеп, жаңа өмірге қадам басқанда, жаман жөн - жораңды көпке үлгі етпе?! Айрандай ұйыған елді, іркіттей ірітпе!

- Қарағым, қызылдың үгітін маған айтпай - ақ қой, өз ақылым өзіме жетеді.

- Үгіт емес, өсиетім. Отпен ойнама, күйесің. Тереңмен ойнама, батырады. Тіпті олардан да қорықпасаң ана Болаттың болашағын ойла! Жүретін жолын қысқартып, биікке ұшатын қанатын қырықпа!

Адырбек дүниенің бәрінен, әсіресе, інісінен қатты түңіліп, қанынан қарайып, жүзі қабарып отырғанмен, мына сөзден сескеніп қалды.

Ал Садырбек:

- Мына балада әртіс болатындай қабілет бар, - деді. Сондықтан Болатты үлкен шаһарда оқытып, адам етуді өз мойныма аламын. Мұнда ол не бітіреді? Қоймен бірге өріп, қоймен бірге жусаса, мүлдем қарайып, бойындағы барынан айрылып қалмай ма?

Бұл сөз бозбаланың жанына жаққандай. Ол өңі бір қызарып, бір бозарып, шешесіне жалтақтап қарай берді. Жастайынан жетім өскен Болат әке орнына әке, шеше орнына шеше болған анасының шешімін күткендей.

Осы кезде Биқасап:

- Қарағым, мына ағаң оқытам деп отыр ғой. Басың әлі жас. Бағыңды байламаймын. Ағатайыңнан қалма! - деп өз кесімін айтты.

Әрдайым ауылда қалған құрбы - құрдастарын ойлап, алып - ұшпа көңілі елі көшкен кең жайлаудай құлазып, жалғызсырап, мұңайып жүретін Болат құстай ұшып келіп, шешесін құшақтай алып:

- Апа, шын айтасың ба? - деп қуанышын жасыра алмай, қызара күліп жіберді.

- Бағың ашылсын, күнім?



Мынадан кейін Адырбек төбесінен жай түскендей есеңгіреп, үнсіз отырып қалды. Белсендінің айтқаны болып, Болаттан, қолдыаяқтай қолғанатынан айрылса, малды кім бағып, отын - суды кім әкеледі? Жо - жоқ, кеудесінен шыбындай жаны шықпай тұрғанда, мал - жан иесі - екені рас болса, Адырбек мұндай бассыздыққа жол бермейді.

Осыны ойлауы мұң екен, ол астынан су шыққандай ұшып тұрып :

- Әй, жәдігөй - деп ақырып жіберді. - Осы үйдің иесі сен бе, мен бе?

- Әрине, мен емеспін.

- Ендеше, қазір қараңды өшір!

- Кетсем, Болатты ала кетем!

- Тағы не керек? Мүмкін, мына кәрі қатынды да ала кетерсің?

- Мүмкін.

- Ә, солай ма?

Адырбек бір - екі адым алға басып, мейманды жұтып қоятындай тесіле қарады. Ағы қанталаған екі долы көз дер арбасқандай, бір - біріне шаншыла қарады. Садырбек те кірпік қақпай, міз бақпай, көзбен тайталасып тұр.

- Боса да өледі екем. Өлсем, жастығымды ала жатайын! - деді Адырбек. - Түрі қан көріп, құтырынған тағының жүзіндей әп - сәтте өзгеріп кетті. Сонсоң ол қынабынан сары кездігін жұлып алып: - Садырбек, табаныңды жалтыратып тұр! Әйтпесе біреуіміз пышаққа түсіп, майып боламыз! - деді. Бұл үйден сенен басқа, тірі адам шықпайды. Егер шыға қалса, менің өлігімнің үстінен аттап өтеді.

Шолақ молданың бұл мінезінен жүрегі мұздап, жаны түршіккен Садырбек:

- Болатпен ел не азайып, не көбеймес. Ол үшін қан төкпейік. Енді сені бір жазаласа, тағдырың жазалайды, деді де шығып кетті.

Бір жұма өткен соң, Болат «Көксеңгір» аулына қашып кетті. Тордағы қыран бүркіттей бостандыққа ұмтылған бозбала жігітті өгей әкесінің болат кездігі де бөгей алмаған екен.

## XIII

Майшора Қызылкентке айдалып бара жатып, жол - жөнекей қашып кеткен соң, бір ай өткеннен кейін Садырбек Дүрияға үйленетін болды. Адасып барып қайта

табысқан жарымен тұрмыс құратынын ауыл адамдарына білдіргенімен, ол: «Япыр - ай, ел - жұрт не дейді? Майшораны әдейі айдатып жіберіп, әйелін тартып алды демей ме?» деп сұраулы жүзбен Дүрияның бетіне жаутаңдап қарай берді.

Есік көріп, беті ашылып қалғандықтан ба, әлде көп сағынтып, аңсатқан жігітіне қосылғанына шын қуанышты ма Дүрия: «Жұрт не деуші еді? - деді күліп. - Айбектің әкім болған баласы үйленіп, ата - анасының құлаған шаңырағын қайта көтеріпті», - дейді де...- Мұны айтқанда, келіншек шаралы қоңыр көздерін төңкеріп, болашақ жарына еркелей қарады.

Күдікшіл ойына тыныштық бермей, көптен мазалап жүрген сұрағына оп - оңай жауап тапқанына бала мінезді жігіт:

- Жүр, апамның басына барып, ақ батасын алып қайтайық, - деп Дүрияға алғашқы тілегін айтты.

Олар түс кезінде ескі қорымға келді. Бейіт басы аса көңілсіз. Күн жеп, жаңбыр шайған тоқал тамдар жартылай құлап, шым кірпіштері жер тезек болып шашылып жатыр. Осы бейіттердің арасында жермен - жексен болып аласарып кеткен төмпектер, үйілген оба тастар да көрінеді. Көбісінің үстіне көк жусан, еркек шөп, алабота қаулап өсіп кетіпті.

Өткен уақыт - Қатыштың бейітіне де өз ізін салыпты. Басына орнатылған құлпытасы қисайып, мүрде тіптен аласарып кеткен. Садырбек шешесінің осы қарапайым бейітіне қарап тұрып:

- Апа, бүгін жалғыз балаң екеу болды. Тірлігіңде қолыңа келін түсіріп, немере сүйгізіп, өмірдің қызығын көрсете алмадым. Онымды кешір, - деп аз - кем бөгелді. - Ақбас құндыз бағыңды ашсын, бақытты болыңдар деп батаңды бер!

- Ие, батаңды бер! - деп Дүрия оның ойын қостады. Бүгін өшкенің жанып, өлгенің тірілгендей айтулы күн ғой, апа!

Сол, сол екен. Садырбектің көңілі босап, көз шарасы жасқа толып кетті. Анасының моласының басына шыққан көк жусандай ащы запыран көкірегін удай ашытып өксікті жас жұдырықтай тас сияқты алқымына тығылып, тұла бойы безгек ұстаған адамдай дірілдеп қоя берді. Дәл қазір анасының қабірін құшақтай құлап, ет жүрегін тілгілеген сағынышын айтып, көзі тірісінде жақсылық істей алмағанына кешірім өтініп, жас баладай ағыл - тегіл жылап, ішіне шер - шемен боп қатқан мұңын тарқатып алғысы келді. Бірақ қасындағы Дүриядан ұялып, өзін - өзі тежеп қалды. Дегенмен жанарынан тарам - тарам боп аққан жасқа ие бола алмай - ақ қойды. Ол әйеліне көз жасын көрсеткісі келмей, бір қырындай тұрып:



- Әзірге сау бол, апа! Біз қол ұстасып, саған әлі талай келеміз. Басыңа дүңгірлеген күмбез орнатамыз, - деді.

Жастар орындарынан тұрып, ауылға қарай беттеді. Бұл кезде көлеңке басы ұзарып, күн батуға таянған. Жаңадан қосылған ерлі - зайыптылардың қарсы алдынан, ауыл жақтан қоңыр самал еседі. Кешкі самалмен тынысы кеңейіп, бейіт басында толқыған көңілі сабасына түскен Садырбек енді келіншегінен ұялып, өз - өзінен қысыла бастады. Әдетте мейлі бай болсын, мейлі жарлы болсын, жас жігіт үйленгенде, оның ет - жақын туыстары ауыл - аймаққа хабар салып, бір қарасын сойып, той - томалақ жасайды. Ал бұл болса, не арқа тұтар ағасы, не артынан ерген інісі жоқ тұлдыр жетім. Жаны ашиды деген жалғыз немере ағасының түрі анау. Ежелден қалыптасқан ел дәстүрін бұзып, бұрында болмаған жөн - жора бастап, ауылдан көшіп кетті. Әрине, ер адам жас кезінде, бар күш - қуаты өз бойында тұрғанда ештеңені елемейді. Әйткенмен я қара желек жамылған қайғының, я ақ түйенің қарны жарылған қызықтың тұсында соның бәрін қоса бөлісетін ағайын - туысқан керек екен. Садырбек осы жолы соны айқын түсінді. Рас, ер жігіттің екі жұрты бар. Бірі - өз жұрты да, екіншісі - қайын жұрты. Өз елі күншіл болғанда, қайын жұрты міншіл келеді. Әзірге Садырбектің сол екі жұртқа да онша сенімі жоқ. «Япырай, - деп ойлады ол, - азын - аулақ үйлену рәсімін жасамай, екеуміз қол ұстасқан күйі қаңыраған бос үйге қалай кіреміз? Қу жалғыздық - ай, сол! Дүрия уақыт өте келе, жалғыз басты жігітке бекер тұрмысқа шыққан екенмін деп өкініп жүрмей ме екен?»

Садырбек ұрлық жасаған кісідей қипақтап, бір - екі рет көзінің астымен Дүрияға қарап қойды. Бірақ оның қаперінде ештеңе жоқ сияқты үнсіз келе жатыр.

Садырбек ауыл шетіндегі болашақ тұрағы тоқал тамға жақындай бергенде, жанын мазалаған жаңағы бір уайымы жел айдаған бұлттай ыдырап сала берді. Міне, керемет! Былтырғы жаңбыр мен қар суынан сылағы түсіп, сырты ала сиырдың терісіндей қара ала - торы ала, қожыр - қожыр болған аласа үйдің ауласы толған ақ жаулықты әйел мен бала - шаға. Есік алдында, жерошақта қазан асылып, болыскей ақ самаурындардың көмейінен

көек түтін аспанға ширатыла шығып жатыр. Ауыл балалары шу - шу етіп, қазан асылған оттың маңында ойнайды; көңілді әйелдер күлісіп сөйлеседі, инеліктей қатқан тазы иттер мен жабағы жүні қауқиған борпас төбеттер де сол маңда сойылған малдың қан - жынына таласып, ырылдасып қалады.

- Жас отау иелері келеді, - деді бір әйел.

Сол - ақ екен, жұрттың бәрі Дүрия мен Садырбектің алдынан шықты. Есік алдында сойылған қойдың етін мүшелеп жатқан ел ағасы - Ырысбай да қолын асығыс жуып, жас жұбайларға қарсы жүрді.

- Келші, бауырым, - деді ол Садырбекке кең құшағын жайып, - сен атаның ұлы болмай, халықтың ұлы болдың ғой. Бірақ жаспын деп жасыма, баспын деп тасыма, деді күректей алақанымен арқасынан қағып.

Сонан соң қаптаған ел - жұрттан именіп, көзін төмен салып тұрған Дүрияға бұрылып:

- Келін шырақ, қадамың қайырлы болсын! Жұп аққудай жарасымды, ақ кептердей тату - тәтті тұрыңдар! Қосағыңмен қоса ағар, қалқам, - деп маңдайынан иіскеді.

Осы сәтте басқалар да:

- Босағаларың берік, шаңырақтарың биік болсын!

- Күндіз есте, түнде түсте бірге болыңдар!

- Күл шашарларың көбейсін!

- Достарың көп, дастарқандарың тоқ болсын! - деп игі тілек айтты.

Жиналған жұрттың жас жұбайларға айтқан беташары да, жар - жары да, шашқан шашуы да осы. Садырбек жан толқытарлық қуанышты осы сәттен бастап Көксеңгір аулында өз беделінің өсіп, өз мәртебесінің биіктегенін анық сезінді. Дәл қазір ел - жұртына деген ризашылық сезімін, ақ көйлекті алғысын қызыл тілмен айтып жеткізе алмай, күн қақты боп қоңырайған жарқын жүздерді көзімен аялап күлімсірей берді.

Жас жұбайлар қол ұстасып, табалдырықтан аттай бергенде, Ырысбайдың семіз қара бәйбішесі жанған от - қа тұз тастап, сонсоң май құйып:

- От ана -жарылқа, май ана - жарылқа! Жақсы сөз - жарым ырыс. Осы үйдің оты өшіп, шырағы сенбесін,- деді.

Бұл әдетте үйленген жігіттің не жеңгесі, не туған анасы жасайтын ырым. Ал қартаң әйел отқа май құйған сәтте көзінің ағы мен қарасындай жалғыз құлынының жеке отау тігіп, үй болғанын көре алмаған анасы есіне түсіп,



Садырбек көңілі қайтадан бұзылды. Ол үстіне май құйған соң, лаулай түсіп, маздап жанған отқа қарап тұрып: «Апа, шаңырағың шайқалып, есігің біржолата жабылып қалған жоқ. Күл астында қалып қойған қызыл шоқтан қозданып, сөнген отың қайтадан жанды. Ұлымның жаққан шырағы мәңгі сөнбесін деп тіле, апа», - деді іштей жылап тұрып. Осыдан кейін манағы бір қыстығу қайта басталды. Жұдырықтай жүрегінің басына у тамғандай, көкірегі ашып, іші аш қасқырдай ұлып қоя берді. Өмірінде алғаш рет өзінің алды - артында ештеңе жоқ тұлдыр жетімдігіне, терең шатты дара мекендеген құлжадай жалғыздығына, бар даусымен айғайлап тұрып, лағынет айтып, өксіп - өксіп жылағысы келді.

- Қарақтарым, үйге кіріңдер, - деді жүзі алабұрта қызарған қара бәйбіше.

Сонда ғана селт етіп, есін жинағандай болған Садыр - бек ішке кірді.

Екі жастың жеке отау тігіп, үй болу қызығына келген жұрт түннің бір уағында тарады. Кетерінде Ырысбай ағалық қамқор үнмен:

- Бір бастарың екеу болды. Үй болдыңдар, шырақтарым. Ата - анасын қанжығасына байлап жүрген кім бар дейсің. Көш жүре түзеледі. Аманшылық болса үбірлі-шүбірлі боп, әлі - ақ ел қатарына қосылып кетесіңдер, - деп тағы да ақ тілегін айтты.

Ал қара бәйбіше:

- Ағайыныңа қадірлі, аулыңа сүйкімді бол, келін шырақ! - деп күйеуінің тілегін қостады.

Сөйтіп, келімді - кетімді кісінің аяғы саябырлап, жас отау иелері оңаша қалды. Дүрия мұнда ертеден бері тұрып жатқандай, аяқ - табақты жууға кірісті. Ал Садырбек бойжеткен қыздың жасауындай жайнап кеткен шағын бөлмеге таңдана қарайды. Ол өкіл болып туған аулына келгенде, ат қанжығасына байлаған бір буыншақ көйлек - көншегінен басқа ештеңесі жоқ еді. Үйленерде Дүрияға: «Бүлінген жерден бүлдіргі алма!» - деп байдың үйінен киімінен басқа, бір сабақ жіп те алдырмай қойған. Ал қазір өз отауына жиналған дүние - мүлік әкесінен енші алып, бөлек шыққан баладай. Рас, мұның үйіне жиналған заттар сонша қымбат, сән - салтанатты нәрселер емес, бірақ қылаусыз шын көңілден жас жұбайларға арнап жасалған жасау. Қабырғаға ілінген тұс киіздің, іргеге текшеленіп жиналған қызылды - жасылды көрпе - жастықтың, жерге төселген көнелеу оюлы қара ала сырмақтың әр түрлі түсіне қарап, бірнеше үйден

жиналғанын аңғаруға болады. Дегенмен мұның бәрі жас отау иесіне ырза көңілдердің мырзалығын білдіретін өте қымбат дүниелер.

Садырбек түстен бері қаңырап бос тұрған үйге жас келіншегін қалай кіргіземін деп уайымдағанын, құйрықсыз - жалсыз жалғыздығына өкінгенін, немере ағасына өкпелегенін мүлде ұмытты. Көктөбеге жалғыз өскен шынардай ол жалқы емес екен. Шалқайса арқа сүйейтін, сүрінсе демеп қалатын ел - жұрты бар. Садырбек бүгін соны ұқты. Ұқты да төбесі көкке жеткендей өркештеніп, қатты қуанған отау иесі келіншегін қыпша белінен құшақтай алып:

- Дүрияш, біз жалғыз емеспіз, - деп оны жерден көтеріп алып, шыр көбелек айналдырды.

Дүрия:

- Бұл үлкен жақсылықтың нышаны ғой, - деп оған көздері боталай қарады.

Садырбек сағынтып, аңсатып барып, қайта табысқан жарының мойнынан, ернінен, аялы көзінен қадалып ұзақ сүйді. Кенет жас келіншек жұбайының оттай ыстық құшағында тұрып, жылап жіберді. Садырбек әйелінің өксік қысып, селкілдеген иығына, жон арқасынан аялай сипап тұрып:

- Дүрия - ау, саған не болды? - деп асты - үстіне түсіп бәйек болды.

Ол жылап тұрып:

- Жарқырап бағыма туған жұлдызым! Ақ сәулелі айым, нұр шұғылалы күнім! Аспандағы бақ жұлдызым сөніп, ай - күнім мезгілінен бұрын батпасын! Құдай бізге бақытты шағымызды көп көрмей, ұзағынан сүйіндірсін! - деді.

Садырбек:

- Ақ тілеуің орындалсын!- деді.

Осыдан кейін Дүрия күйеуінің құшағынан баяу сытылып шығып, үй шаруасына қайта кірісті.

Ал бүгін той сарпалтаңынан әбден шаршаған үй иесі:

- Айһай, шіркін, өз үйім, кең сарайым боз үйім,- деп төрге жантая кетті.

Ал жас келіншек ыдыс - аяқты жинап болып, көпке дейін сипақтап жүріп алды. Бұрында ол, кәрі күйеуі ұйқтады - ау деген кезде төсекке жататын. Күздің өтіп болмайтын ұзақ түнінде ішіне түйе жүн тартылған қалың көрпенің астында жатса да, мұздай қол - аяғы бір жылымайды. Кейде оянып кеткен Майшора оны құшақтап, мойнынан, шашынан сипап, еркелеткен болады. Бірақ



оның тасбақадай тарбиған қолдары ақ денесіне түрпідей тиеді; ол емешегі үзіліп, өліп - өшіп, сүйіп - құшқан сайын, таза тәніне лас бірдеңе жұғып қалғандай жиіркеніп, жылап жібермес үшін ернін қыршып алардай тістеніп жатады.

Әлден уақытта Садырбек:

- Шамды сөндірсек қайтеді? - деді.

- Жоқ, сөндірме, - деді Дүрия.

- Неге?

- Мен қараңғылықтан қорқамын.

- Ой, су жүрек - қорқағым - ай!

- Сен күлме! Майшораның тұтқыннан қашқанын естігеннен бері, ұйқым қашып жүр.

Майшора... Ымыраға келмес таптық дұшпаны өз үйі, өлең төсегінде жатқанда да мазалайды. Оның мал - мүлкін ортаға салып, екі милиционермен Қызылкентке айдатқан соң, үстінен зіл қара тасты аударып тастағандай бойы сергіп, тынысы кеңейгендей болып еді. Алайда ол өліспей беріспейтін азулы жау болып шықты. Тапа тал түсте қашып кетіпті. Қашқын қазір қайда жүр? Кек алу ойында бар ма? Ол жағы беймәлім.

Садырбек осындай бақытты түнінде бөгде жайларды ойлағысы келмей:

- Мен тұрғанда сен одан қорықпа - деді жайбарақат үнмен.

- Ойбай, ол қара жүрек адам, - деді Дүрия үрейлі үнмен. - Еш нәрсені ұмытпайды. Бір рет көкеммен ерегісіп қалғанда: «Осыдан өзіңді құл, қызыңды қатын етпесем, Майшора атым өшсін!» - деп ант беріпті. Ақыры, сол айтқанын орындады. Әкем жанын жегі құрттай жеген қайғыдан өлді. Шешем төркініне көшіп кетті. Сөйтіп, біздің үй іші азып - тозып кетті. Мен болсам... - Дүрия сөзін аяқтай алмай, даусы дірілдеп барып тоқтады.

- Ақшаның құлы болған Майшораның НЭП-тің уақытысында дәуірлегені рас. Қазір заман басқа, заң басқа, - деді Садырбек.

- Бұл сен жоқта осыдан үш - төрт жыл бұрын болған оқиға ғой.

- Ие, ол кезде кеңес өкіметі соғыстың салдарынан есін жинамаған болатын. Енді күшейді. Қарсыласқан қас дұшпанның ақ сайтанын қағып алады.

- Дегенмен сақ болайық! Егер ол екеуміздің қосылып, жеке түтін түтеткенімізді естісе, не қызғаныштан жарылып өледі, не біреуімізді жазым етеді.

- Сенікі қорыққанға қос керінедінің кері ғой. Көп уайымдама! Онан да ұйқтап, дем ал!

- Көп сөйлеп, мазаңды алдым ба, Садыр? Кешірерсің.

Осыдан бір жұма өткен соң, Садырбек аупарткомның алдында колхоз туралы есеп бермек болып, Қызылкентке жүрмекші болды. Ол таңертең атын ерттеп жатқанда Дүрия:

- Садыржан, шаруаң бітсе, тезірек қайтарсың, - деді даусы дірілдеп. - Мен түнде, еркегі жоқ үйде, жалғыз жатуға қорқамын.

Садырбек келіншегіне таңдана қарады. Сүйгеніне жаңа қосылып, әлі ыстық - суығы басылмаған әйел мұның бетіне жаутаңдап қарай береді. Соған қарағанда қимай тұр, қиналып тұр. Келіншегінің боталаған көзін, кенеттен мұңая қалған жүзін көріп: «Қайтсын - ай, - деп ойлады отау иесі, - бұдан артық етінен ет кесіп берсін бе? Бал тәттімнің менен шығарда жаны бөлек екен ғой. Дегенмен өзінің де толқып тұрғанын онша білдіргісі келмей:

- Жұмысым бітсе, араға бір қонып, тез ораламын, - деп уәде етті.

Сонсоң жүріс тілеп, тізгінін сүзе тартып тұрған атына мінуге оңтайланды. Бірақ оны жуық арада жібергісі кел - мей, ат шылбырына оратылған Дүрия:

- Соңғы екі - үш күнде, ылғи жаман түстер көремін. Кескілескен қас дұшпаның бостандықта жүр. Сақ бол! - деп тағы тәптіштеді.

- Түс - түлкінің боғы, - деді Садырбек атына мініп жатып. - Майшора қашқынның күні санаулы. Көп ұзамай оны ұстатып, түрмеге жапқызам.

Міне, содан бері үш күн өтті, Садырбек кешігіп жатыр. Дүрия жолаушының жолын тосып, әлсін - әлсін тысқа шығып, аудан орталығынан келетін қара жолға қарай-қарай, екі көзі төрт болды. Садырбек кешіккен сайын, жүрегі май ішкендей қобалжып, ренжитін оң қабағы тарта береді.

Кеш болып, ақшам жамырап төсегіне жатса болды, ылғи бір қорқынышты түстер көреді.

Жол тосқан Майшораның қарақшылары Садырбекті аттан аударып алып, мойнына қылбырау салып:

- «Шыбындай жанымды қалдыра гөр» - деп жалынсаң тірі қаласың! - дейді қарқ - қарқ күліп.

Бірақ қанын ішіне тартып, сазарған Садырбек үндемейді. Сонда қапылыста өштескен жауын қолға түсіріп, мейманасы тасыған Майшора миығынан күліп.

- Бір алған бетінен қайтпайтын ақ тұмсық есектей қасарысқаннан ештеңе шықпайды, дейді сызданып. Сорлы - ау, онан да қара басыңның амандығын ойласаңшы.

- Ондай дөң айбатыңнан қорқатын су жүрек мен емес. Түкірдім, сенің арсыз қара бетіңе, - дейді Садырбек.

- Ә, солай ма?! Ендеше, өз обалың өзіңе, - деп Майшора қасындағы серігіне иек қағады.

Түр - түсі осы өңірдегі әйгілі бау кеспе, әңгі Жүсіпке ұқсайтын енгезердей қарақшы Садырбекті ат құйрығына байлап, тайтерідей сүйрете жөнеледі. Осындай сұмдықты көріп, төбе шашы тік тұрған Дүрия шырт ұйқысынан шошып оянады. Содан демін ішіне тартып, біраз үнсіз жатқан соң, көзін сығырайта ашып, жан - жағына үрейлене қарайды. Жаңағы қорқынышты көрініс ізім - ғайым жоғалған. Ағаш сандықтың үстінде білте шам сығырая жанып тұр. Кейде біржолата сөніп қалатындай өлеусіреп, кейде қыпылық - қыпылық етіп барып, шалқи жанады.Білте шамның көмескі жарығында ала көлеңкеде бөлме іш бір түрлі кеңейіп, үй іші күздің көлеңке басқан, қоңыр кешіндей құлазып, жас әйел одан сайын жалғызсырай түседі. Дүрия үрей, қорқыныш билеген көңілін бір нәрсемен алаң ету үшін төбеге қарайды. Бірақ оның да жетісіп тұрғаны шамалы. Төрден есікке дейін ұзыннан салынған жалғыз бөрене әлі мығым көрінгенімен, ыс пен түтіннен қарайып кеткен жіңішке сырғауылдар майысып, сынып кетердей шермиіп тұр. Асығыс ақталған қабырғаның кей жерінің сылағы түсіп сиырдың тіліндей ала-тандақтанып, төбеден өткен жаңбыр мен қар суы айғыз-айғыз із қалдырған. Үй төбесіне орнатылған жалғыз терезеден жылт еткен жарық сәуле білінбейді. Соған қарағанда, күн бүгін бұлтты болу керек. Қап - қараңғы терезені көргенде, Дүрияның тұла бойын қайтадан үрей биледі.Көзіне тағы да қорқынышты нәрселер елестей бастады.

Бұл жолы көзге түрткісіз қараңғы түнде, айдалада, ауылға тез жету үшін асығып келе жатқан Садырбекті аш қасқырлар қамап алады. Темір үзеңгі мен тобылғы сапты қамшыдан басқа қаруы жоқ жүргінші жаны қысылғандықтан, атын бас - көзге қарамай сабалап, қаша жөнеледі. Көздері қызыл шоқтай жайнап, тілдері салақтап, ауыздары арандай ашылған көп бері оның соңынан түсіп береді. Бір мезгілде қара терге түсіп, алыс жолдан белі

босаңсып келе жатқан ат барлығып, ырс - ырс етіп, шабысын бәсеңдете бастайды. Арам қатқыр көк шолақтан күдер үзген жолаушы жандалбасалап, жаяу қашады. Көп бөрілер екі бүйірі омсырайылып, төрт аяқтап болдырған көк шолаққа жабыла кетіп, лезде ішек - қарнын жарқырата жарып салып, ыстық қан мен майлы етке қомағайлана ауыз салады. Алдымен ауыз салғандар: тайдай арлан бөрілер мен қаншық қасқырлар. Ал жас бөлтіріктер ыр - ыр етіп, балғадай азу тістерін сақылдатқан үлкен қасқырлардың айбатынан сескеніп, шеттей береді. Кенет олардың көзі жаяу қашқан жалғыз қараға түседі. Ызалы, долы, аш бөлтіріктер енді солай қарай бет түзейді.

Қорқынышты елестің дәл осы тұсында Дүрия жылап жіберердей иегі кемсеңдеп:

- Қазинесі кең құдай - ай! Ол бір әкеден жалғыз еді. Өзің жар болып, бәле - жәледен сақтай гөр! - деп тәңіріне жалынып - жалбарына бастайды.

Жас әйел жаратқан иесіне сыйынып жатып, әбден шаршап, түннің бір уағында ұйқтап кеткен еді. Кенет, күн күркірегендей үйдің төбесі күтір - күтір ете қалды да, біреулер ішке секіріп түскендей болды. Дүрия сол дыбыстан шошып оянды. Түні бойы жанып тұрғандықтан білте шамның майы азайып, өлеусіреп, сөнуге айналыпты. Сығырая жанған шамның болар - болмас жарығында, ала көлеңке үйде қарауытқан екі адамның бейнесі көрінеді. Жүрегі су етіп, үстіне бір шелек су құйып жібергендей денесі мұздап, қатты сескенген Дүрия бетін көрпемен жауып ала қойды.

- Әй, қатын, тұр орныңнан!

Әлдеқандай дөрекі қолдар жұлқи тартып, мұның үстіндегі көрпені сыпырып алды. Іш көйлекшең Дүрия орнынан атып тұрды. Енді ол анық байқады, қотанға түсетін ұрыдай түнделетіп жүргендер Майшора мен әңгі Жүсіп екен.

- Аруақтай қасиетті ақ некені бұзып, күйеуіңнің көзіне шөп салатындай неден астың сен сайқал! Тұрған жерінде теріс қаратып бауыздайын ба? - деді қалш - қалш еткен ұры. Мұны айтқанда оның қалтыраған қолы жанынан екі елі тастамайтын өткір кездігіне екі - үш рет барып қайтты.

- Жә, әңгірлемей қоя тұр. Бұл құтырған қатынмен өзім сөйлесейін, - деді Майшора.

Ал Дүрияда үн жоқ. Аттан салып, көршілерді көмекке шақырайын десе, даусы шықпайды. Тамағы кебер-



сіп, буын - буынынан әл кетіп, ерік күшінен айырылып қалғандай қалшиып тұр.

- Әй, зәндеме, менімен тұрмыс құрып, екі - үш жыл бірге тұрдың, - деді Майшора ысылдай сөйлеп, - Не ішем, не кием демедің. Сөйте тұра жасырғанымды ашып, абыройымды шашқаныңа жол болсын! Тым болмаса тәңірден қорқып, дәм - тұзым атар деп ойламадың ба?

- Ойбай-ау, бұл қатын емес, қойныңа кірген қара шұбар жылан ғой, - деді Жүсіп итаршыланып.

- Садырбек тірі ме? - деді даусы әрең шыққан Дүрия.

- Бәлшабай байың әзірге аман, - деді Майшора.- Бірақ көп ұзамай, оның да жанын жаһаннамға жібереміз. Ал қазір сен жәдігөй, менің жаңағы сауалыма жауап бер!

Садырбектің амандығын естіп, өзіне - өзі келгендей болған әйел:

- Майшора, сен мені мал сияқты матап алғансың. Сондықтан амалсыздың күйінен бірге тұрғанмын. Бірақ сүйген жоқпын, - деді ол ышқына сөйлеп. - Тіпті сүймек түгіл, әйел болып төсекте еміренген емеспін. Әкем қайғы - құсадан өлген күні - менің жүрегім мұз болып қатқан. Ол ешқашан да жібімейді.

- Жәдігөй қатын байымен екеуі бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай сөйлейді. Садырбек шешемді өлтірдің десе, мынау әкемді өлтірдің дейді. Сонда құдайдың ақ ажалынан өлген адамдарға Майшора кінәлі ме? - деп ол қасындағы жол кесерге қарады.

- Ағаке - ау, сіз адам түгіл, тышқан мұрнын қанатқан пенде емессіз, - деді ол.

- Ендеше, сайқал қатын не оттап тұр. Мен түсінбедім.

- Түсінбейтін түк те жоқ, - деді Дүрия қатуланып. Сен Майшора емес, нағыз Қаншорасың. Сендейлерді жер аудару аз. Қырық рудың кісілері жиналып, қырық кесекпен атып өлтірсе, сол рауа.

- Қысқарт тіліңді, қаншық! Көп жыныма тие берсең, табан астында атып тастаймын! - деп дөң айбат көрсетті ұры.

Майшора :

- Маған қатын табылады. Сен менен бұрын бай тауыпсың. Оны да жөн делік. Басқа - басқа, жасырған мал - мүлкімде нең бар еді? Соны айтшы? - деді.

- Нем жоқ еді?! - деді жүзі көкшіл түспен сазар-

ған әйел. - Онда еңбегі еш, тұзы сор көп кедейдің маңдай тері мен төгілген көз жасы бар болатын. Мың асқанға бір тосқан. Саған зауал келді. Мен соған қуанамын.

- Ах, сайқал бар сырымды өкілге ашып берген сен екенсің ғой.

- Ие, мен.

Сол, сол екен, Майшораның түсі кісі шошырлықтай өзгеріп:

Ат! Жоқ ас! Көп үргізбей өшір, қу қаншықтың үнін! - деп қасындағы қарақшыға бұйрық етті.

## XIV

Мезгіл түн ортасынан ауа бергенде, Ырысбайдың есігінің алдында жататын арабы тұқымды төрт көз, қара ауыз төбет шабаланып үрді. Бұл төбет былайғы ақ қаншық, сүр дүрегей, үстінен қысы - жазы жабағы жүні түспейтін борпас төбеттерге қарағанда, текті ит болатын. Ол саққұлақ еді. Сырт көзге жалпақ тұмсығын бауырына тығып, есік алдында ұйқтап жатқан тәрізді көрінгенімен, қыбыр еткен тышқан тықырын, самал желмен қозғалған шөп басының сыбдырын да естіп жатады, Егер кәукілдеп үрсе, құр бекерге үрмейді. Қалың ұйқыда жатқан ауылдың маңына не мал торуылдаған аш қасқыр келгенде, не суық жүрісті ұры - қарының ат тұяғының дүбірі естілгенде ғана қадалып, коймай үретін әдеті бар.

«Әйелін Майшора өлтіріп және жатақтардың биылғы еккен егіні өртеніп кеткеннен кейін: «Қаскөйлерді жеті қат жердің астына кіріп кетсе де табамын!» - деп Садырбек атқа мінгеннен бері, жас баласы бар әйелдей сергек ұйқтайтын Ырысбай, төбет ит үре бастағанда орнынан тұрып, далаға шықты.

Дала тастай қараңғы. Қап - қара жауын бұлттары торлап алған аспан бір түрлі аласарып кеткендей. Ауыл бырдай ұйқыда. Не қыбырлаған мал, не ошаң өткен кісі қарасы көрінбейді. Көкше теңіздің көк өгіздей өкіріп кеп жағалауға соғылып, кері қайтқан асау толқындарының шуылы ма, әлде Көксеңгірдің қарлы шыңдарына дейін өрлей өскен алып самырсын, бөрік бас қарағайлардың басын жел қозғалтып тұр ма, алыстан бір сарын құлаққа талып естіледі.

Ырысбай сол сарыннан басқа, бөтен дыбыс естілмес пе екен деп, құлағын түріп, біраз уақыт тың тыңдап тұрды. Осы кезде манадан бері әлденеге мазасызданып,



ауылды айналып үріп жүрген Жолбарыстың үні ешіп қалды.

Ол есік алдында тұрып:

- Жаратқан ием, әділдік үшін түн қатып, түсі қашып жорытқан ер жігіттің жолын оңғара гөр, деп ішінен ақ тілеу тіледі. Сол - ақ екен осы ауылда, соңғы бір - екі айдың мұғдарында болған екі қанды оқиға күні кеше ғана болғандай, көзіне елестеді.

Ырысбай қарғыс атқыр сол қанды күні ертеңгісін Садырбектің үйіне барғанда, жуан бөренеге асылып қалған Дүрияны көрді. Сондағы жас келіншектің қылаусыз ақ мойнына салынған ала шылбыр, қан шылбыры әлі есінде. Жалма - жан қынындағы өткір кездігін суырып ап, қыл шылбырды қиып жібергенде, байғұс әйелдің суый бастаған өлі денесі жерге сылқ ете түсті. Мұндай сұмдықты ешқашан да көрмеген Ырысбай жүресінен отыра қап, оның бетіне үңілді. Бірақ әйелдің көкшіл тартқан жүзінен, тіршілік оты сөнген жансыз көздерінен өлім таңбасын көріп, қаны мұздап, бар денесі түршігіп қоя берді. Содан аздап өзіне - өзі келе бастағанда айтқаны: «Туғалы соры ашылмаған сорлы балам - ай, сол!» деген сөз болды.

Ырысбайдың олай дейтін жөні бар еді. Өйткені Дүрияның әке - шешесімен соңғы жылдары көрші тұрды. Көктемде желкілдеп өскен қызғалдақтай жас өспірім қыздың бұлаңдап бойжеткен шағы, өмірінің қуанышты-қайғылы сәті де отағасының көз алдынан өтті.

Әсіресе Майшораға еріксіз тұрмысқа шығып, қанаты сынған ақ құстай еңсесі басылып, бойжеткен көңілінің пәсейген кезі Ырысбайдың есінде.

Таңертең қызықты өмірден, жарық дүниеден бауыры суыған қаралы сұлу басына қара шапанын жамылып, қыр асып кетеді. Содан сәске түс кезінде екі беті бұлаудай боп ісіп, жасаураған көзі қызарып қайтады.

Қаны қашқан жүзі аппақ шөлмектей ағарып, көзінен тіршілік нұры сөніп, күн өткен сайын майы таусылған шамдай сөніп бара жатқан жас келіншекті көргенде, Ырысбайдың жүрегі шымырлаушы еді. Алайда іші қызқыз қайнағанымен, қолынан келетін ешқандай дәрмені жоқ. Азуын айға билеген төренің басы - Майшораға, ғұмыр бойы қотанына бір сиыр мен бес - алты саржағал ешкіден басқа ештеңе бітпеген Ырысбай қарсы сөйлеп, бой теңестіріп, тайталаса ала ма? Әрине, жоқ. Сондықтан ол ауыр күрсініп, үнсіз күңіреніп тынады.

Бір ғажабы, ол Садырбек ауылға қайта оралған соң

алғаш жауған ақша қарға аунаған түлкідей жайнап, жасанып шыға келді. Бетіне қызыл қан жүгіріп, аз уақыттың ішінде толысып, қатыңқы қабағы жадырап, екіқабат болған әйелдей жүзінде жұмсақ нұр пайда болды. Үстіне өрттей қызыл торғыннан көйлек киіп, көз жанары жарқырап, ауыл - үйдің арасында етегі көлең - көлең етіп жүргенде, желікті жас бозбаланың өзін жалт қаратқандай еді.

Сол - ақ екен, ауыл әйелдерінің пыш - пыш сөзі көбейді.

Бір әйел:

- Жеңеше - ау, сенің не байқағаның бар? Төре қайнағаның үйіндегі келін жайнап кетіпті ғой, - десе, екінші әйел:

- Өй, жаман қар, өзің жас болмағандай сөйлейсің-ау?! Әйел де мысық сияқты сипап, еркелеткенді сүйеді. Жасамыс байы алақанына салып ұстаса, ол желікпей кім желігеді? - деп қалған сырды күлімсіреген көзімен айтып, сылқ - сылқ күледі,

- Қойшы әрі. Дүрия келін бұрында күлтілдеп жүрсе қайда қалған? - дейді сөз бастаған әйел көршісіне төне түсіп. Сонсоң:

- Жеңеше - ау, сен естідің бе? - деп, әп - сәтте даусын бәсеңдетіп, күбір - сыбырға ауысып:

- Сол табан астында өзгеріп, құйқылжи қалған келін қыз кезінде ауылға келген өкілмен көңілдес болған дейді ғой.

- Мұны естісем, құлағым керең болсын.

- Осыдан қара да тұр. Түлкі - Дүрия төре қайнағаның аузын аңқайтып, жас әкімге тиіп алмасын.

- Ақ некелі қатынын біреуге беріп, Майшора тас құшақтап жата ма?

- Құдай дұшпаныңның да басына бермесін. Қайнағада қауқар қалмады ғой.

- Е, соншама не боп қалды?

- Оның мал-мүлкі кәмпескеленіп, жер аударылады дейді ғой.

- Ым - ым. Онда жағдайы тым нашар екен.

- Дүрия соны біліп, құтырынып жүрген жоқ па?

- Сайқалын - ай, жаман қардың.

- Жеңеше, көп таңданба! Әйел баласының көңілі біреуге шын құласа, одан ешқашан да айнымайды.

- Сонда олардың ғашықтығы Қыз Жібек пен Төлегендей ме?

- Дәл тауып айттың, ақ жеңеше!



Жалпы, Ырысбай ғашықтық, асықтық дегендерді ақындардың ойдан шығарған сөзі деп ұғатын. Ондай күйді басынан кешірген емес. Жасы қырыққа жетіп, қырма сақал болғанша кісі есігінде жүрді. Содан тапқан-таянғанын там - тұмдап жинап, қалыңмалын төлеп, бір момын адамның қарапайым жас қызына үйленді. Жас келіншегі көнтерлі адам болып шықты. Уақыт өтіп, бір шаңырақтың астында тұра келе, ортақ тіл табысып, ел қатарлы тұрмыс құрды.

Ал Дүрия мен Садырбекке қарап, Ырысбай алғаш рет дүниеде махаббаттың бар екеніне көзі жетіп, өмірде дәмін көп татқан жоқшылықтан қорынып, жүрегінің түбінде бұғып қалған нәзік сізімі қайта оянғандай болды. Сөйтіп, жасы елуді алқымдап қалған ел ағасы ақын Абайдың, сал Біржанның, сері Ақанның сүйіспеншілік туралы өлеңдері мен әндерін есіне алды. Тілінен бал, бұлбұл көмейінен ән төгілген бұл өнерпаздардың өлеңдерінде аһ ұрған арман, терең тебіреніс, сарғайған сағыныш сезімі мол екен. Сол әндер бір-біріне іңкәр ғашықтарды көкке көтеріп, жүрегіне сақтап келген алтындай асыл қасиеттерін көпке паш етіпті. Ғашық жандардың нәзік те ұяң алғашқы көзқарасын,Ләйлі - Мәжнүндей үзіліп - үздіккен мөлдір сезімін, таулы жердің ауа райындай өзгермелі, құбылмалы ішкі жан-толқынысын өлең сезімен жеткізген ақындар да айтқыш - ау! Сол әндердің қызулы әсерімен толқып кеткен Ырысбай:

Дүниеде сенен артық маған жан жоқ,
Саған жар менен артық табылса да,-

деп іштей ыңылдап, өлеңдетіп кеткенін өзі де байқамай қалады.

Ақындардың әндерін еске алумен қатар, отағасы өз әйелімен қарым - қатынасы туралы да ойлады. Рас, бес биенің сабасындай қара бәйбішенің денесі қалай мол болса, мінезі де сондай кең. Әзірге шәй десіп, қабақ шытысқан емес. Бірақ кінәмшіл көңілге кейде көлеңкесін, кейде нұр шұғыласын түсірген ішкі жан жақындығы жоқ. Солай болғанмен, қол жетпейтін биікті көксеп, жоқ нәрсені ойлайтын адам Ырысбай емес. Тек ол осы ғұмырында бір рет өліп - өшіп ғашық болып, біреуді аңсап, сағыныш отына күйіп - жанбағанына өкінді. Өкіне жүріп, екі жастың бақытты болуын тіледі. Сондықтан олардың жеке отау тігіп, үй болған тойына барын салды. Үй - үйді аралап жүріп, жас отауға қажетті жиһаз бен табақ - аяқты да өзі жинады.

Ал Дүрия мен Садырбек қосылған күні одан өткен

мейірімді әке, одан өткен қонақжай отағасы, одан көңілді әзілқой той бастаушы болған жоқ.

Бірақ көрінде өкіргір, Майшора, олардың от басын ойрандап кетті. Сондағы өлі арудың нұры сөнгөн жансыз көзі, көкшіл тартқан жүзі, әлдекімге кейігендей шытынаған қабағы. Ырысбайдың есінде. Ол аяулы арудың өліміне өзін кінәлі тәрізді сезінді. Аңдаусызда қақпанға түсіп, аяғын шайнап тастап, қан қақсап кеткен кәрі бөрі - Майшора қайта айналып, кек алар деп ойламаған. Қысқасы, қияға қарайтын қырандай қырағылық, сақтық жетіспеген.

Бәрінен бұрын Ырысбайға ауыр тигені - Садырбекке әйелінің өлімін естірту болды. Сүйген жарымен бірге аз уақыт өмір сүріп, әлі ыстық - суығы басылмаған жігітке: «Жарың жау қолынан опат болды», - деп қалай айтады? Дүрияның өлімін естіген сәтте, сұмдық көргендей көз шарасы үлкейіп, түсі қатты бұзылған Садырбекке қараганша, мұның шыққыр көзі неге ағып түспейді?

Әйткенмен жазған құлда шаршау жоқ. Ол көзімен жер шұқып отырып: «Қарағым Садырбек, - деді қылғына сөйлеп, «Алдыңғыны: көріп, күпірлік ет; артқыны көріп, шүкіршілік ет», - депті баяғылар. - Солар айтқандай - ақ, төзбасты ұста соқпайды, өлместі тәңір жаратпайды. Қолыңдағы қамшының сабы сынды. Өзің жоқта Дүриядан айырылып қалдық», - деді.

Садырбек мына хабардан жаны түршігіп, өңі сұп - сұр болып өзгеріп, отағасына бажырая қарап қалды. Кенет үстінен жәй түскендей есеңгіреп қалған жағдайы бар. Сонда оның жасаураған жанарында тұна қалған қасірет, налу мен күйзелу деген сұмдық еді. Оған қарауға жүзі шыдамаған Ырысбай еріксіз төмен қарады.

Садырбек кенеттен ұшып тұрып, төрде ілулі тұрған шиті мылтықты жұлып алды да:

- Атың өшкір, Майшора, қайдасың?! Қаныңды ішемін, - деп айғай салып, есікке қарай тұра ұмтылды.

Көрінген көзі, кесілген ізі жоқ көлеңкедей - қашқын Майшора оған табан астында кездесе қоя ма? Отағасы әке - көкелеп, жалынып - жалбарынып жүріп, әзер дегенде оның қолындағы қаруды тартып алды.

Осылайша көңілсіз ой құшағында тұрған Ырысбайдың денесі тоңази бастады. Әйткенмен ол асыға күткен жолаушының қарасы көрінбес пе екен деп, қою қараңғылыққа көзін қадап, тағы да біраз тұрды. Кенет қапқараңғы түн құшағынан қарауыз төбет шыға келді де, иесін танып, еркелей қыңсылап аяғына оратылды.



Ол түн ортасында үріп, мұның тынышын алғанына кешірім өтінгенбей. Ырысбай ақылды, есті иттің арқасынан сипап тұрып:

- Төрт көзім, қартаяйын дегенсің бе? Себепсіз үріп мазаны алдың ғой, - деді зілсіз үнмен.

Сонсоң, үйге кіріп, киімшең күйі төсегіне жантайды. Бірақ ұйқысы келетін емес. Жүрегінде қобалжу, көңілінде мазасыздану бар. «Садырбек неге ұшты - күйлі хабарсыз кетті? Әлде қанына қарайып алған қарақшылар қапысын тауып, жайратып салды ма? Ақымақ басым, сол баланы бекерге жалғыз жіберген екенмін», - деп іштей өкініп жатыр.

Дүриядан қапылыста айырылған соң, Садырбек сырт көзге бұрынғыдай іскер, сөзге ширақ көрінгенмен, анық байқаған кісіге өзі - өзінен жабырқай береді. Әсіресе Дүриямен махаббаттың алғашқы ыстық түндерін бірге өткізген, ал қазір есігі тарс жабылған тоқал тамға көзі түссе, үнсіз күрсініп қалады. Мұндай сәтте жасаураған көздері түпсіз қара судай тұңғиықтанып кетеді. Ырысбай көңілі қаралы, бауыры жаралы жігіттің бұл күрсінісі - Дүрияның оқыс өлімімен, соның нұр дидарлы жүзімен, естен кетпес қылықты мінезімен байланысты екенін іштей сезеді. Бірақ туысындай жақын, інісіндей жақсы көріп кеткен Садырбекке жасайтын көмегі жоқ. Өлген адамды көз жасымен тірілтіп, қаралы қайғыны сөзбен жұбата алмайтынын біледі. Жасаған бір амалы Садырбекті өз қолына алды. Сөйтіп, жігіттің тұрағын өзгертіп, ет жүрегін қара мысықтай тырмалаған қайғысы мен күйігін аздап жеңілдеткендей болды.

Әйткенмен ол көрер көзге, көбінесе жалғызсырап, мұңая береді. Есік ашылса, Дүрия кіріп келетіндей, жалт қарайды; оқыстан жас әйелдің даусы естілсе, келіншегі ақ маңдайы жарқырап, күлімсіреп келіп, ойнақы мінезбен өкпе - назын айта бастайтындай, құлағы елең ете қалады. Бірақ үйге кірген бөтен біреу екенін көргенде, сол дауыс өзгенікі екенін білгенде, қайтадан жабырқап, тұйықталып қалады.

Бірде отағасы Садырбектің көкірегін қарс айырып, көмейінен күңірене шыққан бір зарлы дыбысты естіді. Оның сөзі жоқ тек «е-е-ей-ии» - деп сай - сүйекті сырқыратып, адамды бейжай қалдыра алмайтын аса мұңды әуені бар. Аңдаусызда айырылған маймақ ботасын іздеп, боздаған бозінгеннің үні ме, әлде бауыр етінен жаралған - жалғыз баласы өліп, соны жоқтап жылаған ананың зары ма, әйтеуір, бұл мұңды әуен өзекті пенденің

жоғалтқанын, өшкенін есіне салып, қатты толқытары сөзсіз. Ырысбай шыдай алмай, жылап жіберді. Бірақ қосыла егілу Садырбектің қайғысын бұрынғыдан гөрі ауырлатпаса, жеңілдетпейді. Сондықтан Ырысбай оны сәл болса да, өкініш - қайғыдан серпілтудің амалын қарастыра бастады. Осы орайда ол: «Садыржан, қорықшы шал егін пісіп қалыпты дейді. Көріп қайтайық», - деп ұсыныс жасады. Және бұл сапарына сары қаршығасын әдейі ала шықты.

Олар құлама бесін кезінде аттың жіті аяңымен егінжайды аралап келе жатты.

Алыста, ирек - ирек ақ шоқылардың үстінде, от көрікте балқыған қалайыдай қызарып, күн батып барады. Күн кешкірген соң жатаған төбе, қойнау - қолаттың көлеңкесі бірте - бірте ұзара берді. Күндіз ерінді кезертіп, таңдайды құрғатқан аптап ыстықтың да беті қайтып, Көксеңгір жақтан керімсал самал есе бастады.

Батар күннің қызғылт шапағы самал желмен баяу қозғалған сарбалақ егіннің үстіне түсіп, бидайдың әр сабағын алтын буына ұстағандай сарғыш етіп көрсетеді. Самал жел қозғалтқан егін - жайдың үсті тымық күнгі теңіз бетіндей жыбырлап жатыр.

Ырысбай көкжиекке еңкейген күннің өткір сәулесіне қарай алмай, көзін сықситыңқырап, сарбалақ егінді салқын назармен шолып шықты да, ат үстінен еңкейіп, бір түп бидайды сабағымен жұлып алып, қауызынан тазартып, «бісміллә» деп, аузына салды. Бидайдың толық дәндерін тамсана шайнап, дәмін алып тұрып:

- Егін пісіруге жақындаған. Енді он шақты күнде орақ салуға келетін шығар, - деді.

- Айтқаның келсін, ағасы.

Осы кезде Ырысбай астындағы биенің жас құлыны енесінің бауырына жанаса беріп еді, анау жақтырмай тебініп қалды. Құлын ешкі басын кегжең еткізіп, қап - қара бота көзі жәудіреп, енесіне таңдана қарады да, кенет құндыздай жылтыраған шолақ құйрығын шаншып алып, құлдырай жөнелді. Жас құлын кішкентай тұяқтарымен шымды жерді дүрсілдетіп, шаба жөнелгенде, балдақта отырған қаршыға сол жаққа жалт қарап, көздері уытты ұшқын шашып, қозғалақтап қалды.

- Тәйт, жөніңе отыр! - деді Ырысбай.

Ал құлын болса, құйрығын көкке шаншып алып, аттылы кісілерді айнала шауып жүр. Кейде оқыстан, қарсы алдынан терең жарды көргендей кілт тұра қалады да, қайтадан құйғыта жөнеледі.



Себепсіз шапқан ессіз құлын қытығына тиді ме, әлде тұғырда қалғыған кәрі бүркіттей қимыл - қозғалыссыз отыра беруден жалықты ма, сары қаршығa мойнын қылқылдатып, жан - жағына іздене қаранды. Әсіресе құлдырай шапқан құлын жебенің оғындай алдынан зу ете қалғанда, желке жүні үдірейе көтеріліп, ойнақшыған көздері батар күннің сәулесімен шағылысып, қып - қызыл от төгеді.

Садырбек батар күннің қызғылт шапағымен қанаты, омырауы, мойын жүні жылтыраған шабытты қаршығаның ажарына сүйсіне қарап:

- Алғыр құс сияқты. Қан тілеп, құлшынып отыр, - деді.

- Дәл айттың, ұлық бала, - деді Ырысбай.

Ол арқасы қозған ақындай сығыр көздері ұшқындап, құсының дөңестеу арқа жонынан күректей алақанымен сипап тұрып, аңшылардың асыра сөйлейтін әдетімен: сары қаршығаны тормен ұстағанын, екі жұмадай не ұйқы, не күлкі көрмей қолға үйреткенін, жас қозысының қан - сөлді сан етімен қоректендіріп, күтіп баптағанын да мақтана айтып шықты. Ақыры, қыза келе:

- Ұлық бала, атыңның басын көкше теңізге бұр! Жүдә, біреудің қолынан өлейін деп, тіленіп отырған Сарыбауыр қанжығамызда әдемі - ақ майлайды, - деді.

Сонан соң:

- Менің құс танитыным рас болса, Сарыбауыр нағыз бабында, - деді сенімді үнмен.

Осы кезде: «Ырысбай шын айтады» дегендей, құстың шегір көздері қып - қызыл шоқтай жайнап, қанат - қауырсыны таза атластай судырлап, дүр - дүр сілкінді.

Бапшының сөзіне имандай сеніп, өзі шабытты құстың сұлу ажарына қызыққан Садырбек:

- Онда Сарыбауырдың өнерін қызықтайық, - деп тез келісе кетті.

Сөйтіп, салт аттылар тебініп қалып, жорта жөнелді. Көкше теңіздің жүргіншілер келе жатқан бұл тұсы қараған, бұтасыз тіс - тіс жақпар тасты, жалаңаш төбелер болатын - ды.

Көп ұзамай, көктемде жайылған қызыл судан қалып қойған ойдым - ойдым көлдер күміс айнадай жарқ ете қалды. Батпақты, балдырлы көлшіктердің жағасы сыңсыған ну құрақ пен үкілі қамыс екен. Күн желсіз, тымық болғандықтан, көк саздың көп масасы ду етіп, саятшыларға лап қойды. Тымық кеште, құлақтың дәл түбінде қобыз тартқандай ызыңдаған масаның беймаза үні-

нен басқа бөтен дыбыс жоқ. Не ұшқан құс, не жүгірген аң көрінбейді. Әшейінде жоғары - төмен салпылдап ұшып жүретін я барылдауық үйрек, я сары ала қаз көзге шалынбайды.

Кенет олардың дәл алдынан, бір шоқ қамыс ішінен, сусыл қанатты сұқсыр үйрек пыр етіп, жылдам көтеріліп, көкке биіктей берді.

Үйректі көргенде, Сарыбауырдың көздері шоқтай жайнап, «жібер» дегендей, алға қарай ұмсынып қалды. Онсыз да жан - жағына елеңдей қарап, көңілі алабұртып келе жатқан Ырысбай семіз биенің бауырына еңкейе беріп: «Я, аруақ, өзің жар бола гөр!» - деп айғайлап жіберіп, Сарыбауырды құлаштай лақтырды. Қышырлы өткір тұяғының қышуын қандыратын жеміне сары құс ентелей ұмтылды. Осы кезде құс қанатының кешкі ауаны сүңгідей тілген сусылын естіген үйрек төмен қарай құлдилады. Сол себепті Сарыбауыр атылған садақтың оғындай зу етіп, өз екпінімен өте шықты. Енді үйрек шоқалақсыз, бұдырсыз көл бетінде аман қалмасын білді ме, қанаты суға тиер - тиместей боп, жер бауырлай ұшып, әлгі шоқ қамысқа бет түзеді. Ал Сарыбауыр болса, биіктікте алтындай сары бауыры күнге шағылыса, жарқ етіп, төмен құдия берді. Сол бетімен сұқсырды қалың қамысқа жеткізбей іліп түсті.

Сол, сол - ақ екен, қарт аңшы: «О, о, жарайсың, жансебіл Сарыбауырым» - деп даурыға айқайлап, шаба жөнелді. Құйғыта шапқан күйі олжасына жете бере, биесінен домалана түсіп, етігімен су кешіп барып, қатты қуанып: «Үйірімен үш тоғыз!» деді.

Садырбек жайшылықта сирек тістерінің арасынан сыздықтата түкіріп, кішкене көздерін сықситыңқырап, жіңішке саусақтарымен ұзынша сақалын тарамдай отырып сөйлейтін байсалды отағасының ес тоқтатпаған ессіз баладай жеңілтек мінезіне іштей мырс - мырс күлді.

Ырысбай аңшының ырымшыл келетін әдетімен алғашқы үйректі қанжығасына байлап жатып:

- Бүгін Сарыбауыр зар күйінде екен, ұлық бала, - деді көңілді үнмен. Содан кейін батып бара жатқан күн сәулесінің астында торғындай құбылып жатқан айдынға көз жіберіп: - Меніңше, бұл жердің құсы тыныш жерде, кішкентай аралдарда отыр. Қас қарайғанша, соларды бір сүзіп шығайық, - деді.

Көк шалғынды, қоғалы аралға жақындай бергенде, алғашқы олжадан көтерілген көңілі әлі басыла қоймаған Ырысбай дабылды қағып - қағып жіберді. Сол - ақ екен,



қалың қоға арасынан бір топ шүрегей қанаттары сатырсұтыр етіп, ұша жөнелді. Саятшы көп бөгелмей, іле қаршығасын сілтеп қалды.

Көп құстың тобына жақын жерден еркін араласқан қаршыға нағыз өнерін енді бастағандай.Батар күннің астында қызғылт сары түсті қауырсын, қанаттары лаулаған жалындай жарқ - жұрқ етіп, биіктен төмен шүйіліп кеп, әлуетті аяқпен дәл топшыдан теуіп өткенде, нысанасына іліккен қаз - үйрек жерге құлап түседі.Сол себепті саятшыларға, қыран ентелей ұмтылған уақытта, ерекше бір сиқырмен арбалған құстар оның тырнағына өзі келіп ілігетіндей көрінді. Кезекті қаз - үйрек жардан лақтырған тымақтай төмен домалай бергенде, екеуі де қатарынан:

- Жарайсың, Сарыбауыр! - деп даурыға айғайлап жіберді.

Бұл жолы сары қаршыға жеті - сегіз қаз - үйрек алды. Садырбектің көптен бері қалың ойдан серпіліп, қолына әдемі ойыншық ұстатқан жас баладай қуанған сәті қаршыға өнерін қызықтаған осы кеш болды. Әбден қас қарайып, ақшам жамырап, ауылға қайтып келе жатқанда: ол:

- Ыреке, адамзат баласы сияқты құстың да алғыры болады екен - ау! Соны бүгін байқадым, - деп қайта - қайта басын шайқап таңданумен болды.

Содан сары қаршығаның қанжығаны майлаған сол күнгі олжасы туралы түн ортасына дейін қызулы, желікті талай әңгімелер айтылды. Ақыры, айтылар сөз таусылып, көздері енді ұйқыға бара бергенде, қорықшы шалдың:

- Аттан! Аттан!

- Егін өртеніп жатыр! - деген тарғыл даусынан бұлар шошып оянды.

Ауылдың естияр үлкендері аттарына жайдақ мінген күйі тұра шапты. Ырысбай да үй жанындағы теректің жас бұтағын асығыс сыдырып алып, шаба жөнелді. Сол күні таң асыруға қойған астындағы торы бие құйындай ұшып, екпінінен жел тұрып, көзден жас ағызады. Ол шауып келе жатып, қап - қара аспан түндігін қызыл тілімен жалаған өрттің мөлшерін бағдарлады. Ие, көкке түйдектеле көтерілген қою түтін - бармақтай дәндері бытырбытыр етіп, лауылдай жанған егін түтіні. Және өрттің аумағы кең. Торы биеге үстін - үстіне қамшы басып келе жатып, ол: «Бір тайпа елді жейтін наннан қаққан қай иттің баласы екен?» - деп ойлады.

Қараңғы түнді жамылып келген қаскөйлер пісіп қал-

ған егінге терт жағынан от қойған екен. Сондықтан аттылы - жаяу қотарыла жеткен ауыл адамдары өрт сөндіруге көп күш салғанымен тек үй орнындай жерді ғана аман сақтап қалды.

Ал екі самайынан, бетінен сай - сай тер ағып, ішін қызқыз қайнатқан, ызалы, долы ашумен қатты ширыққан Садырбек:

- Уай, қаншелек Майшора, бұрында көк мылтығыңды жалғыз маған кезеніп едің. Енді бүгін бүкіл елді қырыңа алдың ба?! Мұны ешқашан да ұмытпаспын! - деп Көксеңгірдің орманды қиын шатына қарап, қамшысын безеді. - Дүние кезек қой. Осы жасаған қаскөйлігіңді алдыңа келтірмесем, Садырбек атым өшсін! Сенімен туғанда жұлдызым қарсы боп туған, - деп ант бергендей болды.

Ертеңінде төрт - бес күндік азығын алып, ақ пен қызыл арасында атына мінді. Отағасы оны жасанған жауға жалғыз жібергісі келмей: «Мен де барамын», - деп, қамдана бастап еді, екі адам сезік тудырады деп, бет бақтырмай қойды.

Енді, міне, содан бері он шақты күн өтті. Садырбек суға батқан тастай хабар - ошарсыз кетті. Өлі ме, тірі ме, ол жағы белгісіз. «Қап, сол баланы жалғыз жіберіп, оққа маңдайын мен тосқандай болдым-ау», - деп, Ырысбай жұмсақ төсекте қозғалақтап қалды.

Дәл осы кезде төрт көз ит тағы да шабалана үрді де, кенеттен тарғыл үні пышақ кескендей тыйылып қалды. Ауыл маңына келген бейсауат жүргіншіні таныды ма, болмаса, қотан торыған ұры қара тұмсықтан қақ сойылмен бір салып сілейте салды ма, әйтеуір, тез арада үні өшті.

Әр түрлі көңілсіз ойлар мазасын алып, елегізіп жатқан Ырысбай далаға шықты. Біразға дейін қою қараңғылыққа көзі үйрене алмай, есік алдында состиып тұрғанда, түнделетіп келе жатқан жалғыз жолаушының қарасы көрінді. Болдырыңқырап қалған атын сипай қамшылап, жіті бастырып келе жатқан Садырбек екен. Сонда ғана өрекпіген жүрегі орнына түскен үй иесі:

- Ат - көлігің аман ба? - деп алдынан шықты.

Садырбек үйге кіріп, бел шешіп, жұмсақ бөстекке жайғасқан соң да, Ырысбай одан ештеңе сұрай алмай, кібіртіктей берді. Ұзақ жол жүріп, шаршап - шалдығып келген жолаушыны бөгде сұрақтармен мазалағысы келмеген.

Ауылда жоқ болған осы күндері Садырбектің еті



қашқан екі жағы ішіне қарай сұғылып, жапырағынан айырылған ағаштай сүйек - сүйегінің қыры білініп, күнқақты болып тотыққан жүзі күреңіте қызарған екен. Атсоқты болып шаршағандықтан ба, әлде талай уақыттан бері ұйқысы шала болған ба, көздері қып - қызыл.

Жылы үйге кірген соң, аздап жан шақырып, ат үстінде салдырап қалған денесін әзер жинап, іргеге арқасын сүйеген Садырбек бірінші боп сөз бастады.

- Алғашқы бес күнде Көксеңгірдің терең сай, қиын шатқалдарын бір сүзіп шықтым. Бірақ одан жау жатағы табылмады, - деді ол қарлыққан үнмен.

Отағасы жалпылдап жанған білте шамның білтесін көтеріп жатып, селт етіп, оның сөзіне күдік пен үміт аралас оймен құлақ түрді.

- Таудан күдер үзген соң, Көкше теңізді жағалай отырып, Ұлы құмға өттім. Құм дегенің мың шұңқыр. Одан бандыны табам деу, бір мая шөптің арасына түскен инені іздегенмен бара - бар екен.

- Ал?

- Ұлы құмда біраз күн сандалғаннан кейін, әйтеуір осында бір соғарсың деген үмітпен, теңіз жағасындағы молданың үйін торуылдадым.

- Е-е. Оның ақыл болған екен.

- Ойлағанымдай бүгін түсте Майшораның бандылары сол үйге сау ете қалды.

- Олар көп пе?

- Көп емес. Нобайы бес - алты адам.

- Қандай қаракет жасаймыз? Ауданнан мелица шақыртамыз ба?

- Оған уақыт тар.

- Сонда не істейміз?

- Аға, ауылдағы жігіттердің бәрін жина! Таңға жақын бандылар жатқан үйді қоршап алмасақ, кеш қаламыз.

Үй иесі онымен үнсіз келісті. Бір шай қайнатым уақыт өткен соң, басы комсомол Болат болып, қолына қару, сойыл ұстай алатын еркек атаулының бәрі атқа қонды.

## XV

Жалғыздық құдайға болмаса, адамға жараспайды екен. Оны Биқасап Адырбек шаһарға базаршылап кеткен осы күндері анық сезінді. Дегенмен жалғыз басты әйел жаздың ащы ішектей шұбатылған ұзақ күнін әйтіпбүйтіп өткізіп жүр. Таңертең ерте тұрып, сиырлары мен

ұсақ малдарын өріске айдап салады. Сонсоң ала қапты арқасына салып алып, тезек теруге кетеді. Сәскеге қарай күнге тотыққан жүзі қызарып, борша - борша болып терлеп, бір қап тезекті мықшыңдай көтеріп, үйге оралады. Келе сала жалын шарпып, түтін ыстап, күйелеш-күйелеш болған пұшық шайнекке шай қойып ішіп, жан шақырады. Ыстық шаймен қанын кептірген шөлін басқан соң, үйдің қоңыр салқын көлеңкесінде, тықыр тайтерінің үстіне қисайып, аздап көз шырымын алады.

Ол әуе айналып жерге түскендей күндізгі ыстықтан таңдайы құрғап, қара терге малшынып көздері кіртиіп, берекесі аз шала ұйқыдан тұрғанда, түс болады. Ал кешқұрым өрістен малдарын айдап әкеледі.

Бірақ соңғы үш күн Биқасап үшін сәтсіз болды. Алғашқы күні жылдағыдан әлдеқайда кейін қайыған қара інген бошалап кетті. Содан бері жамандатқыр қара інгеннің не өлі, не тірі екенін білмейді. Және «жығылған үстіне жұдырық» дегендей ала бас өгізше улы шөп жеп, арам өлді. Ал соңғы күні өрістен жеті қойы жоғалып кетті. Қасқыр жеді ме, ұры - қары әкетті ме, ол жағы белгісіз.

Көңілсіз осы оқиғалардан кейін «Адырбек не дейді?» деп, қысылып жүрген ала көңіл әйелге қамшының келте сабындай жаздың қысқа түнін өткізу бір қияметке айналды. Әсіресе соңғы түн Биқасаптың өміріндегі ең азапты түн болды. Көкше теңіздің арғы жағалауында дауыл тұрды ма, әлде түнімен ішін тартып ышқынып, жел соқты ма, толқындар тынымсыз шуылдап, оған ұйқы бермеді.

Түн болып, кезге түрткісіз қараңғылық орнағаннан кейін, желсіз түндері беті баяу ғана жыбырлап жататын шексіз - шетсіз айдыннан, құрдым оппа тұңғиықтан жалжал, өркеш - өркеш толқындар өре түрегеліп, жағадағы қия жартастарға арсылдай ұмтылып, момақан теңізге ғаламат күш бітті. Бір иіріліп, бір жазылып, алға ұмтылған алып айдаһарлардай ақбас толқындар су шайып, көк өңезденіп, әбден жылбысқа болған дәу қойтастарға соғылып барып, кері қайтқанда, жер дірілдеп, Метрей балықшының ескі ағаш үйі сықыр - сықыр етеді. Кейде ашулы толқындар екі иығын жұлып жеп, қабаған иттей арсылдап, жағалауға жақындап қалғанда, жер дүниені топан су басып келе жатқандай Биқасаптың зәресі ұшады. Ал асау толқындар үнсіз түнерген жартасқа соғылып, тұзды ақ кебігін бұрқырата шашыратып кері шегінгенде, өгіздей өкірген теңіз аз уақытқа солығын басқанда, үй



төбесіне жабылған ескі қамыстар сыңсыған үнмен ызың салып, әндетіп қоя берді. Бірде жылай - жылай шегі қатып, әл - қуаты азайып, тек әлсіз ғана ызыңдаған жас сәбидің даусын, енді бірде маймақ ботасы өлген бозінгеннің азалы үнін еске салатын сол дыбыс, кейбір сәтте жалғыз баласы суға кеткен балықшы Метрейдің зар илеп, жапа шеккен ащы өксігіне де ұқсап кетеді, Сол ызың дауылды, толқынды теңіз жағасында, азынаған суық желдің өтінде, жылап тұрып су патшасы Сүлейменнен ұлының сүйегін қайтып беруді өтінген қайғылы әке үнін еске салғандай. Толқындар шулаған, дауыл, екпінінен ағаш үй сықырлаған ию - қию дыбысқа толы мазасыз түнде қоянның қорыққан көжегіндей бүрісіп жатқан әйелдің құлағына әлдекім: «Өмір бойы қара суға салып, толқындармен алысып - жұлысып өткен атан жілік Мейтрейге құт болмаған бұл үй, саған жылы ұя бола қояр ма екен?!» - деп сыбырлағандай болады.

Бүгінгі түн қаһарына мініп өксіп - өкірген теңіз шуы мазалап, біресе мезгіл тоздырып, бөренелері шіріп, қиюлары кете бастаған ағаш үйдің сықыры үрейін алған Биқасап тар төсекте тынымсыз дөңбекшіп, әулие - әнбиелеріне сиынып, ұйқтай алмады. Ұйқысы келмеген соң, таң алдында далаға шықты.

Түн түнегі түріліп, таң алыс көкжиектен құланиектеніп, айнала алакеугім тарта бастапты. Түн менен күннің аралығындай таң қараңғылында, бұлт құрсаулаған жұлдызсыз аспан астында, көкше теңіз түтігіп жатыр. Теңіздің әрі қорқынышты, әрі әдемі таңғы суретін тамашалаған Биқасап тыста ұзақ тұрды.

Бірте - бірте таң қараңғылығы сейіліп, күннің қызғылт шапағы айқындала берді. Сұрапыл дауыл кезінде желігіп алған ақ өркеш толқындар баяғы екпінімен ыңырсып, қыңсылап келіп жағаға ұмтылғанымен, кең дария түпсіз терең тұңғиығында шымыр - шымыр етіп, саябырлап, бірте - бірте жуаси бастапты.

Ал сәске түс болғанда, көкше теңіз үстінен буалдыр мұнар арылып, көк әлемі мөлдірей ашылып, күн ыси бастады.

Биқасап үш - төрт рет далаға шығып, Қызылкенттен келетін сүрлеу жолды көзеп қайтты. Бірақ өркеш-өркеш құм төбелер мен мың құбылып, тоқтаусыз дірілдеген көгілдір сағымнан басқа, көзіне ештеңе шалынбады. Адырбектің кешіккенін я жақсылыққа,я жаманшылыққа жорырын білмей, есіктің алдында селтиіп тұрып - тұрып,

үйге кіріп кетті. Әйткенмен үйде байыз тауып отыра алмай, қайта - қайта тысқа шығумен болды.

Түс мезгілінде Биқасап жападан - жалғыз шай ішіп отыр еді, астарына мейіздей боп қатқан жарамды ат, иықтарына берденқе, ұңғысы кесілген шолақ мылтық асынған бір топ қарулы адам келді. Жүрістері суыт, өңдері суық бандылар аттарынан шапыр - шұпыр түсе қалып, үйге еркінси кірді. Мама ағашқа байланған сәйгүліктер ет қызуын баса алмай, әлі де жүріс тілегендей тұяғы қозып, ауыздығын қарш - қарш шайнап, тізгінін сүзе тартып тұр. Соған қарағанда, бұлар ер етікпен саз кешіп, ат ауыздықпен су ішетін ұзақ жортуылға алдын ала сайланып шыққан сияқты.

- Амансың ба, жеңеше? - деді бір сақал - мұрты қауғадай боп өсіп кеткен адам.

Атты, қарулы кісілердің мезгілсіз жүрісінен жүрегіне суық үрей жүгіріп, абыржып қалған әйел онымен ернін жыбырлатып ғана амандасты.

- Биқасап, мені танымадың ба?

- Жүзіңді аздап шырамытқаным болмаса, жыға танымадым.

- Мен төре қайныңызбын ғой.

- Ойбу, бетім - ай, Майшорамысың?

- Ие.

- Өзің азып - тозып кетіпсің ғой.

- Айтары жоқ, жеңеше. Менің көрген күнімді итке берсін.

Осы кезде Майшораның артынан ентелей кірген бір дәу қара:

- Бұл үйдің еркегі қайда? - деді.

- Біз еркек емеспіз бе? - деді жыпық көз сарыжігіт.

- Бір қатынға бес еркек жетеді, - деді үшінші қарақшы.

Сол, сол екен, бандылардың біреуі жылқыдай оқыранып, енді бірі төбет ит сияқты үре күліп, тағы біреуі сауысқандай шықылық - шықылық етіп, мәз - мейрам болды. Биқасап ұры - қарылардың дарақы күлкісіне жыны келгенімен, салқын қандылық көрсетіп:

- Отағасы шаһарға базаршылап кетіп еді, - деді.

Майшора:

- Мұндағылар күндіз саз кешіп, түнде мұз жастанып жүрсе ол қалашылап, баюдың қамына кіріскен екен ғой. - деді сызданып.



Содан кейін ол үйдің иесі Адырбек емес, өзі сияқты барлық шаруаны билеп - төстеп әкетті.

- Жігіттер, қой сойып, қазан көтеріңдер! Сөйтіп, бүгін жас ет, ыстық сорпа ішіп, әлденіп алыңдар! Ертең сендерді қиын сын күтіп тұр, - деді ол әңгірлей сөйлеп.

Биқасап:

- Қайным - ау, мені әйел деп басынғаның ба? - деп қарсылық айтып еді, ол:

- Осы үйдегі малдың жартысынан астамы менікі. Егер қажет болса, соның бәрін қайтып аламын, - деп оның бетін тойтарып тастады.

Қарақшылар тез қимылдап, қой сойып, жедел қуырдақ дайындай бастады. Алдына буы бұрқыраған үйеме табақ жас қуырдақ келгенде, байпатша сияқты төрде шалжиып жатқан әңгі Жүсіп құс жастықтан басын көтеріп:

- Әй, кеңкелес, орыстың мұжығынан алған әлгі ащы суың қайда? Әкел! Тамақ алдында тәбет ашайық, - деді.

Бандылар ащы қуырдақ жеп, самогон ішіп, қызып алған соң гу - гу әңгімеге көшті. Көбінесе есіле сөйлеп, көсіле мақтанып отырған Майшора мен әңгі Жүсіп. Дәл қазір соңынан ерткен қолы үш адам емес, жер қайыстырған үш мың сарбаз сияқты желпініп, лепіре сөйлейді. Бәкене бойлы, көздері жасықтау, таңертең көрсең түске дейін есте қалмайтын көрбілте жүзді ана үш жігіт олардың өтірік - шыны аралас әңгімесін ұйып тыңдайды.

- Ол кезде сендер үйірде жоқсыңдар, - деді Жүсіп қиқы - жиқы сойдақ тісінің арасына тұрып қалған етті темір кездігімен шұқып жатып. - Майекең екеуіміз тапа тал түсте шыбын жанды шүберекке түйіп, бәлшебек Садырбектің тамына кіріп бардық. Қырсық шалғанда, басқарма үйінде жоқ екен. «Байың қайда?» десек, оның көкайыл қатыны: «Сен сұмырайларды кім шақырды?» деп шапылдап беттен алып, жөнін айтпайды. Қанден иттей үрген қатынның сөзін бастан асыратын Жүкең бе?! Мойнына шылбырдан қылбұрау салып, табан астында қылғындырып өлтірдім.

- Әйелдің жазығы не? -деді бандының біреуі:

- Ол айдың аманында күйеуінің көзіне шөп салып, басқа әйелдерге жаман үлгі көрсеткен салдақы болатын. Әттең, уақыт тар болды. Әйтпесе ат құйрығына байлап, дүйім жұрттың көзінше масқаралап өлтіретін едік, - деді Майшора ананың сөзін іліп алып.

- Бәлшебек Садырбектің үгітіне ерген төлеңгіттердің егінін өртеп, қыста жейтін нанын аузынан қақтық, - деді әңгі Жүсіп қоразданып.

- Оларға бұл аз, - деп өзеуреді Майшора. - Ең алдымен ауылнай мен басқарманың сазайын тарттыру керек. Қанжауғырлар білсін, біреудің ошағын бұзып, атамекенінен қуып, қайыршыдай қаңғыртқанның қандай болатынын, - деді даусы дірілдеп, - О, көрінде өкіргір, Садырбек, кеңес өкіметін арқаланып мені елден қуғанымен қоймай, әулиедей ақ төсегімді ластады ғой. Мұндай қорлыққа қайтіп шыдарсың?!

- Ау, Майеке, ұлы жорықтың қарсаңында тұрғанда, көңілің жасымасын. Ұры қақпасында бізге қосылатын он жігіт бұйрық күтіп жатыр. Сондықтан ертеңгі күні дұшпаныңның басы доптай домалап, аяғыңның астында жатпаса, Жүсіп атым өшсін! Егер антымды орындамасам, бөрік киген еркек болмай, өмір бойы етек басты қатын болып өтейін, - деді Жүсіп атамси сөйлеп.

Арақтың ащы уыты буын - буындарына тарап, әрі қарақшының сенімді үнмен айтқан көпірме сөзіне елігіп, желіккен анау үшеуі:

- Алдымен басшылардың басын алу керек.

- Белсенділердің көзі құрыса, былайғылар бақташысыз қойдай бет - бетімен кетіп, колхоз тарайды.

- Сонсоң мал - мүлкіңізді өзіңізге қайтарамыз.

- Сөйтіп, астыңызға тақ қойып, басыңызға бақ орнатамыз, - деп желді күнгі өрттей лаулады.

- О, о, оттан, судан қайтпайтын қыран бүркіттерім! Айтқандарың келсін! - деп Майшораның көзі жасаурады.

- Мырза, алғысыңды кейін айта жатарсың, - деп жел сөзге Жүсіп араласты. - Алмақтың да салмағы бар. Біздің еңбегіміздің бодауын немен өтейсің? Қызыл Садырбектің құны - ат басындай алтынға татымай ма?

- Қалағаныңды ал, Жүсібім.

- Е, бәсе, солай деңіз... Әйтпесе құрғақ қасық ауыз жыртады.

Ал Биқасап ел тонап, жол торыған қарақшылардың Ырысбай тәрізді атпал азаматтардың сыртынан айтқан қоқан - лоқысына, «қырамыз, жоямыз» деген мақтан сөзіне сенген жоқ. «іргелі ауыл ат төбеліндей аз бандыға әл бермейді», - деп ойлады. Өйткені Майшора жаз ортасында осы үйге бір рет соққанда: «Адеке, қара да тұр, колхозға кіргісі келмегендердің бәрі де осында көшіп келеді» деп емексітіп еді. Әйткенмен ол сәуегейлігі жүзеге аспады. Бұлар шалқыған қара судың жағасында әлі жалғыз үй шошайып отыр.

Ал тағы бір рет ат шалдырғанда: «Пайғамбардың ақ



туының астында бар мұсылман баласын жинап, кәменөстерге қарсы жорыққа шығамын», - деп күпініп еді. Сондағы тапқаны әңгі Жүсіп сияқты ойдан - қырдан қашқан ұры, қарылар болыпты. Олардың жайы ежелден белгілі. Тоналған дүние - мүлікке жемсауы толған күні, көк бөрідей сай - сайға түсіп алып, өз жөндеріне кете барады. Сол себепті ол: «Тіл сүйексіз болған соң, сөйлей бересіңдер ғой», - деп қарақшыларды кекеткендей миығынан күліп, үнсіз отыра берді.

Бандылар ет жеп, шай ішіп, тағы да күпілдесіп - күпілдесіп ап, түнгі ұйқыға жатты. Жұмсақ жастыққа бастары тиісімен қорылдап, үй ішін басына көтерді.

Кенет таңға жақын мылтық даусы шаңқ ете қалды да, Биқасап шошып оянды. Одан кейін жылқының түнгі күзетінен келгендей, қатты қорылдап жатқан Майшора оянып кетіп, жастықтан басын жұлып алды. Көздері ұясынан атылып шығардай алайып, асып - сасқан күйі жанында жатқан әңгі Жүсіп жұлқып оятты.

- Не боп қалды? - деді анау.

- Бізді әбілет басты. Сыртқа күзет қоймай, қаннен-қаперсіз ұйқтап жатқанда, ГПУ-дің адамдары үйді қоршап алған сияқты.

Осы кезде даладан:

- Ей, азаматтар! Қарсыласып, құр бекерге қан төгудің қажеті жоқ. Онан да өз еріктеріңмен беріліңдер! - деген біреудің әмірлі даусы естілді.

Құты қашқан Майшора селк ете қалды. Садырбектің даусы. Бұған күндіз күлкі, түнде ұйқы бермей, осы жаз бойы соңынан шам алып түскен қызыл көз албасты, кескілескен қас дұшпаны тағы да алдын орып кеткендей. Оның бұйрығын естігенде, Майшораның жүрек қаны, барлық жан тамырлары қалтырап қоя берді. Ол «не істейміз?» дегендей, жолкесерге қарады.

- Олар енді таңның атуын күтеді, - деді Жүсіп. - Ал жарық болысымен үйге лап қояды. Сондықтан өмірден әлі күдер үзбегенің таңғы алагеуімді пайдаланып, бас сауғала! Әйтпесе осында отырып, иманыңды үйіре бер!

Сонсоң қарақшы сыртқы есікті теуіп ашты. Есік ашылысымен, бес - алты мылтық қатарынан гүрс - гүрс ете қалды. Мылтық даусы өше бергенде, Жүсіп жеміне атылған жолбарыстай сыртқа бір - ақ ытқыды. Сол сәтте тағы да берденкенің үні шаңқ ете қалды. Баукеспе дәл тұмсықтан біреу гүрзімен салып жібергендей шалқая беріп, кескен теректей жерге гүрс етіп құлап түсті. Сол қал-

пында қимылсыз қалды. Содан кейін бірнеше шиті мылтықтар гүрсілдей жөнеліп, оқ - дәрінің иісі мұрынды жарып, қолқаны қапты. Бұлар бұл жолы бандылардың үрейін алу үшін әдейі атқан сияқты.

- Қане, жаныңнан безген қайсың барсың?! Жүсіптің кебін киесің! Сондықтан аман қаламын десеңдер, беріліңдер! Әлі де кеш емес. - Бұл Ырысбайдың даусы сияқты.

Қалған үш қарақшы үрпиісіп, бір - біріне қарады. Сонсоң үшеуі де уәделескендей:

- Ағатайлар - ай, жаздық, жаңылдық. Кешіре гөріңдер! - деп жалынышты үнмен ұлардай шулап қоя берді.

- Жақсы. Қолдарыңды артқа ұстап, үйден бір - бірлеп шығыңдар.

Ана үшеуі ініне су құйылған суырдай сүмірейіп, үйден сүйретіле шықты.

- Майшора, күнің бітті! Қане шық!

Майшора сасайын деді. Не істеу керек? Таң болса, атып қалды. Әңгі Жүсіп сияқты аққөздікке салып, сырт - қа атылып шықса опат болатын түрі бар. Ол апалақтап жан - жағына қарады. Кенет оның көзі қара көлеңке бұрышта қанаты сынған торғайдай дір - дір етіп, бір уыс боп, бүрісіп отырған Биқасапқа түсті. Балықшы Метрейдің ағаш үйі биік жарға мінбелей орналасқан. Су алыс емес. Сондықтан оны бұл қатерден тек Көкше теңіз ғана құтқарады. Осы сәтте басына бір арамза ой сап ете қалған Майшора:

- Ей, Ырысбай, Садырбек! - деп айғайлады. - Мен боса да өлген адаммын. Аянатын түгім жоқ. Сол себепті соңғы тілегімді орындаңдар! Сүйегім жат жерде шірігенше, атамекеннің суында қалсын. Көкше теңізге батып өлемін. Бірақ кепілдікке Биқасапты ала шығамын. Оның жазығы жоқ. Егер біреуің қаруыңды шошаңдатсаң, әйелді табан астында атып тастаймын! - деді.

Аналар өзара ақылдасқандай, біраз уақыт үндемей қалды. Бір мезгілде Садырбек:

- Жарайды. Біз келістік, - деді.

Желемік түннен кейін үстін суық мұнар басып, түтігіп алған Көкше теңіз солығын баса алмай жатыр екен. Талас салып, бір - бірімен ала тайдай жарысып, ереуілдей көтерілген ақ езу толқындар жағаға соғып, кері қайтып жатыр. Қарақшы бұрқ - сарқ еткен толқындардан жүрегі шайлығып, аз уақыт кідіріс жасады.

- Ақымақ болма, Майшора! Босқа өлесің...

Мұның жанын алатын әзірейілдей Садырбектің дау-



сын естігенде, ол селк етіп: «Уа, Шыңғыс бабамның қасиетті аруағы, қолдай гөр!» деді де, қара суға қойып кетті. Бала кезінен ағынды, толқынды Көксу өзенінің жағасында өскен Майшора керемет малтушы еді. Ұзын қолдарын құлаштай сермеп, біресе су астына сүңгіп, қайтадан шығып, жағадан алыстай берді. Ал қуғыншылар өкіріп жатқан теңізге түсіп, мұны қууға жүрексінгендей жарқабақта тұрып қалды.

Биқасап бандылардың басшысы шүріппесі қайырылған көк мылтықтың ұңғысын арқасына қадап үйден шыққанда, біткен сағатым осы шығар деп ойлаған. «Әй, малқорда Адырбек - ай! Айдаладағы жалғыз үйге әкеп қамап, ақырында ажалым ұры - қарыдан болды ма? Тым болмаса, құдайдың ақ өлімінен өлмедім - ау!» деген ой ұшығы санасында қылаң берді. Буын - буыннан әл кетіп, денесі шамадан тыс ауырлап, аяғын әрең басады. Майшора: «Тірі қалғың келсе, аяғыңды жылдамырақ бас!» - деді абжыландай ысылдап. Ол да Садырбек пен Ырысбайдың адамдарынан қорқып, жаны қызығып, асығып келе жатқандай. Дегенмен Биқасапқа Метрейдің ағаш үйі мен теңіздің жағасы керемет алыс боп көрінді. Екі ара небары - отыз - қырық қадамдай жер. Бірақ әйелге шалқып жатқан қара су өмір бақи жүрсе жеткізбестей көрінді. Тұла бойын суық тер басып кетті. Тек Майшора берденкесін лақтырып жіберіп, теңізге қойып кеткенде, көзі қарауытып, басы шыр көбелек айналып, есінен танғандай жерге құлап түсті.

Болат бетіне су бүркіп, аздап есіне келгенде:

- Құлыным, бір ажалдан қалдым ба? - деді.

- Қалдың, апа, - деді ол.

- Ендеше, ауылға қайтайық, балам. Адырбектің өзі де, малы да құрысын! Айдалада жалғыз үй шошайып отырғанда, бір күні не ит - құсқа, не ұры - қарыға жем болармын.

## XVI

Арада бір ай өтті. Тамыздың шақырайған күні тас төбеден тапжылмай, аумай тұрып алатындықтан ба, әлде ащы ішектей шұбатылған жаз күндері ұзақ па, әйтеуір, Адырбекке әрбір күн жылдай боп көрінеді.

Бұл уақыттың ішінде ол бұлтты, жұлдызсыз түнде алысқа сапар шеккен жолаушы тастай қараңғылықты маңдайына жазылған тағдырындай мойындағаны сияқты, өзінің жалғыздық күйіне мүлдем мойынұсынған еді.

Өйткені, Адырбек үшін таңертең жалғыз отырып шай ішу, түнде қараңғы үйде жалғыз жату үйреншікті салтына айналған.

Шаһардан шаршап - шалдығып келгенде, Метрейдің аласа шошқа қорасына қамалған аш малдарын, есігі құлыптаулы иесіз үйін көріп, әйеліне қатты ашуланған Адырбек аулада ат ойнатып:

- Ей, мынау ақымақ қатын жасына жетіп, жағы түспей жатып, алжиын деген бе? Ойбай - ау, ойбай, жарым ес болмаса, осыншама қара орманды иесіз тастап, ел қыдырып кете ме? Малды қасқыр қырып кетсе, кім жауап береді? Қап, сен қатынды ма? Осыдан көніңді сүйретіп, үйге келген соң, жон арқаңнан таспа тілмесем, Адырбек атым өшсін! Күндіз - түні басыңнан таяқ айырмай, көзіңе көк шыбын үймелетпесем, кәпір болып кетейін! - деп ақпанның сары аязында жараған қара бурадай шабынды.

Бос ауладан жер - жебіріне жетіп ұрысатын, жерлейтін кісі таппай, дымы құрыған Адырбек есік алдында шоқиып отырған қара ауыз төбет итіне:

- Майлыаяқ - ау, - деген мұңын шаққандай, - кеңес өкіметі еркек пен әйелді теңестірген соң, бұл заманда қатын құтырды ғой. Қыл аяғы сары ала етек Биқасап екеш, Биқасап та мені басынды ғой. Бұған не дауа бар? - деді жыламсырап. Майлыаяқ: «Мен ашпын. Бүгін ең арзаны - жуынды жалаған жоқпын!» - дегендей, суланған мұңды көздерімен Адырбекке мүләйімси қарап отыра берді.

Сөйтіп, отағасы үш - төрт күнге дейін сабасына түсе алмай әйелін сыртынан боқтап, егер ол қолына түссе, қылғындырып өлтіретіндей түтігіп жүрді. Бірақ Биқасап жарты ай өткен соң да келмеді. Сонда ғана Адырбектің көңіліне: «Сол миғұла қатын менен екі қара мал, бес қойдан тұратын еншісін бөліп алып, біржолата кетіп қалып жүрмесін», - деген ой келді. Өйткені ол жоғалған малдарды Биқасап алғанға жорып жүрген.

Артынша - ақ түсін суытып, еркектік қаһарына мініп:

«Адырбек жалынып - жалпайып, алып қайтсын деп ауылда шіреніп жатырсың ғой. Жатқанға жан жоламайды. Саған ерегіскенде, мен бармаймын. Қыс түсіп, қарның ашқанда: «Қартайған шағымда мені кара басыпты. Адеке, бір жолға кешір», - деп тіленшідей босағамда тұрмасаң, қара да тұр! Сонда қақ бастан ақ таяқпен бір салып, үйден қуып шықпасам, Адырбек атым өшсін!» - дейді.

Ал бір айдан кейін, әйелінен бірте - бірте күдер үзе



бастады. Енді ол қызылдың үгітін айтып, бөрікті еркек түгіл, әйелдердің де басын айналдырып алған Садырбектің құлағын сыртынан шулатады.

«Бәрі де сенен! Сен шоқындының тас жаратын тіліңнен! - дейді ол алыстан айбар шегіп.- Аузыңды қиғаштап, жеті атасынан бері жарымаған жаман - жәутік кірмелерге қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын райыс заман орнатып беретіндей сөйлейсің - ау! Ал сөйле! Бірақ менде не шаруаң бар? Жазығым: меншігімдегі малымнан айырылғым келмегенім. Ақырында ағаңның аһарлышаһарлы үй болып, түтін түтеткенін көре алмадың ба? Ол, ол ма, төренің отымен кіріп, күлімен шығып жүрген сары ала етек күңін де қимадың - ау. Неткен іші тар, неткен безбүйрек жан едің?! Ақымақ басым - ай! Баяғыда аямай - ақ, жалғыз оқпен жайрата салсам етті?» - деп күйінеді.

Осындай күңгірт ойлар Адырбек басынан қараңғы үйде жатқанда, үстінде жел тұрған көкше теңіздің толқындарындай бұйрат - бұйрат құм төбелердің арасында мал бағып жүргенде де бір сәтке кетпей қойды. Бірақ тыныш көңілін астан - кестен етіп, ішін шоқ түскендей күйдіріп - жандырып, жүрегін қара мысықтай тырмалап жатқан ащы сырын ақтарыла айтатын тірі пенде жоқ. Құбылаға қараса, үнсіз мелшиген жал - жал құм төбелерді көреді, терістікке қараса, айнадай жалтырап, шалқып жатқан қара суға көзі қарығады.

Өткен жолы мұңын шағып, Майлыаяққа сөйлегеннен бері, Адырбекке бір жаман әдет пайда болды. Өрісте, жападан - жалғыз зерігіп жүргенде, қотандағы малының құты - қоңыр сиырға, астындағы шабдар атына бар сырын айтады.

Содан біресе итіне, біресе атына көпіре көп сөйлеп, өрістен шаршап келіп, кешқұрым төсекке қисайып еді, қатты ұйқтап қалыпты.

Бір мезгілде сыртқы есікті әлдекімнің дүрсілдете қаққан дыбысынан шошып оянды. Жастықтан басын жұлып алса, таң ағарып атып қалыпты. Алғашқыда Биқасап екен деп ойлап, тәтті ұйқысын қимай, жылы төсекте манаурап ұзақ жатты.

Өң мен түс арасындай, барлық пен жоқтық аралығындай ұйқылы - ояу қалыпта жатып: - «Әй, бәлем, келдің бе?!» - деп Биқасапты іштей табалады.

Екінші рет есік қаттырақ қағылды. Сонда ғана Адырбек өрісте атсоқты болып, ауырлап қалған денесін әзер жинап, төсектен сүйретіле тұрды.

- Бұл кім, әй!

Есіктің ар жағынан:

- Құдайдың сүйікті құлы - зағип Сыздық - деген бір қарлығыңқы дауыс естілді.

Адырбек:

- Маған жетпей тұрғаны сол көрсоқыр еді, - деп кейи сөйлеп, есікті ашты.

Үй иесін көргенде Сыздық жерге жүресінен отыра қалып, көздерін аспанға қадап, қолын жайып, күбірлеп бата жасай бастады. Сыздықтың қасындағы қол - аяғы шидей, мойны қылқиған сегіз - тоғыз жастағы бала Адырбектің түк басқан қорқынышты жүзіне жасқана қарайды. Аузынан анасының ақ сүті кеппей жатып, тұрмыстың тауқыметін тартқан бала шеке тамырлары көгерген ашарық жүзімен, алба - жұлба шоқпыт киімімен машқар күні тірілерге көрініс берген аруаққа ұқсайды екен. Адырбек екі жағының боздағы шыққан балаға қарауға дәті шыдамай, көзін тайдырып әкетті.

Бұл кезде алғашқыда жай күбір - сыбырмен басталған Сыздықтың даусы айқындалып, бірте - бірте зорайып келе жатты. Бір ғажабы, қайыршының үні Майшораға ұқсайды екен.

- Он сегіз мың ғаламды жаратушы, алланың жер - дегі үмбеті Мұхаммед пайғамбар, - деді ол бейне бір тәңірдің жүзін көріп тұрғандай көздерін аспанға қадаған күйі, - жетім, жесір мен қарып - қасерді аяп, оларға жақсылық істе деген, - деді даусы жердің астынан шыққандай күңгірлеп. - Ол - Адам ата, ана Хауана жаралғаннан бері зұлымдық пен махаббат, қаскөйлік пен бауырмалдық, ақжүректік пен екіжүзділік тынымсыз арбасып келе жатқан дүниеде ғұмыр кешкен пенделеріне: «Мейманды хандай сыйла, шөлдегенге сусын бер, үйсіздерге пана бол!» - деп өсиет етіпті.

Дәл осы кезде қалқан құлақ қара бала серігінің соңғы сөзін іліп алып: «Шөлдегенге сусын бер, үйсіздерге пана бол!» - деді жіңішке даусы күміс қоңыраудай сыңғырлап. Біраздан кейін Сыздықтың даусы бәсеңдеп, түсініксіз күбірге ауысты да сөзінің аяғында:

- Пайғамбардың сол өсиетін орындап жүрсің бе, Адырбек? - деді.

- Орындап жүрмін, құдай адамы.

- Ендеше, мына балаға не бересің?

Адырбек: «Саған бірдеңе керек пе еді?» - дегендей, балаға ағы қанталаған көздерімен жақтырмай қарады да,



ішке кіріп кетті. Ол үйден әбден кеуіп, сүр боп қатқан қойдың үш - төрт тал қабырғасын алып шықты.

- Ағатай, - деді бала сүр етті дорбасына салып жатып, - бізде қыста киетін жылы киім жоқ. Сатып алуға қаржы болмай тұр, - деді жыламсырап. Осыны айтқанда, екі жағына пышақ жанығандай байғұстың жүдеу өңі тіпті сұрланып, жасық көздері жыпылық - жыпылық етіп, кемсеңдеп қоя берді.

- Бар болса, ақша жағынан қарайлас! - деді Сыздық баланың сөзін қостап.

- Тиын - тебен жағына ұяттымын, - деді Адырбек, барға риза бол! Қанағат қарын тойдырады.

- Құдайға оңаша жерде құлшылық етем деп, ел-жұрттан безгенде, мақсатың баю ма еді?

- Оның рас, харібім. Құран сөзі - тыныштықты сүйеді. - Өтірік айтасың. Қызылкенттің базарында қан сасытып, ет сатып, ақшаны тауып жүрген нағыз қалталы бай сенсің!

Отағасы бұл жолы жалтара жауап берді:

- Көп үстінен күн көрген молдаға шыр бітуші ме еді? Ол да жападан - жалғыз жортқан көк бөрідей бірде аш, бірде тоқ емес пе?

Осы сәтте қазықта байлаулы жатқан сары ала төбеттің көздері қанталап, шынжырын салдырата ортқи секіріп бөтен кісілерге абалап үре бастады.

Иттен қорыққан бала естияр серігінің жеңінен тартқылап:

- Аға, жүр кетейік! - деп қыңқылдады.

Ал қабаған төбет желке жүнін үдірейтіп, ызалана үріп, темір шынжырды үзіп кетердей бұларға жұлқына ұмтылады.

- Мен қорқамын! - деді бала итке үрейлене қарап.

- Жортқанда жолың болсын, жолдасың қыдыр болсын, - деді үй иесі тіл мен жағына сүйеніп, салғыласып тұрып алған қайыршыдан тезірек құтылғысы келіп.

- Қыдырды есіме жақсы салдың, - деді Сыздық міз бақпай. - Менің қыдырым - жүрегім. Шынын айтсам, жүрегім бір жаманшылықты сезеді. Ел - жұрттан, қатын - баладан безіп, көптен қызғанғаның қызыл итке жем болмасын, Адырбек! Басыңа қонған баянсыз бағың күйіп, бағы қара байғұс болмасаң, қайтсін! Қара судың жағасында оқшау отыр екенсің. Ал оңаша үйді ұры - қары, жын мен ыбылыс жиі иектеуші еді. Сондықтан барың ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетіп жүрмесін!

- Жағыңа жылан жұмыртқаласын, қу соқыр! - деді Сыздықтың мысық тілеуінен шошып қалған Адырбек.

- Көзімді алған құдай жағымды қаусатар деймісің!?

- Ей, осы жерден кетесің бе, жоқ па? Әйтпесе ит қосамын.

- Өйтіп құдай адамын қорқытпа!

- Айт, айт, Майлыаяқ!

Иесінің даусын арқаланған ит шабалана - шаптыға үріп, жетім баланың зәре - құтын қашырды.

Түнеукүнгі оқиғадан кейін, бұл үйді өзіне құрылған тор, қанды қақпандай көретін Майшора, айналаны барлап қайту үшін әдейі келген. Ендігі ойы: Адырбектің бар малын айдап алып, алты ай қыс бойы Ұлы құмды паналап шығу. Одан әрі, көктем шыға, баяғы Жаншора ағасының ізімен, Шынжаң өлкесіне етіп кетпекші.

Байқауынша, Адырбек жалғыз тұратын сияқты. Соны аңғарған Майшора қан құйлы ойын қараңғы түнде жүзеге асырмақшы болып, ауладан жылыстай берді.

Бар сол тойғаныңмен! - деді Адырбек кіжіне сөйлеп.

Осыдан кейін, отағасының ұйқысы шайдай ашылды. Ол күндегі әдетінше қою шайға қанып алып, шабдар атын ерттеп, малдарын өріске айдап шықты.

Сәскеге қарай күн қатты ысыды. Ұлы құм жақтан аңызақ жел соқса, шілде мен тамыздағы ыстықтан шыт-шыт боп жарылып, қаңсыған жер иісі кеңсірік жарады. Шөкім бұлтсыз аспанда шақырайған күн жер - дүниені көрікке салып, өртеп жатқандай алаулайды. Кейде тұзды сор басқан жер беті мен құйын ұйтқып өтсе қызыл шоқтай жалқынданған күн бейне бір түтін арасында қалғандай мұнартып, бұрынғыдан гөрі биіктеп кеткендей болады.

Дүние жым - жырт. Қыл аяғы шегіртке екеш, шегіртке де шырылдамайды. Мұндай ми қайнатқан ыстықта, оның да жағы семген.

Мезгіл түске тырмыса бере, Адырбектің мазасы кетті. Түнде ұйқысы шала болғандықтан ба, әлде басынан күн өткендіктен бе, денесі ауырлап, көздері қайта - қайта жұмыла береді. Оның үстіне, Ұлы құмнан соққан аңызақ жел ернін кебірсітіп, шөл қыстады. Әйткенмен Адырбек малдың отын қимай, ыстыққа да, шөлге де шыдап бақты.

Шаңқай түс болғанда, малдардың да мазасы кете бастады, Ең алдымен бүлікті сәйгел тиген қызыл өгізше бастады. Шолақ құйрығын көкке шаншып ап, көздері мәлің келген сиырдың көзіндей ежірейіп, екі - үш рет мөңкіп - мөңкіп алды да, үйге тартып отырды. Адырбек атын қамшылап жіберіп, өкшелей қуып еді, жеткізбеді. Сол сол - ақ екен, басы қоңыр сиыр боп, тайынша, торпақтар да қызыл өгізшенің соңынан өңкілдей жөнелді.

Ақыры, сәйгелдеген малдарға ие бола алмаған бақташы ұсақ тұяқтарын айдап, ауылға қайтты.

Үйге келіп, ыстық шай ішіп, жан шақырған Адырбек дем алмақшы болып, жұмсақ бөстекке қисайып еді, тез ұйқтап кетті.

Бір мезгілде селк етіп, әлденеден қорыққандай, жүрегі алқымына тығылып, терлеп - тепшіп оянды. Көңілінде үрей бар. Қорыққанның көзіне қос көріне ме, әлде ел - жұртсыз иесіз қалған Метрей балықшының ағаш үйінде жападан - жалғыз тұрып жатқандықтан ба, соңғы уақытта елегзи береді. Осында көшіп келгеннен бері, бадырақ көз үрей қыр соңына түсіп алды. Әрдайым өз көлеңкесіндей соңынан ілесіп жүреді. Өрісте жүрсе, алдындағы малына ордалы қасқырлар шауып, тігерге тұяқ қалдырмай қырып кететіндей құм төбелердің қойнау-қолаттарына алақ - жұлақ етумен болады.

Түнде мазасызданып ұйқтайды. Тықыр еткен дыбысқа елеңдеп, әлсін - әлсін оянып кетеді. Дәл қазір сүт қайнатым уақыт көз шырымын алғанда, малы қараусыз қалғанда, қара ниет, қаскөй біреулер оларды алдына салып, айдап бара жатқандай тысқа сүріне - қабына атып шықты.

Ми қайнатқан ыстықтың беті әлі қайтпапты. Нан пісіретін тандыр пештің көмейінен шыққандай, аптаптың лебі бетке ұрады. Бірақ Адырбектің секемшіл күдігі бекер болып шықты. Малдары дін аман екен. Сынық мүйіз қоңыр сиыр, өгізше, торпақтары теңіздің жайпақтау жағасында, саяз суға ентелей кіріп, сәйгелден құтылып, жаны жай тауыпты. Ұсақ тұяқтары сызды жерге бауырын төсеп, екі бүйірін жиі соғып, жусап жатыр. Ал жаппаның астында байланған аты құйрығымен жұқа шабын кезек соғып, бөгелектеп тұр. Сонда ғана көңілі орнына түскен Адырбек ұйып қалған бойын жазғысы кеп, бел омыртқасын күтір - күтір еткізіп рақаттана керілді.

Ұйқысы ашылып кеткен Адырбек ішке кіріп, екі бөлмелі үйде ерсілі - қарсылы сенделіп жүріп алды. Көптен бері бұл үй не сыпырылып, не қағылып - сілкінбеген еді. Шаң басқан оюлы текемет, сырмақтар, ат үсті жиналған көрпе, жастықтар өрмекшілер торын құрған күңгірт бұрыштар - бәрі - бәрі бұл үйде әйелдің жоқтығын айтып

тұрғандай. Адырбекке соңғы уақытта Биқасаптың қадірі өткені рас. Дегенмен оған «Көксеңгір» аулына барып, әйелдің алдында үлкен басын кішірейтіп: «Үйге жүр!» - деп айтуға еркектік намысы жібермейді. Және өз ойында: «Шашы ұзын, ақылы қысқа әйел колхоздың қоңторғай өміріне шыдай алмай, аузынан ақ май ағып отырған үйіне оралар», - деген есек дәме бар.

Кенет Адырбектің көзі қабырғаға ілінген көне суретке түсті. Онда Байбек ұстаның көп балалары бейнеленген еді. Жиектері сарғайып, күңгірт тартқан суреттен Адырбекке аға, інілері мұңая қарап қалыпты.

Үй иесі өзі Майшораның атқосшысы болғаннан кейін, інілері бір - ақ айдың ішінде сүзек ауруынан қайтыс бол - ғанын естіген еді.

Ал ағалары бір әке, бір шешеден туып, құлын - тайдай тебісіп қатар өскенімен, үйленіп, басына жеке шаңырақ көтерген соң, жаттай суысып, кейіннен мүлдем хабарласпай кетті.

Соны есіне алған Адырбек:

- Жазатайым басың ауырып, балтырың сыздай қалса, басыңнан сүйеп, аузыңа қара су тамызатын ет жақын туыс. жоқ екен ғой, - деп күбірледі өзіне - өзі сөйлейтін әдетімен. Артынша - ақ сол ойынан қатты шошынып: - Тас бауырлық мейірімсіздік Айбек баласы - Садырбекте ғана емес, Байбектің кіндігінен тараған ұрпақтарда да бар екен ғой, - деді.

Сонан кейін егін, шөп шықпай, індетке ұшыраған мал топалаң келгендей қырылып, жұрттың көбі ақ сүйек боп жұтаған қоян жылы ішкері жаққа көшіп кеткен екі ағасының бет - бейнесін көзіне елестетті. Бірақ айқын елестете алмады.

Сонда Адырбек:

- Япыр - ау, қара шаңырақтың астында өсіп, бір табақтан дәм татқан ағайындылар ел қатарына қосылған соң, інісін танымай кеткені несі? - деді ағаларын кінәлап. - Үйленген еркектің иман жүзді, бауырмал болуы қатынға байланысты ма? Алғаш қосылғанда, бетінен моншағы төгілердей, жүзін төмен салып, ұяң, инабатты көрінгенімен, әйел сыр алыса келе, туған шешесі сияқты күйеуін билеп - төстеуге ұмтылады емес пе? Аюдай ақырған көкайыл қатын күнде құлағының құрыш етін жесе, онсыз да жетесіз туған еркек ағайынын ойламақ түгіл, өз басымен қайғы болмай ма? Сонсоң ол мәңгүрттен не үміт, не қайыр?



Адырбек дәл қазір үйіне ие болып отырған әйелі жоқ болғанымен:

- Әрине, олар қатынды айтқанына көндіріп, айдауына жүргізетін мен бола алмайды, - деді.

Кейісті үнмен күбірлей сөйлеп, қоян жылынан бері суға батқан тастай хабарсыз жатқан туысқандарына тепсіне ұрысқан Адырбектің назары тағы да қабырғадағы суретке түсті. Ал ескі суреттен ағаларының үнсіз мөлиген көздері: «Адырбек, сен басқаларға өкпелеп, кінә тағасың. Айтшы, осы жасқа келгенше, кімге жақсылық жасадың? «Ағатайым, барсың ба?» - деп қай туысқаныңның артынан іздеп бардың? Ол, ол ма? Төрелердің бозбаларымен желігіп жүріп, әкең өлгенде, топырақ салуға келмегенің есіңде ме? Тек ойлағаның қара басыңның қамы. Сонда деймін - ау, ең болмаса, артыңнан ерген бір бала жоқ. Күні ертең татар дәм тұзың таусылып, қисая кетсең, барлығын көріңе ала кетесің бе? Әрине, жоқ. Бай - бай, ақымақ Адырбек - ай!» - дегендей болды.

Отағасы қысылғаннан маңдайы тершіп, назарын суреттен тайдырып әкетті.

Түн болды. Бар малын ағаш үймен жалғастыра салынған шошқа қораға қамап, есігіне дөу кара құлып салып, көңілі орнына түскен Адырбек жер төсекте әрлі -берлі аунақшып, көпке дейін ұйқтай алмады. Жазғы түннің бүгінгі ауасы бір түрлі еңсені басқандай, аса қапырық.

«Жаңбыр жауа ма? - деп күбірледі ол, - Ендігі жаңбыр - күздің хабаршысы. Көп ұзамай, қылышын сүйретіп қыс келеді. Аязды, боранды қыстың күнінде осынша ма малға қалай ие боламын?»

Ал тыста құлаққа ұрған танадай өлі тыныштық. Тек анда - санда Майлыаяқ темір шынжырын сылдыратады, кейде тастақ жағалауды шылп - шылп ұрған момақан толқындардың дыбысы естіледі.

Бір мезгілде ол жағалауға келіп қайтқан судың шуын естіп жатып, ұйқтап кетті.

Қанша ұйқтағаны белгісіз, алыстан талып естілген бір гүрілден шошып оянды. Жүрегі жиі - жиі соғып, бар денесі қара терге малшынып, үрейленіп тұрды. Үй іші тастай қараңғы. Қою қараңғылық ұйыған бөлменің әр бұрышынан түннің қап - қара мың сан көздері кірпік қақпай, қадала қарап тұрғандай. Абажадай үйде жалғыз жатқандықтан ба, әлде күннің күркірегенінен шошып оянғандықтан ба, отағасы апалақтап жан - жағына қарады.

Кенет, алып кәрі емен түп - тамырымен қопарыла құлағандай шатыр - шұтыр етіп, тағы да күн күркіреді. Сол

сәтте, ескі ағаш үйдің төбесі опырылып ортасына түсердей сықырлап қоя берді.

Адамнан қорықпаса да, тәңірдің кәрінен қатты сескенетін Адырбек:

- Лә, иләһа еллә алла! Құдай - ай, пәле - жалаңнан сақтай гөр! Сенгенім де, сиынғаным да, өзіңсің! - деп түкті шашты әзиз Бабасына сиына бастады.

Адырбектің күбірмен басталған жалбарынышы сыбырға ауысқанда, тағы күн күркіреді. Бірақ шын ниетпен айтқан сөзі періштелердің құлағына шалынды ма, әлде қараңғы аспан әлемінде сеңдей соқтығысқан бұлттардың көлемі аз болды ма, бұл жолғы гүріл алғашқыдай емес, бәсеңдеу естілді. Сол гүріл басыла бергенде, қойлар маңырап, қорадағы сиыр, торпақтар мөңіреп, есік алдында байлаулы жатқан Майлыаяқ ұлыды. Малдардың дыбысы тез басылғанымен, сары ала төбет үруін қоймады.

Адырбек: «Ит шабалана үргендей не боп қалды? Білейінші» деп, үйден шыға бергенде, бір ауыр нәрсе дәл көкжелкеден сарт ете қалды. Адырбектің басы айналып, көзі қарауытып, жерге етбетінен құлап түсті.

- Сол жатқаныңнан тұрма, бәлшебектің ағасы, - деген Майшораның даусы құлағына еміс - еміс келеді.

Әлден уақытта есін жинап, қолмен жер тіреп, тұруға әрекет жасаған Адырбек:

- Ағеке, бауырым - ау, жазығым не? - деді әлсіз үнмен.

- Таста тамыр, Майшорада бауыр жоқ, - деді анау атқа мініп жатып. - Қош бол, Адырбек! Аруақты ақ патша мен ақтың жандаралдары әлі келмеген бәлшебектерге мен ештеңе істей алмайды екенмін. Оған аңық көзім жетті. Сондықтан қарғыс атқан бұл жерден біржолата кетіп, қарамды батырамын.

- Байеке - ау, ең болмаса, меншігімдегі малымды тастап кетсеңші.

- Малдан күдеріңді үз! Хе - хе! Ендігі бай - басқарма інің Садырбек қой. Керек болса, содан аларсың.

Бұл кекесін сөз Адырбекке басынан тиген соққыдан өрмен әсер етті. Көз алды қап - қараңғы болып, қолымен жер тіреген күйі отырып қалды.

Таң атты. Адырбек ауласында сары ала иттен басқа, тірі жан қалмағанын көрді. Сонсоң сұр шекпенін қайыс белбеумен шарт байлап, ақ таяғын қолына алып, ауылға қарай бет алды. Жалғыз қайтты. Жаяу қайтты.



* * *

Адырбек түс мезгілінде жаяулап - жалпылап ауылға әзер жетті. Кәрілік шіркін сыр берейін деген бе, әлде бойындағы күш - қуатының барлығы Майшора тартып алған малмен бірге кеткен бе, ауыл шетіне іліге бергенде кеудесі алқынып, буын - буынынан әл кетіп, ақ таяғына сүйеніп тұрып қалды. Жүрегі жиі - жиі соғып, ыстық қан басына шапшыды. Әбден шаршағандықтан, сүмектеп терлеп, көз алдында қызылды - жасылды шеңберлер ойнақ салып, тұрған орнынан қыбыр ете алмады.

Дәл осы кезде көшенің бұрышынан әлденеге даурыға айғайлап, шуылдаған бір топ бала жүгіріп шықты. Сонда ғана әлсіреген Адырбек ес жинағандай, қалтасынан көлдей бет орамалын алып, самайынан сай - сай боп аққан терін сүртті. Соның артынша көшенің бас жағынан:

Жойылсын, құлшылық, кемшілік,
Жасасын әділдік, теңшілік.
Бұрынғы қу қыспақ жол қалсын,
Өз еркін бұқара қолға алсын, -

деген ән естілді.

Әнді естіген Адырбек жол үстінде аңырайып тұрып қалды.

Әлгі жігерлі, шабытты, қуатты ән бірте - бірте күшейген сайын әр үйлерден кемпір - шалдар, ақ жаулықты әйелдер, ер адамдар да шыға бастады. Көп ұзамай ән айтушылардың да қарасы көрінді. Топтың алдында қолына Қызыл ту ұстаған Садырбек келеді. Көзінде уытты ұшқын, қаны қашқан қатулы жүзінде қайтпас, қажымас қайрат бар сияқты. Ол қалың қолды бастаған қолбасы тәрізді аяғын нық - нық басады. Садырбектің соңына ерген жас жігіттер, қыздар, егде тартқан еркектер иықтарына күрек, қайла, лом салған, тіпті кейбіреулері ауыр тәшкелерді қолдаса көтеріп келеді.

Мынау топтың жігерлі аяқ алысынан сескенген Адырбек көптің ортасына кіріп, бой тасалады.

Ол сақал, мұрты бурыл тартқан қариядан:

- Бұлар неғылған адамдар? Асығыс қайда бара жатыр? - деп сұрады.

- Е, сен білмеуші ме ең? - деді әлгі кісі. - Жас басқарма жаңа колхоздың үйлерін ауылдың сыртынан салатын болды. Көрмейсің бе, комсомолдарды өзі бастап барады.

- Енді түсіндім, - деді Адырбек көмескі үнмен.

Бұл кезде әндеткен топ бұлардың тұсынан өтіп кет-

кен еді. Олар үйінің іргесі, есігінің алды, қорасының айналасы жылдар бойы тазаланбай, малдың қиы, шөп-шаламы, кір - қоқырысы үйіле берген ескі ауылды талақ етіп, кең жазаңға, жаңа қоныс - жарқын болашаққа бет алғандай.

Адырбек шым тамына қайтқысы кеп, көптің ортасынан сытылып шыға беріп еді, әлдекім:

- Ау, халайық, жаңа ауылдың іргетасын біз де қаласайық?! - деді.

Сол, сол екен, манадан бері үнсіз тұрған жиыннан қау - қауласқан үш - төрт дауыстар:

- Ал сен ше?

- Өзің неге бармайсың?

- Көптен қаласың ба? - деп еді, келесі біреулер:

- У ішсең руыңмен.

- Көптен қалғаным - көштен қалғаным.

- Әйда, жүріңдер! - деді.

Сөйтіп, соңғылардың сөзін қоштаған көпшілік шың басынан құлаған тасқын судай лықси түсіп, орнынан қозғалып кетті. Жұрттың жақсы ниетін ішінен жақтырмаған Адырбек оларға ергісі келмей, кейін шегініп кетіп еді, біреу оның бүйірінен нұқып қалып:

- Молдеке, жамағаттан бөлініп, қайда барасың? Әлде сен колхозға қарсысың ба? - деді зілді үнмен.

- Жо - жоқ, қарсы емеспін.

- Ендеше, елмен бірге бол!

Осыдан кейін, басқа амалы құрыған Адырбек жұртпен қоса іргетасы енді қаланатын - жаңа қонысқа қарай бет түзеді.



♦

## КЕНЖЕ ҰЛ

ДҮЙСЕНБІ күні таңға жақын Күдербектің әйелі дүние салды. Отыз бес жыл бірге отасқан жолдасының мезгілсіз қазасы есеңгіретіп тастаған отағасы сәске түсте тысқа шықты. Мамыр айының маңдай тұсқа келіп қалған күні мол сәулесін төгіп тұр екен. Күдербек ұзақ уақыт төсек тартып жатып, тек бүгін ғана бас көтерген сырқат адамдай буын - буынынан әл кетіп, көз алды қап - қараңғы болып, есік алдында тұрып қалды. Біраздан кейін өзіне-өзі келіп, тәлтіректей басып, биылғы көктемде ерекше гүлдеген алма ағашының түбіндегі үйреншікті орнына отырды. Сонсоң құрым етігінің қонышынан мүйіз шақшасын алып, насыбай атты. Бірақ насыбайдың ащылығын сезген жоқ. Жүрегі жіңішкелеп шаншып, көзі жасаурай береді.

Есіктің маңдайшасына ұя салған қарлығаштар қызыл шақа балапандарына жем тасып әлектенуде. Біреуі ұшып келсе, ұядағы балапандар әлсіз үнмен шиық - шиық етіп, аузын ашады. Сонсоң жем тістеген екінші қарлығаш келеді. Бірақ ол да көп бөгелмейді. Ашқарақ балапанының бірін тамақтандырып, тез ұшып кетеді.

Кенет оқыстан құйын тұрып, ауладағы шөп - шаламды ұйтқыта көтеріп, кәрі алма ағашының ақ гүлі аспаннан жауған ақ ұлпа қардай Күдербектің үстін жауып кетті. «Ие, тіршіліктен Бибіш кеткенімен, өмір жалғаса береді - деп ойлады үй иесі. - Адам баласы жарық дүниенің жыл құсындай келіп - кететін қонағы болғанда, мына аспан, жер, күн, ауа мәңгі емес пе?!

Биылғы көктемде жасарып, жасана қалған алма ағашының күздегі жемісін Бибіш жемегенімен, басқалар татады. Мезгіл жаз ортасынан ауғанда ана қарлығаш балапандарының қарақанаттанып ұшқанын ол көрмесе де, жер басып жүрген тірілер көреді.

Күдербек бір кісіні почта үйіне жібергеннен кейін:

- Анасының өлгенін естігенде Сағитжан күйреп қалатын болды ғой, - деп іштей кенже ұлын аяды. - Жасы

отыздан асып, оң - солын танып, өз қолы өз аузына жеткенімен, мына суық хабар оған да оңай тиеді дейсің бе? Әкесі арқа сүйейтін асқар тауы болғанда, шешесі туған үйінің алтын діңгегі екенін білетін жасқа келді. Әй, байғұс, балам - ай! Екеуіміздің соры бес елі маңдайымыз тайқылау екен. Қапылыста апаңнан айрылып қалдық, - деді отағасы ит арқасы қияндағы ұлымен сырласқандай.- Әкенің балаға жақындығы жездедей - ақ. Ал Бибіштің саған деген сүйіспеншілігі шексіз еді». Сол сәт Күдербектің есіне осыдан талай жыл бұрын болған бір оқиға түсті.

Онда Сағитжан бес - алты жастағы ойын баласы еді. Екі қыздың ортасындағы жалғыз ұл болғандықтан ба, әлде сүт суалтар кенже бала ыстық болды ма, ерлізайыптылардың бар бейіл - ықыласы Сағитжанға арналды.

Бір күні еркелей сөйлеп, жас құлындай құлдырап жүрген бала қызылша боп, мұрттай түсіп, ауырып қалды. Ә дегенде - ақ, батпандай келген ауру лезде меңдетіп әкетті. Арада екі - үш күн өткенде, ол төсектен басын көтеруден қалды. Денесі отқа салғандай күйіп - жанып, көзі ілініп кетсе мазасыз түстер көріп, сандырақтап сөйлейтін әдет тапты. «Бала ананың бауыр етінен жаралған» деген сөз рас шығар. Сағитжан ауырып жатқан уақытта Бибіште не ұйқы, не күлкі болмады. Сырқат баланың жалғыз қорегі - сары май қосылған ешкі сүтін әлсінәлсін жылытып, оны қасықпен аузына тамызып, күні - түні қасында отырды.

Бірде ол үстіне жамылған көрпесі ашылып қалып, жон арқасы мұздап оянды. Таңғы ұйқы қандай тәтті. Ота - ғасы өң мен түс аралығындай ұйқылы - ояу қалыпта жатып, қасындағы төсекті сипалап көріп еді, көрпе - жастық мұздай екен. Соған қарағанда, Бибіш ертерек тұрып кетсе керек. Әлден уақытта: «Он сегіз мың ғаламды жаратушы жалғыз тәңірім», - деп күбірлеген біреудің даусы естілді. Қаңсыған бос күбінің ішінен шыққандай күңгірлеген әйелінің үнінен оянып кеткен Күдербек көзін ашып алды. Мезгіл бозторғай енді шырылдай бастаған құлқын сәрі екенін шамалады. Үй іші әлі ала көлеңке.

Бір бұрышта, жайнамаздың үстінде, бетін Меке жаққа қаратқан Бибіш отыр. Сағитжан ауырғаннан бері қаны қашып, шөлмектей боп бозарған жүзі таңғы алагөбеңде ағарып көрінеді. Бибіш діндәр әйел емес еді. Сондықтан оның тосын мінезіне таңданған Күдербек демін ішіне тартып, сөзіне құлақ түрді.

- О, жаратқан! - деді Бибіш. - Сенен бала тілегенде, тоғыз ай, тоғыз күн көтеріп, азаптанып тапқан шара-



на, артынша қара жер томпайтсын деп ойламап едім ғой, - деп асығыс сөйлеп, демігіп барып тоқтады ол. - Осы күн әлі шықпаған таң сәріде айтқан жалғыз зар тілегім болсын. Көзімнің ағы мен қарасындай Сағитжаныма денсаулық бере гөр!

Бибіш жеті құрсақ көтерген еді. Соның төртеуі қара жердің қойнында жатыр. Жасы жағынан бір - біріне жедеғабыл екі қызы ер жетіп келеді. Маңдайына жел мен күн тигізбей, алақанға салып өсірген Сағитжан болса, әл үстінде жатыр. Сол себепті қам көңілді ана жаны қысылғанда, оның саушылығын тәңірден жалбарынып сұрайды. Соны ойлағанда, Күдербектің маңдайынан мұздай тер шықты. Осы күнге дейін алаңсыз, бейғам жүрген көңіліне суық үрей жүгірді. Жасы жер ортасынан асқанда, көрген жалғыз ұл баласынан айрылса, арты тұлдырсыз қалып, өзі өмір бойы өкініп өтетін сияқтанды. Сол күні Күдербек жұмысқа бармады. Терезелердің пердесін түсіріп, бөлмелерді қара көлеңкелеп қойып, екі беті албырай қызарып жатқан баласының қасында отырды.

Түс уақтысында ашулы Асаубай келді. Ол заманда құрдасы сиыр фермасының бастығы боп, күркіреп тұрған. Асаубай бетің бар, жүзің бар демей, ойындағысын айтып салатын бір беткей адам еді. Әсіресе, жұмысқа мезгілімен шықпайтын жалқаулармен жаны қас. Ондайлардың аузын аштырмай, үйінен айдап шығады.

Ферма бастығы келген бетте:

- Ау, құрдас, мұның қалай? Машинаң аулада босқа тұр. Бүгін сиырлар сауылмай қалды, - деп ренжи сөйледі. - Сауыншы әйелдер таң атпай қара қарғадай шулап, ит терісін басыма қаптады. Сен болсаң үйіңде омалып әлі отырсың.

- Менен басқа шопыр құрып қалып па? - деді кейіп.

- Сауыншыларды өріске тасып жүрген сен емеспісің?

- Ия, мен. Бірақ бүгін жұмысқа шықпаймын.

- Неге?

- Балам ауырып жатыр.

Ал Асаубай болса, айтқанынан қайтпайтын тікбақай мінезіне салып:

- Бала болған соң ауырмай - сырқамай тұра ма. Соған бола жұмыстан қалу ұят қой, - деді. Көп сөзді қойып, машинаға отыр! - деді қатқыл үнмен.

Ферма бастығының жағдайын түсінгісі келмей, ұрысқақ әйелдей салғыласып тұрып алғанына ызаланған Күдербектің жүзі біресе сұрланып, біресе көкшіл тарт-

ты. Әйткенмен анау да, жуық арада үйден кете қоймады. Соған жыны келген отағасы:

- Әй, сенің сиырларың адамнан артық болып па? - деп ақырып жіберіп, аяқ жағында жатқан керзі етігін жіберіп қалды.

Абиыр болғанда, өкшесіне нәл қағылған ауыр етік Асаубайдың басын жанай өтіп, есіктің босағасына соғылды.

Жайшылықта әзіл - қалжыңы жарасқан досының тосын мінезінен сескеніп қалған Асаубай:

- Өй, нойыс неме! Кісі өлтіре ме, қайтеді? - деп далаға атып шықты.

Осы оқиғадан кейін құрдасы:

- Немістің оғынан аман қалған басымды Күдербек жара жаздады, - деп көпке дейін елге айтып жүрді.

Әйелі екеуі қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай, алақанға салып, өбектеп өсірген сол Сағитжан қазір соқталдай жігіт болған. Институт бітіріп, астанада тұрып жатыр. «Сірә, Алматы мен ауылдың арасы мың шақырымдай болып қалар. Дегенмен бұл заманда самолет пен поезға алыс жер жоқ қой. Бірер күнде келіп қалар», - деп ойлады әкесі.

* * *

Ертеңінде Күдербек күні бойы бәйбішесінің мәйіті жатқан бөлмеге беттей алмай - ақ қойды. Бибіш жасынан ажарлы болған еді. Оны былайғы жұрт, бұлаңдап бой жеткен кезінде: «ақ қыз» дейтін, жасы келіп, шар тартқан шағында: «ақ қатын» деп атады. Ал «ақ кемпір» деуге көбісінің аузы бармады. Өзінің сұлу екенін жақсы білетін марқұм көңілденіп отырғанда:

- Мен Күдербекке ауылда жігіт аз болғандықтан шықтым емес пе? - деп абысын - ажындарын күлдіріп отыратын.

Бибіштің сыры кетсе де, сыны кетпеген сол сұлу ажары соңғы өлім сағатына дейін сақталды. Тек сырқаты біржолата меңдеп, көзі жұмылған соң, оның мүлтіксіз ақ жүзі қара тастай сазарып, бірте - бірте көкшіл тарта бастады. Кейінгі кезде жүрегіне жабысқан дерт қинады ма, әлде өмірінің ақырғы минуттарында кенже ұлы - Сағитжанды көре алмағанына қорланды ма, қабағын сәл шытқан күйі дүниеден кетті.

Әйелінің аса өзгерген ажарын көргісі келмеген Күдербек ауладағы отын қораның бұрыш - бұрышын



түртінектеп жүріп, өзі жоғалтқан қара балтаны тауып алды. Уақтысында көп ұсталған балтаның жүзі майрылған екен. «Темір екеш темірдің де жүзі қайтқанда, өзекті пендеге не кінә қоюға болады? - деп күбірледі үй иесі. Тасты су теседі, темірді уақыт тоздырады, ал адамды ой мүжиді».

Иә, Бибіштің де түбіне жеткен ой еді. Әйелі екеуінің қызықты жастық дәурені жазғы сұлу сағымдай көкжиекке сіңіп - жоғалып, әлпештеп өсірген балалары ержетіп, жан - жаққа тарай бастағанда - ақ, жұбайының уайымы көбейді. Үлкен қызы - Қорлан орта мектепті бітірісімен, ауылдағы бір жігітке тұрмысқа шықты да, екі жыл отасқан соң, күйеуімен айрылысып, үйіне қайтып келді. Қыз балаларына дауыс көтеріп сөйлемек түгіл, бетіне ажырайып қарамайтын Күдербек әйелінен оңашада:

- Қорлан біржолата келіп пе? - деп сыр тартты.

- Әй, осы күнгінің жастарын адам түсініп бола ма? Қосылуы да, айрылысуы да оңай, - деді Бибіш ештеңе болмағандай жайбарақат үнмен. - Түсінісе алмапты ғой.

Ата - анасының ризашылығын сұрамай күйеуге қашып кетіп, енді жұртқа: «Байдан шыққан» деген жаман аты жайылып, оң жақта отырған қызына, әрі әйелінің иіс алмастығына ыза болған Күдербек:

- Ау, ау, циркте ойын көрсететін тағы аң артисті түсінгенде, ұлты бір, тілі бір жас адамдар бірін - бірі неге түсінісе алмайды? - деді.

- Әне, бұл қит етсе, ойбай салады, - деді Бибіш. - Сенің соғыста қаның бұзылған. Әйтпесе өстіп айғайламас един.

Екінші қызы - Бағлан да үлкен апасынан әрі ұзамады. Бірде күздік пальто алмақшы болып аудан орталығына кетіп еді, артынша - ақ Қарағанды қаласында тұратын бір инженер жігітке тұрмысқа шыққан хабары дүңк ете қалды. Қанша дегенмен, қыз бала жат жұрттыққа жаратылған ғой деп, Күдербек оған да көнді. Бір жақсысы, сол жігітпен Бағланның бағы жанды. Қазір одан екі қара домалақ бала сүйіп отыр. Қаланың қақ ортасында пәтері, жеке меншігінде жеңіл машинасы бар. Күйеуімен де тату - тәтті тұрады.

Ал кіші ұлы Сағитжанның тағдыры үлкен апаларынан басқаша болды. Ол орта мектепте өте жақсы оқыды. Және Сағитжанның класс жетекшісі Күдербекпен көшеде кездескен сайын: «Менің класымда оқуға қабілетті бір - ақ оқушы бар. Ол - Сағитжан. Ал басқаларының мұрнына май құйсаң да, адам болмайды» дегенді жиі

айтушы еді. Баласын мақтағанды кім жек көреді. Мұндайда Күдербектің көңілі әжептәуір көтеріліп қалатын. Оның үстіне Асаубай құрдасы: «Сағитжанды тек Алматыда оқыт!» - деп әрдайым құлағына құюмен болған.

Бірде ауылдың тері - терсек, жүн - жұрқасын жинайтын Жиенқұл агенттің үлкен ұлы Қызылордадан мұғалімдік оқуды бітіріп келіп, ол ашылып - шашылып, үлкен той жасады. Адам жіберіп, арнайы шақыртқан соң, Күдербек те барып еді. Бұл келгенде жұрт гу - гу әңгімеге көшкен екен.

Әңгіме сәл толастағанда, үй иесі - Жиенқұл қызғылт қоңыр шарапты стақанға орталай құйып:

- Асеке, оқыған баланың мәртебесі үшін алып қойыңыз, - деді. Сөйтіп, ендігі әңгіменің ауаны жас жеткіншектердің оқуына қарай ойысып кетті.

- Жиенқұл, сенің балаң қай оқуды бітірді? - деді. Асаубай ащы қуырдақтан қарбыта асап жатып.

- Біздің бала жағрапиядан сабақ беретін болды.

- Осы күні ауылда не көп, мұғалім көп. Оның одан жоғары оқуға шамасы келмеді ме?

- Ол жағын білмедім. Дегенмен қазан аузы жоғары ғой. Биыл оныншы бітіретін кіші ұл прокурордың оқуына барам дейді.

- Қой, Жиенқұл! Сенің ол су мұрныңның қолынан прокорордың оқуы келмейді. Сонсоң: - Менің кісі танитыным рас болса, - деді Асаубай білгішсініп, - бұл ауылда, болашақта прокорор болатын бір - ақ жігіт бар. Ол Күдербектің баласы - Сағитжан. Содан кейін Асекең шарап ішіп, қызара бөртіп алған жүзін Күдербекке бұрып: - Әй, құрдас, егер сараңдығың ұстап, балаңды Алматыға жібермесең, - деді көзін ежірейтіп, - менің қолым екі дүниеде сенің жағаңда болады. Тек қашан айттың деме?!

Бірақ Сағитжан Асаубай айтқан университеттің заң факультетіне емес, халық шаруашылығы институтына түсті. Сол, сол екен, үлкен қызының күйеуден қайтып келгенін уайымдайтын Бибішке екінші бір ой қосылды. Ертелі - кеш айтатын әңгімесі - кенже ұлы Сағитжанның жайы.

Таңертең шай ішіп отырғанда ол:

- Құлынымның асқазаны аурушы еді. Ішіне асхананың тамағы жақпай, қарны ашып жүр ме? - деп күрсініп қалады.

Ал Күдербек:

- Бибіш - ау, қалада ақшасы бар адам аш бола ма?



Онан да ержеткен ұлыңды үйден шығармай, бесікке бөлеп қойсаң етті, - дейді әзілдеп.

Әй, отағасы - ай, - деп Бибіш қабағын шытады. Мұны айтқанда, оның нұрлы, шаралы қара көздерін мұң пердесі кіреукелейді. - Мүмкін, ер адам қатал болуы керек шығар. Оған дауым жоқ. Ал ананың жүрегі әлсіз де нәзік қой.

Шынында да, Бибіш Күдербектен он жас кіші еді. Бірақ одан бұрын дүниеден қайтты. Яғни, ой дегенің күн сайын жегі құрттай кеміре берген соң, онсыз да әлсіз жүрек сыр берген. Мұны ойлағанда, Күдербектің көмейіне бір ащы өксік тығылды. Ол жалма - жан қалаулы тұрған кеспелтектерді алып, балтамен құлаштай ұрып, жара бастады. Егер бұлай істемесе, жүрегін қара мысықтай тырмалаған қайғыдан, орны толмас өкініштен өкіріп жылап жіберуге шақ қалып еді.

Ағашты қанша уақыт жарғаны есінде жоқ. Бір мезгілде әлдекім мұның қолындағы балтаны алып:

- Көке, сіз шаршадыңыз. Енді мен жарайын, - деді.

Күдербек жерден басын көтеріп, сырқырай бастаған бөлін жазды. Бұл үлкен қызының айрылысып кеткен бұрынғы жолдасы екен. «Күйеу баланың мұнысы дұрыс шығар, - деді іштей Күдербек. - Ақылы бар адам я қаралы қайғының, я ақ түйенің қарны жарылған қызықтың тұсында бұрынғы өкпе - кінәні ұмытқаны жөн емес пе?»

* * *

Келесі күні Күдербектің балалары туралы ойлауға мұршасы болмады. Өйткені Бибіштің қазасына көңіл айтқан ағайын - жұрағат, көрші - қолаң, тіпті, ескі көз таныстар да көп келіп еді. Жұрттың артын ала келген Асаубай құрдасы ақ таяққа сүйеніп тұрып:

- Жарың жар - ақ еді, Күдербек! Ажал шіркін аяңдап, біздің ұрпаққа жетті білем, - деп көзіне жас алды. - Жылдан жылға қатарымыз сиреп барады. Болған іске болаттай берік бол!

Бетінің қатпар - қатпар әжімдері тереңдеп, белі де бүкшие бастапты. Замандасының қартайған, шаршаған түрін керіп Күдербек те бір түрлі жасып қалды.

Ал кешқұрым келімді - кетімді кісінің аяғы саябырсып, Күдербек пен Асаубай өткен - кеткенді еске алып, әңгімелесіп отыр еді, тосыннан бір шуыл естілді. Алғашқыда жеңіл машинаның гүрілі ауыл шетінен шықты да, бірте - бірте күшейе түсті. Қою қараңғылықты қақ

жарған өткір жарық ең алдымен биік көк теректердің басын сипап өтіп, үй - үйлердің арасын біраз тінткіледі де, кең көшеге бұрылды. Сонсоң қиыршық тас төселген жалпақ жолды самаладай жарқыратып кеп, есік алдына тоқтай қалды.

Астанадан кенже ұлы Сағитжан келіп қалған екен деп ойлаған әке ентелей басып, шаң басқан қызыл «Жигулиге» жақындады. Бірақ машинадан Сағитжан емес, Қарағандыда тұратын қызы Бағлан мен күйеу баласы шықты. Ұлының уақтылы келмегеніне назаланған Күдербек:

- Қарақтарым кешіктіңдер ғой. Шешелерің сендерді күткелі үш күн болды, - деді жыламсырап. Бұл Сағитжанға айтатын назы еді. Реті келіп қалғандықтан, қызы мен күйеу баласына айтты.

Ұзақ жолда мұңын ешкімге шаға алмай, қыстығып келген Бағлан әкесін құшақтай алып:

- Апам-ау, асқар тауым - ау, біздерді шынымен тастап кеткенің бе? - деп дауыс қойды.

Бұрын қызымен көрісіп көрмеген Күдербек:

- Қалқам, жылама! - деді сасқалақтап.

Ал күйеу баласы мүйіз көзілдірігін бір киіп, бір алып:

- Көке, біз алдыңғы күні қаладан шығып едік. Жолжөнекей машина бұзылып, бүгін әрең жеттік, - деді ақтала сөйлеп.

- Рақмет! Келгендеріңе рақмет, - дей берді отағасы.

Біраздан кейін бәрі де үйге кіріп, кешкі шай ішуге отырысты. Көптен бері бұл үйден шыққан адамдардың өстіп басы қосылып, кең дастарқан басында отырып, ас ішкені осы еді. Сондықтан Бибіш дүние салған соң, бір түрлі күңгірт тартып, қоңылтақсып қалған қара шаңыраққа мұндай бас қосу айрықша көрік, жарастық берген сияқты боп көрінді Күдербекке.

Шай үстінде, жас кезінде еркелеу боп өскендіктен, өзін әкесінің алдында еркіндеу ұстайтын Бағлан:

- Сағитжан әлі келмеген бе? - деді.

Үй иесі:

- Поезға билет ала алмай жүр ме? Кешігіп жатыр, - деді көмескі үнмен.

Ал үлкен қызы:

- Өй, соны қойшы. Жалпы оған жақынынан гөрі, жан тыныштығы қымбат, - деді түйеден түскендей етіп.

- Күдержан, - деді сөзге Асаубай да араласып, - тосқан балаларың келді емес пе? Мезгіл болса - жаз. Енді ақ кемпірдің жамбасын жерге тигіз.



Күдербек:

- Бибішті жұма күннің сәтіне қояйық, - деді жалтарып. Тілінің ұшында «Сағитжанның келуін күтейік» деген сөз тұрғанымен, оны айта алмады.

- Өлген адам тірілерді қашанғы күтеді? - деді Асау - бай түсін суытып.

Бұдан кейін Күдербектің бойына ас батпады. Ол шай кесесін асығыс төңкеріп, оңаша бөлмеге кіріп кетті. Сонда ерсілі - қарсылы теңселіп жүріп, жалғыз ұлының туған ата - анасымен соңғы кездегі қарым - қатынасын есіне алды.

Сағитжан институтты бітірген соң, аспирантураға оқуға қалды. Содан бастап ол ауылға келуін сиретті. Алғашқыда амандық, саулығын білдіріп, хат жазып тұрушы еді. Кейіннен мүлдем хабарласпайтын болды. Күдербек баласының тас бауырлығына іштей назаланып: «Нағашысына тартып туған жетесіз неме! Мен сені оқытқанда, дүниедегі ең жақын адамдардан безінсін деп ойламап едім», - деп, кәдімгідей өкпелеп жүрді.

Сөйтіп, Сағитжаннын, жүзін көрмек түгіл, амандығын білуге зар болып жүргенде, одан хат келді. Оқыған азамат жақын арада үйленетінін айтып келіп, ақша сұраған екен.

Ұлының сезімсіздігіне ыза болып, тұлан тұтқан Күдербек:

- Тәлімің құрғыр, сен тәрбиелеген бала ғой. Мә, оқы! - деп хатты әйеліне қарай лақтырып жіберді.

Бір ғажабы, Бибіш көзілдірігін киіп, ұлының сәлемін аспай - саспай оқып шықты. Сонсоң бұған көзілдірігінің астынан тесіле қарап:

- Пейіліңді кеңге сал, көкесі! - деді қоңыр үнмен. - Ұл біздікі. Ендеше, той да бәрімізге ортақ. Сондықтан баланың сұраған қаржысын бер! - деді.

Әйелінің кешірімділігіне үй иесі бұрынғыдан бетер ашуланып:

- Тумай жатып, туа шөккір сол иттің баласына - жарық дүниеге әкелген біздің қажетіміз болмай, ақшамыз керек болған екен, - деді әңгірлеп.

- Ашу алдында, ақыл соңында, - деді Бибіш. Жалғыз ұлды болашақ келіннің алдында жасытпа. Ертең жібер сұрағанын.

- «Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа» деген осы-ау, - деді күйіп кеткен Күдербек. - Сенің бүйтіп бала өсіргенің бар болсын. Абажадай үйде екеуден - екеу шошайып отырмыз. Әке - шешесінің жағдайын ойлаған ұл

бар ма? Тек алуға келгенде, аш балапандай аузын ашады.

Бибіш астанадағы оқымысты ұлының қатты мінезіне ренжіді ме, әлде күйеуінің жазықсыздан кінәлап сөйлегеніне жәбірленді ме, әншейіндегі мейірімді жүзіне ашу жиып:

- Әй, Күдербек, мен балаларымды ешкімнен кем етіп өсіргем жоқ, - деді қатал үнмен. - Бірақ олар ержеткен соң, бізден ақыл сұрады ма? Екеуі тұрмысқа шықты, соңғысы оқыды. Қарсы келдік пе? Әрине, жоқ. Енді Сағитжан үйленемін деген екен, бетінен қақпа! Ақырғы рет аталық парызыңды орында.

Ақыры, әйелінің мерейі Күдербектен үстем болып шықты. Тіпті қомақты ақшаны почтамен жібермей, өзі апаратын болды. Әдемілігі аңызға айналған астананы көріп қайтуға отағасының да аңсары ауып еді, ол:

- Сенің соғыста қаның бұзылған. Сыр мінез болмаған келіннің көзінше айғайлап, баланың аптаритатын түсіресің, - деп, Күдербектің баруына үзілді - кесілді қарсы болды.

Содан Бибіш Алматыда жарты ай жатты. Үйде жалғыз қалған Күдербекке шай қайнатып ішудің өзі мұң болып жүргенде, бәйбішесі артынып - тартынып келді - ау. Түрлі - түрлі кәмпит, өрік - мейіз, шай салған дорбасы тоқ. Көңілі аса көтеріңкі. Келін түсіріп, ұлының жанында аунап - қунап жатып, әбден арманынан шыққан әйелінің бет әжімдері жазылып, жүзіне қан жүгіріп, талай жылға жасаңғырап кеткендей. Өзінің соншама кешіккеніне әрі ызаланып, әрі қорланып, түксиіп отырған Күдербектің томсарған жүзіне, қатулы қабағына қарамай, сыңғырлап күліп, самбырлап сөйлейді. Аузы жабылмастан, тойдың қалай өткенін, театрға барғанын да мақтана айтады. Ол театрда «Еңлік - Кебекті» көріпті.

- Көкесі, біздің ата - бабаларымыз қатыгез болған - ау! Ұрыны, басбұзар тентекті тезге салудың орнына, өрімдей екі жастың соңына шам алып түскені несі? Сонда билердің жалған намысқа жыртылып айтқан сөздерін естісең, төбе шашың тік тұрады. Неткен қаныпезер, қандай қара жүрек еді! Ақыры екі жасты мерт қылады.

Ойынның соңында Ләйлі мен Мәжнүндей ынтызар ғашықтардан қалған сәбиді қойшы жігіт бауырына алып: «Сорлы қозым. Қошақаным», - дегенде жұрттың бәрі жылады. Мен де көз жасымды тыя алмадым», - деді. Бибіш жасаураған көзін жаулығының ұшымен сүртті.



Әйелінің кешіккеніне қиястанып отырған Күдербек оған бір қырын қараған күйі:

- Жә, бәйбіше, астананың қызығын айттың. Ал Сағитжанның жайы қалай екен? Әлгі жазып жүрген еңбегін қорғап па? - деді.

- Ұлың жұмысын қорғадым деп айтпады. Мен тықақтап сұрай қоймадым. Дегенмен ақылы бар бала ғой. Келіншегін айтулы жерден алыпты. Атасы әжептәуір қызметте істейтін көрінеді.

- Өздерінің үй - жайы бар ма?

- Алматыдан үй алу қиын көрінеді. Бірақ құда оларға пәтер әперіп, жеке отау етіп шығарамын деп отыр.

- Немене, Сағитжан ата - енесінің қолында күшік күйеу болып кірген бе?

- Е, онда тұрған не бар? Баламның мінезі жұғымды. Үлкен кісілердің асты - үстіне түсіп, құрақ ұшып жүр.

« - Ау, туған әке - шешесіне хат жазуғаерінетін ұл ата - енесінің алдында құрақ ұшып жүргені қалай? - деп ойлады Күдербек. - Сонда оған қайын - жұрты бізден де жақын болғаны ма? Мұнда бір гәп бар - ау!» Әйткенмен Күдербек сол гәптің сырын ойлап - ойлап таба алмады.

Бұл түні отағасы әрі - бері аунақшып ұйқтай алмай жатты. Бөлме ішіндегі қараңғылық, тыстағы құлаққа ұрған танадай тылсым тыныштық, апай төс кеудесін басқандай ауыр көрінді. Көңіліне әр түрлі ойлар келіп, содан құтыла алмай, дөңбекши береді. Осылайша тынышы кетіп жатып, кенже ұлымен соңғы рет кездесуін көз алдына елестетті.

Сол жолы қалаға барып қайтқан Бибіштен баласы туралы жартымды хабар ала алмаған Күдербек көпке дейін мазасызданып жүрді. Кейінгі уақытта ұлын көп ойлайтын болды ма, әлде қатты сағынғандықтан ба, ол Сағитжанды түсінде көрді.

Түсінде Күдербек соғыста алған ордендері мен медальдарын кеудесіне тағып, Ұлы жеңістің отыз бес жылдығын тойлау үшін астанаға барған екен дейді. Сірә, қала жұртының жұмыстан шыққан мезгілі болса керек. Көше толған қызыл - жасылды киімді кісілер. Кенет Күдербек сол қаптаған адамдардың арасынан жүдеу өңді баласын көріп қап: «Сағитжан!» деп дауыстайды. Бірақ ол мұны естімейді. Ұлы ығы - жығы қалың жұрттың ортасында келе жатса да, ну орманда адасып жүргендей, екі иығы құнысып, еңсесі түсіп, жалғызсыраған күйі бірте-

бірте алыстай береді. Баласынан адасып қалам ба деп жан ұшырған Күдербек бар даусымен: «Сағитжан!» деп ышқына айғай салады.

Отағасы түннің бір уағында өз даусынан өзі шошып оянды. Түсін есіне ап, көңілі босаған әке: «Құлыным мені сағынып, жүдеп жүр екен - ау» деп ойлады. Ертеңінде Күдербек аяқ астынан жиналып, Алматыға аттанып кетті.

Содан поезбен бір күн жол жүріп, вокзалдан көлік жалдап, ұлы тұратын бес қабатты сұр үйді тауып, есігінің қоңырауын шылдырлатты. Есікті ашқан Сағитжан әкесінің тосын жүрісіне қатты таңданып:

- Көке - ау, телеграмма салмадыңыз ба? Тосып алатын едім, - деді.

Үш - төрт жылдан бері дидарласпаған баласын көргенде, Күдербек шыдай алмады. Табан астында оған деген өкпесі, кейістігі де есінен шығып кетіп:

- Садағаң кетейін, жалғызым - ау! Әкеңді неге ұмыттың? - деп құшақтай алып, жылап жіберді.

Амандық, саулық сұрасқан соң, Сағитжан бейне бір музей аралатқандай әкесіне жаңа алған пәтерінің бөлмелерін көрсетіп шықты. Төрт бөлмелі үй мейман өңі түгіл, түсінде көрмеген қымбат жиһаздарға лық толы екен. Күдербек түгі құндыздың қылшығындай жылтыраған парсы кілемдері, ою - өрнекті үнді құмыралары, көздің жауын алған хрусталь ыдыстар, айнадай жалтыраған шетел мебельдері қойылған бөлмелерге басын сұққан сайын: «Осындай сән - салтанатты үйді шаң басқан етігіммен аралап жүргенім әбестік емес пе?» - деп өз - өзінен қуыстанумен болды. Және ішінен: «Тегі, ғалымдардың тұрмысы жаман болмаса керек», - деп түйді,

Бірақ сағынысып көріскен әке мен баланың әңгімесі онша жарасып кете қоймады. Сағитжан әкесінің әр түрлі сұрақтарына қысқа ғана жауап беріп, сөз арасында қызыл телефонға жаутаңдап қарай берді. Кенет телефон шыр ете қалғанда, ол орнынан ұшып тұрды.

- Жәке - ау, мен сізді даусыңыздан таныдым, - деді Сағитжан көлгірсіп. Сонсоң: - Әдемі жеңгеміздің дені сау ма? Немереңіз үлкен жігіт болды ма? - деп жалпылдай жөнелді.

Телефондағы «мықты» енді негізгі шаруасына көшті білем, үй иесі соның тапсырмасын орындайтынына қуаныш білдіргендей:

- Аға - ау, о не дегеніңіз! Сіздің өтінішіңізді орындау, мен үшін үлкен мәртебе, - деп бәйек болды. - Әзірге



қоймада бары «Шарон» мен «Мираж» мебельдері. Арзандау дейсіз бе? Сәл тоссаңыз, тәуірлері болады.

Баласының әп - сәтте естіп құбылуына риза болмаған Күдербек: «Қарағым - ау, қайдағы бір «Жәкеге» жалпақтағанша, жүрегі ауыратын анаң мен туған апаларыңның жәй - күйін неге сұрамайсың?!» - деп, ұлына ұрсып тастауға оқталды да, Бибіштің: «Сенің соғыста қаның бұзылған» деген сөзі есіне түсіп, үндемеді.

Келіншегі жұмыстан келген соң, Сағитжан кешкі асты рестораннан ішуге ұсыныс жасады. «Бибіш театрға барғанда, мен неге ресторанды көрмеймін» деп ойлаған Күдербек онымен тез келісті. Бұлар ресторанға кіре бергенде, алдарынан тойға баратындай әдемі киінген жас әйел шығып:

- Сағит Күдербекович, хош келіпсіз, - деді жимия күліп.

Әлгі инабатты келіншектің жылы ылтипатына риза болған Күдербек: «Сірә, Сағитжан беделді ғалым болды-ау! Үйі ханның сарайындай. Көшеге шыға қалса, танымайтын жұрт та сыйлайды», - деп ойлап, мерейі өсіп қалды.

Олар алдын ала дайындалған столға жайғасқаннан кейін, еңгезердей даяшы жігіт үлкен қолына темір табақты қондырып алып, қызмет жасауға кірісті.

Күдербек ыстық сорпаны ішіп болып, буға пісірілген бұзау етін алдына ала бергенде, жас келін күйеуінен:

- Даяшыға қанша артық ақша берейін? - деп сұрады.

- Он сом, - деп күңк ете қалды Сағитжан.

- Слушай, бұл заманда қоймашыдан бай адам жоқ. Аз емес пе?

Келін баланың Сағитжанды «қоймашы» деп кемсіткеніне Күдербек кәдімгідей шамданып қалды. Ол ұлын құрып қалғанда, институтта сабақ беріп жүрген шығар деп ойлаған. Осыдан кейін баласының қызмет орнын анықтап қалғысы келген Күдербек:

- Қалқам, ғылыми еңбегіңді қорғадың ба? - деді.

Әкесінен мұндай сұрақты күтпеген Сағитжанның жүзі күреңітіп, төмен қарады.

Осы кезде әйелі:

- Ол әкемнің қол астында жұмыс істейді. Көлденең табысы мол, - деді.

Ал Сағитжан қалтыраған қолдарымен рюмкаға шарапты толыра құйып, дем алмастан қағып салды. Сонан кейін, бабына келгендей батылданып:

- Көке, аспирантураға түсіп, құр бекерге тырыштанған екенмін. Ғылым дегенің бейнеті көп, зейнеті аз нәрсе

болып шықты. Сонсоң диссертацияға қолымды бір - ақ сілтеп, сауда қызметіне ауыстым, - деді.

... Бір мезгілде ай шықты. Оның сүттей ақ сәулесі терезеден түсіп, қараңғы бөлме іші бозамық тартты. Ие, бір кезде, көктемнің осындай айлы түнінде, сақа жігіт - Күдербек пен бойжеткен қыз - Бибіш қол ұстасып, шық басқан көкорай шалғынды жалаң аяқ кешіп келе жататын.

Сол айлы түндер ертегідей керемет әдемі еді. Ал күйбеңі көп күнделікті тіршілік ертегіге мүлден ұқсамайтын. Сондықтан Күдербек тамылжыған сол айлы түндерді тез ұмытты. Қайта ол әйелінің жасаған тамағына, жүріс - тұрысына, тәрбиелеген балаларына риза болмай, үнемі күңкілдеумен болды. «Қолда барда алтынның қадірі жоқ» деген осы да...

Бибіштің алдындағы кейбір ұсақ - ұлан кінәлары есіне түскен Күдербек орнынан тұрып кетіп, ай сәулесі мол құйылған терезенің алдында селтиіп тұрды.

Содан кейін ол:

- Бибіш! Ә, Бибіш бәйбіше, - деді даусы тарғылданып. - Ұзақ уақыт бірге тұрғанда, аңдаусызда тілім тисе, дауыс көтерсем, кешір мені! Жоқтаушысыз жетім кempірдей сарылып жатып қалдың - ау! Бірақ бұл жолы менің , жайбасарлығым ұстаған жоқ, - деді кемсеңдеп. - Ұлыңды күттім. Ол келмеді. Мүмкін, арманын, арын ақшаға айырбастаған адам - анасын да ұмытатын шығар...

Таңертең Бибіштің табытын күйеу балалары қолдаса көтеріп, үлкен қыздары сыңси жылап, еріп келе жатты. Тек араларында Сағитжан болмады. Оның жоқтығын әкесі елемеген сыңай байқатты.

## ӘКЕ КӨҢІЛІ

ҚҰТЖАН «Свердловск - Алматы» жолаушылар поезы станцияға тоқтағаннан бері баласының жанына екі келіп, екі кетті. Демалысы бітіп, оқуына қайтып бара жатқан Ізбасарды қимай жүр. Шал баласының жанына үшінші рет келгенде, ол жолсерік қызбен әзілдесіп, темекісін жайбарақат бұрқыратып тұр екен. Әкесін көріп, жалмажан шылымын сөндіре қойды.

Шешеңнен жасырып, өзіңе арнап жинап жүрген азын - аулық тиын - тебенім бар еді, ұмытып кетіппін ғой, - деп Құтжан шапанының сыртынан буынған сала құлаш белбеуін шеше бастады. Ол әдемі бешпентінің, сонан кейін қой терісінен тігілген жылы күртешесінің түймелерін ағытып, сырты ақ жемденіп тоза бастаған әмиянынан екі - үш көк ала қағазды алып ұсына берді.



Жолсерік қыз сәл жымиды. Студент баласы қызарды.

- Құлыным, сау бол! - Шал перроннан ұзай берді де, қайта оралды. - Жұмасына бір рет хат салып тұрмасаң, әлгі кемпір құлағымның құрыш етін жейді, - деп тағы да, тәптіштеді. - Ал енді жолың болсын!

Жолаушылардың жүрдек поезы орнынан қозғалды. Шалдың нұры тая бастаған шегір көздері қайта - қайта жыпылықтап, ет жүрегі елжіреп, көз жанары дымданды.

- Ата, сіз неге жылайсыз? - Құтжан көз жасын шалапұла сүртіп жалт қарап еді, қасында тұздай көздері күлімсіреп, шофер Тимка тұр.

- Әй, Пәркопидің су мұрыны, сен мұнда неғып жүрсің?

- Әйелімді шығарып салдым.

- Төркініне ме?

- Ие, төркініне.

- Онда мені де ала кет.

Тимка қазақшаға судай. Үлкенмен де, кішімен де әзілі жарасып, тел өскен құрдасындай ойнай береді. Қазір ол ауылға жеткенше әңгімелесіп баратын жолсеріктін, табылғанына іштей қуанды.

Үш аяқты мотоцикл қоңыр күздің соңғы шуағына жонын тосып, маужырап жатқан сары даламен зулап келеді. Құтжан жел қағып, қысық көздерінен парлаған жасты анда - санда бет орамалымен сүртіп қойып: «Ізбасар қалаға барысымен хат жазбайды - ау. Кемпірі түскір, «сенің бетімен жіберген балаң» деп, мазамды алады деп, қалада оқитын студент баласының жайын әңгімелеп келе жатты. Осындай сөздің ретінде Тимканың аузы қышып:

- Құт - аға, жұрт Ізбасарды сіздің асыранды балаңыз дейді. Сол рас па? - деді.

Қара шалдың әжімді бетінің барлық түгі сыртқа теуіп, күн қағып тотыққан қызғылт жүзі күреңітіп кетті. Жайшылықта сықсиып қана көрінетін қысық көздерінің шарасы үлкейіп, Тимкаға ежірейе қарап:

- Әй, осы сен не тантып келе жатырсың? - деп ақырып қалды. Шалдың даусы бір түрлі тарғылданып шықты.

Тимка алғашқыда қыли көздерін сығырайтып: "Мен білмейтін пәле жердің астында ғой» дегендей, шалға сынай қарап еді, оның адам шошырлықтай түтігіп кеткен жүзіп көріп, тіксініп қалды.

- Менікі жәй сөз ғой, Құт - аға? Көңіліңізге ала көр-

меңіз, - деп, түлкі бұлаңға салды енді. Құтжан Тимканың сөзіне жауап берудің орнына:

- Тоқтат, - деді.

- Кешіріңіз, ата! Үйіңізге жеткізіп саламын.

- Тоқтат дедім ғой, мен саған! - деді тағы да ақсақал зілді үнмен.

Жігіт Құтжанның айтқанына амалсыз көнді. Сөйтіп, ашулы шал мотоциклден түсіп қалды...

Күздікке сойылған кәрі қойдың еті жуық арада пісе қоймай, бүгін күндегісінен кеш жатса да, Құтжанның көпке дейін ұйқысы келмей қойды. Манағы қыли көз Тимканың «Ізбасарды сіздің асыранды балаңыз дейді ғой», деген сөзі жүрегінің түкпірінде сақталған өткен күннің елестерін қайта тірілтіп, ұмыт бола бастаған көп жәйттерді есіне салды...

Соғыс басталған жылдың қысы аса қатты болды. Шолақ қол басқарма Қабижан: «Биылғы қыстың беті жаман. Жер - су жағдайы өзіңе белгілі. Малыңа абай бол!» - деген соң, Құтжан жылқыны алысқа өрістетіп жайлаладады.

Сол жылғы қыстың аш қасқырдай ішін тартып ұлыған боранды күндері оның әлі есінде. Соны ойлағанда жылы төсекте жатқан шалдың қақпақтай жауырынының ортасынан сұп - суық тер бұрқ ете қалды. Екі жұма соққан құла түздің ақ бораны бәсеңдегенімен, түн баласында жылқы табынын тынымсыз айналып, әлсін - әлсін мылтық атып, аш бөрілерден сақтанған Құтжан аттан түскен жоқ. Тек даланың ақ дауылы әбден басылған соң, жылқыларды «Майқараған» деп аталатын ойпатқа құлатып, ит тұмсығы өтпейтін қалың қарағанның ішіне қос тіккен. Содан талай күндері тоқымы көтерілмей, ыстық - суықты болған бәйгі Ақтаңкерді қаңтарып тастап, бақыршы балаға мол етіп жабағының етін асқызды.

Қара қостың ортасында кейде маздай, кейде шалқи жанған от суық алған өне бойын жылытып маужыратты ма, әлде жайшылықта қамшы салдырмайтын Ақтаңкердің изең - изең жүрісі қажытты ма, жылқышы тонын жамылған күйі мызғып кеткен екен.

Әлден уақытта:

- Ассалаумағаләйкум, - деп жамырай сәлем беріп, қара қосқа кіріп келген екі - үш адамның дабырынан жылқышының сергек, құс ұйқысы шайдай ашылды. Келгендер: Айтым қожа, оның қасынан екі елі қалмайтын піқәдар Абдрахман, әрдайым екі етегі далақ - далақ етіп,



шабан қой торының, үстінен түспейтін бригадир Жұман екен.

Жұман: «Аудан орталығына бара жатып, соқпай кетсек, қара қостың дәмі атар деп, осында бұрылдық» - деген соң, жылқышы бұлардың суыт жүрісіне онша мән берген жоқ. Ет желініп, құрт езілген сорпа ішіп болғаннан кейін, келгеннен бері жылтыраған әдемі мұртын ширатып отырған Айтым қожа сөз бастады. Ол барлық дүниені жаратушы құдайдың жердегі өкілі Мұхаммед пайғамбардың да пәни - дүниеден өткендігін айтты. Ол сөйлегенде жайшылықта, аяқтыға жол, ауыздыға сөз бермейтін бақырауық Жұман да көзіне жас алып: «Қожекең дұрыс айтады» деп ежірейген теке көздерімен жер шұқып отыр. Бір уақытта Айтым: «Тұяғы бүтін тұлпар жоқ, қанаты бүтін сұңқар жоқ», - деп мақалдап кетті. Сонан кейін: «Берік бол, Құтжан! Балаң Москва түбінде хабарсыз кетті», - деді. Сол сәтте аппақ қар жапқан қу медиен далада аңшылардың белгі үшін дөң басына қадап кеткен жалғыз қарақшысындай жәпірейген қара қос төңкеріліп кеткендей, жер - көк шыр айналып, жылқышының көз алдын буалдыр тұман басты. Құтжан есеңгіреп, үн - түнсіз ұзақ отырды. Бір мезгілде салбырап кеткен шақша басын көтергенде, біраздан бері шала ұйқтағандықтан, ағы қанталаған көздерінен, қара тасты жарып шыққандай мөп - мөлдір екі тамшы жас шықты. Сонсоң орнынан оқыс көтерілді де, суықтан қамзау боларлық шолақ тонын кимей - ақ, сыртта қаңтарулы тұрған Ақтанкерге қарғып мініп, ауылға қарай шаба жөнелген.

Жұманның теке көздері алақ - жұлақ етіп:

- Әй, мынау жынданған шығар, - деп айғайлап жіберді.

Осы оқиғадан кейін, екі өкпесіне суық тиіп, әрі жалғыз ұлының қазасы еңсесін көтертпей, ай бойы төсек тартып жатқан. Түн баласында жұмсақ төсек жамбасына тас болып батқандай дөңбекшіп, тынымсыз уһілеп, ұйқтай алмайды. Ал күндізгі ермегі талайдан бері сырласы болған қоңыр домбыра. Сондай қам коңілді күндердің бірінде «Бозінген» күйін тартқан.

Домбыра бозінгеннің зарын емес, неше күндер бойы төсек тартып жатқанда көкірегіне шым - шымдап жинала берген өз мұңын айтқандай, екі көзін тарс жұмып алған. Күй айдын көлдің ортасында қанатымен су сабалаған жаралы аққудай сыңсып барыып солығын басқанда, көзін ашып, домбырасын жұмсақ бөстектің үстіне тастай берді.

Шүйкедей әйелі Қатша бұрышта бір шөкім болып

бүрісіп, селк - селк етіп, жылап отыр екен. «Бекер тарт-қан екем» деп ойлады ол. Сол күннен бастап іштегі қай-ғысын сыртқа шығармауға тырысты Құтжан.

Көктем шықты. Көкек айының бас кезінде қар біржо-лата кетіп, күн қызып, көк те қаулап шыға бастаған. Кө-гілдір аспанда қаз бауыр ұшпа бұлттар қалықтайды. Бәй-шешек, қызғалдақ, сарғалдақтар жайқала өскен жусан-ды далада бозторғай арқан бойы көтеріліп, көмейінен құйқылжи төгілген үнін мың құбылтып, тынымсыз - толас-сыз сайрайды. Нілдінің бозтал, шілік, ақ қайың араласа өскен тоғайлы сайында көктемнің үнпаз құсы - көкек те әлсін - әлсін дауыс салады.

Осындай сан үнді, алуан дыбысты көктем бойына әл - қуат берді ме, елде өкпесіне қадалған суықтың беті қайтты ма, Құтжан төсектен тұрып, ұсақ - түйек үй шаруа-сымен айналысуға жарады.

Бір күні есік алдында, тақыр тайтерінің үстінде, кеп-тірілген қайыңның діңінен айырғақ сап жонып отыр еді, аулаға Қабижан басқарма келіп кірді. Көңілді басқарма: «Құт - аға, үй іші аман ба? Паһ, көктемнің жарқыраған мынандай күнінде аурудың өзі күнә ғой», - деп емін жарқын ашыла сөйлеп, майда тілімен баурап әкетіп ба-ра жатыр.

Басқармаға Құтжан:

- Көңіліңізге рақмет, - деп жылы жауап берді.

Отағасының даусы жұмсарып, өз сөзін құлақ қақпай тыңдағанын байқаған Қабижан:

- Осы сіз бен бізден енді айтулы жылқышы шыға қоймас, - деп жерге сыздықтата түкіріп қойды. - «Аяз әліңді, құмырсқа жолыңды біл» дегендей, енді жеңіл-желпі жұмысты айналдырамыз да, - деп қарқылдап күлді.

Баласы ұшты - күйлі хабарсыз кеткеннен бері қабағы ашылмай жүрген Құтжан да езу тартты.

- Паһ, шіркін, көз көргенге адам жете ме? Ойың-дағыны айтқызбай түсінеді - ау!

- Айтатыныңды созбалақтамай, айтсаңшы.

- Айтсам, сен почташы бол Әлекендей жаланған ақжал ат астыңда. Мұрын қанап жатқан жұмыс жоқ. - Неге екенін кім білсін, басқарма соңғы сөзді күміл-жің-кіреп айтты.

«Хат - хабар тасу менің қолым емес қой», - деп Құт-жан қарсы дау айтайын деп еді, жылқы десе ішкен асын жерге қоятын бейғұс ақжал аттың аты шыққан соң, ерік-



сіз аузына құм құйылды. Өйткені ақжал ат хабарсыз кеткен Ақанның бәсіресі болатын.

Әкесі бұрында баласына салған хатының соңында: «Ақжал ат өрісте. Оны көзімнің қарашығындай сақтап жүрмін» - деп жазатын. Тек бір жолы бәсіре аттан бір-жолата айрылып қала жаздаған.

Сол жылдың күзінде, ауылға басына қоңырайған са-ры қалпақ, үстіне былғары плащ, аяғына жылтыраған хром етік киген өкіл келді. Әлгі кісі келісімен былайғы жұрт: «Бұл өкіл Қарағанды шахталарында өндірілетін көмірді таситын жарамды ат жинауға келіпті», - деп гу-гу етті.

Өкіл екінші күні ауылдың бар жылқысын бір жерге иірді. Шолақ қол басқарма екеуі салт атпен үйірді ара-лап жүріп, арбаға жегуге жарайтын саяқ жылқыларды таңдады. Қабижан өңшең сайдың тасындай қоңды аттар-ды, бедеу биелерді, ірі байталдарды сұқ қолымен нұс-қап:

- Осы жылқы жарап қалар, - дейді.

- Дұрыс, - дейді өкіл де оны қоштап.

Ежелгі жылқышы Құтжан қара етті жылқы малының толассыз - тоқтаусыз жегісті көтере алмай, тез арада бар-лығып қалатынын айтып еді: - Оны жолдас өкілдің өзі біледі. Көп басты ауыртпай, жөніңе жүр! - деп Қаби-жан бет бақтырмады.

Ақыры, өкіл табыннан жүз қаралы жылқыны бөліп алып, шаһарға айдамақшы болды. Көп жылқының ішінде құйрық - жалы төгілген Ақжал ат та кетіп бара жатты. Үйірінен бөлінгенін іші сезді ме, әлде құлын күнінен көзі үйренген өрісін қимады ма, текті жануар арқырай кісінеп ауылға қашты. Бригадир Жұман құрығын шошаңдатып, Ақжал атты топ жылқыға қуып тықпақ болып еді, көзде-рі шатынап, қайратты жалы үдірейе көтеріліп, әбден елі-ріп алған жануар оған бой бермеді.

Баласына арнаған бәсіре атты көзі қимаған Құтжан астындағы байталды тебініп қалып, өкілмен қатарласа бере:

- Ақжал атты тастап кетсеңіз қайтеді? - деді.

- Шал, ондай қазақшылығыңды қой.

- Орнына таңдаған жылқыңызды алыңыз.

- Жоқ, не имею право, ақсақал.

Өтпес қолқа, өтпейтін пышақ сияқты тек жанды қи-найтынын сезген Құтжан байталдың басын іркіп, өкілден кейіндеу қала берген. Ақжал атты жетегіне алған Жұ-ман мен өкіл ауылдан ұзап бара жатты.

Бір кезде Ақжал ат қолқа тамыры үзіліп бара жатқандай арқырап кісінеп жіберді де, Құтжан селк ете қалды. Жылқышы үстінен құс ұшырмай ұстаған аяулы жануарды қимағандықтан ба, әлде көптен көрмеген ұлын сағынғандықтан ба, астындағы сұр байталдың жалын құшып, үнсіз егіліп жылаған. Содан үйіне жеткенше, сақалынан тарамдалып аққан жас тоқтамай - ақ қойды.

Бір жағынан Ақанның суық хабарын аза тұтып, екінші жағынан қос өкпесіне суық тиіп, тұла бойы оттай жанып жатқанда, сәл есін жинаса, көңілінде баласы мен Ақжал ат тұратын - ды. Неге екенін кім білсін, Ақан бәсіресіне мініп, ауылға жеңіспен оралатын сияқты көрінуші еді.

Бірде наурыз айының аяқ кезінде, әйелі Қатша үйге асыға - аптыға кіріп:

- Құтжан - ау, аулаға Ақанжанның бәсіресі келіп тұр, - деді.

- Қой...

Буын - буыны дірілдеген отағасы орнынан екі ұмтылып, әзер тұрды.

Шынында да, есіктің алдында құйрық - жалы шұнтитып күзелген, көздері ішіне індей кіріп, арса - арса боп жүдеген ат тұр екен. Жылқышы өз қолымен оң құлағына салған таңба - енін көріп барып, Ақжалды әзер таныды. Мынау анда - санда басты бір шұлғып тастап, артын боратып, алдын желдете жөнелетін баяғы жорға емес, соның азып - тозған көлеңкесі сияқты. Құтжанға қарап, әлсіз үнмен оқыранды да, қазандай басын төмен салған күйі мелшиіп тұра берді. Соғыстың ауыр қара жұмысы жорғаның да сағын сындырған екен.

Жаз шығып, көк жетіле келе, әбден тойынған Ақжал ат қабырғасын мұздай жауып алған. Дегенмен бұрынғыдай тізгінін сүзе тартып, ойнақшып ерке мінезбен бұлаңдап тұрмайды. Мініле - мініле әбден еті өліп кеткен қойшының мәстек торысындай арқасына, шабына қонған шыбын - шіркейді шолақ құйрығымен қағып қойып, желге қарсы қалғып - мүлгіп тұра береді. Әйтеуір, аяқ артып, ауыл - үйдің арасында жүруге жарап жатыр.

Құтжан түс кезінде ауылға келген хат - хабарды кенеп дорбасына толтырып алып, таратуға шыққанда, оның соңынан екі - үш бала ереді. Олар: «Аға, маған хат бар ма?» - деп сұрайды. Әкесінен хабар келген балалар: «Ура, көкемнен хат келді», - деп үйіне қарай ұша жөнеледі.



Соғыстың аяғы ұзап кетті. Мұқыр аулынан майданға аттанған отыз атпал азаматтың бірен - сараңы аяғынан айрылып, балдаққа сүйеніп, мүгедек болып оралғанымен, көбісінен «қара қағаз» келіп жатқан. Екіқабат келіншек Ажарға да «қара қағаз» келді. Жас әйелдің үйі мен Құтжанның үйінің арасында үй жоқ. Құдайы көрші еді. Ол соғыстың алдында ғана тұрмысқа шыққан. Күйеуі Сейіт жалғыз атты, сабау қамшылы, саяқ жігіт еді. Олар үйленгенде жұрт: «Артында қақшаңдаған шал, кемсеңдеген кемпір отырған жоқ. Бір басқа бір көз. Күні ертең ақарлы - шақарлы үй болып кетеді» дескен еді. Сол сөз расқа шықты. Өздері араларынан қыл етпестей тату тұратын - ды.

Құтжан кешқұрым ауылдың жылқыларын өріске айдап бара жатқанда, жұмыстан қайтқан Сейіт жуынып жатыр еді. Келіншегі шойын құманмен оған су құяды. Жас ұстаның от пен түтінге қақталған бет - жүзі, жүндес қолдары қара қоңыр болғанымен, күн тимеген шымыр денесі аппақ. Жуынып жатқанда, шойыннан құйғандай тұтас, мығым денесінің бұлшық еттері бұлт - бұлт етіп ойнап тұрады.

Кейде әлі ыстық - суығы басылмаған Ажардың балалық мінезі ұстап кетіп, құмандағы барлық суды күйеуінің үстіне қотара салады да, «Әп, бәлем, саған сол керек», - деп, қаша жөнеледі. Күйеуі тұра қуады. Киіктің лағындай ойнақтаған ақ келіншек оған жуық маңда ұстата қоймайды. Қайта Сейіттен қашып жүріп, есік алдында тұрған бөшкеден ожаумен көсіп алып, оған су шашады.

- Осыдан қолыма түссең, оңдырмаймын, - деді Сейіт гүжілдеп.

- Жермай қатқанда ұстарсың, - дейді қуақы келіншек.

Үсті - басы малмандай болған Сейіт жас әйеліне қорбаңдап тұра ұмтылады, Қолды - аяққа тұрмайтын Ажар сыңқылдай күліп, қаша жөнеледі. Бір кезде аулада қуып жүріп, оның білегінен шап беріп ұстай алған Сейіт, келіншегінің ернінен, бетінен кезек - кезек шөпілдетіп сүйе бастайды. Құтжан атының тізгінін тежеп, жас жұбайларға үнсіз сүйсіне қарап қалатын - ды. Мұны байқап қалған Ажардың жүзі ду етіп қызарып:

- Босат, Құт - ағаңнан ұят емес пе? - дейді.

- Босатпаймын.

- Жібер, жіберсейші енді, - дейді жас әйел тағы да, күйеуінің мойнынан тарс қылып құшақтап алған күйі.

Сол Ажардың қазір аяғы ауыр. Құтжанның хат - хабарды таратып болатын кезін жаттап алған ба, әлде іштей сезе ме, әйтеуір, ат тұяғының тықыры үйге жақындағанда, тысқа шығып тұрады.

Адамның өзі қартайса да, көңілі қартаймайды екен. Почташы қол - аяғы шидей боп арықтаған, бетін тарғақтың жұмыртқасындай сепкіл басқан, қара көздері шарасынан шығып кетердей адырайған жүдеу әйелдің жүзінен бұрынғы сұлулықты іздейді.

Бұрында келіншектің ажарлы жүзінде таң арайындай, батар күннің шапағындай қызғылт бояу болушы еді. Үлкен кісіден именгенде, бір нәрседен оқыс қысылғанда, сол қызыл нұры ішкі жан толқынысынан хабар бергендей, лып етіп бетіне ойнап шыға келетін. Қазір шырайлы жүзінің қаны тартылып, жағы солып, екі ұрты кейісті көңілдің зарын айтқандай ішке сұғылып кеткен.

Түнеукүнгі оқиғадан кейін аузы күйіп қалған почташы Ажардың жүдеу, мұңды жүзін көргенде, жүрегінің тұсы қатты - қатты шаншып кеткендей, өңі қуарып, дегбірі қашатын - ды. Ондай кезде: «Қарағым, Ажар, - дейді отағасы іштей күбірлеп, - Сейіттің қаралы хабары жан қалтамда жүр. Бірақ оны саған қазір айта алмаймын. Бір аяғың жерде, бір аяғың көрде тұрған бейқуат шағыңда, онсыз да күпті жас жүрегіңе қаяу салғым келмейді. Бойыңдағы тікенегіңнен арылып, қол - аяғыңды жинаған соң, естірсің. Әзірше, шыдай тұр, қарағым. Ішіңдегі қауқарсыз, дәрменсіз бейкүнә шаранаңды сақта! Ол - қыршынынан қиылған Сейіт ғұмырының жалғасы ғой».

Осындай көңілге ауыр сырды көзімен айтқан ақсақал атының басын тез бұрып алып, текіректей желіп, көрші әйелдің көзінен таса болғанша асығады.

Ақыры, жаз өтіп, күз түсті. Салпы етек күздің бояуы оңған сұрғылт аспанда қайта - қайта бұлт үйіріліп, електен өткізгендей ұсақ ақ жаңбыр бүркіп жауып тұрады. Бейне бір аспанның шүмегі ашылып кеткендей. Осындай жаңбырлы, лайсаң күздің күнінде Құтжан мен әйелі көз ілмей, аса қапалы, азап түнін өткізген. Ақшам жамыраған кешкі апақ - сапақта басталған Ажардың толғағы ұзап кетті. Бір рет толғақ қатты қысқан уақытта, жас келіншектің жүзі көкшіл тартып, өне бойы тоңазығандай қалшылдап қоя берген. Осы кезде әйел етсіз, сіңірлі саусақтарымен Қатшаның білегінен ұстай алып, дірілдеген үнмен:

- Апатай, екі дүниенің ортасында тұрып айтқан шын



сырым болсын. Егер де Сейіт аман келсе, мен соны ғана сүйіп, соны ғана күтіп өтті деп айтыңыз! - деді.

Жаратылысынан қой аузынан шөп алмайтын момын Қатша байғұс:

- О не дегенің, қарағым - ау! - деп еңіреп жылап жіберген.

Осыдан кейін Ажар есінен жаңылысты. Ағы қанталаған қара көздері жоғары қарай шалқалап, жан - жағына қыдырыстай береді. Бірақ еш нәрсеге анық көз тоқтатып қарамайды. Ойсыз, мағынасыз көзқарас.

Қабағы түйіліп, қатты қиналғанда, жүзіне бірде қызыл, біресе көкшіл қан ойнап шығып, артынша сұрланып сала береді. Нұрлы, ажарлы өңіндегі жастық уыз реңкі енді өшіп, оңып, біржолата ұшып кеткендей.

Кей кезде: «Сейіт - ау! Сәлем - ау, қол ұшын, берсейші! Биік құздан терең шыңырауға құлап барам», - деп қиналған үнмен сыбырлай сөйлейді.

Енді бірде: «Сейіт, әй, Сейіт! Сен неге үндемейсің? Анаңнан мұндай тас бауыр болып туармысың. Енді білдім, сен мені сүймейді екенсің», - деп күйеуіне кәрін төгіп, тісін шықырлатады.

Құты қашып, өз - өзінен абыржыған шарасыз, дәрменсіз Қатша:

- Бұл менің сөзім емес. Бибәтима пірімнің сөзі. Тәңірім, Ажарға кеңшілігіңді бере гөр! - дейді күбірлеп.

Келіншектің толқынды көмірдей қара шашы шып - шып тер шыққан ақ маңдайында ұйысып қалыпты. Шөліркеген қызыл еріндері тілім - тілім боп жарылып кеткен. Есі кіргенде, қиналған шыбын жанына аз да болса сая іздегендей, айналасындағы әйелдерге жаутаңдап қарай береді. Тағы да толғақ қысқан кезде жас әйелдің жүдеу жүзі көкпеңбек боп өзгеріп кетті. Сол кездегі Ажардың көмейінен булығып шыққан: «Жаным - ай!» деген үнін, жанжағынан құрсаулап жатқан кедергі атаулының бәрін бытшытын шығарып, жарық дүниеге «Мен келдім» дегендей, «баа-аа-аа» деген нәресте даусы көміп кетті. Бірақ жас ананың кешке дейін есі кірмеді. Тек күйеуінің атын қайта - қайта атап, көмекке шақырып жатқан бойы таң алдында дүние салды.

Содан жарық дүниеге келгеніне бір күн болмай жатып, анасынан айрылған жас сәбиді Құтжан мен Қатша асырап алған. Хабарсыз кеткен ұлының орнын бассын деп атын Ізбасар қойған.

Ажар қайтыс болған соң, Құтжан қылмыс жасаған кісідей қуыстанып, көпке дейін абдырап жүрді. Көңілін-

де: «Байғұс балаға бар шындықты неге айтпадым?! де - ген ой тұрады. Түн баласында жайлы төсекте әлсін - әлсін дөңбекшіп, кейде тұрып кетіп, таңға жақын әбден шаршап талықсып барып ұйқтайды. Аз күндерде бетінің қаны қашып, жағы солып, өз - өзінен жүдеп кетті.

Күндіз көңіл айта келген әйелдер:

- Ажардың еріне деген ықыласы ерекше еді.

- Сұлудың түбіне жеткен ой ғой.

- Асыға күткен сәбиін де көре алмады - ау, байғұс! - дейді.

Құтжан қара қарғалардай қатарласа отырып, тағдырға, бой ұсынған мүләйім кейіппен көңіл айтқан әйелдерден, тұғырда қалғыған кәрі бүркіттей көзін жұмып, құран оқыған Айтым қожадан да қорқады. Тіпті балаларына ұрысқан көрші әйелдің даусы қаттырақ шықса да, бейуақытта ішін тартып ит ұлыса да, жүрегі зуылдап қоя береді. Өйткені соның бәрі Ажардың мезгілсіз қазасын, күйеуінің жаманат хабарын айтуға батылы жетпеген өз кінәсін есіне салып тұрғандай болады.

Табиғатынан аз сөйлейтін, балажан Қатшаның төрт құбыласы түгел сияқты. Аналық махаббаты, барлық бейіл - ықыласы - көрпеге оралған қызыл шақа нәрестенің үстінде.

Қатша - барлығы тоғыз құрсақ көтерген әйел. Бірақ соның сегізі бір жасқа жетпей - ақ, қызылшадан, іш ауруынан қайтыс болды да, аман қалған жалғызы - Ақан майданда ұшты - күйді хабарсыз кетті. Көп қайғының ауыр салмағын көтере алмаған ана соңғы жылдары қатты шөгіп кеткен еді. Енді кішкентай Ізбасар арқылы Қатшаның аналық сезімі, өмірге деген махаббаты да қайтадан оянғандай.

Қатшаның ұйқысы да тұмса баласына босанған жас келіншек кезіндей тым сергек. Кейде түннің бір уағында Ізбасар мазасызданып, оянып кетсе, ол жұлқылап жүріп Құтжанды да тұрғызады. Сонан кейін ерлі - зайыпты екеуінің арасында Ізбасар туралы ұзын - сонар әңгіме басталады.

- Кішкентай ұйқтаған сияқты.
- Ұйқысы тәтті болсын.
- Өмір - жасы ұзақ болсын.
- Мен де соны тілеп жүрмін.
- Тәңірім, оны тілден, көзден сақтасын!
- Ебінің желінен сақтасыні
- Аман болсын, адам болсын, құлыным!

Бұдан әрі Ізбасардың үлкен қалада оқып, білікті маман болатыны, екеуінің ибалы келін түсіріп, немере сүйетіні жайлы болашақ армандары айтылады. Мұндай кезде Құтжанның жанын жегідей жеген кінәсі жеңілденіп, орынсыз үрейі ұмытылып, оларды баласына деген әкелік махаббат алмастырады. Айтары жоқ, ол бір нағыз бақытты күндер еді...



Уақыт түн ортасынан әлдеқашан ауып кетсе де, шалдың кірпігі айқаспады. Біресе кешегі сұрапылда қаза тапқан жалғыз ұлы, біресе Ізбасар оянғанда кемпірі екеуі шырт ұйқыдан оянып, екеулеп өбектеген кездері, мектепке алғаш барғанда ат шаптырып той жасағаны, әскер қатарында жүргенде одан келетін хаттарды сағына күткен күндері есіне түсіп, шалдың көңілі босап, жылағысы келді. Енді бір сәтте ол: «Заңғар - ау, кемпір екеуміздің Ізбасарға деген көңіліміз ақ еді ғой. Оны асырап алды деп, айтатын орның жоқ еді», - деп қыли көз Тимканы іштей кінәлады. Ақыры, жуық маңда ұйқысы келмейтініне көзі жеткен соң, иығына шапанын желбегей жамылып далаға шықты. Таң Нілді тауының ұшар басынан енді - енді ғана құланиектеніп келеді екен. Ол өз көңіліндей ағарып атып келе жатқан күздің бозамық таңына қарап ұзақ тұрды.

## БОРАНДЫ ТҮНДЕ

НҰРТАЙ таңертең әжесінің қаймақ қатқан қызыл күрең шайына қанып алып, далаға шығып еді, оған Иса дейтін көрші үйдің баласы жолыға кетті.

Иса қуқыл өңді, қайратты шашы үрпиген, көздері мысықтың көзіндей жап - жасыл, алдыңғы екі күрек тісі жоқ, әлжуаз сары бала еді. Сол себепті ауылдың көп шуылдақтары Исаны: «Кетік, кетік кекшебай» деп мазақтайтын және оның үкінің балапанындай сарылығына, тілінің ащылығына қарап: «сары шаян» - деп те атайтын - ды.

Қоңыр күз келген соң, түнге қарай шық түсіп, ертеңгісін ауа сызды, жер ызғарлы болып, ойын балалары тысқа шыға қоймай, Иса бір сұр күшікті құшақтап алып, есік алдында жападан - жалғыз зерігіп жүр еді. Нұртайды көргенде, әкесі базардан келгендей қуанып:

- Күшік затам, аласың ба? - деді күрек тістері жоқ болғандықтан, «с» - ны «з» - деп сөйлейтін сары шаян.

Нұртай ойланып қалды. Өйткені қалтасында әжесі

кеше «кір сабын әкел» - деп берген елу тиыны бар болатын. Бірақ дүкенде сабын жоқ болып шықты. Сол себепті өңшең қара бақырлар қалтасына тас салғандай апауыр боп жүрген.

Қара баланың үндемей қалғанынан секем алған сары шаян:

- Сиыр сатып алайын деп тұрғандай, неге сонша көп ойланасың? - деді Нұртайға. - Бұл жай күшік емес. Былтыр қыста қасқыр алған сұр тазының тұқымы, - деп мақтанды.

Сұр күшік мақтауға тұрғандай екен. Маңдайында жарты айдың үлкендігіндей қасқасы бар. Ұйпалақтанбаған тып - тығыз сұр түгі жақын белден көтеріліп келе жатқан күннің қызғылт сәулесімен шағылысып, жылт - жылт етеді. Нұртай күшікке шынымен - ақ қызықты. Елу тиын ақшаны әжесі сұрап қала ма деп, іштей екі ойлы күйде тұрғанымен, күшікті алуға келісті.

Иса қара бақырларды үш қайтара санап шығып, бет орамалына түйіп алып, қалтасына салды. Сонан кейін жасыл көздері күлім - күлім етіп:

- Кел, енді ойнайық, - деді.

Нұртай оған да келісті. Ол сұр күшіктің жаңа иесі ретінде: «Айманңдай, кә - кә!» деп тұра жүгіріп еді, сұр күшік мұны жатырқап, шолақ құйрығын бұтына қысып алып, қыңсылап келіп Исаның аяғына оратылды. Қыңсылай жүріп: «Мені ешкімге берме!» дегендей, қызыл тілімен иесінің күс басқан жалаң аяғын жалап алды. Иса Ақмаңдайды жерден көтеріп алып үйіне қарай жылыстады.

- Әй, Иса, күшікті қоя бер!

- Елу тиынға күшік беретін мені ақымақ дейсің бе?

- Олай болса, ақшамды қайтар!

- Әй, қаңғыған жетімек, менен аулақ жүр.

Тілі удай ащы «сары шаянның» «қаңғыған жетімек» деген сөзі Нұртайдың жазыла бастаған ескі жарасының аузын алып кеткендей болды. Ашуға булыққан бала Исаның жағасынан ала түсті. Сол сол - ақ екен, әншейінде де шыбық тисе шыңқ етер - Иса бүкіл ауланы басына көтеріп, бақырып жылады.

Осы кезде:

- Шешек келгір, оның не? - деген біреудің ышқынған даусы естілді. - Нұртай артына жалт қарады. Ақ жаулығы желкесіне сыпырылып түсіп, таралмаған бурыл шашы дудырап, көздері ақшиып кеткен әжесі Қыжым бұған төне келіп қалыпты. Қолында солқылдаған жас шыбығы бар. Артынша - ақ, көк шыбық жыландай ысылдай келіп, жон арқасына шып - шып ете түскенде, Нұртайдың белі қайқаң - қайқаң ете қалды. Арқасы удай ашып, көзінен екі тамшы жас ыршып кетсе де, қара бала тістеніп алып, «қыңқ» деп даусын шығарған жоқ.

Ертеңінде әжесі дүкенге кеткен соң, Нұртай алыста жүрген әкесіне хат жазды. Ол ақ қағазға: «Көке, мені балалар жетімек дейді. Әжем де жек көреді», - деп жазып, терезеден далаға қарады. Күн кешегідей емес, бүркеу екен. Қорғасын түстес сұрғылт бұлттар аспанды құрсаулап алыпты. Нұртай отырған бөлме де кеш түсіп қалғандай алакеугім тартып, көңілсіз боп тұр. Терезенің алдында бойлай өскен ақ қайыңдардың алтын түстес сары жапырақтары күзгі желдің өтінде біраз қалтырап тұрады да, сабағынан үзіліп түсіп, әйнекке соғылады. Ие, жаздағы шуақты, көңілді, жап - жасыл дүниенің бояуы оңып, күн асқан сайын өзгеріп бара жатқандай.

Қара бала өзін шеттетіп, өгейсіткен өмірдің, алғашқы суық лебін ауылға келісімен сезген. Онда қасында өгей әкесі бар еді. Бұлар қаладан әкелген бүйірі тоқ қызыл сөмкені ақтарып жатқан әжесі аса көңілді болатын. Қалақтай бетін өрмекшінің торындай ұсақ әжімдер торлаған аласа бойлы, ақ сұр кемпір тәтті кәмпиттерді, хош иісті үнді шайын, көйлек - жаулықтың қымбат маталарды оюлы сырмақтың үстіне үш төбе етіп үйіп жатып:

- Құдай - ай, бергеніңе шүкіршілік. Бәрінен де бар жақсы екен ғой. Қалада балам болмаса, мендей жалғыз кемпірді кім елеп, кім керек қылады?! - деді самбырлай сөйлеп.

Сәкен шешесінің осындай көңілді кезін пайдаланып:

- Апа, мен екі жыл шетелде жұмыс істейтін болдым. Біз келгенше Нұртай өз қолыңызда оқиды ғой, - деген жайма - шуақ үнмен.

Баласының қаладан әкелген базарлығына риза болған кемпір:

- Ұшар қанатқа дүние кең, - деді көңілді дауыспен. - Тек қайда жүрсең де аман бол, қарағым! Менің көзім тірі тұрғанда, Нұртайжан таршылық көрмес, - деп көкесінің қолқасына ризашылығын оп - оңай берген.

Кешке қарай, үйге әжесі құралыптас үш - төрт кемпір келді. Кыжым меймандарды қызыл күрең үнді шайымен сыйлады. Біраздан кейін ащы қуырдақ жеп, ыстық шай ішіп, борша - борша боп терлеп, терісі кеңейген қартаң әйелдер гу - гу әңгімеге көшті.

- Сәкенжан үмітіңді ақтап, ғалым болды. Басқалар-

дың қолы жете алмай жүрген астанада тұрады, - деді үй иесіне жағынғысы келген бір шұбар кемпір.

- Ұлың ұяға, қызың қияға қонған - сенде арман жоқ қой, - деп бір арық кемпір таңдайын қақты.

Көршілердің өз шашбауын көтерген қошемет сөздерін естігенде, әжесінің еңсесі көтеріліп, төрде кітап оқып отырған Нұртайға сүйсіне қарады.

Қыжымның Нұртайға құлаған шын пейіл - ықыласын байқаған көрші кемпір:

- Немерең де ержетіп қалыпты, - деді.

Сонда жаңа ғана кемпірлерге шайдың қызылын баса құйып, күле сөйлеп, көктемнің шуақты күніндей жадырап отырған әжесі нілдей бұзылды.

- Қайныш, сен мені кекетіп - мұқатып, іштен шалып, тақымдағаныңды қашан қоясың? - деп шырт ете қалды ол. - Есік көргенді алма, бесік көргенді ал дедім. Бірақ ақымақ бала тілімді алды ма?

- Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі, - деді шұбар кемпір Қайнышты ала көзімен ата қарап.

Дастарқан басында өзін қолдайтын бір адамның бар екенін байқаған Қыжым осыдан кейін тіпті көтеріліп кетті.

- Бөрі арықтығын білдірмес деп, сыртым дүрдиіп жүргені болмаса, мен қайбір жетісіп жүр ғой дейсің, - деп бір қойды. Сонсоң қарлығыңқы үнмен: - Сәкен балалы әйелге үйленіп, сүйегіме өшпес таңба салды емес пе? - деді адуын кемпір түтігіп.

- Қойшы, сөздің реті келген соң айттым да, - деп Қыжымның кәріне іліккен Қайныш енді бас сауғалауға көшті.

- Қоймаймын, неге қоямын? - деп әжесі өршелене түсті. - Тутақ, балам қолымда, іргем бүтін отыр демесең, сенің де жетісіп отырғаның шамалы, - деп, ол Қайнышқа дүрсе қоя берді. - Аюдай ақырған көк келініңнің суық жүрісі бар. Бейсенің маскүнем. Құдай сенің көрген күніңді өзгенің басына бермесін!

Сөйтіп, шай үстінде екі кемпір шартпа - шұрт сөзге келіп қалған соң, көңілді кештің шырқы бұзылды. Әйелдер үйлеріне ерте тарады.

Баласына «Нұртайжан таршылық көрмес» - деп көлгірсіп, Қайнышқа «Сәкен балалы әйел алды» деп долдана тепсініп, екі сөйлеген әжесін қара бала іштей жек көріп қалды.

Нұртай сұрғылт түспен бозарған терезеден көзін тайдырып әкетті да, қайтадан ақ қағазға тұқиды.



«Көке, - деп жазды ол, - қазір бұл жақта күз түсті.- Сонан кейін папасының өткен хатында: «Жазда демалысқа барамыз» деген сөзі есіне түсіп: - Арада қыс бар. Жаз қашан шығады? Мен сені сағынып жүрмін», - деп жазды.

Сонсоң «Көке!» деп жаңа жолдан бастай беріп еді, топсасы майланбаған жылауық есік сыңырлай ашылып, үйге көршісі Бейсен кірді.

- Ә-ә, ғалымның баласы, сабақ оқып отырсың ба? - деді ол. - Біздің жалқау Иса әлі ұйқтап жатыр. Көп оқы, мүмкін сен де ғұлама боларсың.

Кеше ғана сары шаянның кесірінен Қыжымнан таяқ жегені есіне түскен Нұртай:

- Жоқ, көкеме хат жазып отырмын, - деп бұртиып теріс қарады.

- Әкеңе менен сәлем айт, - деді Бейсен көңілдене сөйлеп. - Ол екеуіміз бір құртты бөліп жеген дос едік. Сен соны білесің бе?

- ?

- Білмесең, біліп қой. Ауылда егіз қозыдай бір - бірінен айрылмайтын екі мүшкетер — Бейсен мен Сәкен болатын.

- Өтірік айтасыз.

- Оллай-белләй, шын айтам. Орта мектепті бітіргеннен кейін, Сәкен институтқа түсіп, мен ауылда қалдым. Содан үйлі - баранды болып, от басы, ошақ қасынан ұзап шыға алмадым емес пе?! - деді Бейсен.

Нұртай бұл сөзге сенерін де, сенбесін де білмей, әкесінің бұрынғы досына таңдана қарады. Ұзын бойлы, бұйра шашты, жүрісі ширақ, ойы сергек көкесіне қарағанда, Бейсен елуді алқымдап қалған егде адам сияқты. Оның төбесінде бір тал шаш жоқ. Сол мінін басқалардан жасырғысы келгендей, селкеу - селкеу ұзын самай шашымен жауып қойыпты. Сонда да түксіз төбе құйқасы айнадай жалтырап тұр. Қушиған тар маңдайында төрт сай терең әжім бар. Беті ауыр науқастан жаңа тұрған адамдай күлтілдеген ісік. Үнемі жасаурап тұратын көзінің ағы қанталап тұр.

Нұртай осындай адам бейнесінен азғындаған пендені бір жерден көрген тәрізді. Ие, көрді. Онда көкесі командировкада болатын. Бірде демалыс күні, үйге сақал - шашы өсіп кеткен бейтаныс еркек келді. Кірген бетте әлгі адам ай - шайға қарамастан, шешесіне ұрса жөнелді.

- Мен талантты суретші едім. Атымды бүкіл Европа

білетін. Сен сұрқия, өмірімді бұзып, баламнан айырдың! Талантымды құрттың - деді әңгірлеп.

Үш жыл бірге тұрғанда, он жылдық ғұмырымды қысқартып ең! Енді бізге тыныштық бер! - деп апасы ашуға булығып, дір - дір етіп, тұншыға жылап жіберді.

Шешесі жылаған соң, кішкентай Нұртай да шырқырап жылады.

Нұртай Бейсен көршісін сол бейтаныс суретшіге ұқсатты. Әжесі айтқандай, «жынды суға» тойып келіп, үй ішіне быкпырттай тиіп, әйелі мен балаларын шулатып жүр - ау деп ойлады. Соны ойлағанда, қабағы түйіліп, ашаң жүзі томсарып, оны жақтырмаған қатқыл үнмен:

- Жәй жүрсіз бе? - деді.

- Әжеңді күте тұрайын, - деді Бейсен бір түрлі кінәлі пішінмен ыржия күліп. Сонан кейін осында келген басты шаруасы есіне түскендей қуанышты дауыспен; - Кеше Иса балалық жасапты. Оған көшедегі жүрген бұралқы күшіктің керегі жоқ. Онсыз да екі иті бар, - деп жеңі қырқылған ескі күпәйкесінің түймелерін ағыта бастады.

Сары шаян бермеген сүйкімді күшікті көргенде, Нұртайдың көздері оттай жайнады. Бұрында, қалада тұрғанда, қара баланың кірпісі, тасбақасы болған еді. Кірпі мен тасбақаны көкесі Күртінің шөліне, геологиялық партияны басқарып барғанда әкеп берді. Нұртай кірпіге «қара лақ», тасбақаға «танк» деп ат қойды. Әсіресе кірпі өте сүйкімді болатын. Өзі мектептен келгенде, түймедей қап - қара үшкір тұмсығын тікенегінің астынан шығарып алып, көздері жылт - жылт етіп, зыр жүгіріп оның алдынан шығатын - ды. Кірпіден тасбақа да қалыспайды. Ол Нұртай кинодан талай рет көрген жылан бауыр танк сияқты баяу қозғалып, қыртысты түйе мойнын қылқыңдатып, кірпінің соңынан ереді.

Сол кезде Нұртай:

- Қара лақ, танк, - дейді қуана айғайлап, - алдарыңда қызыл жарық жанып тұр. Сендерге жүруге болмайды, - деп аяғымен еденді теуіп - теуіп қалады.

Қара баланың оқыстан шыққан ащы даусынан шошып қалған кірпі тікенек - тікенек терісін үдірейтіп, тез жиырыла қалады да, алдындағы қауіп - қатерді сезген «танк» қылқыңдаған басын ішіне тартып алып, жұдырықтай тас сияқты домаланып жата кетеді.

Ол ауылға келерде, кірпі мен тасбақасын ауладағы балаларға таратып берді. Міне, содан бері бір уақыт



алданатын ермегі болмай келіп еді. Сондықтан Нұртай шын қуанды.

Бағанадан бері қабағы түсіп, қырыстанып отырған баланың ойынан шыққанына масаттанған Бейсен:

- Ал, ала ғой. Аймаңдай саған жасаған сыйлығым, деді.

Осы кезде кеудесі сыр - сыр етіп, аһылап - үһілеп Қыжым кемпір кіріп келді. Ол босаға жақта қазандағы адал асты арамдап қойған тазы иттей қуыстанып, қыбыжықтап тұрған көршісін, сұр күшікпен алданған Нұртайды көріп:

- Қуға қу намаздыгер - намазшамда жолығады деп, екеуіңнің бастарың қайдан қосыла қалған? - деді бет-аузын тыржитып.

- Апа, сізде бұйымтайым бар еді, - деді Бейсен қысыла - қысыла.

- Ол неғылған бұйымтай?

- Қарызға үш сом ақша берсеңіз.

Ақшаның аты шыққанда Қыжымның қалақтай беті үйітілген терідей тырысып, бәкене бойы жермен - жексен болып кішірейіп, көз жанары демнің арасында сеніп қалды. Сонсоң кемпір сылқ етіп, бұрыштағы орындыққа отыра кетті де:

- Ұл кетті жайына, қыз кетті байына, - деді жыламсырай сөйлеп. - Азын - аулақ пенсияға ғана қарап, жалғыз шошайып отырған кемпірде ақша қайдан болсын?!

- Ел іші алтын бесік, - деді Бейсен күмілжи сөйлеп. - Сондықтан сіз жалғыз емессіз. Іншалла, қысқы шөбіңіз, отын - суыңыз менің мойнымда.

Шынында да, ерте күзден бастап, қар бір - екі жауысымен қолға қарап қалатын бес - алты ірі қара мен он шақты ұсақ тұяқтың шөбі, қысқа отын дайындау сияқты қатты-қайырым жұмыстар Қыжымның қабырғасына бататын еді. Сол себепті жеке басының қамын ойлаған кемпір еріксіз үндемей қалды.

Қыжымның осал жерін дөп басқан Бейсен енді батылданып:

- Кеше көбірек ішіп қойыппын. Басым сынып барады. Похмель жасауға үш сом беріңіз, - деді.

- Қарағым, ішкенің ішкен. Бірақ осы похмеліңді қойшы, - деді Қыжым зілсіз үнмен. Содан кейін: - Ойбай, белім, сегіз көзім, - деп буындары сытырлап, кирелеңдей орнынан тұрып, қалталарын ақтара бастады.

Көршісі кеткен соң, қазымыр кемпір қайтадан бұрқылдап сөйлей жөнелді. Нұртай әжесі дүниенің қызық-шыжығынан түңіліп, күйінген шағында не айтатынын

білуші еді. Мұндайда Қыжымға баласы Сәкеннің азаматтық, адамдық қасиеті, ел алдындағы борышы, оқымыстылығы да қара тиынға татымайды. Кемпір айналып - үйіріліп келіп, өзінің жан - тыныштығын, жеке басының қызығын ғана ойлайды.

- Жайшылықта ұрымда ұлым, қырымда қызым бар деп, дүрдиемін - ау, мен байғұс, - деп сарнай жөнелді. - Бірақ өмірден көрген қызығым шамалы. Үйіме келін түсіріп, қолымды жылы суға малмадым. Оң босағама күйеу бала енгізіп, қара күшін пайдаланбадым, - деді ол. Жат жұрттыққа жаратылған қызды қойшы. Ал Сәкеннің не ойлағаны бар? Қазақтың тауы мен тасын шарлаған аз болғандай, діні басқа, тілі басқа - шетелде, Кербаланың шөлінде, жермай іздеп қаңғып жүр. Жалғыз шешесінде ісі жоқ. Тіпті өгей бала да дәл сондай тас бауыр болмас. Үйде бас көтеретін еркек кіндік жоқ болған соң, ит те, құс та басынады.

Нұртай тілді, үнді кемпірдің көп сөзінің байыбына барып, мағынасын түсінген жоқ. Дегенмен өгей дегенін түсінді. Өйткені Қыжым соңғы кезде балаға «өгейсің» деп жиі айтушы еді. Енді туған баласына да осы жаман атты қосып айтатын болыпты.

* * *

Күз түскеннен бері кейде желдетіп, кейде жаңбырлатып тұрған ауа райы қарашаның аяғында бұзылайын деді. Күн күрт жылынып, бір жұмадай жайма - шуақтанып тұрып, артынан нөсерлетіп суық жаңбыр жауды. Оның соңы қарға ұласты. Түнімен, күнімен жауған қар тобықтан асып, қызыл жіліншікке жетті. Содан кейін терістіктен ызғыған жел тұрып, алай - түлей боран соқты да кетті.

Боранды, аязды қыс түскен соң, Қыжым кемпірдің жұмысы көбейді. Көп шаруадан мұрнына су жетпей жүр. Бұрынғыдай Нұртайды қарғап - сілеп тілдемесе де, тез ашуланып, тез күйіп - піседі. Бірде Қыжым даладан бетінің барлық түгі сыртына теуіп, долданып келгенде, сұр күшік еркелеп, маңында көбірек жүріп қалып еді:

- Аяққа оратылмай, әрман жүрші! - деп оны аш бүйірден бір тепті.

Айманδай қан қақсап, қыңсылап келіп бұрышқа тығылғанда, Нұртайдың жіңішке қастары түйіліп, көзіне дірілдеген ащы жас толып кетті.

Тағы бірде тыстан әбден шаршап, шалдығып келген Қыжым үйде сабақ оқып отырған Нұртайға:



- Өлгенде басыма көк тас қоятын сен болсаң да, мал жайғауға шық! - деп айғай салды.

Кемпір балаға шөп суыртты. Бірақ преске салғандай тығыздалып қалған ескі маядан шөп суару оңай емес екен. Нұртай қабырғасы қайысып, омыртқасы майысып, терлеп - тепшіп, қанша әуреленгенмен, маяға суырғышты батыра алмады.

Шөп суыруға баланың шамасы келмейтінін байқаған Қыжым:

- Сенің қолыңнан ас ішіп, аяқ босатқаннан басқа не келуші еді, - деп кейіп, бұл істі өзі атқарды.

Бір жақсысы, осыдан кейін кемпір Нұртайды көп жұмсамайтын болды. Ер адамның қажыр - қайратын қажет ететін жұмыстың бәрін жалғыз атқарады. Жалғызілікті кемпірге екі сиыр, үш торпақ, он шақты ұсақ тұяққа шөп суырып салу, жаздағы мол суы деңгейінен күрт төмендеп кеткен тас құдықтан су сарқып әкелу, көп малдың астын тазалап, құрғату сияқты жұмыстар оңайға түсіп жүрген жоқ. Аязды, боранды қыстың қысқа күнінде тынымсыз тыпырлайтын Қыжым кешке қарай үйге ұшып жығылады. Содан қалғып - мүлгіп отырып тамағын ішеді де, құс жастыққа басы тиісімен қор етіп ұйқтап кетеді.

Оның есесіне боранды күндері далаға шыға алмай, күн ұзын үйде іші пысатын Нұртай мен сұр күшікке мол еркіндік тиеді. Қыжым ұйқтаған соң, екеуі кең ауызға қораға жүгіріп шығады. Нұртай астына орындық қойып, электр шамын жағады. Ал Айманδай бір құлағы салпиып, бір құлағы тікірейіп, тана көздері жылтырап: «Ойынды қашан бастаймыз?» дегендей төменде шоқиып отырады. Жарқ етіп шам жанады. Сол кезде жарыққа қуанған бала күшік шәу - шәу етіп үріп жібереді. Даусы ашық та үнді екен. Таза күмістей сыңғырлап тұр.

Орындықтан секіріп түскен Нұртай: «Айманδай, кә - кә!» - деп, жүгіре жөнеледі. Айманδай арсалаң - арсалаң етіп, иесін қуып береді. Бұл кезде Нұртайға әбден бауыр басқан сұр күшік керемет ойыншыл - ақ. Әп - сәтте оны қуып жетіп, балағынан қауып түседі. Бірақ әлі өсіпжетілмеген қылтанақ тістерін батырмайды. Ол Нұртайды баласынып, аяйтын тәрізді. Әрине, бұл қызықты ойынның бастамасы ғана. Осыдан кейін Нұртай қалтасынан қылшық жабысқан кәмпитті шығарып, сұр күшік қарғып жете алмайтын биіктікте ұстап тұрады. Айманδай артқы екі аяғымен тік көтеріліп, кәмпитті қақшып жемекші болады. Бірақ бала тәттіні күшікке ә дегенде бере қоймайды. Артымен бірте - бірте шегіншектеген күйі одан алыстай

береді. Күшік те сол тік тұрған қалпы алға жылжиды. Суық қорада түлкінікіндей үшкір тұмсығынан жылы бу бұрқырап, аузынан сілекейі шұбырып, шолақ құйрығын бұлғаңдатып, кәмпиттен ежірейген көзін айырмайды. Олар осылайша кең қораны екі - үш рет айналып шығады. Әбден сілесі қатып, аяғы талған күшік: «Енді бермейсің бе?» дегендей жіңішке үнмен қыңсылап, құйрығын бұлғаңдатады. Айманңдайдың жасаураған көздері сондай мұңды, сондай аянышты. Соны байқаған Нұртай: «Ап!» деп, кәмпитті төбеге қарай атып жібереді. Күшік қарғып барып, кәмпитті қақшып жейді. Содан кейін тағы да тәтті дәметіп, қызыл тілін қылтыңдатып, Нұртайдың жанына келеді. Қара бала бұл жолы басындағы малақайын шешіп алып, қораның түкпіріне қарай лақтырып жібереді. Айманңдай садақтың оғындай атылып барып, малақайды қауып түседі. Әрине, малақай көзді ашып - жұмғанша қылғыта жұтып қоятын кәмпит емес. Сондықтан Айманңдай бас киімді тістеп алып, иесіне әкеп береді.

Бала мен күшіктің осы ойынына тарғыл мысық пен қара серкеш қана үйрене алмай қойды. Қыжым кешкісін ұры - қары алып кете ме деп қауіптеніп, ұсақ қой - ешкісін ауызғы қораға, ағаш шарбақтың ішіне қамап қоятын - ды. Жалпы, қой дегенің момын жануар ғой. Екеуінің ойынын елең қылмастан, шақырайып тұрған шамға шағылысқан көздері жасыл ұшқын шашып, күйіс қайырып жата береді. Ал қой бастаушы қара серкеш нағыз бұзықтың өзі, Нұртайдың басына секіріп ойнаған сұр күшікті көргенде, құлағын тікірейтіп, тұяғымен жерді тарпып - тарпып қалады. Қара серкештің аяқ тықырына елеңдеген Айманңдай шарбақтың қасына жетіп барады. Шошып қалған ақымақ серкеш кейін қарай ортқып кетеді. Сонсоң бар екпінімен жүгіріп келіп, қайқиған мүйізімен ағаш шарбақты сарт еткізіп сүзеді. Ақымақ серкеш қара бала сияқты ойынға шақырған екен деп ойлаған сұр күшік құйрығын бұлғаңдатып, алдыңғы екі аяғымен шарбақты тырмалайды. Қара серкеш тағы ұмтылады. Бұл жолы да қарағайдай мүйізі сарт етіп ағашқа тиеді.

Ал тамақ жеген соң, күні бойы жылы пештің түбінде ұйқтап жататын жалқау, тарғыл мысық күшікті қара тekeден бетер жек көреді. Ол Айманңдайды көрсе, желке жүнін үдірейтіп, жасыл көздері үкінің көзіндей бажбиып, ыр - ыр етіп, оған дөң айбат шегеді. Мысықтың осы мінезін қызық көріп, алдына жетіп барған Айманңдайды алдыңғы аяғымен дәл қара тұмсықтан ұрып қалады. Шошынған



күшік кейін шегініп кетеді. Бірақ мысыққа қайта ұмтылады. Зәресі ұшқан мысық жүгіріп барып, қораның әлсіз арқалығына тірелген ағаш бағанға өрмелеп кетеді. Содан тырнағымен бағанға жабысып тұрып, аянышты үнмен мияулап ұзақ отырады.

Ақыры бес күн бойы екіленіп соққан боран да басылды. Осы уақыттың ішінде үйден шықпай, әбден ішқұса болған Нұртай түс кезінде шаңғы тебуге, далаға шықты. Іші пысқан Айманңдай оның соңынан ерді. Есігінің алдында, күртік қардың үстінде, төбе басына үйілген обадай боп, қалтиып Иса тұр екен. Аяғына әкесінің қырқыншы размерлі дәу керзі етігі, үстінде жеңі ұзын ескі көк күпәйке, басын әжесінің жылы шәлісімен айқыш - ұйқыш шандып алыпты. Әкесі тапқан - таянғанына арақ ішетін болғандықтан, Исаның өз бойына шақ, қыстық жылы киімі жоқ болса керек. Мұрнының ұшы қызарып, жасыл көздері тұздай боп көгеріп, тоңып қалған сары шаян:

- Әй, Нұртай, күшігімді өзіме бер, - деді жайына тұрмай. Сырғанақ тебуге асыққан Нұртай оның алдынан шаңғысымен зу етіп өте шықты.

- Айманңдай, кә - кә! - деп тағы да айғайлады сары шаян.

Бірақ құйрығын қайқайтып алып, иесінің соңынан ерген сұр күшік оның даусын елең де қылмады.

Нұртай ауыл сыртындағы биік қоңыр төбенің ұшар басына шығысымен, таяғын сермеп қалып, ылдиға қарай сырғанай жөнелді.

Өткен боранды күндері атжал - атжал боп үйіліп қалған қардың үстімен бір рет жолсалып алған соң, ойын қыза түсті. Ол биік төбеден ойға құлдилағанда, малақайының екі құлағы желп - желп етеді; қар басқан кең алқап көз алдында бұлың - бұлың етіп, жел қайықтай жеңіл сырғыған шаңғысының астында зуылдап кейін қалып жатады; алдынан соққан ызғырық жел екі бетін алмадай қызартып шымшығандай тыз - тыз еткізеді.

Қара бала ойға құлағанда, Айманңдай да қарап тұрмайды. Ол иесінің біресе оң жағына, біресе сол жағына шығып, қуанғанынан шәу - шәу етіп үріп, шаңғының астында есіле - үгіліп бораған ақ қардың ішінде құйрығы шолтаң - шолтаң етіп арсалаңдай жүгіреді.

Өстіп екеуі сырғанақ теуіп жүргенде, қыстың қысқа күні ұясына батып, кеш түсті. Сонда ғана: «Әжем ұрсады ғой» - деп ойлаған Нұртай үйге қайтты.

Кеш түскен соң аяз қатайып, терістіктен ызғырық жел тұрып, атжал қардың үстімен жаяу борасын жүре

бастады. Боранда бала мен ит құтырады. Аймаңдай жаяу сырманы ақ қоян деп ойлайтын болса керек. Әлі өсіп-жетілмеген қылтанақ тістерін сақылдатып, езуін ыржитып, «аф» деп ауаны қауып өтеді. Бірақ ақ жыландай бастары қайқаң - қайқаң етіп, бет - бағдарсыз көшіп жатқан сырма оған ұстата қоймайды. Оп - оңай күшіктің аузынан сытылып шығып, ақ құйрығын бұлаң - бұлаң еткізіп, кешкі аязда қата бастаған күпсек қардың үстімен сырғи жөнеледі. Содан Аймаңдай «қоянды» ұстай алмағанына ызаланып, шабалана үріп, иесіне қайта оралады. Бір рет бала күшік «ақ қоянды» ұзағырақ қуып, кеш қараңғылығына сіңіп жоғалып, Нұртайдан адасып қалды.

Жел үдей түсті. Құтырынған долы жел баланың астынан да, үстінен де ұйтқи соғып, мазасын кетіре бастады. Мұздай қар ашық беті мен мойнына тікенектей қадалады. Жел сәл толастаған уақытта қардың үстімен жүре бастаған жаяу борасынның сұлбасын көріп қалды. Бейне бір тау басынан құлаған тасқыннан немесе қалың өрттен үркіп, жөңкіле қашқан ордалы ақ жыландардай.

- Аймаңдай! Аймаңдай! - деп айғайлады Нұртай. Бірақ өз даусын өзі естіген жоқ. Құтырына соққан жел баланың даусын қағып алып, алысқа әкетіп, қою қараңғылық әп - сәтте жұтып қойғандай.

Бала ұйтқып, үдеп соққан боранды түнде күшігін дауыстай шақырып, көп іздеді. Бірақ таба алмады. Ақыры салы суға кетіп, Қыжым кемпірдің үйіне келді.

Әжесі:

Осы жеті түнде қайда жүрсің? - деді кейи сөйлеп. - Боранда адасып, үсіп өлсең кім жауап береді?! Мен бе, әлде тескен таудың ар жағында жүрген өгей әкең бе? деп Нұртайдың жер - жебіріне жетіп ұрысты.

Бала ашулы кемпірдің шамына көп тимей, шешініп, төсегіне жатып қалды. Бірақ ұйықтай алмады. Тек көздері бақырайып жатты да қойды.

Сырттан ішін тартып, ышқынып соққан боранның бір сарынды үні келеді, Боран бірде, аязды түнде төбет иттері арпылдап үрген қыстауға беттей алмай, құйрығын артқы екі аяғының ортасына қысып алып, аспанға қарап ұлыған аш бөрілердей жалынышты үнмен сыңсиды. Енді бірде ерінен айырылып, бетін тырнағымен алып тастап, шашын жайып жіберіп, дауыс салған жесір әйелдің зарлы үні естілгендей болады. Бір кезек биік шыңнан тау селінің төмен құлағанындай сырылдаған гүрілдеген бір жат, қорқынышты дыбыстар келеді құлаққа.

Кенет Нұртайдың көзіне түтеп бұрқыраған ақ дауылдың ішінде, май табанынан суық өтіп, үшкір тұмсығы удай ашып, бүрсеңдеп, тоңып жүрген Аймаңдай елестеді. Кейде ол адасып қалған иесіне дыбыстағысы келіп, ақ боранның ішінде шарқ ұрып шәуілдеп үргендей; кей-кейде өзін іздеп, тауып алатын Нұртайдан мүлдем күдер үзіп, көзінен тарам - тарам жас ағып, қыңсылап жылағандай.

Нұртай бұдан әрі шыдап жата алмады. Үстіндегі жылы көрпені лақтырып тастап, үнсіз киініп алып, сыртқа ата жөнелді.

- Әй, жынды неме, қайда барасың? - деген Қыжымның сөзіне бұл жолы құлақ асқан жоқ.

## ҚЫРАН ҚИЯ

ҚАРАШЕГІР бөрік бас қарағайы, бойшаң самырсыны жамырай өскен терең шатқалға үңіле төніп тұрған биік құздың тектұрында, күні - түні жел ызғыған жалтыр бетінде көзін ашқан еді. Ең алдымен нақ төбесінде төңкерілген қазандай көк зеңгір аспанды, көз ұялата шақырайған күміс табақтай жарық күнді көрді. Ал одан сәл төмен аспанмен бой таластыра, ұшар басында мәңгі ерімейтін ақ қар, көк мұз жатқан Ожар тауы маңқиып тұр екен. Ақ бас шыңның дәл бауыздау алқымында үстіне жабу жапқан қара нардай қара қошқыл бұлттар шегіп жатыр.

Қарашегір үлкен жұдырықтай көк шұбар жұмыртқаның қабығын жарып шыққан алғашқы күндерден бастап өзін ширақ сезінді. Ал он бес - жиырма күн өткен соң, ол тентек, адуын мінезін көрсете бастады. Жайсыз ұяда, ызалы, долы боп өсіп келе жатыр. Қарашегірдің осы-қиянпұрыс мінезінен қасындағы сары үрпек ұяласы көп қорлық көрді. Ол Қарашегірдей емес, жуас еді. Күні бойы ағаштың бұтағынан, қу шөмшектен жасалған үлкендігі кішігірім киіз үйдей кең ұяда көзі бағжиып жатады да қояды.

Ұя биік құздың жалтыр бетінде болғандықтан, ұяласына қарағанда әлжуаздау байғұс қалтырап тоңа ма, әлде оны қара тұта ма, әйтеуір, Қарашегірдің ығын паналай беретін - ді.

Қарашегір ашушаң, ызақор болумен қатар, әуесшіл еді. Бірде таңертең ұябасар анасы биік құзды үш - төрт рет айналып, аспанға шығандай көтеріліп, әбден көзден таса болғанда, Қарашегір борпаңдап барып, ұяның шеті-

не отырды. Сонсоң биік құздан төменге көз жіберді. Ол бетін жасыл мүк басқан құж - құж тастарды көрді. Сол қызыл тастардың бір шеті ұзындығы белуардан келетін көгорай шалғынға жалғасады екен. Өз үйірін қанатты, тісті жаулардан күзетіп, бір биіктеу төмпектің үстінде секиіп, мүйізі қарағайдай арқар тұр. Одан әрі ну жыныс, қара орман қарауытады. Ал терең шатқалдың түбінде ирелеңдеген айдаһардай бір бүктетіліп, бір жиырылып, жан - жағына ақ күміс көбік шашқан, көк бұйра тау өзені бұрқырап ағып жатыр. Қарашегір дүңкиіп - дүңкиіп жатқан қойтастардың белін орай, аққұла боп аққан тентек өзенге ұзағырақ қарағанда, көзі бұлдырап басы айналды. Тіпті бір рет ұяның шетінен құлап кете жаздады.

Кенет тымық ауаны қақ жарған әлуетті қанат, құйрықтардың суылы естілді. Артынша, көпей лақтың үлкендігіндей өлі суыр ұяның қасына топ ете түсті де, қос шалғылығы дауылдата жел тұрғызып, ұябасар қонды. Ұяның шетінде жуан қу бұтақтың үстінде қалқиып отырған Қарашегірді көргенде, ана қыранның көзінен уытты ұшқын жарқ ете қалды. Ол қанатымен жасқап, Қарашегірді ұяның ортасына қарай ығыстырып жіберді. Сонсоң қарулы саусақтарымен қу шөмшекке бауырын төсеп жатқан екінші балапанын мытып - мытып алды. Анау көзі бағжаңдап, шиық - шиық етіп, бауырын желге қақтырып, алға қарай бір - екі рет ұмсынып қойды. Осыдан кейін, кең ұяның астан - кестеңін шығарардай долы ашуы сабасына түскен ұябасар суырдың таңын айырып жіберіп, қызыл етті өткір Тұмсығымен түтіп балапандарын тамақтандыра бастады.

Мезгіл жаз ортасына ауа бергенде, Қарашегірдің үлпілдеген сары үрпек жүні, қанат, құйрығы қоңырайды. Тұмсығы сүйірлене түсіп, салалы саусақтары да қышырлы бола бастады. Күн асқан сайын шәлкем - шалыс, кіді мінезін танытып келеді. Жазғытұрғы оқиғадан кейін, ұябасар тентек те шақар балапанның аяғын жылқының қылымен байлап қоятын болған. Сол себепті ол кең ұяда жүріп - тұра алмайды. Сонда да ұяда тыныш отырмайды. Аясы тар айналымда мойнын алға қарай созып жіберіп, ыс - ыс етіп, серігін айналдыра қуады. Ол тамаққа да шыдамсыз. Ұябасар мен шәулі әкелген суыр, қоянның ірі сүйектерін қылғынбастан, бітеудей жұтады. Бірақ тамақсау емес, тез тояттайды.

Күздің алғашқы белгісі біліне бастағанда, ұябасар қоңырайған балапандарын ұшуға дайындай бастады. Оларға бұрынғыдай қаны сорғалаған қызыл ет асатпайды. Көбінесе ұсақ аңдардың құнары аз сіңірлі, шандырлы желкесі мен толарсағын береді. Алда ұзақ ұшу бар. Азулы, күшті дұшпандарымен жұлқыласу бар. Сонда бала бүркіттің топшысы мықты, ойнақшыған бұлшық еттерінің серпінді де серіппелі болғаны жақсы. Тіршілік - тің ащысын да, тұщысын да өз таңдайымен татып білген ұябасар соны сезеді.

Ақыры, ұядан ұшатын мезгіл де жетті. Күздің ашық күні еді. Анасы ең алдымен Қарашегірді құздан төмен қарай итеріп жіберді. Бала бүркіт қанатын үш - төрт рет қағып қалғанда, құрық бойы биіктікке көтерілді. Ақ бауыр қанатының асты күнге шағылысып, найзағайдай жарқ ете қалды. Содан кейін, жерден атылған садақтың оғындай көкке тік шаншылып, биіктей берді, биіктей берді. Аспанға биіктеген сайын, көгілдір әлем суи бергені рас. Ұяда көп отырып, әбден ұйып қалған денесі бірден шырап сала берді. Япыр - ау, аспанға шарықтап ұшу деген үлкен бақыт екен ғой. Биік құзда отырғанда, таяқ тастам жерде тұрғандай жақын көрінетін аспан мұндай биік болар ма? Көгілдір дүние дәл осындай кең болар ма? Қарашегір қуанғанынан «қияқ, қияқ» деп шаңқылдап жіберді. Сонсоң төменге көз салды. Құз басындағы ұясы тоқымдай боп көзге қораш көрінеді. Шыжыған шілде мен тамызда еріп, бірте - бірте мүжіліп, басындағы мұз - қары едәуір азайып қалған ақ басты шың; бір жері сарғыш, кей жері қызғылт тарта бастаған ну орман; шатқал түбіндегі тау өзені - бәрі, бәрі алақанда тұрғандай сайрап жатыр.

Содан көгілдір аспанда, ұясының төбесінде қалықтап ұзақ жүрді. Тек ұябасардың мазасызданып, шаңқылдаған даусы естілгенде, амалсыздан қайта қонды. Жерге қонғанмен, жүрегі кеудесінен атылып шығардай дүрсдүрс соғып, көмірдей жылтыраған тұмсығы пыс - пыс етіп, көздері қызғылт ұшқын шашып, көпке дейін сабасына түсе алмады.

Аспанға ұшудың ендігі кезегі ұяласына тиген еді. Ол қанаттарын далбалақтата қағып, құзды екі - үш рет айналды да, ұяның бір шетіне келіп, қайтадан қонды. Ана қыран балапанына шегір көздерімен ызғар шаша қарады. Сол кезде шәулі бала бүркітті иығымен қағып жіберді. Ол бұл жолы ұзағырақ ұшты. Бірақ Қарашегір сияқты шарықтай ұшпай, арқан бойы биіктікте қалықтап жүрді де қойды.

Күз түскен соң, Қарашегірге бұрында сезіп-білмеген бір түрлі мазасыздық пайда болды. Зеңгір көкке қара-

ған сайын өзін қанат талдыратын алыс сапар, көзі көрмеген сулы, нұрлы, сұлу өлке қол бұлғап, шақырып тұрғандай болды.

Бір күні ата - анасы жем іздеуге кеткенде, ышқынып-өкіріп күздің қара дауылы соқты. Аспанға қара қошқыл бұлттар қаптай жайылып, шағырмақ күнді лезде көзден тасалады. Екілене соққан ескек жел қураған жапырақтарды, жердегі қоқым - соқымды аспанға ұйтқыта көтеріп, көк жүзінде қою шаң тұрды. Шатқалдағы ну орман үстінде дауыл тұрған көк теңіздей шулап қоя берді. Дауылдан сескенген ала қарғалар мазасыздана қарқ - қарқ етіп, ағаштардың басынан ықтасыны мол пана іздейді. Бет қаратпай соққан дауылдан шошынған бауыры амалсыз ұяға жасырынды. Ал Қарашегір әлуетті топшысын қомдап алып, аспанға ұша жөнелді.

Биікте жел ұлып тұр екен. Жынды жел бала бүркіттің қанат, құйрығының ала қауырсындарын ұйпалақтап, жұлмалай жөнелді. Кенет қара қошқыл бұлттар төмендеп келіп, жылдар бойы мұрты кетілмеген сіреу мұздарды күтір - күтір сындырып, еңселі шыңды езіп - жаншып жіберген болды. Жел үдеп соқты. Қарашегір қанатын біресе құлаштай сермеп, біресе кере сермеп, желге қарсы ұшты. Бірақ жоғарыдан бүркіп жауған жаңбырдан дымданған қанаттары тас байланғандай ауырлап қалған екен. Сол сәтте екіленіп, өршеленіп соққан жел бала қыранды қанат астынан көтеріп кетіп, қақпақылдай қағып ойнатып, айдай жөнелді. Сөйтіп, Қарашегір дауылдың ыңғайымен ығып кетті. Енді шатқал көрінбейді, орман көрінбейді; апай төс биік шың да көзден тасаланып жүре берді.

Қарашегір жел айдаған қаңбақтай сол ыққан бетімен Бұғылы тауынан бір - ақ шықты. Қара қанат болып, түлеп ұшқан Ожар тауындай емес, Бұғылы жатаған тау. Мұнда Ожардағыдай етек бөктерде ұйлығысып өскен қалың орман жоқ. Тек сай - саланы, қойнау - қолаттарды қуалап кіші - гірім тоғайлар өседі. Мұнда ағынды, екпінді тау өзені де жоқ. Арагідік жақпар - жақпар биік жартастардың түбінен тырна көз бұлақтар жылап ағып жатады. Бірақ Бұғылының күнгей беткейінде құлап қалған ескі қыстауларды, тасты қорымдарды індеген түлкі, қарсақ, күзен тәрізді ұсақ аңдар қойдай өріп жүреді. Сондықтан бала бүркіт ертелі - кеш іліп жейтін сол аңдарға қызығып, Бұғылыны мекендеп қалды.

Содан бері Қарашегір төрт рет қар басты. Балауса қан түбіт, топшысы қатаймаған - тірнек дәуірінен етіп, нағыз қандыбалақ, тас түлек қыран болды. Сүйір тұмсығынан бастап, құйрық, қауырсындарына дейін қара шойыннан құйылып жасалғандай жылтырап тұрады. Тас басында маңғазданып отырғанда, көлденеңінен тұрқы ұзын да салалы көрінеді. Тұлғасы кесек, иықты, әрі екі аңғарының арасы алшақ жатыр. Әлі мүжіліп, мұқалмаған қап - қара мөлдір тұяқтары мелжемді. Әсіресе үшкілденген төс сүйегі мен топшысы қылпылдаған пышақтың жүзіндей өткір. Осындай мінсіз, көрнекті түр кеспірінде лақтырылған найзадай алға қарай сүйірленген ерекше бір бітім бар.

Отырғанда да желке жүні үдірейіп, көздері қанталап тұрады. Сарыүрпек балапан кезіндегі шәлкем - шалыс мінезі қазір ашушаң, ызалы долылыққа айналған. Жердегі, көктегі - қанатты, тісті жауларынан қаймықпайды. Діттегенін мытып, көздегенін іліп түседі. Әсіресе биылғы қыс бауыр - бөктердегі түлкі, қояндарды қынадай қырды. Өлтірген аңның тілін кірш - кірш шайнап, кейде миын ойып жеп, тастай береді. Сонан кейін жемтігіне екінші рет оралмайды. Сол ірі, дегдар мінездеріне қарап, тастүлекті текті, қасиетті құс деуге болатын еді.

Тағы да сібірлеп қыстың бір таңы атты. Қарашегір мойнын қылқыңдатып, жан - жағына қаранып, дүр - дүр сілкінді. Сонсоң орнынан лып етіп аспанға көтерілді. Ауада бой шымырлатқан аз аяз бар екен. Салған бетте денесі жеңілденіп сала берді. Бұғылының ең биік шоқысы Алтыбайға қанатын бір - екі сермеп қалып, қалықтап шықты. Қыран көзі қиядағыны шалады.

Еңселі шоқыға тірелетін жалпақ сайдың табанында, құйрығы бұлаңдап жүрген қызыл түлкіні жазбай таныды. Оның түнгі жортуылдан қайтқан беті болса керек. Түнде қыламықтап жауған қырбық қарда өкше ізі де, маңдай ізі де сайрап жатыр. Солай қарай осы тауда биыл пайда болған ақбас шөгел ұшып бара жатыр екен. Қартайып, ұйқысы қашқан кәрі шөгел тас түлектен бұрын ұшқан тәрізді. Бірақ шау тартқан, шабан - шардақ ақбасың жеміне ентелеп ұшпайды. Қос шалғылығы жақпар - жақпар қызыл тастарға тиер - тимес боп, бар салмағымен сабаланып, жер бауырлай ұшады.

Тастүлек өзі жүрген жерде басқаның болғанын онша жақтырмайтын еді. Ондайда қызғаныштан өртенердей боп, пейілі тарылып, шақырусыз келген «қонаққа» іздеaccount ніп барып тиісетінді. Сол қызғаншақ қиямпұрыс мінезінен талай рет от баса жаздады. Бірде осы өңірді тынбай шарлап жүретін шұнақ қасқырдың үстінен қанат тиістіре ұшып, бөрінің апандай үңірейген ашқарақ аузына түсе

жаздады. Қыс басында бірін - бірі қуалап, еркелей ойнап жүрген қаншық түлкі мен арланды қатар іліп түсемін деп, оң саусағының жембасарын алдырып алды.

Ал мына шабан - шардақ ақбас шөгелге Қарашегір өте - мөте ашулы еді. Қартайып еті баршын тартқандықтан ба, әлде өзі қасиетсіз, тексіз құс па, осы кәрі шөгел көбіне - көп тастүлектің тұмсығының астындағы аңды үркітіп жүр. Не өзі алмайды, не Қарашегірге бұйыртпайды. Сонсоң тіс - тіс тастардың арасына, бұта қарағанды қалың шұбарға сіңіп, бой жасырған аңды қайдан табарсың. Аң алмайтын жаман тазы - жатып алып, ат үркітеді деген осы да.

Сол ақбасқа шын ойынды бастайтын кез енді келгендей. Зар күйіндегі тастүлек таңғы мөлдір ауада құйқылжып, бір рет тар айналым жасап жіберіл, аспанға тік шаншылды да, лақтырған тастай төмен құлдилай жөнелді. Аспанға тік шаншылған уақытта, таңғы шыңылтыр аязға қырауланып алған жұмыр төсі, қанқұмар қызыл от төккен шегір көздері алыс белден көтеріліп келе жатқан күн нұрына шағылысып, лап етіп сөнген оттай жарқ ете қалды. Көк шыт ауаны сүңгідей тіліп, суылдаған әлуетті топшының дыбысын шөгел де естіді. Енді ол қанатын далпылдата қағып, екпіндей ұшты. Бірақ кеш қалған екен. Қарашегір жұдырықтай тас түйілген қалпында түлкіні іліп түсіп, іле аспанға көтерілді. Сол кезде сегіз найзасын кезеп, ақбас та келіп қалды. «Менің жасым үлкен, сондықтан жол менікі!» деп, жауар бұлттай түйіліп келе жатыр.

Қарашегір жемін тастай беріп, кәрі бүркіттің өзіне тап берді. Екпіндей келіп, темірдей тегеурінді топшысымен ақбастың иығынан қағып өтпек болғанда, ұзақ өмірінде талай құқайды көрген сарқынды шөгел жалт беріп, төмен құлдилай жөнелді. Тастүлек зор екпінімен ауаны қақ тіліп, ағындай өтіп кетті. Содан ұзаққа ағып барып, қайта оралғанда, темір найзасын кезенген кәрі бүркіт тырнаққа - тырнақ ілігердей жақын жерге келіп қалды. Тастүлек қаймықпай, ұстаса кетті. Ақбас шөгелдің кәрі еменнің бұтағындай иірленіп біткен саусақтары әлі де қарулы екен. Үшкір тырнақтары бұлшық етіне кірш - кірш қадалып, удай ашытып барады. Енді екі бүркіт қарулы, серпінді қанаттарымен кезек - кезек сабаласып, ашық аспанда аударылып - төңкеріліп төмендей берді. Бір рет тастүлек оқыстан жұлқынған уақытта, оң аяғы ананың саусағынан босап кетті. Босаған саусағын жауының кеудесіне қаттырақ тіреген күйі, екінші аяғын да босатып алды. Сонсоң аспанға көтеріліп, төстие беріп, шөгелдің сүйекті кеудесінен теуіп өтті. Серпінді, күшті аяқ дөп тиген екен. Кәрі бүркіт жардан домалап кеткен тымақтай қалбақтаған күйі жерге құлай берді.

Тастүлек «қияқ - қияқ» деп шаңқылдап жіберді. Жымжырт тауды жаңғырықтырған бұл ашық үн - жеңіс үні еді.

Сөйтіп, Қарашегір қар басқан елсіз иен тауды жалғыз жайлап қалды. Борансыз, желсіз, аязды, ашық күндері кем дегенде, екі - үш аңды іліп түсіп, тоят алады. Бірақ шексіз - шетсіз көгілдір аспанда еркін қалықтаған бүркіттің жауы жерде де бар екен. Бір рет қара адырдың етегінде, лақтай қоянның дәл құндыздығынан өткір тұмсықты салып жіберіп, буы шыққан ыстық миын ойып жеп отыр еді, қарсы беттен қылт етіп бір сұр бөрі шыға келді. Қарашегір таныды. Былтыр өзі қорқыту үшін жер бауырлай ұшып, арандай ашылған аузына іліге жаздаған шұнақ қасқыр. Жылы қанның иісін сезген шұнақ бері семпеңдеп ойға түсті. Қоянның үстінде маңғазданып отырған бүркітке жақындай беріп, тұмсығын ыржитып, балғадай азу тістерін саңылдатып, артқы екі аяғымен қар боратты. Бірақ Қарашегір желке жүнін үдірейтіп, мойнын қылқылдатып, ыс - ыс етіп айбат шегіп еді, құйрығын артына қысып алып, қыңсылап қаша жөнелді. Дегенмен аузына түсетін оңай жемді қимай, бие бауындай жерге барып, шоқиып отырды. Сонсоң тұмсығын көкке қаратып, омсырайып кеткен аш бүйірі солқ - солқ етіп, көмейінен ащы да зарлы үн шығарды. Шұнақ бөрі осылайша ұзақ ұлыды. Ол төбе құйқаны шымырлатып, адамның аза бойы қаза қылатын осы бір жалынышты үнімен аштығына, жалғыздығына, дәрменсіз кәрілігіне қарғыс айтқандай.

Біраз тояттаған соң, жемтігінің үстінде көп отырмай, тастүлек ұшып кетті. Бой тоңазытқан суық аспанда болат топшысы су - су етіп, ұзақ айналып жүргенде, шұнақ қасқыр ұлуын қойып, өлексеге ауыз салды.

Осыдан кейін, шұнақ бөрі әбден дәнігіп алды. Бұрынғыдай алдынан ортқып қашқан аңдарды өкпесін өшіріп, қалың қарға қамап, ұстап жемейді. Ертеңнен қара кешке дейін, аспанға жаутаң - жаутаң қарап қойып, Қарашегірді аңдиды. Соның тамақтануын күтеді. Бүркіттен кейін, тілі суырылған немесе таңы ойылған жемтікті талқандап жеп, өз жөніне кетеді. Кейде бұл өңірден үш - төрт күндей ізім-қайым жоғалып кетіп, қайта оралады. Ондайда төбенің

етегінде, тобылғы, қарағанның түбінде, жер тезек боп шашылып, иістеніп, бұзыла бастаған жемтіктерді жағалап жүріп жейді.

«Қыран баласы жүре озады, ит баласы жүре азады» дегендей, күннен - күнге ұсақталып бара жатқан бөріге тастүлек қатты ызалы еді. Шұнақ бөрінің осы мінезі қорданы бір шұқып, жан - жағына екі қаранған қарғадан немесе сасыған өлексенің үстінде қонжиып отыратын ақбас күшігеннен еш артық емес. Жарайды, олар: қанатты, тұмсықты құстардың ішіндегі ең қоры болар. Сонда мына шұнақ қасқыр да бөрінің қоры болғаны ма? Нағыз бөрі арықтығын білдірмесе керек еді ғой. Осыдан кейін, Қарашегір шұнақ қасқырға өшігіп алды. Бір - екі рет төмен сорғалап, жеті найзасымен түйреп тастайтындай құдиып келгенде, сарқынды шұнақ бұталы, тікенекті қалың шұбарға қойып кетіп, бас сауғалады.

Февральдің аяқ кезінде үш күн, үш түн боран соқты. Қарашегір боран ашылғанша дәу бәйтеректің басында қонақтап отырды. Ақыры, боран басылып, аспан әлемі шайдай ашылды. Бұл кезде ұйлығыса бастаған түлкілердің үстінен қаңсыған бір жағымсыз иіс шығып тұрады. Ал кең аспанда, мөлдір таза ауада еркін ұшып, өкпесін қабатын иіс - қоңысты жақтырмайтын Қарашегір оларға түсе бермейтін болған. Сондықтан тастүлек жоталы тау сілемдеріне аялдамай, қалықтаған күйі кең далаға шықты. Қар басқан елсіз дала жым - жырт. Бораннан кейін, ақ иректелген атжал - атжал қар үйінділері шығыстан батысқа қарай сұлап жатыр. Әне, өзі ұзақ - ұзақ ұшулардан қанаты ауырлаған кезде, үйілген обадай боп басында қонып отыратын Қарауылтөбе де көрінді. Бір уақытта, сол Қарауылтөбенің басындағы биік қия жартастың тасасынан сөлеңдеп шұнақ қасқыр шыға келді. Үш күнгі боранда шұнақтың да аузына ештеңе түспеген сияқты. Оның жүні ұзарып, екі бүйірі ішке қарай сұғылып, итиіп кетіпті. Кейде жан - жағына алақ - жұлақ қарап қойып, тұмсығын желге төсеп, із кесіп, бүкең - бүкең етіп жортқан болады.

Қарашегір осы боранды күндері нәр сызбап еді. Ит иесі үшін алса, бүркіт тамағы үшін алады. Сол себепті, шұнақ бөріні көргенде, тастүлектің шегір көздері алтайы қызыл түлкіні көргендей тұманданып кетті. Ол ескі машығына салып, зеңгір көкте құйқылжып, екі - үш тар айналым жасап жіберіп, аққан жұлдыз секілді жерге қарай сорғалай жөнелді. Аспаннан кәр төнгенде, азулы бөрі де дәрменсіз екен. Шұнақ қасқырдың итиген денесі қалшылдап, арандай ашылған аузы арсалаң - арсалаң етіп, бір орында қаққан қазықтай тұрып қалды. Бірақ жеті найзасын кезеп, бүріп түсердей шүйіліп келген Қарашегір қайқаң етіп, аспанға қайтадан көтерілді. Сол сәтте шұнақ та ытқып түсіп, қыс аяғында сүрлене бастаған қарды шықырлатып, қаша жөнелді.

Қарашегір биікке шығандай көтеріліп, торғайдай боп кішірейіп, екінші рет төмен сорғалағанда, төбесіне жалтжұлт қарап қойып, жан далбасалап қашқан бөріні көп ұзатпай алып түсті. Тастүлектің бір саусағы жуантық келген мойнынан, екінші саусағы бел омыртқадан кірш - кірш қадалғанда, шұнақтың белі қайысып сала берді. Бұрында Қарашегір түлкіге түскенде, ағындап келіп соққанда, белі үзіліп кеткен қызыл сайқал бөксесін көтере алмай, ине жұтқан иттей киреленңдеп қалушы еді. Бұл жолы олай болмады. Қасқыр жығылмай төрт тағандап тұр.

Арқасына қадалған бүркіттің тұяғын ауырсынып, бөрі арс етіп, артқы оң аяғын қауып алды. Сонсоң есік пен төрдей жерге ытқып түсіп, қаша жөнелді. Ашулы, ызалы шұнақ алғашқы ет қызуымен көп қашты. Бірақ өзін қарулы қанаттарымен шарт - шарт сабалап, тұяқтары арқасына найзадай қадалған бүркіттен құтыла алмады. Ақырында омсырайған бүйірі жиі - жиі соғып, ырс - ырс етіп, тілі салақтап, болдыруға айналды. Сонан кейін кері айналып, қайтадан Қарауылтөбеге қарай салды. Қашқан ізімен құлаш ұра шауып өтіп, төбенің басына шығып, қия жартастан секіріп кетті.

Ертеңінде, сол маңайда мал жайып жүрген қарт қойшы тасқа соғылып басы мылжаланған қыранның, белі үзілген қасқырдың өлімтігін тауып алды. Тастүлектің үшкір топшысын, бұлшық етті санын ұстап, құйрық қауырсындарын санап шықты. Қауырсындары он үш екен. Сонда ол: «Әттең, дүние, нағыз алғыр қыран екен ғой, - деп басын шайқады. Содан кейін жер үстіндегі қасиетсіздікке, арсыздыққа, қорқаулыққа қарсы атылған садақтың оғындай басы үп - үшкір қия жартасқа, тастүлек опат болған қыран қиясына қарап, ұзақ тұрды. Етегінде тұрып, жақыннан қарағанда, қыран қиясы қомданып, ұшқалы тұрған бүркітке ұқсайды екен.

**МАЗМҰНЫ**

ПОВЕСТЬ

ТУЫСҚАНДАР ..................................... 3

ӘҢГІМЕЛЕР

КЕНЖЕ ҰЛ........................................... 155

ӘКЕ КӨҢІЛІ....................................... 168

БОРАНДЫ ТҮНДЕ . . . .179

ҚЫРАН ҚИЯ...................................... 191

**ТЕНИЗБАЙ НАБИУЛЫ РАХЫМЖАНОВ**

**РОДСТВЕННИКИ**

Повесть и рассказы
(На казахском языке)

Редакторы М. Қаназов
Суретшісі А. Қонысбаев
Көркемдеуші редакторы Г. Молдабаева
Техникалық редакторы Ж. Момынов,
Н. Кушнарева
Корректоры Ә. Смағұлова

ИВ № 2615

Теруге 27.01.84. жіберілді. Басуға 29.08.84. қол қойылды. УГ 17266. Форматы $84x108^{1}/_{32}$. Қағазы баспаханалық №1. Қаріп түрі «журналдық». Шығыңңы басылыс. Шартты баспа табағы 10,5. Шығыңқы бояу көлемі 10,8. Есептік басылу табағы 11,3. Тиражы 30 000 дана. Заказ № 1227. Бағасы 90 тиын.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің «Жалын» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспекті, 143-үй.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетіне қарасты «Кітап» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің Полиграфия комбинаты, 480002, Алматы қаласы, Пастер көшесі, 41-үй.